Шағымды қарайтын орган әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағым жасалатын әкімшілік органның, лауазымды адамның, әкімшілік рәсімге қатысушының дәлелдерімен, сондай-ақ шағымда баяндалған талаптармен байланысты емес және әкімшілік істі толық көлемде тексереді.

Шағымды қарайтын орган осы Кодекстің 75-бабына сәйкес әкімшілік іспен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Арыз иесіне зиян келтіріп шағым беруге жол берілмейді. Шағымды қарау мерзімі шағым келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күнін құрайды.

Шағымды қарайтын орган Кодекстің 100-бабына сай шағымды қарай отырып, мына шешімдердің бірін шығарады:

- әкімшілік актінің күшін жою туралы;
- әкімшілік актінің күшін жою және жаңа әкімшілік актіні қабылдау туралы;
- әкімшілік әрекетті жасау туралы;
- шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы;
- әкімшілік істі жол берілген бұзушылықтарды және оларды жою жөніндегі ұсыныстарды көрсете отырып жүзеге асыру үшін әкімшілік рәсімді әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға жіберу туралы;
- шағымды қараусыз қалдыру туралы [2].

Шағымды қарайтын орган, егер әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет жасау шағымды қарайтын органның құзыретіне жататын жағдайда, осы баптың бірінші бөлігінің бірінші, екінші немесе үшінші тармақшаларында көзделген шешімді шығарады.

Әкімшілік әділеттің қалыптасуында соттарға үлкен рөл бөлінген, онда жария-құқықтық қатынастарда азаматтармен заңды тұлғалардың мүдделін қорғауға бағытталған.

Статистикалық мәліметтерге жүгінетін болсақ, күні бүгінге сот өндірісіне 5 талап қою келіп түсіп, оның 4 қаралып аяқталған, 1 қаралу үстінде [3].

Соның ішінде бүгінгі күні осы Кодекстің 13 тарауы, яғни шағым жасау тәртібі, шағым беру тарауы бойынша айтып өтсек.

Шағым жасау тәртібі осы кодекстің 91-бабымен реттеледі.

1. Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

Осы Кодексте көзделген жағдайларда әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіні қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

2. Егер әкімшілік орган, лауазымды адам осы Кодексте белгіленген мерзімдерде әкімшілік актіні қабылдаса, әкімшілік әрекет жасамаса, онда мерзімдер өткен күннен бастап әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік актіні қабылдаудан, әкімшілік әрекет жасаудан бас тартты деп есептеледі.

3. Шағымды әкімшілік тәртіппен (сотқа дейінгі) қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Қазақстанда қолданылатын әкімшілік Әділет моделі туралы ұзақ дауласуға болады, оған қарсы және оған қарсы көптеген дәлелдер келтіруге болады.

Бірыңғай Әділет жақтаушылары тек жалпы соттар ғана мемлекеттік әкімшілік қызметінің заңдылығын бақылауды қамтамасыз ете алады деп мәлімдейді [4].

Әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам үшін бағыныстылық тәртібімен жоғары тұрған болып табылатын Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін, Қазақстан Республикасының Үкіметін қоспағанда, әкімшілік орган, лауазымды адам, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының заңдарына сәйкес шағымдарды қарауға уәкілеттік берілген өзге де әкімшілік орган, лауазымды адам осы Кодекстің мақсаттары үшін шағымды қарайтын орган деп танылады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам болмаған жағдайда, әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) сотқа шағым жасалуы мүмкін, бұл туралы әкімшілік іс бойынша шешім қабылдау кезінде әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган әкімшілік рәсімге қатысушыға хабар береді[5].

Шағымдарды прокуратура органдарының қарауы «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленген негіздерде, шектерде және тәртіппен жүзеге асырылады. Экономикалық және зорлық-зомбылық құқық бұзушылықтардың, нашарлықтың күрт өсуі, басқа да бірқатар объективті және субъективті себептер азаматтардың құқықтарының нақты қорғалуын әлсіретті.

Шағымды қарайтын орган әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін шешім шығарылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жол берілген бұзушылықтарды көрсете отырып және, егер тиісті актіні қабылдау, әкімшілік әрекет жасау шағымды қарайтын органның құзыретіне жатпаса, оларды жою жөніндегі ұсыныстармен шағымды әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға жібереді.

Шағымды мәні бойынша қарау аяқталғаннан кейін жазбаша нысанда шешім шығарылады, ол әкімшілік рәсімге қатысушыға жіберіледі, ал шешімнің көшірмесі әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға жіберіледі. Шағымды қанағаттандырудан бас тарту дәлелді болуға тиіс. Шағымды қарайтын органның шешімі орындау үшін міндетті болып табылады.

Егер шағымды қарайтын орган осы Кодексте белгіленген мерзімдерде шағымды қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдаса, онда мерзімдер өткен күннен бастап шағымды қарайтын орган шағымды қанағаттандырудан бас тартты деп есептеледі[6].

Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда әкімшілік рәсімге қатысушы шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

Қорытынды:

Қазіргі уақытта азаматтардың құқықтарын қорғау кеңінен таралып күллі аспектіде бақыланады, оның талаптары ақпараттық жүйемен орындалуы қарастырылған. Бірақ азаматтардың құқықтары қорғалуы тек заң нормаларының толықтылығымен байланысты емес. Азаматтардың құқықтарын қорғау бағытындағы талаптардың бірден өсуі және сонымен қатар олардың бақылануы, олардың қаралуын қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың жұмысының сапасын емес статистикасын арттыра түсті.

Қортындылай келе, Әкімшілік әділетке шағымдарды қарау тәртібі ерекше әрі альтернативті амалы жоқ бірден-бір әкімшілік шағымдану құқығын жүзеге асырушы институт.

Шағым әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға беріледі.

Әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

Көп салалы құралдың шағымды қарау бойынша беретін мүмкіндіктері Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процесстік кодекстің талаптары мен нормаларының қатарында қаралған.

Осылайша, азаматтың билік субъектілерінің заңсыз әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану құқығы - мемлекет пен қоғамның демократиялық ұйымының ажырамас атрибуты. Мемлекет бұл құқықты заңдастырады, яғни оның көлемін тұжырымдайды, нақтылайды, оны іске асыру рәсімдерін бекітеді, мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша белгілі бір мерзімде шаралар қабылдау міндетін белгілейді және ол Заңмен реттелетін заңды құқыққа айналады.

Шағымды қарайтын орган шағымды дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін шаралар қабылдауға міндетті.

- Нақты мән-жайларды зерттеудің нысанасы мен шектерін шағымды қарайтын орган айқындайды.

- Шағымды қарайтын орган әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айтылатын лауазымды адамды, осы Кодекстің 74-бабына сәйкес әкімшілік рәсімге қатысушыны тыңдайды *(әкімшілікті қабылдаудан 3 жұмыс күнінен кем емес мерзімде бұрын, егер алдын—ала шешімге наразылық білдіруді алудан 2 жұмыс күнінен кешіктірмей, егер ауызша болған жағдайда хаттама толтырылады).*

Азаматтардың қорғау құқығы едәуір кеңейтілді. Өкінішке орай, азаматтардың нақты қорғалуы тек заң нормаларының саны мен сапасына, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысына байланысты емес. Экономикалық, ұйымдастырушылық және өзге де себептер бойынша құқық қорғау қызметінің заңдық тетіктері толық көлемде пайдаланылады. Әкімшілік шағымдану құқықтық институты өзге құқық салаларын дамытуға мемлекет пен қоғамды байланыстыруға пайдасы бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.gov.kz/memleket/entities/departament-kkbtualmaty/press/news/details/641425?lang=kk>
2. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350>
3. <https://ser-per.kz/zhanalyqtar/audan-tynysy/aza-stan-respublikasyny-kimshilik-r-simdik-protsestik-kodeksini-13-tarauy-sha-ym-zhasau-t-rtibi.html>
4. Р.А. Подопригора. Административная юстиция в РК. - Право и государство, № 4 (65), 2014.
5. <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-zhumys-aleumettik-korgau/press/article/details/52907?lang=kk>
6. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Нукушева Айгуль Ашимовна

Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Караганда, Республика Казахстан

Қалыбаева Алия Абдысатовна

Кыргызско-Китайского института Кыргызского Национального университета имени Жусупа

Баласагына, Бишкек, Кыргызстан

Жанибеков Акынкожа Каленович

Казахского Национального университет им. аль-Фараби, Астана,

Республика Казахстан

ПОРЯДОК ОБЖАЛОВАНИЯ АДМИНИСТРАТИВНОГО АКТА

В статье рассматривается порядок обжалования административного акта, вытекающего из общественных отношений в обычной жизни. Вклад института обжалования административного акта в обеспечение прав и свобод человека также определяется порядок административного обжалования.

Ключевые слова: административное право, жалоба, общий порядок обжалования, административный иск, административный акт

Nukusheva Aigul

E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Republic of Kazakhstan

Kalybayeva Aliya

Kyrgyz-Chinese Institute of Zhushup Balasagyn Kyrgyz National University,

Bishkek, Kyrgyzstan

Zhanibekov Akynkozha

Al-Farabi Kazakh National University, Astana, Kazakhstan

PROCEDURE FOR APPEALING AN ADMINISTRATIVE ACT

The article discusses the procedure for appealing an administrative act arising from public relations in ordinary life. The contribution of the institution of appeal of an administrative act to ensuring human rights and freedoms is also determined by the procedure for filing an administrative appeal.

Keywords: administrative law, complaint, procedure for drawing up a general complaint, administrative claim, administrative act.

List of references:

1. <https://www.gov.kz/memleket/entities/departament-kkbtu-almaty/press/news/details/641425?lang=kk>
2. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350>
3. <https://ser-per.kz/zhanalyqtar/audan-tynysy/aza-stan-respublikasyny-kimshilik-r-simdik-protsestik-kodeksini-13-tarauy-sha-ym-zhasau-t-rtibi.html>
4. R. A. Podoprigora. Administrative justice in the Republic of Kazakhstan. - Law and State, No. 4 (65), 2014.
5. <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-zhumys-aleumettik-korgau/press/article/details/52907?lang=kk>
6. Code of the Republic of Kazakhstan dated June 29, 2020 No. 350-VI kr" administrative procedural code of the Republic of Kazakhstan".

ОӘК 34.07

FTAXP 10.81.71

Серимов Елеужан Елемесович

mr.serim@mail.ru

заң ғылымдарының кандидаты ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ҒЗИ ПО тарихын зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

Ақбота Асабаева

Assabayeva777@mail.ru

Жоғары оқу орнынан кейін білім беру факультетінің докторанты, заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

Талғат Салкебаев

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының әкімшілік құқықтық пәндер кафедрасы бастығы полиция полковнигі философия докторы (PhD), Қарағанды, Қазақстан Республикасы

ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Диалектика заңы бойынша әрбір қоғамдық құбылыстың пайда болу, қалыптасу, даму кезеңдері бар. Ішкі істер органдары да қоғамдық фактор десек, бұл органдардың да басынан кешірген өзіндік тарихы бар. Осы өсу, даму тарихында жасаған ғасырлармен өлшенетін ұзақ әлеуметтік қалыптасу үстінде оның жүйесі де үнемі бірге жетіле түсіп отырған. Бұл заңдылық ішкі істер органдарының ескі тарихына көз жүгірткенде тұрақты түрде белгі береді.

Авторлар бұрын-соңды егжей-тегжейлі сөз етілмей, отандық заңгер ғалымдарымыздың көбінің назарынан тыс қалып, әлі күнге ескерусіз жатқан көне, орта ғасырлардағы полиция тарихының астарына үңілуге ұмтылады. Мақалада шет елдердің полиция органдарының пайда болу, қалыптасу, даму кезеңдері зерделенеді. Есте жоқ ескі кезеңдерге үңілу арқылы ішкі істер органдарының азаматтық қоғам институттарымен, жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылының оңтайлы тетігін жасаудың түп бастауларынан сөз қозғайды.

Тірек сөздер ғасыр, қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік, құқық бұзушылық, қылмыс, ортағасыр, полиция органдары, кәсіби полиция, т.б.

Кіріспе. XVIII ғасырдың 20 жылдарында-ақ қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, құқық бұзушылыққа қарсы күресте полиция органдары әкімшілік орган жүйесінің бірегейі саналды. Әлі де ашылуын күткен тарихтың терең қатпарына үңілсек, сол кездердегі Австрия, Германия, Ұлыбритания, Испания, Франция, Швеция, тағы басқа елдерде осындай атау-үлгімен тиісті органдар құрыла бастаған. Бұдан көне дәуірде де, ортағасырларда да қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауға мемлекет тарапынан аса көңіл бөлініп отырғанын аңдаймыз. Содан бері елдің

іргесін бекітуде басқару жүйесі бір орталыққа бағынған бақылаушы-жазалаушы орган ретінде полиция үлкен рөл атқарған.

Полиция туралы ілімнің дамуына XVIII ғасырдың аяғында ғұмыр кешкен шотланд судьясы Патрик Колхаун едәуір үлес қосқан. Ол полиция тарихында алғашқы болып ішкі істер органдары туралы «Метрополис полициясы туралы трактат» [1, б. 655] жазып шығарады. Темза өзенінің полициясын құрған Патрик Колхаун «полиция ғылымының әкесі» атануы сондықтан еді. Сондай-ақ оның есімі 1829 жылы дүниеге келген «митрополи полициясы туралы» заңның негізін қалаушы ретінде де тарихта қалды. Кей деректер жергілікті билік одан кеңес сұрап отыратынын әйгілейді. Ол полицияның негізгі құзыреттері «қылмыстарды анықтауды, қылмыскерлерді ұстауды, қоғамдық орындарда полиция қызметін ұйымдастыру, сол арқылы құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алуды» қамтуы керек деп белді. Құқық бұзушылықтардың жолын кесудің ғана емес, олардың алдын алуға негізделген профилактикалық полиция тұжырымдамасын жасады. Басқаша айтқанда, ол құқық бұзушылықтың алдын алу функциясын алғаш ғылыми тездеген жанның бірі болды [2, б. 464].

П.Колхаунның сонымен қатар Үкімет ішінде полицияның жеке министрлігі болуы керек, ал соттар полицияның қызметін бақылауды жүзеге асырады, іс жүзінде өкілеттіктерді бақылау мен тепе-теңдік жүйесі арқылы бөлуді ұсынды. Ол полиция мен қоғам арасындағы өзара байланыстың, әріптестіктің маңыздылығын, сондай-ақ қауіпсіздік жұмыстарына жұртшылықты тартуды жөн санады.

Полиция тарихында П.Колхаун XVIII ғасырдың аяғында полиция туралы ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қосқан ерекше тұлға болып қала беретіні анық.

Негізгі бөлім. XIX ғасырдың басында Англияда алғашқы кәсіби полиция ұйымы құрылды. 1829 жылы полиция Парламенттің қарамағына өтеді де, Лондонның «Метрополитен полициясы» пайда болады. Бұл полиция тарихында алғашқы заманауи стандарттағы ұйымдық полиция ретінде танылып, басқа елдердің полиция күштеріне үлгі ретінде қабылданады. Англияда полиция жүйесін құрудың негізгі мақсаты құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, сол бағытта жасалған заңдардың сақталуын бақылау, соның ішінде азаматтық қақтығыстарды шешу және жаппай тәртіпсіздік жиындарын таратуды көздеді. Сол ілкі заманнан бастап полиция әлемдік көптеген елдердің құқық қорғау жүйесінің түпкілікті ажырамас бөлігіне айнала бастады.

XIX ғасырдың басында Англияда халық көтерілістері мен наразылық қозғалыстар кеңінен орын алып отырған. Осыған байланысты Ішкі істер министрі Роберт Пил полицияның арнайы бөлімін құруды ұсынады, ол тек тонаушылық пен басқа да қылмыстардың алдын алып қана қоймай, сонымен бірге жаппай тәртіпсіздіктер мен күйретуге түрткі болуы мүмкін адамдар тобының да іс-қимыл, әрекеттерін бақылап, алдын алуды көздейді. Осылайша "Метрополитен полиси" деп аталатын бұл бөлім азаматтық толқулардың алдын алуға және күдікті тұлғалар туралы ақпарат жинауға кең өкілеттігі бар әлемдегі алғашқы полиция ұйымы болған еді [3]. Бұл тарихи деректер XIX ғасырдың басында Англияда жаппай көтерілістер мен наразылық қозғалыстарының болу ықтималдығы туралы алаңдаушылық туындағанын көрсетеді. Ел жергілікті биліктен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және азаматтық толқулардың алдын алу үшін арнайы полиция ұйымын құруды қарастыруға мәжбүр етті. Осыдан келіп, ең оңтайлы ұйым құру мақсатында Роберт Пил 1829 жылы Британ Парламенті бекіткен «Метрополитен саясатын» құру туралы жоба жасайды. Алайда, кәсіби полиция құру идеясы түбегейлі жаңа болмағанын атап өткен жөн. Бұған дейін, 1800 жылы жоғарыда айтылған Шотландия елі де заң қабылдаған болатын, бұл да кәсіби полицияны құру туралы алғашқы заңнамалардың бірі болды. Бұл «Глазго полициясы туралы» қалалық билік бекіткен заңда қоғамдық тәртіпті сақтап, қылмыспен күресуге өкілеттігі бар полиция қызметкерлеріне ақылы лауазымдар жүйесін енгізу көзделген.

Осылайша, 1800 жылы Шотландияда, 1829 жылы Англияда кәсіби полицияның құрылуы сол кездегі қоғамда болып жатқан әлеуметтік-саяси өзгерістерге және қалаларда қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты дүниеге келді деген қорытынды жасауға болады.

Жоғарыда біз айтып өткен полицияның бұл моделі Қарулы Күштерден бөлінген қарулы бөлім ретінде қарастырылғанын айтып өтуіміз керек, ол белгіленген ережелер мен заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында жергілікті қалалық билік құрған кейбір протополициялық ұйымдар негізінен туындады. Бұл моделді Ұлыбританиядағы және Еуропаның басқа елдеріндегі қалалар үлгі ретінде қолданды [4, б. 11-13].

Қарулы Күштерден бөлініп шыққан жеке қарулы мекемелер ретінде полиция ұйымдарын құру тұжырымдамасы ережелер мен заңдардың сақталуын бақылау үшін әр түрлі қалаларда жергілікті билік құрған протополициялық ұйымдардың тарихи тәжірибесі мен эволюциясы негізінде жасалды.

Мәселен, осындай үлгідегі Лондон полициясы 1749 жылы, ал Бристоль полициясы 1753 жылы құрылды. Бірте-бірте бұл протополициялық ұйымдар дами келе, модернизациялана бастады, нәтижесінде кәсіби полиция органдары құрылып, бұл ұйымдар кейіннен әлемнің көптеген елдерінде стандарт ретінде қабылданды [5]. Әйтсе де Англиядағы қалалық полиция жүйесі жазалаушы реакцияндық түрде болды. Бұл жүйеде мемлекеттен ақы төленбейтін констабльдер заңдылық пен тәртіпті сақтау үшін ұрылардың қаражат алуға дейін барды. Жекеленген адамдарға сүйенді. Бұл жүйе осылайша гибридті түрде құрылды. Оның айрықша кері ерекшелігі констабльдердің жемқор баскесерлермен жымдасуы болды. Нәтижесінде қалалардағы ауыр қылмыстар мен тәртіпсіздіктер адам төзгісіз деңгейге жетті және тәртіпсіздіктерді басу үшін әскерилердің көмегіне көбірек жүгінді.

Лондондағы қылмыстың күрт өсуіне жауап ретінде ағайынды Генри мен Джон Филдингтер 1750 жылы ақылы жалдамалы негіздегі полиция құрылымын құрады. Екеуі де Боу-Стрит сотында магистрат қызметін атқарды. Бұл құрылым Боу округіндегі тас жолдар мен көшелерді патрульдеді. (Кейінірек Парламент актісімен Боу-стрит моделіне негізделген тағы бірнеше офистер құрылды.) Алайда, сол кездегі Англияда ақылы кәсіби полиция құруға халықтық немесе мемлекеттік қолдау аз болды [6].

Алайда, кәсіби полиция құру қажеттілігі тек наразылық жиындары мен жаппай қиратулардан қорқудан ғана емес, сонымен бірге құқық қорғау органдарының қоғамдық тәртіпті бақылауда ұстамауынан да туындады.

Сонымен қатар кәсіби полиция мекемелері қоғаммен жұмыс істеудің неғұрлым жетілдірілген және тиімді әдістерін, соның ішінде қылмыстарды тергеудің заманауи әдістерін, әкімшілік рәсімдерді қалыптастырды.

Нәтижесінде кәсіби полиция моделі қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін тиімді шешім болды. Ол әлемнің көптеген елдерінде енгізіліп, стандартқа айналды, оның ұйымдастырылуы мен тиімділігі әрі оңтайлылығы мәселелері осы күні де ғалымдар мен практиктердің зерттеу объектісі болып қала бермек.

Азаматтық полицияның тиімді қызметінің тұжырымдамасы біртіндеп айқындала бастады. Ұлыбританиядағы азаматтық полиция тұжырымдамасы 1829 жылы полиция ұйымы Парламенттің қарамағына өтіп, Роберт Пил ішкі істер министрі болып тағайындалған кезде айтарлықтай жетілдірілді. Ол заманауи стандарттағы алғашқы ұйымдастырылған азаматтық полиция корпусы болып саналатын «Лондон Метрополитен полициясының» құрылуына жауапты болды. «Лондон Метрополитен полициясының» мұндай тәжірибесі кейіннен дүниежүзі көлеміндегі азаматтық полиция күштерін құрудың негізгі үлгісіне айналды [7, б. 66-68].

«Лондон Метрополитен полициясының» құрылуы полиция жүйесін дамытудағы маңызды қадам еді. Өйткені ол азаматтық полицияның тиімділігін және оның азаматтар мен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңыздылығын әйгілеп көрсетті. «Лондон Метрополитен полициясын» құру арқылы жүзеге асырылған Ұлыбританиядағы полиция жүйесін реформалау қазіргі полиция жүйесінің тарихындағы маңызды кезең және әлемнің басқа елдерінде азаматтық полицияның дамуына негіз жасады.

Сэр Роберт Пил әзірлеген «Пил принциптері» - қазіргі полиция органдарының қызметінде басшылыққа алатын негізгі тұжырымдардың түп-бастауы. Бастапқыда 1829 жылы «Лондон Метрополитен полициясына» енгізілген бұл принциптерге кәсіпқойлық, тиімділік, алдын алу және қоғаммен әріптестік сияқты ұғымдар кірді. Нақтылай айтсақ:

- *тиімділік принципі* бойынша полиция өз ресурстарын қылмыстың алдын алу және қоғамның қауіпсіздігін барынша тиімді қамтамасыз ету үшін пайдалануы керек;

- *алдын алу принципі* бойынша полиция қылмыстар үшін адамды жазалауға ғана емес, құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алуға бағытталуы керек;

- *қоғаммен ынтымақтастық принципі* бойынша полицияның өзі қызмет ететін қоғаммен тығыз байланыста болуы керек. Бұл - азаматтармен сенімді қарым-қатынас орнату, әртүрлі ұйымдармен әріптестікте болып, жергілікті қоғамдастыққа қатысу деген сөз.

Осыдан келіп бұл принциптерде полиция қызметінің бағыттарының мазмұны айқындалады:

1. Полицияның негізгі міндеті - қылмыс пен тәртіпсіздіктердің алдын алу.

2. Полицияның өз міндеттерін орындауы қоғамның қолдауына байланысты екендігін ұғыну.

3. Полиция қоғамның құрметіне бөлену үшін қоғаммен ынтымақтастықты қамтамасыз етуі керек.

4. Күш қолданылатын болса, қоғаммен ынтымақтастық дәрежесі оған пропорционалды түрде кеми түседі.

5. Полиция жекеленген тілектерді қанағаттандыру арқылы емес, заң негізінде қызмет көрсету негізінде өзіне қолайлы қоғамдық пікірге қол жеткізеді және қолдайды.

6. Полиция аса қажеттілік туындағанда немесе сендіру, кеңес беру және ескерту әрекеттері жеткіліксіз болған жағдайда ғана күш қолдануы керек.

7. Полиция әрқашан қоғаммен тығыз қарым-қатынасты сақтап, «полиция - бұл халық, ал халық – бұл полиция» деген дәстүрді шындыққа айналдыруы керек. Полиция қызметкерлері – қоғамның игілігі үшін әрбір азаматқа өз міндеттерін толығымен өтеуі үшін ақы төленетін қоғам өкілдері.

8. Полиция сот органдарының өкілеттіктерін өздеріне алмай, өз іс-әрекеттерін нақты функцияларымен қатаң шектеуі керек.

9. Полиция жұмысының тиімділігінің дәлелі қылмыспен күресу әрекеттері емес қылмыс пен тәртіпсіздіктің орын алмауы болып табылады [8].

Кәсіпқойлық принципі бойынша полиция өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындауға қабілетті, тәжірибелі және даярлықтан өткен қызметкерлерден тұратын кәсіби мекеме ретінде ұйымдастырылуы керек.

«Пил принциптері» бастапқыда «Лондон Метрополитен полициясы» үшін даярланды, бірақ кейінірек оны еуропаның басқа полиция органдары басшылыққа алды, сөйтіп бұл қазіргі полиция күштерінің қызметтік стандартына айналды. Олар қазіргі уақытта полицияның ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі үшін, оның ішінде қазақстандық полицияның сервистік моделіне аталған қағидаттарды енгізіп, полиция қызметін жетілдіру үшін үлгі ретіндегі негіз болып қала береді.

«Пил принциптері» аталатын тұжырымдардың ішінде қазіргі күні ең бір өзекті мәселе санлатын «полиция - бұл халық, ал халық – бұл полиция» принципін ортадан ойып алып қарастырып өтуге болады. Шынтуайтында, бұл қағида кейінгі жылдары қарқында дамып келе жатқан сервистік полиция тұжырымдамасының негізі болып табылады. Осы қағидаға сәйкес полиция халықтан бөлек жеке билік органы ретінде қарастырылмай, қоғамның бір бөлігі деп танылып, оның өз функциялары халықпен бірге атқарылуы тиіс деп білеміз.

Бұл принцип халықтың полицияға деген сенімін арттыруға ықпал ететін маңызды фактор, бұл фактор өз кезегінде қылмысқа қарсы тиімді күрес пен қоғамдық қауіпсіздікті қолдауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, «полиция - бұл халық, ал халық – бұл полиция» принципіне сүйене отырып, полиция органдары халықтың әртүрлі топтарының қажеттіліктері мен мүдделерін ескеріп, сан алуан ұйымдардан тұратын қоғамда тиімдірек жұмыс істей алады.

Осылайша, «полиция - бұл халық, ал халық – бұл полиция» принципінің қазіргі полиция қызметінде көп маңызы бар әрі қазіргі полицияның құқықтық мәдениетінің негізгі принциптерінің бірі болып табылады.

Қорытынды. Қазіргі полиция дискурсында «Пил принциптерінің» қайта жандануы өткен ғасырдың 60-70-ші жылдарының соңында АҚШ-та және басқа елдерде полицияның тиімділігі туралы жүргізілген зерттеулерге байланысты келеді.

Бұл аталған принциптер полиция функциясының бастапқы мақсаттарына толық қайта оралу дегенді білдіреді. Осының шеңберінде қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызметтерді қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықпен өзара іс-қимыл арқылы полицияға деген сенімді қалыптастыруға баса назар аудару қажет [9]. Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23-сәуірдегі №199-V заңының 4-бабында Ішкі істер органдары міндетінің бірінде «Қазақстан халқына қызмет етуге тиісті» деп айқын жазылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Colquhoun P. A Treatise on the Police of the Metropolis. Printed by H. Baldwin and Son, New Bridge-Street, L., 1800. С. 655.
2. Беккариа Ч., Исаев М. «О преступлениях и наказаниях». Юридическое издательство НКЮ СССР, 1939. С. 464
3. А.Н. Мещеряков, Я.Л. Ванюшин. Полиция зарубежных стран (основы организации) – учебное пособие.
4. А.Н. Мещеряков, Я.Л. Ванюшин. Полиция зарубежных стран (основы организации) – учебное пособие. – С. 11,13.

5. А.Н. Мещеряков, Я.Л. Ванюшин. Полиция зарубежных стран (основы организации) – учебное пособие. – С. 9
6. А.Н. Мещеряков, Я.Л. Ванюшин. Полиция зарубежных стран (основы организации) – учебное пособие.
7. Важенина И.В. «Теоретическое и историко-правовые основы деятельности полиции Великобритании». Диссертационное исследование. – С. 66-68.
8. 9-принципов полицейской деятельности Роберта Пиля. // [Электрон. ресурс] – URL: <https://lawenforcementactionpartnership.org/peel-policing-principles/>
9. Nazemu S. «Sir Robert Peels Nine Principals Applied to Modern Day Policing».

РЕЗЮМЕ/RESUME

Серимов Елеужан Елемесович, Асабаева Акбота, Салкебаев Талгат
Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова,
Караганда, Республика Казахстан

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ ОРГАНОВ ПОЛИЦИИ

Согласно закону диалектики, каждое общественное явление имеет стадии возникновения, становления, развития. Если говорить о том, что органы внутренних дел тоже являются общественным фактором, то у этих органов есть своя история. На протяжении долгого социального становления, измеряемого веками, которые он создавал в истории этого роста, развития, его система также постоянно совершенствовалась вместе. Эта закономерность постоянно сигнализирует, когда мы оглядываемся на старую историю органов внутренних дел.

Авторы стремятся углубиться в предысторию древней, средневековой полицейской истории, которая до сих пор остается незамеченной и остается незамеченной большинством наших отечественных ученых-юристов. В статье изучаются этапы возникновения, становления, развития органов полиции зарубежных стран. Погружаясь в старые времена, которые не запоминаются, речь идет о первоисточниках путей создания оптимального механизма взаимодействия органов внутренних дел с институтами гражданского общества, местными исполнительными органами.

Ключевые слова: век, общественный порядок, общественная безопасность, правонарушения, преступления, средневековье, органы полиции, профессиональная полиция.

Eleuzhan Serimov, Akbota Assabayeva, Salkebayev Talgat
Karaganda Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after
B. Beisenov Karaganda, Republic of Kazakhstan

SOME QUESTIONS ABOUT THE HISTORY OF THE POLICE

According to the law of dialectics, every social phenomenon has stages of emergence, formation, and development. If we talk about the fact that the internal affairs bodies are also a public factor, then these bodies have their own history. Throughout the long social formation, measured by the centuries that he created in the history of this growth, development, his system was also constantly improved together. This pattern is constantly signaled when we look back at the old history of the internal affairs bodies.

The authors seek to delve into the prehistory of ancient, medieval Police history, which still remains unnoticed and remains unnoticed by most of our domestic legal scholars. The article examines the stages of the emergence, formation, and development of police agencies in foreign countries. Plunging into the old days, which are not remembered, we are talking about the primary sources of ways to create an optimal mechanism for the interaction of internal affairs bodies with civil society institutions, local executive bodies.

Keywords: century, public order, public safety, offenses, crimes, the Middle Ages, police agencies, professional police.

List of references:

1. Colquhoun P. A Treatise on the Police of the Metropolis. Printed by H. Baldwin and Son, New Bridge-Street, L., 1800. P. 655.
2. Beccaria Ch., Isaev M. "On crimes and punishments." Legal publishing house of the People's Commissariat of Law of the USSR, 1939. P. 464

3. A.N. Meshcheryakov, Ya.L. Vanyushin. Police of foreign countries (basics of organization) - a textbook.
4. A.N. Meshcheryakov, Ya.L. Vanyushin. Police of foreign countries (basics of organization) - a textbook. – P. 11,13.
5. A.N. Meshcheryakov, Ya.L. Vanyushin. Police of foreign countries (basics of organization) - a textbook. – P. 9
6. A.N. Meshcheryakov, Ya.L. Vanyushin. Police of foreign countries (basics of organization) - a textbook.
7. Vazhenina I.V. "Theoretical and historical-legal foundations of the British police." Dissertation research. – pp. 66-68.
8. 9 principles of policing by Robert Peel. // [Electron. resource] – URL: <https://lawenforcementactionpartnership.org/peel-policing-principles/>
9. Nazemu S. "Sir Robert Peels Nine Principals Applied to Modern Day Policing."

UDK 342.03

IRSTI 10.15.65

Saktaganova Indira Sovetovna

aridnis@mail.ru

Candidate of legal sciences, Professor, of Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Astana, Republic of Kazakhstan

Zharmakhanbetova Balzhan

balzhan.zh10@gmail.com

PhD student of Eurasian National University named after L.N. Gumilyov
Astana, Republic of Kazakhstan

THE CONCEPT OF OWNERSHIP RIGHTS TO THE SUBSOIL USE

This article examines the concept of subsoil ownership as an important legal instrument that determines the ownership and use of underground resources. The article analyzes the main aspects of the right of the state and private individuals to subsoil resources, including ownership, control, issuance of licenses, duties and responsibilities. The structure of subsoil ownership rights is also covered, including the various stages of production and regulation of activities in this area. In the context of global changes and environmental problems, current issues of environmental protection and sustainable use of resources in mining are discussed.

Keywords: subsoil, ownership, licensing, state control, regulation

To begin with, it is worth defining the term property right itself; «property right» means the legal right to own, use and dispose of property. It is a fundamental right that gives the owner complete control over his tangible assets, including land, real estate, personal property and intellectual property. Ownership implies that the owner has the right to use his property at his own discretion, pass it on by inheritance or sell it.

Subsurface title is a legal instrument that defines the ownership and use of underground resources such as oil, gas, coal, metals and mineral ores. This right may belong to the state, private individuals or be shared between them depending on the laws and policies of the country.

If we look at the structure of subsoil ownership rights, which includes several aspects such as: state law, rights of private individuals, rights to various stages of production and duties and responsibilities. These aspects form the basis of the concept and structure of subsoil property rights in various countries [1]. These may vary depending on the specific legislation and political system of each country.

Typically, a state has the fundamental right to control mineral resources on its territory. This means that the government can issue licenses or permits to private companies to extract resources, but it remains the owner of the mineral resources and has the right to regulate and control their use.

The state's right to subsoil represents the fundamental right of the state to control and manage subsoil located on its territory. This means that the government is the owner of these underground resources and has the right to issue licenses or permits to extract them to individuals or companies. The main stages of ownership can be identified as ownership and control. The state has ownership rights to subsoil resources, which means that it has the right to regulate and control their use. This may include the development of laws, regulations and policies regarding the extraction and use of subsoil.

The next stage is the issuance of licenses, when the state has the authority to issue licenses or permits for subsoil extraction to private companies or citizens. These licenses usually come with certain requirements and obligations on the part of the licensee [2].

An important point is the protection of interests; the state usually has an interest in maximizing the benefits from subsoil production, including receiving taxes, royalties and other forms of income. It may also have an interest in protecting the environment and maintaining social and environmental standards when extracting resources.

It should be emphasized the aspect of regulation in property rights. The state may establish rules and regulations for mining to ensure fairness, safety and sustainable development of the industry. This may include setting license conditions, environmental regulations, and technical standards.

State subsoil rights typically form the basis for the development of a country's mining and energy industries and can be the subject of legislative and policy action to optimize resource use and ensure national interests.

Private companies or citizens may have rights to extract resources based on licenses or contracts with the state, which we can call private rights. These rights may be limited in duration, by obligations to protect the environment and to pay taxes or royalties for the use of subsoil [3].

The rights of private individuals to subsoil may vary depending on the legislation of each country; private individuals can obtain licenses or permits from the state to carry out exploration, production and use of subsoil. These licenses are often issued for a specific period and with certain conditions.

Private individuals also have the right to extract resources. Once minerals are mined, private individuals typically own the extracted resources and can use them as they wish, including for sale.

As in any legal structure, duties and responsibilities are at the core of the concept. Owners of subsoil rights usually have obligations to comply with legislation in the field of environmental protection, labor safety and other aspects of their activities. They may also be required to pay taxes or royalties on the use of mineral resources. Private entities may also be limited by certain conditions established in licenses or permits, such as validity periods, production volume, technical requirements, and others.

Private mineral rights are usually subject to legislation and regulation by government agencies to ensure fairness, security and sustainable use of resources.

Rights to different stages of mineral extraction are often governed by different regulations and require appropriate permits or licenses from government authorities. This helps ensure fair and sustainable use of natural resources [4]. Each stage of mining requires compliance with certain technical, economic, environmental and legal requirements in order to ensure safety, sustainability and efficiency of operations.

Rights to various stages of subsoil production are usually regulated by law and may include the following aspects:

The stage of «exploration or, more precisely, the right to exploration» includes the study of the geological structure and composition of the subsoil to determine the presence of minerals. The right to explore usually requires special permits or licenses from government agencies. A mineral exploration right is a legal permit or license issued by government authorities to companies or individuals to conduct research and evaluate the prospects of mineral deposits [5]. This stage is important for determining the availability and volume of resources, as well as for developing a strategy for further production. Licensing, research and data collection are the core of this phase.

The next stage is «development». A mining right is a permit or license issued by government agencies to companies or individuals to operate a mineral deposit. This stage follows the successful completion of exploration work and assessment of the prospects of the deposit. Government authorities issue licenses or permits to develop a deposit to companies or individuals who have completed the exploration stage and satisfied the requirements of legislation and environmental regulations [6]. The holder of a development license usually has the right to build the necessary infrastructure on the field, including roads, warehouses, and processing facilities. The development right makes it possible to extract minerals from a deposit using various technologies and equipment.

The mining process itself is also worth noting and highlighting. This stage involves the actual extraction of minerals from the deposit. For this, various methods are used, such as open-pit or underground mining, hydraulic fracturing (hydrodynamic destruction of rocks), and downhole methods [7]. A mineral right is a legal permit or license issued by government agencies to companies or individuals to actually extract natural resources from deposits. This stage follows the successful completion of exploration and development of the field.

Government authorities issue mining licenses to companies or individuals that have completed the exploration and development stages and meet legal and environmental requirements. The holder of a mining license receives the right to actually extract minerals from the deposit using appropriate equipment and technology [8]. The owner of the mining right is obliged to comply with laws and regulations in the field of environmental protection, labor safety and other requirements, as well as pay taxes and royalties for the use of natural resources. Government agencies typically monitor and control mining activities to ensure compliance with laws and regulations.

The final aspect of the concept of subsoil ownership rights is worth noting, one of the important points is the right to transportation and sale. Once resources are extracted, individuals may have the right to transport and sell them. This may include the right to construct and operate pipelines, railways, ports and other infrastructure to transport resources to end users. The right to transport and sell minerals refers to the legal rights granted to companies or individuals to move extracted resources from deposits to final consumers or points of sale, and for their subsequent sale. This right allows owners or mining license holders to freely trade and transport extracted minerals in accordance with laws and agreements made with government agencies or other parties. It includes such aspects as the construction and operation of transport routes (pipelines, railways, sea routes), the conclusion of contracts for transportation and sales, compliance with customs and tax regulations, and participation in international trade in raw materials [9].

In conclusion, it is worth emphasizing that subsoil ownership plays a key role in the management and use of natural resources. This article discussed the main aspects of this legal instrument, including the rights of the state and individuals over the various stages of production, as well as their duties and responsibilities. Proper regulation and observance of property rights to subsoil not only contributes to the efficient use of resources, but also ensures the sustainable development of the industry and environmental protection. For successful subsoil management, it is necessary to strictly comply with legislation and agreements, as well as take into account the interests of all stakeholders. Understanding and correctly applying the concept of subsoil ownership is an important step towards ensuring sustainable development and prosperity of society.

List of references:

1. Sergeev A.M. Legal regulation of subsoil use: textbook. - M.: Yurayt, 2020.
2. Khomyakova E.N. Legal regulation of mining: a textbook. - M.: Justitsinform, 2019.
3. Kazhiev S.B. Environmental aspects of subsoil use: scientific and practical manual. - St. Petersburg: Almaty, 2012.
4. Rudakova O.A. Geology and geological law: textbook. - M.: Yurayt, 2017.
5. State management of subsoil extraction: theory and practice. Collection of scientific papers. - M.: Nauka, 2016.
6. «Zher koynauy zhane mineraldyk shikizatty ұқсату туралы» 1992 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Қазіргі Заңдар Жинағы (Kazakhstan Respublikasy Zhogargy Kenesin zharshysy, 1992 zh., N 9, 248- Kuzhat; 1995, No. 24).
7. Subsoil use and environmental safety: collection of scientific articles. - M.: Phoenix, 2013.
8. Tretyakov V.A. Theory and practice of geological law: textbook. - M.: Prospekt, 2012.
9. Subsoil ownership: comparative analysis of international experience. - M.: Nauka, 2011.

РЕЗЮМЕ/ RESUME

Сактаганова Индира Советовна, Жармаханбетова Балжан Ауезханқызы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҮШІН МЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ТҮСІНІГІ

Бұл мақалада жер қойнауына меншік және жер қойнауын пайдалану құқығын айқындайтын маңызды құқықтық құрал ретінде жер қойнауына меншік түсінігі қарастырылады. Мақалада мемлекет пен жеке тұлғалардың жер қойнауын пайдалану құқығының негізгі аспектілері, оның ішінде меншік, бақылау, лицензия беру, міндеттер мен жауапкершіліктер талданады. Жер қойнауына меншік құқығының құрылымы да, оның ішінде өндірудің әртүрлі кезеңдері мен осы саладағы қызметті реттеу қамтылған. Жаһандық өзгерістер мен экологиялық проблемалар жағдайында тау-кен өнеркәсібінде қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды тұрақты пайдаланудың өзекті мәселелері талқыланады.

Тірек сөздер: жер қойнауы, меншік құқығы, лицензиялау, мемлекеттік бақылау, реттеу.

Сактаганова Индира Советовна, Жармаханбетова Балжан Ауезханқызы
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Республика Казахстан

ПОНЯТИЕ ПРАВА СОБСТВЕННОСТИ НА НЕДРОПОЛЬЗОВАНИЕ

В данной статье рассматривается понятие собственности на недра как важный правовой инструмент, определяющий право собственности и пользование недрами. В статье анализируются основные аспекты права государства и частных лиц на недра, включая право собственности, контроль, выдачу лицензий, обязанности и ответственность. Также освещена структура прав собственности на недра, включая различные этапы добычи и регулирования деятельности в этой сфере. В контексте глобальных изменений и экологических проблем обсуждаются актуальные вопросы охраны окружающей среды и устойчивого использования ресурсов в горнодобывающей промышленности.

Ключевые слова: недра, право собственности, лицензирование, государственный контроль, регулирование.

Список использованной литературы:

1. Сергеев А.М. Правовое регулирование использования недр: учебное пособие. - М.: Юрайт, 2020.
2. Хомякова Е.Н. Правовое регулирование добычи полезных ископаемых: учебное пособие. - М.: Юстицинформ, 2019.
3. Кажиев С.Б. Экологические аспекты использования недр: научно-практическое пособие. - СПб.: Алматы, 2012.
4. Рудакова О.А. Геология и геологическое право: учебное пособие. - М.: Юрайт, 2017.
5. Государственное управление добычей недр: теория и практика. Сборник научных трудов. - М.: Наука, 2016.
6. «Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы» 1992 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Кодексі (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жаршысы, 1992 ж., N 9, 248-құжат; 1995 ж., N 24).
7. Недропользование и экологическая безопасность: сборник научных статей. - М.: Феникс, 2013.
8. Третьяков В.А. Теория и практика геологического права: учебное пособие. - М.: Проспект, 2012.
9. Право собственности на недра: сравнительный анализ международного опыта. - М.: Наука, 2011.

Шошаева Лаура Санабековна

keukonf2012@mail.ru

құқықтану магистрі, «Экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу кафедрасының»
аға оқытушысы,

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР ҚАҒИДАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі ғылыми құқықтық зерттеулердің бағыттарының бірі-негізгі құқықтық ұғымдар мен институттарды байыпты қайта қарау, бұл құқықтық ғылымдардың тұжырымдамалық ережелеріне деген қызығушылықты арттырады. Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымында негізгі теориялық мәселелерге, әрине, іс жүргізу құқығы қағидаларының мәселелері жатады, олардың тұрақты әрекетін қамтамасыз етудің тиімді кепілі - олардың нормативтік бекітілуі болып табылады. Ғылым мен сот практикасында процессуалдық құқық қағидаларының түсінігі, ерекшеліктері, жүйесі және жіктелуі, қазіргі заманғы құқықтық реттеу, ресми түсіндіру және қолдану мәселелері, азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларының рөлі мен маңызы, құқық пен цифрлық технологияларды цифрландыру тұрғысынан қағидаларды іске асыру мәселелері, сондай-ақ азаматтық құқық қағидаларының сот ісін жүргізу және сот статистикасын қалыптастыруға әсері туралы мәселелер басты назарда болады. Бұл мақалада азаматтық сот ісін жүргізу қағидаларының маңызы қарастырылып оларды іске асырудың кейбір мәселелері айтылады.

Тірек сөздер: қағида, азаматтық процестік құқықтың қағидалары, сот өндірісі, диспозитивтілік, тәуелсіздік қағидалары, цифрландыру.

Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары құқықтық ғылымның даму тарихында процессуалист ғалымдардың басты назарында болды деуге болады және бұл кездейсоқ емес, өйткені қоғамның даму үдерісінде болып жатқан барлық әлеуметтік өзгерістер құқық қағидаларында көрініс табады.

Өмір өзгереді, адамдар, құқықтық жүйе өзгереді және осының бәрімен бірге құқық қағидаларының идеясы да өзгереді, бірақ бұл идея қаншалықты өзгерсе де, қағидалар деп әлі де болса белгілі бір құқық саласының бүкіл жүйесі құрылатын негізгі бастаулары екенін атап өткен жөн.

«Қағида» ұғымының өзі латын тілінен шыққан *principium*, «бастау», «шығу тегі» дегенді білдіреді.

Қағида немесе принцип (*лат. principium* – принцип; негіз, алғы бастама) — белгілі білім жүйесінің түп-негізі, алғы бастамасы, абстрактылы түрдегі ең қысқа жалпылама мазмұны. Ғылыми танымда идея, теория, әдіс сияқты таным түрлерімен өзара байланыста тұжырымдалады [1].

Құқық қағидалары-бұл заңмен бекітілген және әлеуметтік-экономикалық қатынастардың сипатымен шартталған жалпы, маңызды, басшылыққа алынатын бастапқы ережелер. Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары қолданыстағы заңнамада бекітілген негізгі басшылық принциптерді (идеяларды) білдіреді азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларының мәні және азаматтық процесс субъектілерінің бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға байланысты қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу саласындағы мемлекет саясатының негізгі бағыттары. Олар барлық азаматтық іс жүргізу нормалары мен институттарына енеді және азаматтық іс жүргізу нормаларының мазмұнын анықтайтын бастапқы (бастапқы) ережелер болып табылады [2, 656.].

Азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларының маңыздылығы олардың барлық нормалары мен институттарын қамтитын жалпы іс жүргізу құқығының мазмұнын анықтайтындығында көрінеді. Азаматтық іс жүргізу құқығының принциптері әділеттілік пен заңдылық идеалдарына сәйкес келуі үшін азаматтық істерді қарау қандай болуы керек екенін анықтайды.

Азаматтық процестің қағидалары жеке нормаларда (нормалар-қағидаларда) не іс жүргізу нормаларының жиынтығы (жазбаша нысан) негізінде не жеке құқықтық бағытты білдіретін тұрақты

Мақаланың мақсаты құқықтық тәрбие азаматтыққа, толерантылыққа, жоғары моральдық және адамгершілік қасиеттері бар мәдени тұлғаны қалыптастыруға, сондай-ақ жасөспірімдерде азаматтық-құқықтық мәдениетті қалыптасу жағдайын зерттеген. Авторлар зерттеу мақсатында келесі теорияларды қарастырған: әлеуметтендіру теориясы, жаһандану үдеріс ықпалы теориясы, психологиялық бейімделу теориялары, азаматтық тәрбиені қалыптастыру және т.б. Ғылыми дереккөздерді талдау және жалпы білім беретін мектептердегі әлеуметтік педагогтардың жұмысын бақылау нәтижесінде девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді құқықтық тәрбиелеуге, оның мектепте азаматтық қасиеттерін қалыптастыруға тиісті көңіл бөлінбейтіні туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Оны эксперимент арқылы дәлелдеп және нәтижесінде азаматтық-құқықтық мәдениеттің мәні ашылған, бұл білім мен даму кезіндегі адамның интегративті сапасы арқылы азаматтық құндылықтардың, дағдылардың нақты қоғамының шарттарымен толық бірігуі.

Тірек сөздер: : азаматтық-құқықтық мәдениет, құқықтық тәрбие, девиантты мінез-құлық, гуманизм, тәрбие, қағидаттар, патриоттық, әлеуметтендіру, құқықтық сауаттылық, құқықтық сана, құқықтық шеберлік

Қазіргі кезеңде қазақстандық қоғамның аландаушылығы мен қобалжуы өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесі болып отыр. Агрессия, зорлық-зомбылық, қорлау, аутодеструктивті мінез-құлық және балалар мен жасөспірімдердегі девианттық мінез-құлықтың басқа да жағымсыз түрлері қоғамның ерекше назарын аударады. 2023 жылғы 5 қазанда өткен Республикалық педагогтер съезінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев буллингтің кеңейіп жатқанына тоқталды: «Өкінішке орай, оқушылар арасында зорлық-зомбылық көрсету жоғары дәрежеде белең алып отыр, бұл өз кезегінде балаларды арандата отырып, өз-өзіне қол жұмсауға әкеліп жатыр. ... Қорқытуды біржола жою керек»[1]. Мемлекет басшысының мектептегі буллинг секілді проблемаларына көбірек көңіл бөлуі елдегі қазіргі жағдайды сындарлы шешу қажеттігін дәлелдейді және оны шұғыл санатқа жатқызуға мүмкіндік береді, өйткені Елдің болашағы мен ұлттық қауіпсіздігі осы мәселені шешуге байланысты.

Осы тұрғыда Қарағандыда 14 жастағы мектеп оқушысы досының атынан бомба туралы жалған хабарлама жіберген және оқиға орнына жедел жәрдем қызметі жедел жеткен. Сауда үйінен 200-ден астам адам қауіпсіз жерге көшірілді. Тексеру кезінде ғимараттан жарылғыш зат табылмады. Тәртіп сақшылары ҚР Қылмыстық кодексінің 273-бабы «Терроризм актісі туралы жалған хабарлау» бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдарын жүргізіп жатыр. Ол қыздың заңды өкілдерінің жауапкершілігін анықтайтын болады[2]. Бұл жағдайдан да біз жасөспірімдерге азаматтық-құқықтық тәрбиелеудің аса маңыздылығын көруімізге болады.

Осыған сәйкес, қоғамның маңызды әлеуметтік міндеттерінің бірі – мектептегі ауытқудың жағымсыз нысандарын жою әдістерін іздестіру, «девиантты мінез-құлықтағы балаларды әлеуметтік оңалту бойынша мақсатты жұмысты қамтамасыз ету» [3], сондай-ақ құқық бұзушы оқушылармен олардың әлеуметтендіру үдерісінде жұмыс жасаудағы педагогтардың құзыреттілігін арттыру.

Басты әдебиет көздерді және теоретикалық концепцияларды талдау - әлеуметтендіру теориясы (Е.А.Гришина, Ю.А.Зубок және т.б.), жаһандану үдеріс ықпалы теориясы (Ш.М.Мұхтарова, А.А.Байсеркеев және т.б.), психологиялық бейімделу теориялары (К.Ю.Добрин, С.А.Игунов және т.б.), азаматтық тәрбиені қалыптастыру концепциялары (П.П.Блонский, Н.К.Крупская және т.б.) және т.б. – «азаматтық-құқықтық мәдениет» және «құқықтық тәрбие» ұғымдардың мазмұндарын ашуға негізін салды. Азаматтық-құқықтық мәдениет - бұл білім мен даму кезіндегі адамның интегративті сапасы арқылы азаматтық құндылықтардың, дағдылардың нақты қоғамының шарттарымен толық бірігуі. Ал «құқықтық тәрбие ол құқықтық идеяларға, нормаларға, принциптерге бағытталып, дүниежүзілік және ұлттық құндылықтардан тұратын құқықтық мәдениет» деп анықталған[4]. Осы анықтамаларға сүйене отырып, азаматтық-құқықтық тәрбиенің мақсатты, жеке тұлғаның құқық пен міндеттерге арнайы ұйымдастырылған азаматтық-құқықтық тәрбиесін қалыптастыру үдерісі деп түйіндеуімізге болады.

Бүгінгі күні құқықтық тәрбие субъектілерінің арасында әлеуметтік педагогке маңызды рөл беріледі, өйткені құқықтық тәрбие процесінің өзі кең әлеуметтік-педагогикалық бағыттылығымен сипатталады.

Құқықтық тәрбиенің негізгі принциптерінің арасында:

- ғылым, гуманизм;
- демократизм;
- тарихи, мәдени мұрамызды сақтау, рухани құндылықтар мен салт- дәстүрлер насихаттау;
- жастардың дамуындағы (оның әр түрлі санаттарының ерекшеліктерін ескере отырып) жүйелілік, сабақтастық және үздіксіздік;
- тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын формалардың, әдістер мен құралдардың алуан түрлілігі;
- әрбір тұлғаның мүмкіндіктерін, қабілеті мен сапасын дамытуға бағытталуы; тәрбиенің басқа түрлерімен тығыз және ажырамайтын байланысы [5].

Одан бөлек жасөспірімдердің азаматтық-құқықтық мәдениетін қалыптастыру – тәрбиенің адамгершілік жақтарының бірі. О.В.Заяц әлеуметтік мекемелердің тәрбиеленушілерінде құқықтық мәдениетті қалыптастыру кезінде әлеуметтік педагогқа заң тәжірибесінің қажеттіліктеріне бағдарлануы керек, сондықтан жасөспірімдерді тәрбиелеудегі тәжірибесін алу аса маңызды екенін айтып өткен [6].

Осы тұрғыда азаматтыққа және патриотизмге, құқықтық жауапкершілікке тәрбиелеудің негізгі бастапқы ұстанымдары «Білім туралы» ҚР Заңында, Президенттің халыққа Жолдауларында, ҚР Білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасында, гуманитарлық, этномәдени, тарихи білім беру тұжырымдамаларында және басқа да нормативтік актілерде көрсетілген.

Құқықтық тәрбиенің маңыздылығы тәрбиенің кешенді бағдарламасында баса айтылған: білім беру ұйымдарындағы тәрбие бағдарламалары білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады. Олар патриотизмге, азаматтыққа, жоғары мораль мен имандылыққа ие көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыруға, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты мүдделері мен қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс [7,8]. Сонымен, құқықтық тәрбие деп құқықтық білім жүйесін, құқықтық сенімділікті, сондай-ақ заңды мінез-құлықтың себептері мен әдеттерін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған мақсатты қызмет процесі түсініледі. Балалар мен жасөспірімдерді құқықтық тәрбиелеу әрбір баланың құқықтық нормалары мен құндылықтарын ақыл-ойға және сезімге жеткізу жөніндегі арнайы құрал құруды, оларды жеке нанымдары мен мінез-құлық себептеріне айналдыруды көздейді.

Азаматтық-құқықтық мәдениет – білім беру жүйесіне жататын көп аспекттивті қызмет жүйесі. Құқықтық тәрбие келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

- құқықтық сауаттылық;
- құқықтық ойлау (сана);
- құқықтық қабілеті (шеберлігі) [9].

Құқықтық сауаттылық-осы салаға қатысты ұғымдардың мәнімен (заң, конституция, заңнама, нормативтік акт, құқық нормасы, құқық), халықаралық, мемлекеттік және аймақтық деңгейдегі балалардың құқықтарын қорғау бойынша заңнамалық құжаттармен танысуды қамтиды.

Құқықтық сана – бұл адам санасындағы құқықтық құбылыстардың мінсіз көрінісі болып табылатын қоғамдық сананың бір түрі. Құқықтық ойлау, атап айтқанда, адамдардың әлеуметтік өмір құбылысы ретіндегі құқық туралы түсініктерінің жиынтығы.

Құқықтық шеберлік-құқықтық білімге негізделеді және адамдардың құқық нормалары тұрғысынан ой-пікірін, іс-әрекеттерін, мінез-құлқын бағалай білу қабілеті болып табылады. Осы жағдайларды (міндеттерді) шешу барысында жасөспірімдер құқықтық білімді қосуды, өзінің іс-әрекеттерін шындығына жобалауды, жеке тұлғаның құндылығын, оның құқықтарын, бостандықтары мен өз алдына, қоғам мен мемлекет алдындағы міндеттерін түсінуді, адамның табиғи бостандығы мен қоғамдағы адам бостандығын түсінуді үйренеді.

Сонымен, азаматтық-құқықтық мәдениет – бұл елдің құқықтық жүйесі, негізгі заң нормалары туралы білім, құқықтық нормаларды сақтауға ұмтылу, Отанның заңға мойынсұнушы азаматы болу деп мамандар есептейді [10].

Азаматтық-құқықтық тәрбиеге қатты ықпал ететін отбасымен бірге білім беру жүйесі, БАҚ, интернет көздері, интернет желісі және т.б. Сондықтан отбасында, мектепте, БАҚ- та жасөспірімдерді заңдармен ғана емес, сондай-ақ міндетті түрде өздері бұзған құқықтық нормалармен таныстыру керек.

Жоғарыда айтылғандардың ішінен құқықтық тәрбие балалар мен жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталғаны туралы қорытынды жасау керек.

Құқықтық білім беру тұлғаның азаматтық және құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған оқыту мен тәрбиелеу жүйесін құруды көздейді. Бұл мәдениеттің өзегі бала тұлғасының азаматтық құқықтық санасы болып табылады, ол құқық, құқық тәртібі және оны қорғау туралы жүйелі ғылыми білімді және оған сәйкес келетін ұстанымдарды қамтиды.

Осы аймақтағы сауатсыздық және санасыздық жасөспірімдерде девиантты және делинквентті тәртіпке апаруы мүмкін. Психологтардың девиантты мінез-құлыққа байланысты зерттеу жұмыстарын қарастырдық. И.С.Конның анықтамасы бойынша девиантты мінез-құлық – «бұл жалпы қабылданған құқық, мәдениет немесе мораль нормаларынан ауытқитын іс- әрекеттер жүйесі» [11].

С.А.Беличева ауытқыған мінез-құлық жағымсыз әлеуметтік дамудың, әртүрлі жас кезеңдерінде пайда болатын әлеуметтендірудің бұзылуының нәтижесі болып табылатынын атап өтті [12].

Отандық ғалым А.Т. Акажанова кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлық психологиясының мәні туралы сұрақтар қамтылды, негізгі теориялық және әдіснамалық принциптер қарастырылады, девиантты мінез-құлық түрлерінің классификациясы, жас және жеке ерекшеліктері, асоциалды және антиәлеуметтік топтардың қалыптасу механизмдері, психологиялық және педагогикалық алдын алу және араласу туралы да ұсынылған [13].

Осы жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып жасөспірімдердің азаматтық-құқықтық мәдениетін қалыптастыру жұмысын үйлестіруде тұрақты жүйе қалыптасты:

- белсенді жұмыс түрлері арқылы қала халқының құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыс;
- оңалту іс-шараларының кешенін жүргізу арқылы «қауіп» тобындағы жасөспірімдердің қорғаныш факторларын қалыптастыруға бағытталған жұмыс;
- жазалау шаралары жүйесі арқылы қылмыс пен құқық бұзушылық жасаған жасөспірімдердің мінез-құлқын түзетуге бағытталған жұмыс.


Теоретикалық ізденістеріміздің эксперименттік жолмен дәлелдеу маңызды болып табылады. Эксперимент жүргізу үшін Батыс Қазақстан облысының ішкі істер министрлігінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторларының есебінде тұрған жасөспірімдері бар Покатиловка ауылының «Покатиловка жалпы орта білім беретін мектебі» КММ негіз болды.

Бағдарламаны іске асыру үш кезеңнен тұрды: дайындық, негізгі, аналитикалық. Зерттеуге Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияда есепте тұрған 12-16 жас аралығындағы Покатиловка ауылындағы білім беру мектептерінің 13 оқушысы қатысты. Оның ішінде тәрбиеленушілерден 2 топ құрылды: бақылау - 8 адам, эксперименттік – 5 адам.

Эксперименттің мақсаты – девиантты мінез-құлықты жасөспірім - оқушыларды құқықтық тәрбиелеу бойынша Покатиловка ауылының «Покатиловка жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, әлеуметтік-педагогикалық жұмысын ұйымдастыруды зерделеу.

Бекітілген факторлардың алуан түрлілігі зерттеудің әртүрлі эмпирикалық әдістерін қолдануды талап етті: зерттеу пәні мен мақсатына қатысты оқушыларға сауалнама жүргізу, тестілеу, сұрау салу; әлеуметтік педагогпен, пән педагогтармен, сынып жетекшілерімен және тәрбиеленушілермен олардың құқықтық мәдениетінің ерекшеліктерін анықтау мақсатында әңгімелесу.

Оқушылардың құқықтық мәдениетінің эмоциялық-құндылық компонентінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін біз келесі диагностикалық құралдарды пайдаландық: сауалнама, М. Рокич тесттері мен әдістемелері, ауытқыған мінез-құлыққа бейімділік сауалнамасы, А.Басс және А.Дарктың агрессия көрсеткіштері мен формаларын диагностикалау әдістемесі және т.б.



Сурет 1. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің құқықтық мәдениетінің қалыптасу динамикасы. Эксперименталды тобының экспериментінің қорытынды нәтижелері

Қорытынды кезеңде эксперименталды топтың девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің құқықтық мәдениетінің қалыптасуының нәтижелерін салыстыра отырып, оларды салыстырмалы диаграммада көрсетеміз және көрсеткіштерді талдаймыз (1-сурет).

Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру процесіндегі белсенді әдістер мен тәсілдерді қолдану нәтижесінде сыналушылардың құқықты зерттеуге деген қызығушылығы айтарлықтай артты, сөздік қоры кеңейіп, сөйлеу құзыреті артты, бұл жалпы құқықтық ағарту бойынша материалды меңгеру сапасына оң әсер етті. Осылайша, олар құқықтық білімнің практикалық маңыздылығына, олардың әрбір адам үшін қажеттілігі мен пайдалылығына көз жеткізді.

Нәтижелер девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің кейбір дәрежеде оң құқықтық қондырғыларға ие екендігін көрсетеді, яғни көп жағдайда заңды сақтауға тырысады. Бірақ олардың кейбіреулерінің мінез-құлық нормаларды қоғамның өз мүдделеріне сай келмейтін мінез-құлық бағдары ретінде қабылдауға негізделген. Респонденттердің жартысынан астамының мінез-құлық құқықтық талаптарға бағынуға, ал жасөспірімдердің кейбіреуінің мінез-құлық осы нормаларды, яғни ересектердің теріс мысалдары немесе өзінің бұрмаланған бейәлеуметтік жеке нанымдарын елемегендігіне негізделген.

Сонымен, эксперимент нәтижесінде оқушылар арасында құқықтық мінез-құлықтың үш түрі бар топтар анықталды: заңды, пассивті (немқұрайлы) және құқыққа қарсы мінез-құлық.

Азаматтық-құқықтық мәдениет пен құқықтық тәрбиенің оқушыларда қалыптасуы көбінесе әлеуметтік педагогтардың әрекетімен анықталады, өйткені осы қасиеттер әлеуметтендірудің маңызды факторы болып табылады. Дегенмен, біздің зерттеуіміз жасөспірімдердің тек үштен бір бөлігі ғана қоғамдық пайдалы белсенді әрекеттерге (саяси, экологиялық және экономикалық іс-шаралар) қатысқысы келетінін көрсетті. Білім беру мекемесінің басты мақсаты – бәсекеге қабілеттілікті ғана дамыту емес, сонымен бірге жалпы мәдениетті, оның ішінде азаматтық-құқықтық мәдениет пен құқықтық тәрбиені қалыптастыру өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елбасының мұғалімдердің республикалық съезінде сөйлеген сөзі
<https://www.bilim.expert/post>

2. Қол жеткізу режимі: <https://arbatmedia.kz/vaznoe-v-kazaxstane/skolnica-ot-imeni-znakomoi-otpravila-loznoe-soobshhenie-o-bombe-v-karagande-5646>

3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы заң. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы//https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z040000591_

4. Козырев М.С. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие [Электрондық ресурс] // «Мемлекеттік басқару және мемлекеттік саясат. – М., 2016. – Қол жеткізу режимі: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=28941147>

5. Әлеуметтік педагогика: дәрістер курсы / ред. М.А.Галагузова. - М.: ВЛАДОС, 2001 ж.

6. Заяц О.В. Әлеуметтік қызметтер жүйесінде, мекемелер мен ұйымдарда ұйымдастыру-басқару жұмыстарында жұмыс тәжірибесі. – Владивосток: ТИДОТ ДВГУ, 2004. – 105 б.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Баймуканова Маржан Токтаровна, Еслям Аида
Карагандинский университет им. Е.А.Букетова, г.Караганда, Республика Казахстан

СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ СОСТОЯНИЯ СФОРМИРОВАННОСТИ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ У ПОДРОСТКОВ

Изменения, происходящие в современном обществе, оказывают огромное влияние на подрастающее поколение, его несформированное сознание, волю, иногда негативную. Большую роль в этом играет гражданско-правовое воспитание, которое направлено на формирование у детей гражданской позиции, любви к своей Родине, чувства патриотизма, знания прав и обязанностей гражданина Республики Казахстан.

Целью статьи является изучение правового воспитания гражданственности, толерантности, формирования культурной личности с высокими нравственными и моральными качествами, а также изучение условий формирования гражданско-правовой культуры у подростков.

В исследовательских целях авторами рассмотрены следующие теории: теория социализации, теория влияния процесса глобализации, теории психологической адаптации, формирование гражданского воспитания и т.д. Анализ научных источников и наблюдение за работой социальных педагогов в общеобразовательных школах позволяют сделать вывод о том, что формированию гражданских качеств учащихся в школе не уделяется должного внимания. Доказывая это экспериментально, авторы в результате раскрывают сущность гражданско-правовой культуры как комплексную и качественную характеристику личности, включающую в себя совокупность гражданско-правовых знаний, умений и навыков, уровень овладения правовыми и гражданскими основами деятельности, а также совокупность представлений, взглядов, чувств, ценностей в которых выражено отношение к праву и политической системе.

Ключевые слова: гражданско-правовая культура, правовое воспитание, девиантное поведение, гуманизм, воспитание, принципы, патриотизм, социализация, правовая грамотность, правовое сознание.

Baimukanova Marzhan Toktarovna, Yeslyam Aida
E. A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Republic of Kazakhstan

SOCIO-PEDAGOGICAL STUDY OF THE STATE OF FORMATION OF CIVIL-LEGAL CULTURE IN TEENAGERS

The changes taking place in modern society have a huge impact on the younger generation, its unformed consciousness, will, sometimes negative. A major role in this is played by civil law education, which is aimed at forming children's citizenship, love for their homeland, a sense of patriotism, knowledge of the rights and duties of a citizen of the Republic of Kazakhstan.

The purpose of the article is to study the legal education of citizenship, tolerance, the formation of a cultural personality with high moral and moral qualities, as well as the study of the conditions for the formation of civil law culture among adolescents.

For research purposes, the authors considered the following theories: the theory of socialization, the theory of the influence of the globalization process, the theory of psychological adaptation, the formation of civic education, etc. Analysis of scientific sources and observation of the work of social educators in

secondary schools allow us to conclude that the formation of civic qualities of students in school is not given due attention. Proving this experimentally, the authors as a result reveal the essence of civil law culture as a complex and qualitative characteristic of a person, including a set of civil law knowledge, skills and abilities, the level of mastery of legal and civil foundations of activity, as well as a set of ideas, views, feelings, values in which the attitude to law and the political system is expressed.

Key words: civil law culture, legal education, deviant behavior, humanism, education, principles, patriotism, socialization, legal literacy, legal consciousness.

List of references:

1. Speech of the President at the Republican Congress of Teachers // <https://www.bilim.expert/post>
2. <https://arbatmedia.kz/vaznoe-v-kazaxstane/skolnica-ot-imeni-znakomoi-otpravila-loznoe-soobshhenie-o-bombe-v-karagande-5646>
3. Law on prevention of offenses among minors and prevention of child neglect and neglect. Law of the Republic of Kazakhstan dated July 9, 2004, No. 591//https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z040000591_
4. Naumenkova K.V. The article "Problems of legal education of citizens of Russia and the border of centuries".
5. Social pedagogy: course lectures / under the editorship. M. A. Galaguzovoy. - M.: VLADOS, 2001.
6. Zayats O.V. Experience of organizational and administrative work in the system of social services, institutions and organizations. - Vladivostok: TIDOT DVGU, 2004. - 105 p.
7. Unified educational program in educational organizations, except for higher educational institutions. Order of the Minister of Education on September 19, 2023.
8. Baymukhanova M.T., Ladygina O.A., Temir Zh. Legal education of students as a means of forming civic consciousness // "Khabarshyi - Vestnik" Karaganda Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan im. B. Beisenova. - 2022. - No. 1. - S.93.,
9. Nurgalieva A.K. Theoretical and methodological foundations of the formation of citizenship of future teachers. Dis Dr. Ped. science 13.00.01 – Almaty, 2006. - 249 p.
10. Gazizova G.S. What is a right? // School of Kazakhstan, No. 4, 2004.
11. Kon I.S. Psychology of a senior student: A guide for teachers. 2nd edition. - M.: Prosveshchenie, 2000. - 192 p.
12. Belicheva S.A. The basis of preventive psychology. - M.: RITC Social Health of Russia, 2004. - 221 p
13. Akajanova A. T., Deviantology: Teaching aid.— Almaty: Nur-press, 2008.— 114 p.

Баймұқанова Маржан Тоқтаровна

marber_96@mail.ru

педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

Нұртаза Айшабиби

aishabibi.nurtaza@gmail.com

магистрант,

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды,
Қазақстан Республикасы

ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНЫҢ ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ АУЫТҚУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ӘСЕРІ

Бұл мақалада толық емес отбасынан шыққан жасөспірімдердің тұлғалық даму ерекшеліктері талданады. Ұсынылып отырған материалдың өзектілігі толық емес отбасылар санының тұрақты өсуімен, сондай-ақ осы типтегі отбасында тұлғаны дамыту проблемаларының әртүрлі түрлерінің болуымен түсіндіріледі.

Мақалада толық емес отбасында тәрбиеленген жасөспірімдердің жеке тұлғалық дамуында бірқатар ерекшеліктер болатын эмпирикалық зерттеу деректері келтірілген, бұл, сөзсіз, жалғыз басты ата-ананың тәрбиесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Тірек сөздер: толық емес отбасы; материалдық жағдайы, жыныстық-рөлдік идентификация, рефлексия, маскулиндік, феминдік.

Қоғамдағы және саясаттағы тұрақсыздық, әлеуметтік саладағы өзгерістер отбасына және оның функциясына айтарлықтай әсер етті. Отбасы, қоғам сияқты, дағдарысқа ұшырайды. Ең алдымен, ол ерлі - зайыптылардың бір баладан артық (екі-максимум) болғысы келмеуінен және ажырасу, некеден тыс балалардың тууы нәтижесінде толық емес отбасылар (әдетте аналық отбасылар) санының көбеюі көрінді. Бір ата-анамен өмір сүру баланың тәрбиесі мен дамуына өзіндік ерекшеліктерін қосады, бірақ бұл ерекшелікті әкесінің болмауы емес, жақын ортада ер адамның мінез-құлқының болмауы жүктейді. Алайда, басты мәселе гипер - немесе гипо қамқорлығында көрсетілген ананың дұрыс емес басқаруында жатыр [1]. Біздің зерттеу контекстінде толық емес отбасы ата-анасының біреуінің жоқтығын білдірді, оның биологиялық немесе заңды баланы жалғыз асырап алу жағдайдағы ата-ана.

Бұл мақалада толық емес отбасылардың әлеуметтік ерекшеліктері мен жасөспірімдердің перцепциясын зерттеу нәтижелері сипатталған. Ұл баланың әкесінен бөлінуі қыздарға қарағанда қиынырақ, өйткені олардың идентификациясына мүмкіндігі бар.

Е. А. Осипованың пікірінше, қыздарда эмоционалды аутқылар пайда болу жоғары, негізінен истерикалық жағынан, ал ұлдарда - әкесін алмастыратын ересектердің қамқорлығы мен мазасыздығы нәтижесінде өзіне деген сенімсіздік пен қорқыныш пайда болады. Сонымен қатар, өз жынысындағы құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтар туындауы мүмкін. Ер балаларда наразылық мінез-құлқы да мүмкін, өйткені әкесімен қарым-қатынастың болмауы олар еркектік рөлде өзін көрсетуге тырысады, осының орнын толтырады. Егер ата-ананың бірімен эмоционалды байланыс сақталса, онда жағдай қауіпсіз дами алады. Егер олай болмаса, онда ата-ананың ажырасуына байланысты стресстік, "күйзелістік" жағдай бала үшін бірнеше жылға созылуы мүмкін. Егер оған көмек көрсетілмесе, онда стресс мектептің тұрақты дезадаптациясына ауысуы мүмкін [2]. Толық емес отбасы тәрбие процесіне, демек, тұлғаның қалыптасуына әсер ететін нақты қиындықтарға тап болуын көрсетеді. Бұл мәселелер отбасы мүшелеріне кері әсерін тигізіп, олардың қоғамда дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіреді.

А. С. Подольский толық емес отбасынан шыққан балаларда кездесетін бірқатар типтік асқынуларды атап өтеді: жалғыздық сезімі, жақын адамдарға деген сенімнің жоғалуы, қауіпсіздік сезімінің жоғалуы, эмоционалды теңгерімсіздік, өзін-өзі төмендету сезімдерінің пайда болуы, бағалау үкімдеріне ауыр реакция, баланың осалдығының жоғарылауы [3].

Көп мәселе отбасының материалдық тұрақсыздығында көрінеді. Толық емес отбасыларды моноотбасы деп зерттеген отандық зерттеуші Шабденова А.Б. әдеуметтік дәрімсіздікке баса назар аударған. Толық емес отбасылардың көпшілігінің бір табыс көзі бар, тіпті ата-анасының уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты отбасының қаржылық әл-ауқаты қауіпке ұшырайды. Жалақы деңгейі мен толық емес отбасының нақты қажеттіліктері арасындағы сәйкессіздік жағдайы өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне себеп болатын күйзелісті тудырады, көбінесе деструктивті ағымға әкеледі және деңгейін жоғарылататын фактор ретінде әрекет етеді. Мұның бәрі өз кезегінде отбасылардағы жанжалдың деңгейін айтарлықтай арттырады.

Отбасыларын бұлайша сипаттау олардың ерекше жағдайда материалдық қолдауды қажет ету дәрежесін анықтау үшін қажет. Отбасыларын нығайтуға бағытталған әлеуметтік саясат отбасы саясаты үшін әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайында ерекше мәнге ие болады, яғни мемлекет тарапынан материалдық қолдау, ерекше жеңілдік пен қызметті талап ететін объектілер әлеуметтік педагогтар қызметінің объектісі болып табылады[4].

Әлеуметтік педагог жұмыс жүргізетін дәстүрлі санаттағы отбасыларына аз қамтылған отбасы, жұмыссыз отбасы, көп балалы отбасы, аз балалы отбасы, жағдайы жайсыз отбасы жатады.

Аз қамтылған отбасы. Кедейшіліктің есептеу нүктесі күнкөріс минимумы болып табылады. Ол тұтыну қоржыны құны мен барлық міндетті төлемдер мен салықтарды қоса есептелгендегі жиынтығымен есептеледі. Тұтыну қоржыны – адамның денсаулығын сақтау мен оның тіршілігін қамтамасыз етуге қажетті тамақ өнімдерінің төменгі мөлшері, шаруашылық тауарлары мен қызмет көрсетуге жұмсалатын қаржылық мөлшері.

Отбасы (жалғыз басты азамат) жан басына шаққандағы табыс мөлшері тұтыну қоржыны көрсеткішінен төмен болса, онда ол кедей деп саналады, мемлекеттік әлеуметтік көмек алу құқығына ие болады. Кедей деп ішінара немесе толығымен еңбекке жарамсыз әсеріне еңбекке жарамды жақынтандары жоқ азаматтар; зейнеткерлер; мүгедектер; жалғызбасты жасы жеткен адамдар; көп балалы отбасылары; жағдайы жайсыз отбасылар; жұмыссыз отбасылары танылады. Қазіргі кезде аз қамтылғандар тобының қатарын жас баласы бар отбасылары (әсіресе 6 жасқа дейінгі), жас отаулар (әсіресе, студенттік), босқындар мен еріксіз қоныс аударушы отбасылары толықтырды. Аз қамтылған азаматтарды әлеуметтік қорғау бойынша мемлекеттің жүзеге асыратын шаралары арасындағы ең маңыздылары: жеңілдетілген салық салу; тегін немесе жеңілдетілген қызмет көрсету (денсаулық сақтау, көмек, коммуналдық қызмет көрсету салаларында), жұмыссыздыққа, балаларға, зейнеткерлерге жәрдем ақы төлеу.

Материалдық немесе қаржылай көмек көрсету кезінде отбасының мүліктік жағдайы ескеріледі (тұрғын үйі, автокөлігі, гаражы және т.б.), сондай-ақ оның типтері ескеріледі (сәтті семья уақытшы қиындықты өз бетімен, сырттан көмек күтпей-ақ шеше алатын қылмысқа бейім отбасы, дағдарысты отбасы) [5].

Әлеуметтік саясатты жүзеге асыруға арналған Қазақстандағы мемлекеттік мекемелер кедейшілік таңбасын халықтың жекелеген категориясына (бұлар көпбалалы отбасылары, жалғыз басты аналар, зейнеткерлер, әскери қызметкерлер отбасы) таңып, оларды қайыршылыққа түсу қауіпі төнген кезде «әкімшілікті» анықтау деген шараны тәжірибеге алды. Сірә, кедейшілік шегін анықтаудың ескірген көзқарасын қайта қараудың уақыты жеткен сияқты. Дегенмен, осы мәселеге байланысты қолдағы бар ақпараттық-мәліметтік негіздер халықтың табысына қарай тұтыну құрылымын толық түрінде ашып бере алмайды. Сөйтіп, жоғарыда айтылған себептердің нәтижесінде Қазақстанда қазіргі кезде кедейшілік шегі ретінде, бюджеттің мүмкіндігін ғана көрсететін, ал отбасылардың нақты сұранысын, республика халқының тіршілік деңгейінің қозғалысын көрсете алмайтын республикалық бюджет туралы Заңымен бекітілген ресми түрде есептік көрсеткіштің екі еселенген мөлшері пайдаланылады.

Кедейшілік бүгінде халықтың тіршілік деңгейінің көрсеткіші ғана емес, ол бүкіл қоғамның жалпы көңіл-күйін көрсетеді.

Бұрынғы Үкімет кедейшілікпен күресудің шараларын белгілеген болатын. Солардың бірі – Қазақстан Республикасының 2000 жылдың 3-маусымында қабылдаған «Кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес жүргізудің 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасы туралы» № 883 қаулысы. Ол республика бойынша бір отбасында бір адамды жұмыспен қамтуға және халықты еңбек етуге ынталандыратын жұмыс орындарын қалыптастыруға бағытталған болатын. Шындығын айту керек, бұл Бағдарламаның мерзімі өткен кездің өзінде Үкіметтің осы сала бойынша қабылдаған шаралары онша тиімді болмай шықты. Көздеген мақсатқа жете алмай қалдық. Ресейде бүгінгі таңда кедейшілікпен күрестің кең ауқымды шаралары қолға алына бастады. Біздің елімізде де осындай шараларды тағы да қолға алып, одан нәтиже шығарудың уақыты жеткен сияқты.

Бүгінгі күні Қазақстанда балалы отбасыларды қолдаудың кешенді моделі құрылған, оған мемлекеттік жәрдемақылар, әлеуметтік төлемдер, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шаралар және салық салу кезіндегі жеңілдіктер және азаматтар өмірінің барлық кезеңдерінде әлеуметтік қорғаудың басқа да шаралары жүйесі кіреді.

Отбасыларды әлеуметтік қолдау жүйесі әртүрлі өмірлік жағдайларды көздейді және оған жүктілігі және босануы бойынша (орташа айлық жалақының 40% – ға жуығы) әлеуметтік төлем, бала тууына (бірінші, екінші, үшінші бала тууына – 110 846 теңге, төртінші және одан да көп бала тууына – 183 771 теңге), бір жасқа толғанға дейінгі бала күтімі бойынша (16 802 теңгеден 25 962 теңгеге дейін), мүгедек баланы бағумен айналысатын ата-аналар үшін (48 023 теңге) отбасының табысы ескерусіз төленеді.

Бұдан басқа, бір жасқа толғанға дейін бала күтімімен айналысатын әйелдерге орташа айлық табыстың 10% мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау көзделген.

Атаулы әлеуметтік көмекті арттыру және көп балалы отбасыларды қолдау мақсатында 2020 жылы отбасындағы балалар санына байланысты сараланған мөлшерде табысы ескерусіз тағайындалатын жәрдемақының жаңа түрі енгізілді (4 баласы бар отбасылар үшін 16,03 АЕК – 46 760 теңге, 5 баласы бар отбасылар үшін 20,04 АЕК – 58 457 теңге, 6 баласы бар отбасылар үшін 24,05 АЕК – 70 154 теңге, 7 баласы бар отбасылар үшін 28,06 АЕК – 81 852 теңге, 8 және одан да көп бала болғанда, әр балаға 4 АЕК) [6].

Бұдан басқа, табысы төмен отбасыларға (отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% - ынан төмен) атаулы әлеуметтік көмек тағайындалады. Аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға кепілдендірілген әлеуметтік пакет ұсынылады (мектеп жасындағы балалар үшін - оқу орны бойынша тегін тамақтану, қалалық қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру, мектеп формасымен және керек - жарақтармен қамтамасыз ету, мектеп жасына дейінгі балалар үшін-балаларға арналған азық-түлік жиынтықтарымен және тұрмыстық химия тауарларымен қамтамасыз ету) [7].

Сондай-ақ, отбасы мұқтаж болған жағдайда жергілікті атқарушы органдар есебінен тұрғын үй және қосымша әлеуметтік көмек көрсету көзделген. Ата-аналардың міндеттері Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында көзделген, оған сәйкес балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы, әрі міндеті болып табылады. Өз кезегінде мемлекет балалы отбасылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Осылайша, елде қалыптасқан экономикалық жағдай кезінде мемлекет балалы отбасыларды әлеуметтік қорғауды тиісті деңгейде көрсетеді. Бұл ретте, балалы отбасыларды қолдаудың қолданыстағы жүйесін одан әрі жетілдіру елдің экономикалық мүмкіндіктері ескеріле отырып жүзеге асырылатын болады [8].

Бәрін де жақсылыққа жорып, жаңа үкіметтің бұл бастамашылығы еліміздің қоғамдық өмірінде ойдағыдай іске асады деген үміттеміз. Сол үміттің қылаң бере бастағаны байқалған сияқты. Күнделікті, мерзімді ақпараттар мен мәліметтердің әрбір қазақстандық еліміздің экономикасы аяғынан тік тұрып кетпесе де бой жазып келе жатқанын аңғартады.

Әлеуметтік педагогтың кедей отбасыларымен жұмыс жүргізуінің бағытына мыналарды жатқызуға болады:

- осындай тектегі отбасыларын анықтау. Оларды қадағалап, олардың сұраныстарын, бала тәрбиесінің ерекшеліктері мен отбасы ішіндегі қарымқатынастарын зерделеу арқылы отбасылардың типтерін анықтау, сол сияқта басқа да мамандар мен ұйымдарды тарта отырып көрсетілетін көмектерді анықтау;

- заң көмегін көрсету: кедейшіліктегі отбасылар мен олардың мүшелерінің мүдделерін қорғау, кедейшіліктегі адамдағы түрлі кеңес беру қызметін көрсету, құқықтарын қорғау және т.б.;

- қажет болған жағдайда психологиялық көмек беру қызметіне жіберу;

- осы санаттағы адамдар тұратын аумақтағы кәсіподақ ұйымдарымен, кәсіпорындар мен ұйымдардың әкімшіліктерімен біріге отырып, олардың бос уақыттары мен демалысын өткізуді ұйымдастыру;

- жұмысқа орналасуына көмек көрсету; клубтар, үйірмелер, орталықтар мен оларды кәсіптік оқуы мен қайта даярлауы үшін және басқаларды ұйымдастыруға жәрдемдесу;

- кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру;

- ассоциациялар, бірлестіктер, өзіне өзі көмектесетін топтар құруға; іске кіріскен топтармен, деке адамдармен араласуын ұйымдастыруға көмек көрсету;

- түрлі курстар, үйірмелер мен мектептер, соның ішінді меншіктілерін ұйымдастыруға көмектесу;

- арнайы қорлар ашу.

Қазіргі заманғы отбасыларының типологиясына шолу жасауды қорытындылай келе, түрлі санаттағы отбасыларымен жұмыс жүргізетін болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби дайындығына негізделген, отбасы институтына елулі ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық түрлі факторлардың болатындығын айту керек.

Жоғарыда айтылғандардың барлығынан келесі қорытынды жасауға болады:

1. Толық және толық емес отбасылардан шыққан жасөспірімдердің жеке тұлғалық ерекшеліктерінде айырмашылықтар болады. Айырмашылықтар жасөспірімнің жынысына байланысты аз және ерекше. Осылайша, толық емес отбасындағы ұлдар, толық отбасындағы ұлдармен салыстырғанда, саналы деңгейде ана тәрбиесінің сәйкессіздігін көрсетеді. Бейсаналық деңгейде ана тәрбиесі анағұрлым жағымды болып ұсынылады. Екі ата-анасы бар отбасындағы қыздар толық емес отбасындағы қыздарға қарағанда типтік жыныс және әлеуметтік рөлдер туралы жақсырақ түсінікке ие. Толық емес отбасыларда жасөспірімдер жынысына қарамастан, аналарының тәрбиелік тактикасын анағұрлым автономды және сәйкес емес деп қабылдайды.

2. Зерттеу барысында алынған мәліметтер бір ата-анасы бар отбасында кездесетін проблемаларды көрсетеді, өйткені ата-анасының біреуінің болмауы жасөспірімнің жеке басының дамуына із қалдырады.

3. Зерттеу барысында анықталған толық емес отбасылардан шыққан жасөспірімдердің позицияларындағы барлық ауытқулар олардың әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуінде тәуекел дәрежесін арттырады және жасөспірім тұлғасының дамуын деформациялайды.

Толық емес отбасылардың балалары топты ыңғайсыз сезіну арқылы теріс қабылдауға бейім. Бұл ересектермен қарым-қатынас тапшылығының салдары болуы мүмкін (әкесі жоқ, ал анасы жиі бос емес), толық емес отбасынан шыққан балалар құрдастарымен емес, ересектермен қарым-қатынасты маңыздырақ деп санайды.

Топтағы құрдастарымен қарым-қатынасты олар аз дәрежеде бағалайды. Толық емес отбасылардағы балалардың көпшілігі өз құрдастарында жыныстық рөлдік ерекшеліктер мен құрдастарының қасиеттерін аз қабылдайды. Олар көбінесе ұлдарды қыздар сияқты сипаттайды, олардан феминистік қасиеттерді көреді. Толық емес отбасылардағы балалар қарым-қатынас серіктестері ретінде құрдастарының құнсыздануына байланысты балалардың коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттерін бағаламауға бейім.

Мұғалімнен балалар көп көңіл бөлуді және әрқашан бола бермейтін жеке қарым-қатынасты қажет етеді, аналық қатынасты күтеді.

Мұның бәрі оқу мен тәрбие процесіне өте жағымсыз әсер етеді.

Толық емес отбасылардың балалары әкенің бейнесін және оның өзіне деген көзқарасын идеализациялауға бейім, оны мейірімді деп санайды, бұл іс жүзінде өте сирек кездеседі.

Әкесіз өсіп келе жатқан ұлдар мен қыздар аналарында маскулиндік қасиеттерді, ал әкелерінде феминистік қасиеттерді бөліп көрсету және сипаттау үрдісін көрсетті.

Толық емес отбасылардағы балалардың көпшілігі олармен бір жыныстағы ата-ананың рөлін теріс қабылдайды. Әкесіз өсіп келе жатқан балалар әкенің отбасындағы рөлін отбасының басшысы немесе оның тең мүшесі ретінде емес, ананың көмекшісі ретінде қабылдайды. Толық емес отбасылардағы балалардың көпшілігі ата-аналардың тәрбиелік қызметін көбірек қабылдайды және сипаттайды, ал коммуникативті, танымдық және басқа функцияларды айырмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Е.И.Комкова. Толық емес отбасынан шыққан балаларды әлеуметтік қабылдау. // Психология. – 2020. – № 8. – 52–63 беттер.

2. Осипова Е.А. Атиптік отбасылардан шыққан балалар // Тәрбие мәселелері. 1999. No 2. Б. 63–66.

3. Подольский А.С. Толық емес отбасында балаларды тәрбиелеу психологиялық-педагогикалық мәселе ретінде // 20 ғасыр нәтижелері. Білім беруді ізгілендіру – Проблемалар мен перспективалар: Сб. ғылыми халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының баяндамалары. 2-бөлім. Витебск: ПК і PRRi SO, 1998, 44–48 беттер.

4. Дементьева, И.Ф. Толық емес отбасындағы тәрбиенің жағымсыз факторлары / И.Ф. Дементьева // Әлеумет. – 2018. – No 11. – 108–113 беттер.

5. Жиров, Ю.С. Толық емес отбасы мәселелері - қоғам мәселелері / Ю.С. Жиров // Әлеуметтік педагогикалық жұмыс. – 2018. – No 3. – 18–24 б.

РЕЗЮМЕ/ RESUME

Баймұқанова Маржан Тоқтаровна, Нұртаза Айшабиби
Қарағандинский университет им. Е. А. Букетова, Қарағанда, Қазақстан

ВЛИЯНИЕ НЕПОЛНОЙ СЕМЬИ НА ФОРМИРОВАНИЕ ОТКЛОНЕНИЙ В ПОДРОСТКОВОМ ВОЗРАСТЕ

В данной статье анализируются особенности личностного развития подростков из неполных семей. Актуальность предлагаемого материала объясняется постоянным ростом числа неполных семей, а также наличием различных типов проблем развития личности в семье данного типа.

В статье приводятся данные эмпирического исследования, в котором имеется ряд особенностей в личностном развитии подростков, социальная перцепция детей, воспитывающихся в неполной семье, что, несомненно, связано с особенностями воспитания родителей-одиночек, материальным положением семьи.

Ключевые слова: неполная семья; материальное положение, полоролевая идентификация, рефлексия, маскулинность, феминность.

Baimukanova Marzhan, Nurtaza Aishabibi
E. A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan

THE INFLUENCE OF A SINGLE-PARENT FAMILY ON THE FORMATION OF DEVIATIONS IN ADOLESCENCE

This article analyzes the features of the personal development of adolescents from single-parent families. The relevance of the proposed material is explained by the constant increase in the number of single-parent families, as well as the presence of various types of personality development problems in this type of family.

The article presents the data of an empirical study, which has a number of features in the personal development of adolescents, the social perception of children raised in a single-parent family, which is undoubtedly related to the peculiarities of the upbringing of single parents, the financial situation of the family.

Keywords: incomplete family; financial status, gender role identification, reflection, masculinity, femininity.

List of references:

1. Varga a. 1a. júelik otbasylyq psihoterapiya. Sankt-Peterbúrg., 2019.
2. Dementeva, I. F. tolyq emes otbasyndaǵy tárbieniń jaǵymsyz faktorlary / I. F. Dementeva // Sosıs. – 2018. – №11. – 108-113 BB.
3. Jırov, Iý. s. tolyq emes otbasy máseleleri-qoǵam máseleleri / Iý. s. Jırov // Sasyialna-pedagogıkalyq jumys. – 2018. – №3. – B.18-24.
4. Eidemiller E. g. otbasynyń psihologıasy jáne psihoterapiasy. M., 2020. - 600 b.
5. Eidemiller E.g., Iýstıskıs v. otbasynyń psihologıasy jáne psihoterapiasy. - Sankt-Peterbúrg: Pıter, 2019. - 656s.
6. Rean, a.a. devıantty minez – qulyqtyń qaýıp faktorlary: otbasylyq kontekst [Elektronıdyq resýrs]/ A. A. Rean-Nas. psıh. júrnal. 2015. – № 4(20).–S. 105-110. Kirý rejimi: <https://npsyj.ru/articles/detail.php?article=6524>
7. E. O. Smoleva, E. N. Shıshıgına-penıtensıarlıq ǵylym. - 2018. - №4 (44).- 79-88 B. qol jetkızý rejimi: <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-semi-i-referentnyh-grupp-v-formirovanii-protivopravnogo-povedeniya-nesovershennoletnih>
8. Shneider, I. b. balalar men jasospirimderdiń devıantty minez - qulqy [Mátin] / L.B. Shneider – akademiyaılyq joba; Triksta-2020. – 362 s

Балабекова Ляззат Гиниятовна

Lyaka1982e@mail.ru

Мусраунова Айгуль Сериковна

ms_aigul_84@mail.ru

Туткушева Галия Толегеновна

galia.17.05.82@mail.ru

¹старший преподаватель кафедры социальной работы и социальной педагогики

²старший преподаватель кафедры социальной работы и социальной педагогики

³старший преподаватель кафедры социальной работы и социальной педагогики

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды, Қазақстан Республикасы

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МЕКЕМЕСІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада денсаулық сақтаудағы проблемалар бойынша оның теориялық негіздерін зерделей отырып, біз өз ойымызша неғұрлым қызықты проблеманы анықтадық, денсаулық сақтау жүйесінің құрылымы мен ерекшеліктері, азаматтардың жекелеген санаттарымен денсаулық сақтау жүйесіндегі әлеуметтік жұмыстың мазмұны, нысандарын зерттеу қарастырылды.

Денсаулық сақтауды дамытудың негізгі бағыттарының бірі халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру болып табылады. Әлеуметтік жұмыс халықты әлеуметтік қорғаудың кең ауқымды міндеттерін шешуге мүмкіндік береді. Олардың саны мен алуан түрлілігі соншалық, кейде әлеуметтік жұмыстың негізгі, түпкі мақсатын жасырады. Денсаулық сақтау азаматтардың өмір мен денсаулыққа құқығын қамтамасыз ету үшін мемлекет қызметінің ерекше саласы болғандықтан, Заңның, оның ішінде медициналық қызметтің қоғам өміріндегі рөлін күшейту, әсіресе реформалар жағдайында маңызды мәнге ие болады.

Тірек сөздер: денсаулық сақтау, әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік қызметкерлер, нашақорлық, медико-әлеуметтік жұмыс.

Мемлекеттік денсаулық сақтаудағы әлеуметтік жұмыс жүйесі профилактиканы, диагностиканы, емдеуді, денсаулықты сақтауды және оңалтуды қамтиды. Бұл жүйе денсаулық сақтау бағдарламаларын жасаудан бастап, жалпы типтегі ауруханаларға немесе мамандандырылған ауруханаларға дейін әр түрлі кезеңдерде жұмыс істейді.

Денсаулық сақтау мекемелерінде халыққа медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуге қатысатын әлеуметтік жұмыс маманы іс жүзінде медициналық-әлеуметтік жұмысты – денсаулықты қалпына келтіруге, сақтауға және нығайтуға бағытталған медициналық, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы кәсіптік мультидисциплинарлық қызметті жүзеге асырады. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманның қызметі денсаулық сақтау саласындағы кешенді көмекті түбегейлі өзгертеді, өйткені ол ауыр асқынуларға, мүгедектікке және өлімге әкелуі мүмкін ауыр процестер мен әлеуметтік бейімделудің ерте кезеңдерінде жүйелі медициналық-әлеуметтік әсерлерді жүзеге асыруды қамтиды.

Әлеуметтік қызметкерлер барлық мұқтаж адамдарға күнделікті өмірде туындайтын мәселелерді, ең алдымен әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған адамдарға: қарт адамдарға, мүгедектерге, қалыпты отбасылық тәрбиеден айырылған балаларға, психикалық ауытқулары бар адамдарға, маскүнемдерге, нашақорларға, ЖҚТБ-мен ауыратындарға, қауіпті отбасыларға, девиантты мінез-құлқы бар адамдарға және т. б. шешуге көмектеседі.

Қазіргі уақытта біздің елімізде алкогольді, есірткіні және басқа да заттарды теріс пайдаланумен байланысты проблемалар күрт шиеленісіп кетті. Есепте 2,2 млн. астам алкогольизммен ауыратын және 150 мыңнан астам наркотоксикоманиямен ауыратын науқастар тұр.

Наркологиядағы әлеуметтік жұмыстың ерекшелігі-кәсіби қызмет ретінде ол екі тәуелсіз саланың - денсаулық сақтау мен халықты әлеуметтік қорғаудың қиылысында қалыптасады.

Наркологиядағы жұмыстың негізгі мақсаты нашақорлықтан зардап шегетін адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне медициналық-психологиялық, әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық аспектілерді қамтитын кешенді әлеуметтік көмек болып табылады.

Әлеуметтік жұмысты, оның ішінде наркологиялық көмек саласындағы ұйымдастыру моделі ең прогрессивті және тиімді; ол Ресейдегі әлеуметтік қызметкерлерді даярлау процесінде ескерілуі және игерілуі керек.

Нашақорлық-бұл есірткіні қабылдауды тоқтатқан кезде алып тастаудың дамуымен оларға тұрақты психикалық және физикалық тәуелділіктің салдарынан есірткіні үнемі қабылдауға тарту арқылы көрінетін аурулар тобы [1].

Нашақорлықтың негізгі сипаттамалары есірткіні теріс пайдалану нәтижесінде алынған оған реактивтіліктің өзгеруі болып табылады, бұл есірткіге патологиялық тәуелділікте (тартуда), төзімділіктің өзгеруімен, препараттың ағзаға бастапқы әсерінің өзгеруімен, есірткіні қолдануды тоқтатқаннан кейін абстиненттік синдромның пайда болуымен көрінеді [2].

Мінез-құлық тәсілдері теріс мінез-құлықты өзгертуге немесе клиенттің жағымды мінез-құлқын қалыптастыруға негізделген. Мысал ретінде Эдвин Томас ұсынған социобиохевиористік әдісті келтіруге болады. Ол ынталандырулармен басқарылатын клиенттің мінез-құлқын зерттеуге негізделген. Мінез-құлықты жіктеу бағалауға негізделеді, қоғамдағы мінез-құлықтың негізгі жолдары анықталады, мінез-құлықтың өзгеруіне дейінгі ынталандыру нақтыланады, салдары бағаланады, содан кейін араласу жүзеге асырылады.

Нашақорларды қалпына келтірудегі әлеуметтік жұмыс мамандарының басты мақсаты - нашақорға оның ауруының ерекшеліктерін түсінуге көмектесу-олар тәуелді адамға және оның отбасына осы ауруға қарамастан, кінәсіздік пен өлім сезімін сезінбестен толық өмір сүруді үйренуге көмектесуі керек.

Осылайша, есірткіге тәуелді адамдарды оңалту өте күрделі, клиент тарапынан да, мамандар тобы тарапынан да, ұзақ уақыт бойы процестер қажет деп толық сеніммен айтуға болады.

Онкологиялық науқастармен әлеуметтік жұмыс:

Елде қатерлі ісіктермен сырқаттанушылық жоғары деңгейде сақталуда. Медициналық-әлеуметтік көмекті ұйымдастыруда Ең бастысы-қатерлі ісіктерден емделу көрсеткіші, бұл пациенттердің клиникалық сауығын ғана емес, сонымен бірге олардың бұрынғы әлеуметтік мәртебесіне оралуын да білдіреді. Онкологиялық науқас стресстік жағдайдағы адам ретінде қарастырылуы керек [3].

Онкологиялық науқастармен әлеуметтік жұмыста пациенттің отбасы мүшелерімен және оның жақын ортасымен өзара әрекеттесу маңызды орын алады.

Екі топтың онкологиялық науқастарымен әлеуметтік жұмыстың ерекшеліктері-ұзақ және ауыр науқастар, сондай - ақ ауыр әлеуметтік проблемалары бар науқастар-біртекті, өйткені ұзақ және ауыр ауыратын онкологиялық науқастардың барлығында айқын әлеуметтік проблемалар бар. Сондықтан оларды бірлесіп қарастырған жөн [4].

Әлеуметтік жұмыс халықты әлеуметтік қорғаудың кең ауқымды міндеттерін шешуге мүмкіндік береді. Олардың саны мен алуан түрлілігі соншалық, кейде әлеуметтік жұмыстың негізгі, түпкі мақсатын жасырады. Денсаулық сақтау азаматтардың өмір мен денсаулыққа құқығын қамтамасыз ету, заңның, оның ішінде медициналық құқықтың қоғам өміріндегі рөлін күшейту, әсіресе реформалар жағдайында маңызды мәнге ие болу үшін мемлекет қызметінің ерекше саласын білдіреді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын сақтау туралы бірқатар мәселелер бойынша федералды деңгейде және әсіресе аймақтарда заңдар ескірген және оларды жою немесе қайта қарау және өзгерту қажет екенін ескеру қажет. Сонымен қатар, халықаралық заңнамада адамның денсаулыққа құқығы адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы ретінде танылған.

1. Industry qualifications framework "Human Resource Management" was approved by the Industry Commission on Social Partnership and Regulation of Social and Labor Relations. Nur Sultan, 2019
2. Hoffman, K. Measuring the effectiveness of personnel management as a challenge to modern scientists in the field of personnel management (the context of personnel management) // Quarterly Journal of Economists and Managers. – Katowice, 2014. – № 33(3). – Pp. 7-24.
3. Taslim, A. From HR management to Human Resource Management (HRM): how does HRM work? // Journal of Modern Accounting and Auditing. – Baltimore, 2017. – No. 13. – pp. 412-420.
4. Rakesh, D., Mohammed, N.V. Human Resource Management // Archers and Elevators Publishing. – House. Bengaluru, 2022. – No.18. – C. 8-9.
5. Nurgalykov, A., Shalbayeva, S. Personnel is an important aspect of the competitiveness of an enterprise // National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. – Astana, 2019. – № 3 (325). – Pp. 247-250.
6. Complex support of the personnel management system [Electronic resource]. – Access mode: <http://www.grandars.ru/college/biznes/pravovoe-obepechenie-sup.html> (accessed 04/14/17)
7. Chelnokova E.A., Korovina E.A., Agaev N.F. PEDAGOGICAL MANAGEMENT AS A TYPE OF MANAGERIAL ACTIVITY OF A TEACHER // Modern high-tech technologies. – 2015. – No. 12-1. – pp. 165-168
8. Pedagogical management as a type of managerial activity of a teacher. <https://top-technologies.ru/ru/article/view?id=35232>

Искакова Динара Жаналыевна
бастауыш сынып мұғалімі, «Топар жалпы білім беретін мектебі» КММ
Құлаайғыр ауылы, Абай ауданы, Қарағанды облысы

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУҒА ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЕРІКТІЛІК ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мақала бүгін таңда өзекті болып табылатын ерекше білім алуға қажеттіліктері бар балалармен еріктілік әрекеті мәселесіне арналған. Мақалада мәселеге теориялық талдау жасалады, «еріктілік» терминінің мазмұны, еріктіліктің әлеуметтік феномені ашылады. Білім беру ұйымдарындағы еріктілік әрекетін ұйымдастыру шарттары қарастырылып, мектептегі еріктіліктің негізгі қағидаттары айқындалды. Білім беру ұйымдарында ерекше білім алуға қажеттіліктері балалармен еріктілік жұмысты ұйымдастырудың тиімді әдісінің бірі ретінде ретінде еріктілер әрекетінің дамуын атап өтеді. Мақалада еріктілік әрекетін ұйымдастырудың маңызды міндеттері, оларды жұмыстың осы бағытына дайындау, басқа еріктілік ұйымдармен өзара іс-әрекет қажеттілігі туралы ашылып қарастырылады.

Тірек сөздер: еріктілік, ерекше қажеттіліктер, еріктілік әрекет, инклюзия.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 12 ақпанында өткен «Birgemiz» волонтерлер фронт-офисінің ашылу рәсімінде сөйлеген сөзінде: ««Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халқымыз. Волонтерлік қызметтің басты мақсаты да - бірге жұмылып, халыққа қызмет ету. Шынайы жанашырлық көрсету - қазақ халқына тән қасиет. Міне, нағыз волонтер болудың озық үлгісі деп осыны айтуымыз керек», - деді.

Қазақстанда алғаш рет заңнамалық негізде мемлекеттік жастар саясаты туралы заңда (2015) «волонтер» (ілгеріде ерікті) анықтамасы қарастырылған, кейіннен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қазақстандағы еріктіліктің құқықтық негізін регламенттей отырып, еріктілік іс-әрекет туралы Заңға қол қойған болатын (2016).

Соңғы уақытта еріктілік іс-әрекеттер жастар бірлестіктері мен өзін-өзі басқару іс-әрекетіндегі басты бағыттарының біріне айналууда. Еріктіліктің әлеуметтік феномені бүгінде еліміздің қоғамдық өмірінде барған сайын арта түсуде.

2021 жылғы 28 мамырдағы көрсеткіш бойынша еріктілер 1 мыңнан астам жобаны іске қосып үлгерді, оның ішінде 542 әлеуметтік, 100 экологиялық, 87 мәдени, 64 медициналық, 63 спорттық, 45 оқиғалық жобалар. Жалпы беріліп жатқан статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, бүгін де ерікті жұмысқа тартылғандардың санының өсуі байқалады. Елімізде еріктілікті дамыту 7 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылууда, соның ішінде біз «Қазақ» - көмек көрсету бағытындағы ерекше қажеттіліктері бар балалармен жастар еріктілік әрекетке дайындау мәселесін қарастырып отырмыз [1].

Білім беру мекемелерінде еріктілер әрекетін дамыту ортада тәрбие процесін ұйымдастырудың тиімді тәсілі де бола алады. Басқа адамдардың қиыншылықтары мен мәселелеріне куә болған оқушы, қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға құрмет, жанашырлық сезімін сезінеді. Мұқтаж адамдарға қол жетімді көмек көрсету процесінде жастар өздерін қоршаған әлемге оң әсер ете алатын адамдар ретінде көрсетеді. Өзгелердің көмегінсіз өздеріне көмектесе алмайтын адамдарды көріп, олар өмірдің құндылығы туралы ойлана бастайды. Сонымен қатар, еріктілердің тұрақты іс-әрекеті қазіргі таңдағы ұмытылып бара жатқан еңбек тәрбиесінің дамуына ықпал етеді. Оқушылар басқалардың еңбегіне мұқият қарап, өз еңбегін бағалай бастайды. Өз іс-әрекетінің жемісін көрген жастар рухани құндылықтардың кейде материалдық құндылықтардан маңызды екенін түсінеді және өз жұмысынан нақты моральдық қанағат алады. Бұл жастардың еріктілік іс-әрекетінің негізгі тәрбиелік әсері болмақ.

Еріктілік іс-әрекет мұқтаж адамдарға тегін ерікті көмек көрсетуді және бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруды көздейді.

Еріктілік іс-әрекет (лат. voluntarius – ерікті) - бұл өзара көмек пен өзіне-өзі көмек көрсетудің дәстүрлі түрлерін, ресми қызмет көрсетуді және азаматтық қатысудың басқа да нысандарын қоса алғанда, ақшалай сыйақыны есептемей, қалың жұртшылықтың игілігі үшін ерікті түрде жүзеге асырылатын қызметтің кең ауқымы [4].

Сөздіктерде сипатталғандай, француз тілінен аударғанда, ерікті-бұл жақын адамдарға қамқорлық жасауды, оларға ерікті және риясыз негізде көмектесуді қалайтын ерікті адам.

Еріктілік іс-әрекет тек ақысыз көмекпен ғана емес, сонымен қатар қызмет барысында білім алумен де ерекшеленеді, әртүрлі адамдармен қарым - қатынас жасау дағдылары дамиды, ең бастысы-қоғам мүшесі ретінде өзін-өзі жүзеге асыру болып табылады [5].

Г.С. Курагинаның пікірінше, жастарды еріктілікке тарту себептері тек альтруистік немесе діни сипатта ғана емес. Олар адамның басқа қажеттіліктеріне жауап бола алады (мысалы, жаңа дағдыларды үйрену, қолдау табу, жаңа нәрсе жасауға қабілетті сезіну, әлеуметтік қатынастар құру және т.б.). Г. С. Курагина жастарға ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу бойынша еріктілік іс-әрекет базалық практикалық білім, функционалдық мүмкіндіктері шектеулі адамдармен жұмыс істеу дағдыларын алуға мүмкіндік беретіндігін айтады [6].

Еріктілікке тарту үшін әртүрлі әдістерді қолдануға болады, соның ішінде: қоғамдық хабарландырулар; «жеке» шақыру хаттар; көрнекі үгіт; БАҚ, ғаламтор арқылы ақпараттандыру; жеке әңгімелер және т. б.

Білім беру ұйымдарындағы жұмыс тиімділігінің шарты еріктілер жұмысының мазмұнын нақты анықтау болып болады. Жас адам үшін оның жұмысының әлеуметтік мәні өте маңызды. Сондықтан олардың өзекті әлеуметтік мәселелер туралы идеяларын зерделеп, оларды ерікті әрекет орталығына қою маңызды. Сонымен жастардың еріктілік іс-әрекетін ұйымдастыру шарттары төмендегідей:

1. Жастарды оқыту және іс-шараларды дайындау кезінде әртүрлі сала мамандарының өзара бірлескен іс-әрекеті.

2. Алдын алу іс-шараларын ұйымдастырудың әртүрлі нысандарын пайдалану (акциялар, тәрбие сағаттары, концерттік бағдарламалар, сахналық қойылымдар).

3. Жұмыс тәжірибесін ақпараттық қамтамасыз ету (ақпараттық сайт, презентациялар, бейнефильмдер және т.б.).

Зерттеуіміздің мақсаты жастарды ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу бойынша еріктілік іс-әрекетке дайындау мәселесін ғылыми-теориялық негіздеу және тәжірибелік тұрғыдан зерделеу болып табылады. Осы мақсатқа орай зерттеудің келесідей міндеттері айқындалды:

- еріктілік іс-әрекетке дайындау мәселесінің өзектілігін айқындау;
- еріктілік іс-әрекет ұғымына теориялық талдау жасау;
- еріктілік іс-әрекетке дайындау мәселесін тәжірибелік тұрғыдан зерделеу.

Еріктілерді оқыту келесі нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

1) еріктілік қызметке ақпараттық дайындығын болжайтын сабақтар;

2) семинар-тренингтер: коммуникативтік дағдылар тренингі, топ бірлігі тренингі, жеке өсу тренингі;

3) әлеуметтік-педагогикалық тренинг;

4) әлеуметтік мекемелер мамандарының клиенттермен өзара іс-әрекеттің және қарым-қатынастың ерекшеліктері туралы дәрістері;

5) болашақ жұмыс стратегиясын талқылау, тәжірибе, мәселелер мен табыстарды бөлісу үшін қолданыстағы еріктілердің қатысуымен дөңгелек үстелдер;

6) жастардың сұранысы бойынша жеке кеңес беру [7].

Ерікті әрекеттің тәрбиелік әлеуетін іске асыруға ықпал ететін педагогикалық жағдайлар:

1. Ерікті әрекет туралы қоғамдық пікірді кәсіби даму құралы ретінде қалыптастыру, қосымша кәсіби тәжірибе алу, қызықты адамдармен танысу, ұйымдастырушылық қабілеттерді дамыту және т. б.

2. Ерікті акциялар мен бағдарламаларды жарнамалау.

3. Жастарға таңдау жасауға мүмкіндік беру:

- ерікті күш-жігерді қолдану салалары, ерікті қызмет бағыттары;

- еріктілердің көмегіне мұқтаж адамдардың санаттары;

- ерікті әрекетке қатысу ұзақтығы (бірлі-жарым қысқа мерзімді акциялар немесе ұзақ мерзімді бағдарламалар).

4. Жетістіктерді көпшілік алдында мойындау, еріктілерге алғыс білдіру; еріктілердің еңбегі, олардың еңбегінің нәтижелері туралы хабардар ету, бұл туралы еңбек өмірбаянында, ұжым тарихында, отбасында есте сақтау, бұл адамның қоғамдағы мәртебесі мен беделін арттырады.

5. Ерікті жоба аясында жаңа маңызды адамдармен байланыс орнатуға, жаңа әлеуметтік топтарға қол жеткізуге мүмкіндік беру.

6. Ұзақ мерзімді ерікті бағдарламаларға дайындық, ұйымдастыру және қатысу шеңберінде қосымша білім беру мүмкіндіктерін беру.

7. Жастарды ерікті күш-жігердің салалары мен нысандарын іздеуге тарту.

8. Еріктінің өзін - өзі жүзеге асыруы үшін мүмкіндіктер беру-көбінесе өз жобасын ойлап табуға және іске асыруға мүмкіндік беретін гранттар байқауы арқылы жүзеге асырылады [8].

Еріктілік сырттан жүктелген ауыртпалық емес, оқу процесімен бірге үйлесімді қосымша болуы керек. Екінші жағынан, егер жастар өзінің әлеуметтік қызметі үшін оқудан бас тартса, бұл жаман [9].

Жоғарыда айтылғандардың негізінде білім беру ұйымдарында еріктілік әрекетті дамытудың негізгі міндеттері: еріктіліктің идеялары мен құндылықтарын насихаттау болып табылады. Еріктілік жастар үшін және олардың жалпы мәдени құзыреттерін, жалпы адамзаттық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру тұрғысынан пайдалы екенін атап өткен жөн. Ендеше білім беру кеңістігіндегі еріктілік жастардың бойында оң қасиеттерді қалыптастырады деген қорытынды жасағымыз келеді. Ал мұндай жұмыстар Қазақстанның мәдени-тарихи қалыптасу процесінде қалыптасқан құндылықтар негізінде жастардың бойында толерантты мінез-құлық мәдениетін қолдауға және дамытуға арналады. Бұл жағдайда олар моральдық ұстанымды және біздің қоғамға тән жағымсыз тенденцияларға қарсы тұру қабілетін қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Birgemiz» волонтерлер фронт-офисінің ашылу рәсімінде сөйлеген сөзі [Текст]. – 2020. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/>

2. Белясова, И. Ю. Влияние добровольческой деятельности на формирование профессиональной компетентности будущих педагогов [Текст] // Развитие творческого потенциала личности и общества: сборник конференции НИЦ Социосфера. – Москва, 2014. - С. 74-80.

3. Шкутина, Л. А., Рымханова, А. Р., Мирза, Н. В., Ашимханова, Г. С., Алшынбекова, Г. К. Человеческий ресурс - ключевой фактор успешной реализации системы инклюзивного образования [Текст] // Вестник Новосибирского государственного педагогического университета. – 2017. - №7(1). – С. 21-33.

4. Волонтерское движение «Дети доброты». Лучшая практика инклюзивного профессионального образования Московской области: материалы III регионального конкурса [Текст]. - Москва, 2019. - 8 с.

5. Оралканова, И. А. Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования: дисс. на соиск. степ. д-ра филос. (PhD) по 6D010300 – Педагогика и психология [Текст]. - Алматы, 2014. - 216 с.

6. Курагина, Г. С., Сундукова, Э. И Организация добровольческой деятельности // Социальная педагогика [Текст]. – 2017. – №3. - С. 119-137.

7. Прияткина, Н. Ю. Подготовка волонтеров к деятельности с детьми с ограниченными возможностями здоровья [Текст] // Современные проблемы науки и образования. - 2016. - № 4. – С. 17-23.

8. Ищенко, Т. Н., Гатиатулина, Р. Р. Деятельность волонтеров в работе с детьми с ограниченными возможностями здоровья: методические рекомендации [Текст]. – Красноярск: ЛитераПринт, 2014. - 86 с.

9. Быстрова, Л. И., Галиханова, Л. В., Крутицкая, Е. В. Методические рекомендации по развитию сети волонтерских центров инклюзивного добровольчества [Текст]. – М.: Издательство РГСУ, 2018. - 102 с.

РЕЗЮМЕ / RESUME

Искакова Динара Жаналыевна
село Кулаайгыр, Абайский район, Карагандинская область

ОРГАНИЗАЦИЯ ВОЛОНТЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ С ДЕТЬМИ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ

В статье рассмотрены актуальные проблемы волонтерской деятельности с детьми с особыми образовательными потребностями. Проводится теоретический анализ проблемы, раскрывается содержание термина «добровольность», социальный феномен добровольности. Рассмотрены условия организации волонтерской деятельности в организациях образования, определены основные принципы добровольчества в школе. Особые потребности в образовании в организациях образования отмечают развитие волонтерской деятельности как одного из эффективных методов организации волонтерской работы с детьми. В статье раскрываются и рассматриваются важнейшие задачи организации волонтерской деятельности, их подготовка к данному направлению работы, необходимость взаимодействия с другими волонтерскими организациями.

Ключевые слова: волонтерство, особые потребности, волонтерская деятельность, инклюзия.

Iskakova Dinara Zhanalyevna
Kulaaygyr village, Abai district, Karaganda region

ORGANIZATION OF VOLUNTEER ACTIVITIES WITH CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS IN EDUCATIONAL INSTITUTIONS

The article discusses the current problems of volunteering with children with special educational needs. A theoretical analysis of the problem is carried out, the content of the term «voluntariness», the social phenomenon of voluntariness is revealed. The conditions of the organization of volunteer activity in educational organizations are considered, the basic principles of volunteerism in school are defined. Special educational needs in educational organizations mark the development of volunteer activity as one of the effective methods of organizing volunteer work with children. The article reveals and discusses the most important tasks of organizing volunteer activities, their preparation for this area of work, and the need for interaction with other volunteer organizations.

Keywords: volunteering, special needs, volunteering, inclusion.

List of literature:

1. Speech of the head of state Kassym-Jomart Tokayev at the opening ceremony of the Birgemiz volunteer front office [text]. – 2020. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/>
2. Belyasova, I. Y. The influence of volunteer activity on the formation of professional competence of future teachers [Text] // Development of the creative potential of the individual and society: collection of the SIC Sociosphere conference. – Moscow, 2014. - p. 74-80.
3. Shkutina, L. A., Rymkhanova, A. R., Mirza, N. V., Ashimkhanova, G. S., Alshynbekova, G. K. Human resource is a key factor in the successful implementation of the inclusive education system [Text] // Bulletin of Novosibirsk State Pedagogical University. – 2017. - №7(1). – p. 21-33.
4. The volunteer movement «Children of kindness». The best practice of inclusive vocational education in the Moscow region: materials of the III regional competition [Text]. - Moscow, 2019. - p. 8
5. Oralkanova, I. A. Formation of readiness of primary school teachers to work in an inclusive education: diss. on the job. step. Dr. Philos. (PhD) on 6D010300 – Pedagogy and Psychology [Text]. - Almaty, 2014. - p. 216
6. Kuragina, G. S., Sundukova, E. And the organization of volunteer activities // Social pedagogy [Text]. - 2017. – No.3. - p. 119-137.
7. Paladkina, N. Y. Preparation of volunteers for activities with children with disabilities [Text] // Modern problems of science and education. - 2016. - No. 4. – p. 17-23.
8. Ichenko, T. N., Gatiatulin, R. R. Volunteer activities in working with children with disabilities: methodological recommendations [Text]. – Krasnoyarsk: LiteraPrint, 2014. - p. 86

9. Bystrova, L. I., Galikhanova, L. V., Krutitskaya, E. V. Methodological recommendations for the development of a network of volunteer centers for inclusive volunteerism [Text]. – M.: Publishing House of the Russian State University of Social Sciences, 2018. - p. 102

ӘОК 373.1
ҒТАХР 14.25.09

Рахметов Жасулан Серикханович
дене шынықтыру пәні мұғалімі,
«Топар жалпы білім беретін мектебі» КММ
Құлаайғыр ауылы, Абай ауданы, Қарағанды облысы

АСЫҚ АТУ - БАРЛЫҚ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ БАСТАУЫ

Бұл мақалада асық ойындарының ережелері, асықтың түрлері, асық ойындарының түрлері, асық ойындарының өскелең ұрпаққа берер тәрбиелік ерекшеліктері туралы айтылған.

Тірек сөздер: ұлттық спорт, асық, асық түрлері, асық ойындары, салт-дәстүр.

Әрбір ұлттың әдебиетімен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен бірге жасасып келе жатқан құндылықтары болады. Сондай құндылықтардың бірі - ұлттық спорт. Бесіктен белі шыққан баласының өзі асық атуға асығатын елдің ұлттық спортқа деген ептілігі қанына сіңген деп айтуға болады. Көне тарих беттеріне көз жіберсек, халқымыздың жігерін жанып, салауатты өмір салтына деген сүйіспеншілігін оятқан спорттық ойындардың көптеген түрлеріне кезігеріңіз анық.

Асық ойыны – қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Асықты далада, алаңда ойнайды. Асық ойнап өскен бала мерген, өзгелерден ептілеу, зеректеу, табандырақ, шыдамды болып келеді.

Асық сойылған қойдың, арқардың, ешкінің, киіктің асықты жілігінен алынады. Оны шикідей де, піскен күйінде де сіңірінен тазалап, пайдалана береді. Шикі асық салмақты, берік келеді. Асықты кез келген жерге тастай салсаң, не тұра қалады, не жатады ғой. Тұрса – не алшы, не тәйке, не омпы тұрады да, жатса – не бүк, не шік жатады. Жолында омпы тұрған асықты көрген қазақ жолым болады екен деп, ырымдап сүйіп алып, сақтап жүрген. Өйткені асық омпысынан өте сирек тұрады.

Асықты жақ-жақ болып та, екі бала да ойнай береді. Екеуден - алтауға дейінгі балалар ойынды тез бітіреді және қызғылықты болады. Балалар тым көп болса, дау көбейіп мәнін жоғалтады.

Асықтың түрлері:

- Асық түрлеріне қарай сақа, кеней болып бөлінеді. Сақаға үлкен ірі қошқар, ісек асықтарының оңқайы алынады. Кеней деген қой, ешкі, киік, қозы-лақ асықтарының жалпы аты. Асықты тәйкесінен тұрғызып, өзіңе қаратып қойғанда, ұшы оң жаққа қарап тұрса – оңқай, солға қарап тұрса – солақай асық деп аталады.

- «Арқар сақа» (Арқардың асығы).

- «Айналсақ сақа» (Бүгі мен шігін айналдыра қорғасын белбеу құяды, ол сақа алшы мен тәйке ғана түседі).

- «Жымпит» сақа (Асықтың екі жағын жұқалап егеп тастайды, көздегенде жер жалатып тигізуге оңай, ал қарсыласың мұндай сақаға оңайшылықпен тигізе алмайды).

- «Тәйпек» сақа (Асықтың не алшы, не тәйке жағының бүрі егеліп, тегістелген сақа. Алшы жағын егесе, тәйке тұрғыш, тәйке жағын егесе, алшы тұрғыш болады).

- «Қорғасын» сақа (Асық салмақты, ұшқыр болып, дәл тиюі үшін түрлі әдістермен жан-жағын қуыстап тесіп, қорғасын құйған сақа).

Қорғасын құю тәсілдері де әр түрлі, омпы жағынан не тәйкесін, не алшы жағын үңкіп құю. Әр ойынның түрлеріне қарай жеке-жеке сақалары болады. Сақаның тұмсығын өзіңе қаратып, тәйке жағынан сұқ саусағымен қысып ұстап, иіріп атасың, не шиырып тастайсың. Сақаны кейде қаржиды. Қаржу деген – сақаны екі алақаныңның арасына салып, не қара санның үстіне қойып, оң алақаныңмен жіп ширатқандай ысып қалып жерге тастап жіберу.

- Сақа соғыстыру дегеніміз – ойын бастау кезегіне ие болу үшін балалар бар сақаны жиып алып, төмен шашып тастайды. Кімнің сақасы бірінші тұрса, кезек соныкі. Егер екі сақа бірдей тұрса,

екеуін қайта тастайды (Оны сақа соғыстыру деп атайды). Қай тұрғаны – бірінші, тұрмағаны екінші болады.

- Асық жабайлату – ішінде бір сақасы бар кенейлерді жиып алып, уыстап шашып тастауды атайды. Иесі сақасымен жұптас жатқан кенейлерді үлесіне қосып алады. Сақасы басқа асықтардан жеке-дара (алшы, не тәйке, не бүк, не шік) түссе, ойын келесі кезектегі қарсыласқа жылжиды.

- Асық бояу – сақа, кенейлер сәнді болу үшін жүн бояп жатқанда, ішіне салып, әр түске бояп алады.

Асық ойындары:

Ханталапай. Бұл ойында екі баладан бес-алты балаға дейін (алаша не сырмақ төселген тегіс жерде) ойнай алады. Әр бала келісім бойынша бірнеше кенейін ортаға қосады. Бір асықты (түрі қызыл болса тіпті жақсы) ішінен «хан» етіп сайлайды. Ол асық қосқан кенейлер санына қосылмайды. Асық иіріп немесе санамақ арқылы бірінші ату кезегіне ие болған бала асықтарды қос уыстап алып, араластырып, шашып жібереді. Ойыншылар бірден «ханның» қалай түскеніне қарайды. «Хан» алшы тұрса, таласа-тармаса жаппай қарманып, мол үлес алып қалу үшін, асықтарды бас салады. Балалардың жинаған ұпайы, алып үлгерген асығына қарай есептеледі. Бас салған кезді «Ханталапай» деп айтады.

Киімалғыш. Бұл ойынды көбінесе екі бала ойнайды. Көп бала ойнаса, ұтқызған киімдерін не заттарын ортаға салады. Бірінші кезек алған бала (асық иіріп не санамақта жеңген) уысындағы үш не төрт асықты жабайлатып шашып тастайды. Асықтар бірыңғай не бүк, не шік, не тәйкі, не алшы түссе қарсыласы үстіндегі бір киімін шешіп беруі керек. Асықты иіріп отырған бала, иірген асықтары әртүрлі ыңғайда түскенше, жабайлата береді. Біреуі басқа қалыпта түссе болды, кезек қарсыласына тиеді. Ұтылған балалар ойын соңында ән салып, күй тартып, жұмбақ айту арқылы ұтқызған заттарын қайтып алады.

Бестас. Бұл ойынға екі-үш бала қатыса алады. Кезек алған бала бес асықты шашып тастап, ішінен біреуін алады да, бір асықты жерден іліп үлгеріп, жоғары ыршытқан асықты қағып алуы керек. Қағып алған асығын бөлек қояды да, әлгіндегі тәсілмен жердегі екінші асықты іледі. Қалған асықтарды да осылайша іліп алып, жинап қояды.

Екінші айналымда екіден жиып үлгеру керек, үшіншісінде – үшеуден, төртіншісінде – төртеуін бірдей алу шарт. Бесіншіден бес асықты алақанға ұстап, жоғары серпіп жіберіп қақшып алу керек. Одан кейінгі айналымдар күрделене береді. Бармақ пен сұқ саусақты жерге тіреп, соның ашылған арасынан жерде жатқан асықтарды кезегімен қақпақылдап өткізіп жіберіп, жоғарғы атқан асығын қағып алып отырады. Мұнда да ойыншы асықтарды саусағының ұшымен әуелі бір-бірден, одан кейін екіден, үштен, төрттен өткізу шарт. Соңында қағып алған асығын да өткізіп жібереді. Соңғы шешуші ойында бес асықты қолдың сыртына салады да, жоғары ыршытып жіберіп, жерге түсірмей қолымен қақшып алады. Айналымдарда асықтарын дұрыс жинай алмағандар немес түсіріп алғандар, сол айналымда қалып, кезегі келгенде сол айналымын жалғастырады. Жаңылмай, мүдірмей межеге жеткен бала жеңімпаз атанып, басқа балаларды қалып қойған айналымына қарай жазалайды. Жазаның түрлері: бірден онға дейін алақанға шерту, сұқ қол ең қатты шертетін саусақ болғандықтан, шертуге қарсыластың жас шамасына қарай «ортан саусақ», «аты жоқ қол», «шынашақ» пайдалануы мүмкін.

Арқаламтай. Бұл – екі бала сыртта ойнайтын ойын. Екеуі әуелі сақаларын соғыстырып, қайсысынікі бірінші тұрса, әуелгі кезекті сонысы алады. Сақасы тұрмаған бала екі-үш адым жерге сақасын тастайды. Кезек алған бала көздеп, оның сақасына тигізсе, қарсыласы жеңімпазды атқан сақасының жатқан жеріне дейін арқалап апарады. Қашан тигізе алмай мүлт кеткенше, жеңімпаз қарсыласына ату кезегін бермей, ойынды жалғастыра береді. Егер оның сақасы тиген кезде, қарсыласының сақасы алшы тұрып қалса, қарсыласы бәрібір жеңімпазды тиісті жеріне арқалап барады. Содан соң ғана кезегіне ие болып, жеңімпаз атанады. Бұдан соң да жеңімпаздың асығы тимей, мүлт кеткен жағдайда да соқа соғыстырылып, ойын қайта басталады. Ойын үстінде арқадағы баланың «Шу, жануар», «Көкмоншағым», «Қара жорғам» деп, әжуалап отыруы мүмкін.

Тәйке. Бұл ойынға екіден бес-алты балаға дейін қатыса алады. Ойын үшін тақыр, тегіс жер таңдап алынады. Алаңға түзу сызық сызылып, ойыншылар келісім бойынша бір-бір немесе екі-екі кенейден шығарып, сол сызықтың бойына араларына бір сүйемдей жер қалдырып, тәйкесінен тізіп қояды. Сақаларын соғыстырып, кезек алғандар ретімен үш адымдай жерден сызылған сызықтың сыртына қарай кеней тұрған жерден сақасын шиырып тастайды. Тәйке түссе келесі баланың сақасын шиыруын күтпей, кенейді көздеп атуға құқы бар. Кенейге тигенде, тәйке түссе, барлық тигулі асықты атпай-ақ жиып алады. Алшы тұрса – түпте кезекте тұрған бала оны атып, ойыннан шығартады да,

ойын әрмен қарай жалғасады. Тастаған баланың сақасы алшы тұрса, қалған балалар оның сақасын атады, тигізсе–алшы тұрған сақа ойыннан шығады. Ал атқан баланың сақасы тиіп, тәйке түссе, ол да кенейді атады. Тигізсе – үлесін алып, қайтара сақасын тастайды. Алшы да, тәйке де тұрмаса, ойыншылар меже сызықтан кезек бойынша кенейлерді көздеп атады, тисе шарт бойынша асық ұтады. Сызықтан аттап кеткен бала атып тигізген кенейін ала алмайды, айып есебінде және бір кеней қосуына болады. Атқан бала мүлт кеткенше кенейлерді көздеп ата береді. Бұл ойынның қызығы сақаның тәйке түсуімен ұтымды. Сол үшін ойынға тәйке тұрғыш сақа қосады.

Шықетер. Бұл ойынның тәйкеден айырмасы, белгіленген сызықтан тізілген кенейлерді шартты кезекпен бір-бірден атып шығады. Тигізіп құлатқан бала кенейін алады. Тигізе алмағандар соңын күтеді. Барлық бала атып болғаннан кейін алқақотан жиылып, бірінші кезектегі бала тізілген асықтардың біреуіне тигізсе, кенейлерді уыстап алып, ішіне сақасын қосып, жерге шашып тастайды. Оны «жабайлату» дейді. Сақасы қалай жатса, соған жұптас түскен асықтар соның еншісіне тиеді. Балалар осылайша кезекпен жабайлатып отырады. Ойыншылар әу баста келіссе ғана атуға– басқа, жабайлатуға басқа сақа қосуға болады. Болмаса, бір-ақ сақа пайдаланылады.

Шыр. Бұл ойынға да екіден төрт - беске дейін бала қатыса алады. Дөңгелек сызық сызып (аумағы екі-үш қарыс) ішіне әр бала бірден, не екіден біріктіріп, (бірінің үстінен бірін емес) топтастырып, асықтарын тігіп қояды. Оны «Шыр» дейді. Ойыншылар сақаларын соғыстырып, кезектерін алады. Бірінші бала сақасын ешкім көздей алмайтындай тасалау ойпаттау жерге алысырақ тастайды. Екінші баалның да, басқасының да солай тастауына болады. Оны «жаттым» дейді. Бірақ тастаған сақа атуға ыңғайлы жатса, кезектегі түптегі қарсылас көздеп атуға құқы бар. Тигізсе, «өлді» дейді. «Өлген» сақаның иесі ойыннан шығады. Одан да әрі маңында жақын сақалдарды атып «өлтіруге» еркі бар. Болмаса, бір сақаны «өлтіргеннен» кейін, сол жерден «шырды» атып бұзады. Сақасының жұбына қарай құлаған асықтарды жиып алып, енді біртіндеп кенейлерді атады. Жұп түссе– ұтысын алып, ойынды жалғастыра береді. Бөлек түссе, сол жатқан жерінде жатады. Егер сақасы кенейлермен жұп түспей-ақ алшы түссе, ойыншының қайта атуына болады. Тәйке түссе, алыстау басқа жаққа «жатуға» болады. Бұл заңдылық сақаны сақа көздегенде де сақталады. Тимей кетіп, бүгінен не шігінен түссе, сол жерде жатады. Қарсылас ойыншы кезегін алғанда, оны оп-онай «өлтіре» салады. Бұл ойында сақаны атып «өлтіріп» не «шар» бұзып, жұп асықтарды көбірек ұтып, көбірек ұпай жинаған ойыншылар жеңімпаз деп танылады.

Бестабан. Бұл – кезінде үлкен бозбалалардың өзі ауыл-ауыл боп топаймен ойнаған ұлттық ойын. Асықтарын араларына сүйем не қарыс жер қалдырып бір сызықтың бойына тізіп қою керек. Екі жағынан бес табан өлшеп, кеней тұрған орыннан параллель сызық сызылады. Екі жаққа бөлінген балалар бес метр жерден тұрған асықтарды кезекпен атқылайды. Шарты – тигізіп құлату емес, бес табан жердегі сызықтан кенейді шығарып жіберу. Сол үшін қорғасынды ауыр сақалар қолданылады. Оларды судың бетіне тас жалақтай лақтырады. Бұл ойын үшін дәлдік, мергендік керек. Ұтқандар ұпай санын жиып, мәреге жетеді.

Үштабан ойыны. Бұл ойынға екі-үш бала қатысады. Бірінші асықта орта сызыққа екі не төрт асықтан алшы, тәйке егіп тігіледі. Егер екі бала ойнаса, ойын алдында екеуі асық ататын сақаларын бір бала алады да, жерге тастайды, сонда қай баланың сақасы алшы түссе, сол бала бірінші болып сақасын иіреді. Егер сақасы алшы не тәйке тұратын болса ортадағы тігулі тұрған асықты дәлдеп атады. Егер атқан асық үш табаннан артық қашықтыққа ұшса, онда асық – атқан баланікі. Сөйтіп, барлық асықты үш табан ұшырса, ортадағы тігілген асықтың, барлығын асық атқан бала жинап алады.

Асық ойындары да басқа ойындар сияқты балаларды ептілікке, шеберлікке баулып, зейін-зерделерін ашады. Жасампаздық қабілеттерін арттырып, бәсекелік қуаттарын жоғарылатады. Асық ойындары брысында балалар әділ, турашыл, адал болуға тәрбиеленеді. Сөйтіп, асық ойындары арқылы балалар бір жағынан көңіл көтеріп, зейін-зерделерін ашса, енді бір жағынан, ел басқару, көш бастау ісінен хабардар болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шилібаев, Б. А. Ұлттық спорт ойындары : оқу құралы / Б. А. Шилібаев. - Алматы: Альманахъ, 2019. - 179 б.
2. Аманжолов, У. Асықтар және ләңгі. Қазақстан және Орталық Азия халықтарының балалар ойындары: оқу құралы. - Алматы: Нур-Принт, 2014. - 32 б.
3. Шилібаев, Б. А. Қазақ ойындарында «Үшбас» спорттық асық ойынының дамуы: оқу құралы / Б. А. Шилібаев. - Алматы: Альманахъ, 2019. - 137 б.

РЕЗЮМЕ / RESUME

Рахметов Жасулан Серикханович
село Кулаайгыр, Абайский район, Карагандинская область

АСЫК АТУ - НАЧАЛО ВСЕХ НАЦИОНАЛЬНЫХ ВИДОВ СПОРТА

В этой статье рассказывается о правилах асык-игр, видах асык-игр, воспитательных особенностях асык-игр для подрастающего поколения.

Ключевые слова: национальный спорт, асык, виды спорта асык, обычаи и традиции.

Rakhmetov Zhasulan Serikkhanovich
Kulaaygyr village, Abai district, Karaganda region

ASYK ATU - IS THE BEGINNING OF ALL NATIONAL SPORTS

This article describes the rules of assik games, types of assik games, educational features of assik games for the younger generation.

Keywords: national sport, asyk, sports of asyk, customs and traditions.

List of literature:

1. Shilibayev B. A. National sports games: textbook / B. A. Shilibayev. - Almaty: Almanac, 2019. - 179 p.
2. Amanzholov U. Asyks and Lange. Children's games of the peoples of Kazakhstan and Central Asia: a manual. - Almaty: Nur-Print, 2014. - 32 p.
3. Shilibayev B. A. Kazak oyindarynda «Ashbas» sporttyk asyk оуунын damuy: oku kuraly / B. A. Shilibayev. - Almaty: Almanac, 2019. - 137 p.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТ

Абдрахманова Алуа Сабитовна, психология магистрі, "Bolashaq" Академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Абдуалиева Замзя Нургазиевна, педагог-психолог, «Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ, Балқаш, Қарағанды облысы, Қазақстан Республикасы

Аймағанбетова Анара Мұханбетқалиқызы, Білім беру әдіснамасы кафедрасының, психологиялық-педагогикалық және арнайы білім беру факультетінің аспиранты, "Н.Г. Чернышевский атындағы Саратов ұлттық зерттеу мемлекеттік университеті" ФГБОУВО, Саратов, Ресей Федерациясы

Балабекова Ляззат Гинаятовна, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Баймұқанова Маржан Тоқтаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы Қазақстан;

Галынская Юлия Сергеевна, доцент, Сібір тұтыну кооперациясы университеті, Новосибирск, Ресей Федерациясы;

Долматова Светлана Николаевна, аға жаттықтырушы-оқытушы, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Искакова Динара Жаналыевна, бастауыш сынып мұғалімі, «Топар жалпы білім беретін мектебі» КММ, Құлаайгыр ауылы, Абай ауданы, Қарағанды облысы

Еслям Аида, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» ББ магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

Қабжанов Ақылбек Тайбулатұлы, Құқықтық және қаржылық пәндер кафедрасының меңгерушісі, з. ғ.к., профессор. "Bolashaq" Академиясы. Қарағанды, Қазақстан Республикасы

Коростелева Наталья Александровна, доцент, Сібір тұтыну кооперациясы университеті, Новосибирск, Ресей Федерациясы;

Магавьянова Карина Самалқызы, педагог-психолог, №86 жалпы білім беретін мектеп, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Мусраунова Айгүл Сериковна, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Мухамедзянова Анастасия Васильевна, аға жаттықтырушы-оқытушы, «Қарағанды медицина университеті» КеАК, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Нұртаза Айшабиби – Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университетінің әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасының 2-курс магистранты, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Рахметов Жасулан Серикханович, дене шынықтыру пәні мұғалімі, «Топар жалпы білім беретін мектебі» КММ, Құлаайғыр ауылы, Абай ауданы, Қарағанды облысы

Туткушева Галия Төлегеновна, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

СВЕДЕНИЕ ОБ АВТОРАХ

Абдрахманова Алуа Сабитовна, магистр психологии, «Академия «Volashaq», Караганда, Республика Казахстан;

Абдуалиева Замзя Нургазиевна, педагог-психолог, КГУ " общеобразовательная школа имени Бауыржана Момышулы», Балхаш, Карагандинская область, Республика Казахстан

Аймаганбетова Анара_Муханбеткалиевна, аспирант кафедры методологии образования, факультета психолого-педагогического и специального образования, ФГБОУВО «Саратовский национальный исследовательский государственный университет имени Н.Г. Чернышевского», Саратов, Российская Федерация

Балабекова Ляззат Гинаятовна, старший преподаватель, Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Караганда, Республика Казахстан;

Баймуканова Маржан Тоқтаровна, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Карагандинский университет им. Е.А.Букетова, Караганда, Республика Казахстан;

Галынская Юлия Сергеевна, доцент, Сибирский университет потребительской кооперации, Новосибирск, Российская Федерация;

Долматова Светлана Николаевна, старший тренер-преподаватель, НАО «Медицинский Университет Караганды», Караганда, Республика Казахстан;

Искакова Динара Жаналыевна, КГУ «Топарская общеобразовательная школа», село Кулаайғыр, Абайский район, Карагандинская область

Еслям Аида, магистрант ОП «Социальная педагогика и самопознание», Карагандинский университет им. Е.А.Букетова, Караганда, Республика Казахстан;

Кабжанов Акылбек Тайбулатович, Заведующий кафедрой правовых и финансовых дисциплин, к.ю.н., профессор. Академия «Volashaq». Караганда, Республика Казахстан;

Коростелева Наталья Александровна, доцент, Сибирский университет потребительской кооперации, Новосибирск, Российская Федерация;

Магавьянова Карина Самаловна, педагог-психолог Общеобразовательная школа №86 Караганда, Республика Казахстан;

Мусраунова Айгүль Сериковна, старший преподаватель, Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Караганда, Республика Казахстан;

Мухамедзянова Анастасия Васильевна, старший тренер-преподаватель, НАО «Медицинский Университет Караганды», Караганда, Республика Казахстан;

Нұртаза Айшабиби, магистрант, Карагандинский университет им. Е. А. Букетова, Караганда, Республика Казахстан;

Рахметов Жасулан Серикханович, КГУ «Топарская общеобразовательная школа», село Кулаайғыр, Абайский район, Карагандинская область

Туткушева Галия Төлегеновна, старший преподаватель, Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Караганда, Республика Казахстан;

INFORMATION ABOUT AUTHORS

Abdrakhmanova Alua Sabitovna, Master of Psychology, Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Abdualieva Zamzia Nurgazievna, educational psychologist, KSU "Bauyrzhan Momyshuly Secondary School", Balkhash, Karaganda region, Republic of Kazakhstan

Aimaganbetova Anara Mukhanbetkaliyevna, Postgraduate student of the Department of Educational Methodology, Faculty of Psychological, Pedagogical and Special Education, Saratov National Research State University named after N.G. Chernyshevsky, Saratov, Russian Federation

Balabekova Lyazzat, teacher, E. A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Baimukanova Marzhan Toktarovna, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, E.A.Buketov Karaganda University, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Galynskaya Yulia, Associate Professor, Siberian University of Consumer Cooperation, Novosibirsk, Russian Federation;

Dolmatova Svetlana, senior trainer-teacher, "Karaganda medical university" NCJSC, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Iskakova Dinara Zhanalyevna, KSU «Toparskaya comprehensive school», Kulaaygyr village, Abai district, Karaganda region

Eslam Aida, Master's student of the OP "Social Pedagogy and Self-knowledge", E.A.Buketov Karaganda University, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Kabzhanov Akylbek Taybulatovich, Head of the Department of Legal and Financial Disciplines, PhD, Professor. Bolashaq Academy. Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Korosteleva Natalia, Associate Professor, Siberian University of Consumer Cooperation, Novosibirsk, Russian Federation;

Magavyanova Karina Samalovna, educational psychologist, Secondary school No.86 Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Musraunova Aigul, teacher, E. A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Mukhamedzyanova Anastassiya, senior trainer-teacher, "Karaganda medical university" NCJSC, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Nurtaza Aishabibi, undergraduate, E. A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Rakhmetov Zhasulan Serikkhanovich, KSU «Toparskaya comprehensive school», Kulaaygyr village, Abai district, Karaganda region

Tutkusheva Galiya, teacher, E. A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Republic of Kazakhstan.;

УДК 004.896
МРНТИ 28.23.27

Бектурганова Бакытжамал Иркеновна
asipkz@mail.ru

Касенов Еламан Балтаевич
eleman_kasenov@mail.ru

«Академия «Volashaq», Караганда, Республика Казахстан

СОЦИАЛЬНАЯ СТРУКТУРА КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА В ДОКОЛОНИАЛЬНЫЙ ПЕРИОД

В статье изучены вопросы социальной структуры традиционного казахского общества. В разрезе изучения родовой структуры казахского общества выявлены контуры всей социальной структуры общества, которая известна как «ак суйек» («белая кость») и «кара-суйек» («черная кость»). Детально определены и проведены линии между богатыми (особо крупные, средние, зажиточные) и бедными и т.д. В целом в работе представлен обширный круг материалов о социальной структуре традиционного казахского общества.

Ключевые слова: казахское общество, джучиды, чингизиды, шейбаниды, казахское ханство, батыры, феодализм, династическое право, история Казахстана в Средних веках, султан, жуз, «белая кость», «чёрная кость».

Социология в Казахстане долгое время оставалась невостребованной и прозябала на обочине научных дискуссий о социальном устройстве общества. В лучшем случае она выполняла «функцию комментария» и никогда не имела решающего голоса в научном споре о предмете ее компетенции. «Отсутствующее присутствие» социологии компенсировалось научными изысканиями ведущих казахстанских историков, юристов, экономистов в смежных областях изучения социальной структуры казахского общества. Они кропотливо собирали из «социального» факты и возвращали их обществу в качестве «социологических значений» с тем, чтобы дать аутентичное имя тому, что отсутствовало в отечественной социологии. Данные этнографии указывают, что эволюция социальной структуры казахского общества периода XV – XIX вв. происходила в зависимости от процессов, по большей части не связанных с экономикой. Социальные группы поддаются фиксации не столько по их отношению к средствам производства, которые в любой момент могли выйти из-под контроля (в результате частых стихийных бедствий, насильственного отчуждения и перераспределения собственности в ходе военных действий, барымты), сколько по отношению к власти, наличию привилегий и престижа.

В вертикальном значении социальная структура казахского общества периода ханской власти выглядит как иерархия и субординация сословий, Её можно представить в виде пирамиды:

1 сословие («ак-суйек») – Аристократическая элита

**2 сословие («асыл-суйек») –
Духовенство (хаджи)
Бии (родовая знать)**

3 сословие («кара-суйек») – Зажиточные скотовладельцы незнатного происхождения

В горизонтальном сечении социальная структура предстает как иерархия и субординация групп внутри сословий:

1 сословие («ак-суйек»)	2 сословие («асыл-суйек»)	3 сословие («кара-суйек»)
Ханы	Бии	Высокообеспеченные (бай)
Султаны	Хаджи	Среднеобеспеченные (кеуде-бай)
	Муллы	Малообеспеченные (аяк-бай)
		Низкообеспеченные (даулетты-шаруа, шала-бай)
ПРОСТОЛЮДИНЫ:		
Жай-шаруа	Экономически самостоятельные и обеспеченные каахи	
Кедей-шаруа или жарлы	Малообеспеченные, экономически зависимые (или полузависимые) казахи	
Байгуши или консы	Бедняки	
Жатаки, жалши, егинши	Нищие	
Тюленгуты	Крепостные	
Кулы	Рабы	

Прежде чем перейти к характеристике сословий и внутрисословных делений необходимо раскрыть основные тенденции социальной мобильности и сословной дифференциации, доминировавшие в казахском обществе периода ханской власти.

Основные понятия и принципы структурирования казахского общества

Универсальным каналом продвижения «наверх» было накопление богатства, которое соизмерялось с численным ростом скота, находившегося в частной собственности семей. Вместе с концентрацией богатства в частно-семейной собственности возникает понятие «бай» («байлык» – богатство). Это понятие встречается уже в орхонской письменности VI – VIII вв. и старше этнонима «казах». Его аналог («баян») в том же значении «богатый» использовался в речевой практике монголов в X – XII вв. [1].

Небольшой объем статьи не позволяет вдаваться в детальный разбор указанных терминов и их исторических аналогий. Просто вызывают недоумение споры вокруг понятия «бай»: считать ли его слоем (или группой), производным от торгово-купеческого сословия, или наоборот. По нашему мнению, «бай» и «байство» не являются специфическими характеристиками сословной принадлежности. Баем мог стать любой счастливчик – обладатель магического слова, открывавшего перед ним сокровища «пещеры Сезам», независимо от знатности и происхождения. Им мог стать хан, султан или внезапно разбогатевший простолюдин. Байство – это не слой, группа или сословие. Бай – это не титул или должность. Бай и байство – это признак состоятельности, богатства, которое дает и символические выгоды: власть, уважение, почет. Байство – это характеристика достатка, имущественной обеспеченности и в этом смысле категория экономическая. Богатство само по себе безразлично к лицам и их спецификациям, типа: пол, возраст, национальность, происхождение и т.д. Но богатство чаще всего оказывается производным от власти, потому что доступ к нему во властных структурах относительно легок и открыт. Баем легче стать тому, кто является господином положения, главным собственником капитала (имущества, скота, людей). Первый (старший) по богатству среди людей, главенствующий дома, в семье, хозяйстве, владелец условий труда и капитала, от которых зависит судьба подчиненных ему людей – это бай. Не случайно у казахов «бай» и «муж» (воин, защитник, глава семьи, кормилец) – тождественные понятия. По-своему созвучно этому понятию и понятие «байбише» – старшая, главная среди жен. «Бай» имеет смысл в противопоставлении понятию «кедей» (бедность). Богатство и бедность – вечные спутники «предпринимательской одиссеи» казахов. В социальной структуре казахского общества в период правления ханов основной «водораздел» проходил между богатыми и бедными. Терминологическим выражением этих двух полярных социальных сил были понятия «хан» и «хараши». Последние не были историческими (классовыми) протагонистами друг друга. Примечательна эволюция понятия и феномена «хараши», описанная С.Е. Толыбековым. Этимология понятия «хараши» имеет двойственный смысл:

- «Хара», «хара-балу», «харакобейту» означает «сообщник», «компаньон», «поддержка»
- «Караша уй» – «черная юрта» (покрытая копотью, почерневшая юрта бедняка).

В первой версии понятие «хараши» содержит, на наш взгляд, указание на трудовую кооперацию, вассальную поддержку. Во второй – на экономическое и социальное неравенство, которое выражается прежде всего в пространственном неравенстве: край (периферия) – центр, «караша уй» – «ак-орта» («белый центр»). В широком смысле «хараши» означает простой народ, простолюдины. С развитием института вассалитета, в состав которого вошла новоиспеченная знать из «кара-суйек», происходило сужение терминологического значения «хараши». Оно стало означать сословие, состоявшее из слуг ханов, завербованных из простолюдин (кара-калык).

В социальной дифференциации казахского общества XIV – XV вв. поляризация богатства и бедности четко прослеживалась по признаку власти (знатности происхождения). Богатство ассоциировалось со знатностью: «жаксылар» (знатные), а также «ак-суйек» (белая кость – высшая аристократическая прослойка) [1]. Бедность ассоциировалась с народной массой, которую начали именовать «харабухара» (черная масса) или «кара-калык» (черный народ) [1].

В конце XIX – начале XX вв. понятие «хараши» употреблялось в отношении бедняков кочевого аула. В этом же значении использовалось понятие «консы». Этимологически последнее связано с понятием «конс» – «кочевье». Первоначально все хозяйства кочевой общины считались «консы». С ростом социальной дифференциации понятием «консы» стали именовать трудовой люд (кочевую бедноту).

Определяющим моментом в структурировании традиционного казахского общества считается тип поселения. Элементарной территориально-хозяйственной единицей являлся кочевой аул. Он состоял из определенного количества самостоятельных семейных домохозяйств. Группа аулов

образовывала подотделение рода «атабаласы» (объединенное и локализованное в одном месте соседство потомков одного ближайшего общего предка). Группа родственных подотделений составляла отделение рода – «тайфа». Родственные тайфа, объединенные именем общего предка, создавали род – «уру» [1, с. 11-124].

Родовая структура, таким образом, была включена в социальную физику казахского общества. В основе деления кочевого аула на два типа лежала социальная дифференциация на бедных и богатых. Различают: байский аул (многоскотный) и бедный аул (малоскотный). В первом случае имел место смешанный вариант соседства, приносивший выгоды от близости месторасположения богатым и бедным семьям. Богатые семьи содержали на иждивении определенное число бедных семей, используя дешевый наемный труд для ведения хозяйственных и домашних дел. Бедные семьи, занятые в домохозяйстве бая, только так могли обеспечивать собственную выживаемость и воспроизводство. Во втором случае имело место объединение экономически самостоятельных малоскотных хозяйств, которые могли делить друг с другом свою имущественную обделенность. Характер взаимоотношений между ними определялся рамками трудовой кооперации.

Социальная мобильность жителей бедного аула имела неодинаковый характер: восходящий и нисходящий. Часть семей, которая в силу имущественного неблагополучия утрачивала способность действовать, переходила в услужение к байским семьям, становилась сочленом байского аула в качестве хараши или консы [1, с. 502]. Социально-экономическое неравенство, выраженное географически, закрепляло дистанцию между богатством и бедностью. Каждый тип аула (богатый и бедный) имел свою ранжировку. В отличие от бедного аула байский аул выделялся не только по размеру численности скота, но и по количеству занятых наемным трудом семей. Различают крупно-, средне- и мелкобайские аулы. Бедный аул делился на середняцкие и бедняцкие хозяйства. Дифференциация хозяйственных единиц по признаку частносемейной собственности выглядит следующим образом:

- Крупные собственники – представители 1 и 2 сословий, а также зажиточные категории представителей 3 сословия (верхний слой среднего класса)
- Средние собственники – кеуде-бай и аяк-бай (средний и нижний слои 3 сословия)
- Мелкие собственники – даулетты-шаруа (зажиточный крестьянин), жай-шаруа (крестьянин – середняк).
- Неимущие (наемный труд)
- Рабы и крепостные.

Основная часть населения составляла армию неимущих, рабов и крепостных. В социально-слоевом разрезе структура общества выглядела так:

- Высшее сословие – природная (ак-сүйек) и новоиспеченная (асыл-сүйек, кара-сүйек) аристократия (крупные собственники)
- Среднее сословие или сословный средний класс – средние и мелкие собственники
- Низшее сословие – неимущие трудящиеся (наемный и крепостной труд).

Список использованной литературы:

1. С.Е. Толыбеков. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX века. – Алма-Ата: Наука, 1971, 578 с.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Бектұрғанова Бақытжамал Иркенқызы

Қасенов Еламан Балтайұлы

«Bolashaq» Академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘЛЕМЕТІК ҚҰРЛЫМЫ

Мақалада қазақ халқының бекітілен әлеумттік-потестарлық жүйеге кіретін ақ сүйек және кара сүйектерге бөліну принциптері қарастырылған. Қазақ халқының әлеуметтік жүйесіне қатысты айтарлықтай мәліметтерді келтіре, қоғам ішіндегі ақ сүйек және кара сүйек топтарынына кіретін бай, орта бай, шала бай, дәулетті шарушылық, кедей, жатақ сынды әлеуметтік-топтық тұрғыдан сипатама брілген.

Тірек сөздер: қазақ қоғамы, жошылар, шынғыстар, шейбанидтер, қазақ хандығы, батырлар, феодализм, хандық құқық, Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы, сұлтан, жүз, «ақ-сүйек», «қара-сүйек».

**Bekturganova Bakytzhamal Irkenovna
Kasenov Elaman Baltaevich
«Bolashaq» Academy» Karaganda, Republic of Kazakhstan**

SOCIAL STRUCTURE OF THE KAZAKH SOCIETY IN THE PRE-COLONIAL PERIOD

In the course of studying the family structure of the Kazakh society, the contours of the entire social structure of the society, which is known as “ak suyek” (“white bone”) and “kara-suyek” (“black bone”), are revealed. The lines between the rich (especially large, medium, wealthy) and the poor, etc., are detailed and drawn. In general, the work presents a wide range of materials about the social structure of the traditional Kazakh society.

Key words: kazakh society, Jochids, Chingizids, Sheibanids, Kazakh Khanate, batyrs, feudalism, dynastic law, history of Kazakhstan in the Middle Ages, sultan, zhuz, «white bone», «black bone».

List of used literature:

1. S.E. Tolybekov Nomadic society of Kazakhs in the 17th – early 20th centuries - Alma-Ata: “Science”, 1971, p.578.

**УДК 32
МРНТИ 11.01.11**

**Смирнов Станислав Юрьевич
bob_francis@mail.ru
«Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан**

СОВРЕМЕННЫЙ ПОЛИТИЧЕСКИЙ ДИСКУРС ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКОГО ВЕДОМСТВА ФРГ

В статье раскрываются и рассматриваются феноменологические аспекты внешнеполитической деятельности в современной Германии.

Ключевые слова: политическая идеология Германии. Анналена Бербок, внешняя политика Германии, Европейский Союз, трансатлантические отношения, Ближний Восток.

Настоящая статья посвящена теме вопросу современного политического дискурса внешнеполитического ведомства ФРГ.

Статья представляет собой описание современной политической деятельности МИД ФРГ под руководством Анналены Бербок и почему Германия «разлюбила Бисмарка» [1]. В статье излагается обобщение и представлена точка зрения, которая явно показывает, что несамостоятельность во внешней политике ФРГ является прямым следствием продажности немецкой политической элиты, неспособной противостоять американизму, ввиду как отсутствия политической идеологии как стержня любого государства, так и достойных политиков, успешно заменяемых политиками, не обладающими в реальности ни политической, ни экономической силой.

Статья делится на три части; начинается с биографии главной героини, основная часть даёт представление о её шагах на посту министра иностранных дел ФРГ и заканчивается результатами, прямо или косвенно, касающимися её поступков, приведших к тому или иному последствию, повлиявшему на политический вес и на экономический имидж Германии.

Сущность проблемы сводится к тому, чтобы описать реалии ФРГ в мировой политике.

Моя главная цель - показать на основе изучения фактического материала, что внешнеполитическая деятельность министерства иностранных дел ФРГ сейчас переживает самую низкую точку своей несамостоятельности и упадка и это является логическим следствием полной зависимости как его аппарата, так и политической марионетки, выбранной для решения и отстаивания сугубо американских интересов на Европейском политическом континенте.

Объектом исследования является процесс трансформации установок МИД ФРГ, ориентированных в трансляции американского политического опыта политического опыта для опосредованной американизации немецкой внешней политики, путём возвращения и социализации верхушки дипломатического бомонда Германии.

Предметом исследования является Анналена Бербок, её деятельность в должности министра внешнеполитического ведомства ФРГ и почти *писательницы* [2].

У Германии с её многовековой историей случались разноплановые прецеденты, когда тот или иной её *кормчий* создавал постоянное напряжение в мировой политике и недоумение в общественных массах. Но в наши дни страна, задобренная сливочным маслом и сосисками, страна с её неоднородным населением, прекрасной философией и та страна, из-за которой были развязаны две мировых войны, а ныне стремящаяся к нулю в контексте благосостояния её не всегда безропотных, но по-традиции полных дисциплины и *орднунга бюргеров*, стоит на краю пропасти и это происходит по причине её недалёковидности во внешней политике. Теперь, когда на политическом мостике появился человек, который уже без малого два года бороздит бескрайние воды мировой дипломатии на громоздком и шатком корабле по имени - «Германия», едва успевая уклониться от айсбергов противоречий и при полном неумении и некомпетентности, сдабривая этот винегрет непоколебимой и беспочвенной самоуверенностью в свои собственный политический талант и везение, которые рано или поздно сыграют с нею и с её электоратом горькую шутку в должной по форме и содержанию саркастической усмешкой, как в лучших трагедиях древнегреческих трагиков и драматургов.

Не встанет ли Германия вместо изгоя европейского общежития – Греции и присных с ними бывших членов ОВД? Но, то ли ещё будет... – и как замечают журналисты с грустью о зелёной фрау всея Германии – «...а раньше у немцев был Тевтонский орден и рыцари» [3]. Но, обо всём по порядку...

Эту *маску* нам стоит представить – Анналена Шарлотта Альма Бербок – ныне здравствующий федеральный министр иностранных дел Германии.

Вот уже прошло совсем немного времени, как тень этой бывшей воздушной гимнастки, как её нарекли в прессе и СМИ многих стран взошла, маячит, шутит, вертится и никак не угомонится. Устраивая постоянные шоу-провокации, веселя всю мировую элиту и, как это обычно водится, народ улыбается и значит, менеджер в тонусе. И это не случайно. Но, что может ещё ждать и на что надеяться несчастный народ Германии?

Правительство Олафа Шольца, выдвинувшее её 24 ноября 2021 года на должность министра иностранных дел в правительстве и она, вступившая в должность 8 декабря является первой женщиной и самым молодым руководителем МИД во главе этого ведомства в истории Германии [4].

Комментируя отсутствие опыта работы в правительстве, Бербок заявила: "Да, я никогда не была канцлером, никогда не была министром. Я выступаю за обновление". Бербок заняла пост министра иностранных дел в правительстве, состоящем из представителей Социал-демократической партии, «зеленых» и «свободных демократов», и возглавляемом социал-демократом Олафом Шольцем.

Немного о ней, как о человеке: родилась 15 декабря 1980 г. в Ганновере (Западная Германия) в семье инженера. В юности занималась прыжками на батуте, принимала участие в чемпионатах Германии и занимала призовые места.

Была и является соосновательницей организации "Рука об руку" (Потсдам), оказывающей помощь мигрантам. С 2020 г. участвует в программе Всемирного экономического форума "Молодые глобальные лидеры". Член немецкого филиала Союза европейских федералистов.

Из-за эмоциональных выступлений на телевидении германские СМИ называют её "королевой ток-шоу" и "страшным сном Бисмарка"[5].

По программе школьного обмена около года жила в США. В 2002-2004 гг. изучала политологию и право в Гамбургском университете. В 2005 г. окончила Лондонскую школу экономики и политических наук, получив магистерскую степень по международному праву. В студенческие годы работала в Ганноверской всеобщей газете, стажировалась в телерадиокомпании

Norddeutscher Rundfunk, информационном агентстве Deutsche Presse-Agentur (DPA). В 2005 г. прошла стажировку в Британском институте международного публичного и сравнительного права. В 2008 г. начала работу над докторской диссертацией в Свободном университете Берлина, однако отложила её из-за успешного продвижения в политике [6].

В политической карьере Бербок преуспела ещё в большей степени. Так как уже в 2005 г. вступила в партию "Союз 90"/"зеленые" и в 2005-2008 гг. возглавляла бюро депутата Европарламента от этой партии Элизабет Шрёдтер.

Всего за четыре года головокружительной карьеры на политическом олимпе Германии, она с 2009 по 2013 она была сопредседателем партии в Бранденбурге (совместно с Бенджамином Рашке) и советником по внешней политике и безопасности в парламентской группе партии, занималась разработкой европейского направления внешнеполитической стратегии "зеленых". В 2009-2012 гг. входила в руководство Европейской партии зеленых (европейское объединение экологических партий).

В 2013 г. впервые была избрана в федеральный парламент - Бундестаг (сохранила место после выборов в 2017 и 2021 гг.). Входила в комитеты по экономике и энергетике, защите окружающей среды, по делам семьи, пожилых людей, женщин и молодежи.

В январе 2018 г. на национальном съезде "зеленых" была избрана сопредседателем партии на федеральном уровне (вместе с Робертом Хабекком). Занимала этот пост до января 2022 г.

Можно только удивляться её прыти и тому, как она вовремя и в нужном месте появляется, чтобы затем, сделав политический финт, подняться ещё выше и остаться в веках в истории послевоенной Германии.

Но у дверей стояли выборы 2021 года. и на них в сентябре она участвовала как кандидат "Союза 90"/"зеленых" на пост канцлера ФРГ (при этом стала второй после Ангелы Меркель женщиной, претендующей на высший государственный пост). В ходе предвыборного политического хайпа она выступала с критикой в адрес германского правительства из-за отсутствия стратегии по борьбе с изменением климата, в случае победы обещала отказаться от использования угля к 2030 г. и принять меры для ускоренного перевода экономики на возобновляемые источники энергии. Для того, чтобы, по её словам, "придать новый импульс" развитию страны, предлагала продлить срок полномочий депутатов Бундестага и сократить срок пребывания в должности канцлера. Что собственно, если задуматься, не давало никакой выгоды народу Германии. Но начало избирательной кампании совпало с пиком популярности "зеленых". Однако впоследствии германские СМИ выяснили, что Бербок своевременно не задекларировала свои доходы за 2018-2020 гг., а некоторые пункты, указанные в ее биографии, не соответствуют действительности. Затем появились доказательства плагиата в ее книге "Сейчас. Как мы обновляем свою страну" (июнь 2021 г.). Рейтинг популярности партии значительно снизился, и на выборах в сентябре 2021 г. "зеленые" набрали всего 14,8% голосов. Чего собственно и следовало ожидать.

До периода своего избрания на высокий пост в правительстве, ещё перед выборами она резко высказывалась в адрес Китая и России. Так, по её мнению, Европе необходимо вести политику "диалога и жесткости" в отношении Китая за нарушения прав уйгуров и закрыть рынок для части китайских товаров из Синьцзян-Уйгурского автономного района. Также заявляя, что "Россия заплатит высокую политическую и особенно экономическую цену за нарушение территориального суверенитета Украины", выступала против прокладки газопровода "Северный поток - 2", называя его "серьезной атакой на интересы в области безопасности" и ошибкой с точки зрения климатической политики. После завершения строительства трубопровода в сентябре 2021 г., призвала не вводить его в действие, чтобы сделать немцев "независимее от автократических режимов". В связи с такой позицией в немецких СМИ ее стали называть "воином холодной войны" и "повзрослевшей Гретой Тунберг". И тут, как всегда, они оказались правы, но позвольте...вся её карьера покрыта заговором молчания и заслуживает более внимательного изучения. Ведь, если её неумные пассажи в отношении знания географии ещё можно как-то извинить, то выхолаживание и выхолащивание политической воли Германии уже непростительно и даёт большую пищу для размышлений и ставит коренной вопрос – доколе немцы будут терпеть сугубую незнайку, и как долго немецкое общество, насквозь пропитанное демократической плесенью, вкупе с призраками свободы и ядом всеобщей толерантности, сможет терпеть сию трудную умом фемину у кормила власти. Германия под властью попутных ветров, стремится плыть и разогнавшись, двигается напролом в пункт назначения, неотмеченный ни на одной карте мира, забывая своё истинное предназначение – идти точным

фарватером европейской политики, ставя интересы своей страны, европейского сообщества впереди всех гегемонов мира.

Но вернёмся к нашей даме – её заявления на посту главы МИД неоднократно подвергались жесткой критике, в связи с чем также звучали призывы к её отставке. Так, в сентябре 2022 г. она заявила, что на фоне проведения на Украине российской специальной военной операции первую нужно поддерживать "вне зависимости от того, что думают мои германские избиратели". Тогда же министр уточнила, что не считает нужным отказываться от антироссийских санкций, даже если немцы будут выходить на протесты из-за роста цен на энергетику. В январе 2023 г. на Парламентской ассамблее Совета Европы Бербок утверждала, что страны Европы "ведут войну против России" и "Германия уже находится в состоянии войны с Россией" (в МИД ФРГ уточнили, что министр хотела подчеркнуть сплоченность Запада в вопросе поддержки Украины; позднее министр назвала это высказывание ошибкой). Бербок полагает, что именно военные действия на Украине, за которые она возлагает вину на Россию, "стали причиной очередного кризиса в мировой экономике" и "экономической рецессии в Европе".

Резюмируя статью, нельзя не согласиться с тем, что пишут и как освещается эта тема в немецкой прессе. Но подчеркивая в заключение, что электорат Германии заслуживает более достойную личность на посту министра иностранных дел, поскольку от его воли зависит сейчас восстановление мира и стабильность в Европе и во всём мире и тот, кто говорит о том «что Москва может осчастливить весь мир, если развернет свою политику на 360 градусов»[7], не имеет морального права быть у политического руля Германии и как говорил Отто фон Бисмарк «Глупость — дар Божий, но не следует им злоупотреблять», и я добавлю и от себя «даже в политике»[7].

Список использованной литературы:

1. <https://www.dw.com/ru/germania-razlubila-bismarka/a-64032971>
2. <https://aussiedlerbote.de/2021/11/annalena-baerbock-snyala-s-prodazhi-knigu-kotoruyu-obvinyali-v-plagiate/>
3. <https://selyanka1.livejournal.com/500615.html>
4. <https://news.ru/world/berbok-harris-fon-der-lyajen-lichnaya-zhizn-vliyatelnyh-zhenshin-politikov/>
5. <https://www.1tv.ru/shows/promoroliki/teleperedachi/annalena-berbock-strashnyy-son-bismarka-kukly-naslednika-tutti-anons>
6. <https://tass.ru/encyclopedia/person/berbok-annalena>
7. <https://ria.ru/20230224/berbok-1854086864.html>
8. <https://www.samara.kp.ru/daily/26113/3007564/>

РЕЗЮМЕ/RESUME

Смирнов Станислав Юрьевич

«Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

ҚАЗІРГІ САЯСИ ДИСКУРС ФРГ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Мақалада қазіргі Германиядағы сыртқы саяси қызметтің феноменологиялық аспектілері ашылады және қарастырылады.

Тірек сөздер: Германияның саяси идеологиясы. Анналена Бербок, Германияның сыртқы саясаты, Еуропалық Одақ, трансатлантикалық қатынастар, Таяу Шығыс.

Smirnov Stanislav

«Bolashaq» Academy», Karaganda, Kazakhstan

MODERN POLITICAL DISCOURSE FOREIGN POLICY OFFICE OF THE FRG

The article reveals and examines the phenomenological aspects of foreign policy activity in modern Germany.

Key words: political ideology of Germany. Annalena Baerbock, German foreign policy, European Union, transatlantic relations, Middle East.

List of used literature:

1. <https://www.dw.com/ru/germania-razlubila-bismarka/a-64032971>

2. <https://aussiedlerbote.de/2021/11/annalena-baerbok-snyala-s-prodazhi-knigu-kotoruyu-obvinyali-v-plagiate/>
3. <https://selyanka1.livejournal.com/500615.html>
4. <https://news.ru/world/berbok-harris-fon-der-lyajen-lichnaya-zhizn-vliyatelnyh-zhenshin-politikov/>
5. <https://www.1tv.ru/shows/promoroliki/teleperedachi/annalena-berbork-strashnyy-son-bismarka-kukly-naslednika-tutti-anons>
6. <https://ria.ru/20230224/berbok-1854086864.html>
7. <https://www.samara.kp.ru/daily/26113/3007564/>

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТ

Бектұрғанова Бақытжамал Иркенқызы – ф.ғ.д., «Volashaq» академиясының жалпы білім беру пәндері кафедрасының профессоры, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

Қасенов Еламан Балтайұлы – т.ғ.к., «Volashaq» академиясының жалпы білім беру пәндері кафедрасының доценті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

Смирнов Станислав Юрьевич, «Volashaq» академиясының жалпы білім беру пәндері кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

СВЕДЕНИЕ ОБ АВТОРАХ

Бектурганова Бакытжамал Иркеновна – д.ф.н., профессор кафедры общеобразовательных дисциплин, Академия «Volashaq», Караганда, Республика Казахстан

Касенов Еламан Балтаевич – к.и.н., доцент кафедры общеобразовательных дисциплин, Академия «Volashaq», Караганда, Республика Казахстан

Смирнов Станислав Юрьевич, старший преподаватель кафедры общеобразовательных дисциплин, Академия «Volashaq», Караганда, Республика Казахстан

INFORMATION ABOUT AUTHORS

Bekturganova Bakytzhamal Irkenovna – doctor of philosophy, professor of the department of general educational disciplines, Academy «Volashaq», Karaganda, Republic of Kazakhstan

Kasenov Elaman Baltaevich – candidate of historical sciences, associate professor of the department of general educational disciplines, «Volashaq» Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan

Smirnov Stanislav Yurievich, senior lecturer of the department of general education disciplines, Private Institution Academy "Bolashaq", Karaganda, Republic of Kazakhstan

ӘОК 81'366
ГТАХР 16.21.41

Ахметова Нұрбала Темірхановна

nurbala.a@mail.ru

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы,
«Bolashaq» Академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КҮРДЕЛІ ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада қазақ тіліндегі сөздердің жасалу жолдарының сөзжасам жүйесіне бағынатындығы, сөзжасамның аналитикалық және синтетикалық тәсілдері, олардың әрқайсының өзіне тән ерекшеліктері туралы айтылады.

Тірек сөздер: лексикалық бірлік, жұрнақ, жалғау, күрделі сөздер, сөз тіркестері, қысқарған сөздер, тәсіл, жіктелу, ерекшелену, сөздік құрам.

Басқа тілдердегі сияқты қазақ тілінің де сөз байлығы әр түрлі себептерден пайда болған сөздермен толығып отыратындығы белгілі. Қазақ тіліндегі сөздердің жасалу жолдары тілдегі сөзжасам жүйесіне бағынады. Қазақ тілінің лексикалық құрамына енетін сөздердің бәрі туынды мағыналы сөздер - жасалу жолдарына қарай топ-топқа сараланып, сөзжасам тәсілдеріне жіктеледі.

Сөздерді біріктіру, қосарлау, тіркестіру жолдары арқылы орындалатын тәсіл аналитикалық тәсіл деп аталады. Осы тәсіл арқылы жасалған жаңа сөздер морфологиялық құрамы жағынан күрделі сөздер тобына жатады.

Сөзжасамның аналитикалық тәсілі синтетикалық тәсілден өзінің сөзжасамдық бірліктері арқылы ерекшеленеді. Егер синтетикалық тәсілде туынды сөз жасауға лексикалық бірлік пен жұрнақ қатысатын болса, аналитикалық тәсілде жұрнақ қатыспайды, тек екі я одан көп лексикалық бірліктер ғана сөз жасаушы қызметін атқарады. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер күрделі сөздер деп аталады. Күрделі сөздердің лексика-грамматикалық жағынан әрқайсысының өзіндік жасалу жолы, құрамдық-тұлғалық ерекшеліктері бар [1].

Зат есімдер құрамына қарай жалаң және күрделі сөздер болып бөлінеді. Жалаң зат есім – бір сөзден ғана тұратын зат есімдер. Мысалы: аспан, орман, кітап. Күрделі зат есімдер – бірнеше сөзден біріккен, қосарланған, тіркескен, қысқарған зат есімдер.

Тілімізде күрделі атаулар құрамы, мағынасы жағынан алуан түрлі. Құрамына қарай күрделі зат есім сөздерді төртке бөлу қалыптасқан: біріккен, кіріккен сөздер, тіркескен күрделі сөздер, қысқарған сөздер. Мағынасы жағынан олардың әрқайсысы іштей бірнеше топ құрайды.

Біріккен сөздер.

Бір немесе бірнеше сөз бірігіп жазылып, бір жаңа лексикалық ұғымды беретін сөздер біріккен сөздер деп аталады. Мысалы: Ақмола, Қаражартастас, Қожанасыр, Алдаберген, Сарыөзек.

Біріккен сөздер екі түрлі болады:

1. Кіріге біріккен.
2. Тұтаса біріккен.

Кіріге біріккен сөздер бұрынғы түрі сақталмай, өзгеріске ұшыраған сөздер. Мысалы: белбеу (белбау), колғап (қолқап), жарғанат (жар қанат).

Тұтаса біріккен сөздер ешқандай өзгеріссіз, екі немесе бірнеше сөз бірігіп жазылады. Мысалы: жолбарыс, бірқазан, Абылайхан.

Мағына жағынан біріккен атаулар әр түрлі:

- 1) Өсімдік атаулары: түйежапырақ, сүйелшөп т.б.
- 2) Жан-жануар, жәндік атаулары: қырықаяқ, ақбөкен т.б.
- 3) Көне атаулар: арайна, алдаспан, бойтұмар, бұқаржай т.б.

- 4) Туыстық атаулар: қайнаға, кейуана, ақсақал т.б.
- 5) Ауру атаулары: көкжөтел, аққаптал, ақшелек, ақшешек т.б.
- 6) Ойын атаулары: ақсүйек, алақүшік, алтыбақан т.б.

Біріккен сөздердің бұдан басқа да көптеген мағыналық топтары бар, олардың мағына түрлілігінің аясы өте кең [2].

Тіркескен күрделі зат атаулары. Тіркескен күрделі зат атаулары деп екі не одан да көп сыңарлардан құралып, бір лексикалық мағына беретін, бір лексикалық қызмет атқаратын сөздер аталады. Біріккен сөздер бірге жазылса, тіркесті күрделі зат атауларының ішкі сыңарлары бөлек жазылады. Мысалы, азу тіс, үрме бұршақ, бас бармақ, желке тамыр, кәрі жілік т.б.

Тіркескен күрделі зат атаулары көне кезеңдерден бастап қолданылып, қазір де сөздік қорды толықтырып келе жатыр. Аға буын, ақ тұйғын, бесік бау, ер бала, кіндік бала сияқты тіркесті күрделі зат атаулары тілде қашаннан қолданылып келе жатса, ауыл шаруашылығы, несие қағазы, кеден бастығы, баж салығы, ғарыш айлағы, жол қағаз (путевка), оқу бөлімі, іс бөлме сияқты тіркес күрделі зат атаулары кейін қосылған сөздер. Тілімізде тіркескен күрделі зат атаулары да үлкен орын алады [3].

Қосарланған күрделі атаулар. Күрделі зат атауларының қомақты тобы - қос сөздер. Күрделі сөзжасамының бір түріне жататын қосақтау тәсілі арқылы жасалған күрделі зат атауларының бір түрі қос сөздер деп аталады. Олар тілден кең орын алады. Қосарлану тәсілі түркі тілдерінде кең тараған және жиі қолданылады. Зерттеушілер қос сөздерді қайталама қос сөздер және қосарлама қос сөздер деп, екі үлкен топқа бөліп қарастырады.

Қайталама қос сөздер белгілі бір сөздің екі рет қайталануы немесе сол сөздің бір (не бірнеше) дыбысының өзгеріп қайталануы арқылы жасалады. Мысалы: *қазан – қазан ет асылып жатыр, қора – қора қойы бар* деген сөйлемдердегі қос сөздер бір сөздің екі рет қайталануынан жасалса, *шай – пайын дайындап берді* немесе *кәмпит - сәмпит алуға базарға шықты* деген сөйлемдердегі қос сөздер бір дыбыстың өзгеріп қайталануы арқылы жасалған [4].

Қайталама қос сөздер бір сөздің қайталануынан жасалса, қосарлама қос сөз әр басқа екі сөздің қосарлануынан жасалады. Мысалы: *тез арада ауыл – аймақ та құлақтанып қалған еді* немесе *тамыр – таныстың бәріне хабар жеткізілді* деген сөйлемдердегі қос сөздер әр басқа екі сөздің қосарлануынан жасалып тұр.

Қос сөздерге жататын күрделі атаулар тілдің сөздік қорын үнемі толықтырып келеді. Туған-туысқан, жора -жолдас, әке-шеше, жетім-жесір, аға-іні сияқты туыстық атаулар; ас-дәм, өкпе-бауыр, қазы-қарта сияқты тамақ атаулары, ақыл-ес, ақыл-ой, ар-ұят, ашу-кек, ашу-зіл сияқты дерексіз зат атаулары тағы басқа толып жатқан өмірдегі түрлі заттық ұғымдарды қос сөздер білдіре береді. Қосақтау тәсілі арқылы соңғы кезде де бірсыпыра жаңа ұғымдарға атаулар жасалды: мектеп-гимназия, мектеп-лицей, суретші-модельер, эксперт-кеңесші, эксперт-маман, экспресс-ақпарат т.б.

Қысқарған атаулар. Қысқарған аталымдардың тілде белгілі орны бар. Қысқарған аталымдар қазақ тілінде үлкен екі топқа бөледі:

- 1) кісі аттарының қысқартылуы;
- 2) мекеме, ұйым тағы басқа атауларының қысқартылуы.

Кісі аттарын қысқарту қазақ тілінде ертеден қолданылып келе жатыр. Ол сөйлеу тілінен бастау алып, жазба тілде де орнықты. Көркем шығармада ол жиі қолданылады. Мысалы: Бұл күнге дейін *Әлекең* туған-туыстың көмегіне зәру болып көрген жоқ еді. Мұндай қысқарту кез келген шығармада қолданылады.

Кісі аттары екі жағдайда қысқартылады:

1. Сыйлау, құрметтеу мәнінде үлкен адамдар атының бірінші буыны алынып, оған -еке, -қа, -ке морфемалары қосылады. Мысалы: Қасен - Қасеке, Ақылбай-Ақа, Асқар-Асеке, Сәрсен-Сәке т.б.;
2. Баланы еркелету, жақсы көру мәнінде оның аты қысқартылады: Ермахан - Еркен, Күлғайша - Күлкен, Нұрғалы - Нұраш т.б.

2) Мекеме, ұйым атауларының қысқартылуы төрт түрлі жолмен жасалады:

1. Қысқарған сөздердің басқы әріптерінен құралады: Мысалы, ДБК – Дүниежүзілік Бейбітшілік кеңесі, ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы, ДСҰ – Дүниежүзілік сауда ұйымы, ААҚ-Ашық акционерлік Қоғам, БАҚ - Бұқаралық ақпарат құралдары, БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы т.б.

2. Қысқарған сөздер күрделі атаулардың бірінші сөзінің басқы буынынан және соңғы сөздердің басқы дыбыстарынан қысқартылады: ҚарМУ - Қарағанды мемлекеттік университеті, ҚазПи – Қазақ педогогикалық институты т.б.

3. Күрделі атаулардың бас буындары ғана қысқартылып беріледі: колхоз, совхоз, ауатком, комбат т.б.

4. Қысқарған сөздер күрделі атаулардың алғашқы сөзінің бас буыны мен соңғы сөзден құралады: медколледж, медбике, агротехника т.б

Сонымен, айтылған мәселелерді қорытындылай келгенде, тілімізде зат есімдердің бірнеше жасалу жолдары бар екендігін, қолдану аясы өте кең екендігін байқаймыз. Сөз табы ретінде оның өте бай лексикалық қоры болуымен қатар, морфологиялық құрамы, жасалу тәсілдері, түрлену жүйесі мен синтаксистік қызметі бар ауқымды сөздер тобын қамтитын күрделі категория болып табылатындығы ғалымдар зерттеулері барысындағы белгілі құбылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. - Алматы: Ғылым, 1989.
2. Салқымбай А. Қазақ тілінің сөзжасамы. –Алматы, 2001.
3. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. –Алматы: ТОО «АБ», 2002.
4. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1989, 102- 204, 204-224 бб.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Ахметова Нурбала Темірхановна
Академия «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан

СПОСОБЫ ОБРАЗОВАНИЯ СЛОЖНЫХ СУЩЕСТВИТЕЛЬНЫХ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

В статье рассказывается о способах образования слов в казахском языке, аналитических и синтетических способах словообразования, о характерных особенностях каждого из них.

Ключевые слова: лексическая единица, суффикс, соединение, сложные слова, фразы, сокращенные слова, подход, классификация, методы, словарный состав.

Akhmetova Nurbala Temirkhanovna
«Bolashaq» Academy, Karagandy, Republic of Kazakhstan

METHODS OF FORMATION OF COMPLEX NOUNS IN THE KAZAKH LANGUAGE

The article describes the ways of word formation in the Kazakh language, analytical and synthetic ways of word formation, and the characteristic features of each of them.

Keywords: lexical unit, suffix, compound, compound words, phrases, abbreviated words, approach, classification, methods, vocabulary.

List of references:

1. The word-formation system of the modern Kazakh language.- Almaty: Nauka, 1989.
2. Salkynbai A. Word formation of the Kazakh language.- Almaty, 2001.
3. Oralbai N. Word formation of the Kazakh language.- Almaty: AB LLP, 2002.
4. The word-formation system of the modern Kazakh language.- Almaty, 1989, pp. 102-204, 204-224.

Елтаева Айымгүл Ермекқызы
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының
I курс магистранты
Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы
«Bolashaq» Академиясы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.к., Қарағанды,
Қазақстан Республикасы

ОЧЕРКТИҢ ӨЗІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада идеялы мазмұн оқырманға типтендіру көркем құралдары: бейнелілік, бөлшек, портрет, тілдік характеристика, пейзаж, жеке көзқарас, сюжет т.б. сияқты көркем публицистикалық шығармаларға тән жинақтауды пайдалану арқылы саралау мен пайымдау, дәлелдемелер, сан, цитата, тарихи параллель, аналогия қарастырылған.

Тірек сөздер: очерк, типтік характер, шығарма, сюжет, пейзаж, портрет.

Очерк - көркем әдебиет пен публицистиканың күрделі әрі көп қырлы жанры. Очерктің көркемдігі оның публицистикалық әсерлілігінің қажетті шарты деген пікір бүгінгі таңда қисындық тұрғыдан негізінен мойындалған. Алайда, мерзімді басылымдардағы очерк жанрының қалпы бұл қағиданың орнығуында әлі де болса жеткіліксіз тұстары да бар екендігін байқатады. Очерктің анық публицистикалық белгілері жіне публицистикалық бағыты болғанымен, ол көркем әдебиеттің ажырамас бір бөлігі болып табылатындығы дәлелденіп отыр. Сыншылар, жазушылар тарапынан қанша күш жұмсалғанымен, очеркке қатысты талаптар бүгінгі күні төмендеп кеткен сияқты. Оқырман мен сыншылар тарапынан: «Бұл жай ғана очерктік суреттеме», - деген тәрізді елемеген сөздерді естуге болады.

Баршаға белгілі, қандай да бір құбылыс суреткердің көркемдіе қиялы арқылы бейнеленбесе, ол өзінің өнерге қатысты талғам- талабын солғындатып алады. Очерк әдебиет жанрларының ішінде ерекше орынға ие бола тұрып қазіргі кезде олардың көркемдік жағы назардан тыс қалып жүргендей әсер береді. Очерк жанрының табиғаты, оның тарихи қалыптасқан ерекшеліктері жайындағы солғын көзқарас осынау өміршең мұраны танып білуге кері әсерін тигізеді.

Қазақтың көптеген классик жазушыларының шығармашылығында әр түрлі жанрда жазылған ең жақсе деген туындылары қатарында очеркті де алуға болады. Б.Майлиннің «Алыптарды аралағанда» очерктер жинағы, І. Жансүгіровтың «Жол аузында» очерктер жинағы, М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтың, Ғ. Мұстафиннің т.б жазушылардың очерктік шығармаларының қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар. Қазақ әдебиетіндегі очерк ішкі тегеуіріні орасан зор жанр ретінде қалыптасты. Жоғарыдағы жазушылар көркемдігі жоғары очерктері арқылы қоршаған дүниеге, өмірге тікелей ықпал етуге талпынғандығы талассыз.

Тәрбиелік мәні бар очерктер өмірден алынған фактілерге негізделініп жазылады. Қоғам дамыған сайын очерктер де дамып, тақырыптары ауқымданып, пәрменділігі арта түсіп отырады. Очерктің ең үздік үлгілері өмірде болып жатқан өзгерістерге, жаңа құбылыстарға қолма- қол жауап беріп, көкейкесті мәселелерді дер кезінде көтере білуімен құнды.

Очерк жанрының көркемдік, танымдық және әлеуметтік маңызы қай кезде де зор. Бұл үрдістің тоқтап қалмай, әрі қарай дамуы үшін, адамның рухани жіне материалдық мәдениетінің байып, үздіксіз өсуінің мысалдарын өмірден іздеу қажет. Сонымен бірге, өмірде болып жатқан өзгерістерге жаңаша көзқараспен қарап, өзіндік баға беруге тырысу керек. Кеңестік очерктің қалыптасу тарихында түрлі қайшылықтардан туған жағымсыз құбылыстарды жуып- шаюшылық, жалған идеялизацияға беріліп кету жағы бел алған болатын.

Күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді насихаттауды төл міндеті деп білген қазақ очеркшілері тамаша дәстүр қалыптастыра алды. Қазақ қаламгерлері өмірді бақылау, халық мүддесіне барынша жақын болу, әлеуметтік мәселелерді батыл түрде алға қою сияқты дәстүрлерді ұстана білді.

Көркемдік жағынан очерк әдебиеттің басқа жанрларымен үзеңгілес болса да, оның өзіндік ерекшеліктерін жоққа шығаруға болмайды. Оны көркем жанрлардың қатарында да, одан тыс та

қарастыруға болады. Очерктің негізінде – нақты өмірдің ақиқат деректері жатуы – оны ғылыми зерттеуге ұқсатса, шындықтың бейнеленіп суреттелуі, көркем жинақталуы- оны әбден шығармаға ұластырады. Көркем әдебиеттегі жаңа үлгілер әуелі очерктерден басталады. Очерк өзінен кейін дүниеге келетін шығарманың негізгі көзі болып саналады.

Очерк- публицистика мен көркем әдебиет өнерінің көп қырлы жанры. Қазіргі очерк өзінің алдында тұрған идеялық- көркемдік талаптарға жауап бере алады деп айта алмасақ та, онда ол осы бағытта біршама сәтті қадамдар жасады деуге негіз бар. Журнал және газет беттерінен тілі орамды, сипаттамалық, өмірдің әр түрлі саласын салтанатты, көрнекті етіп көрсететін очерк жойылып барады. Қазір баспасөз беттерінде өмірдің терең, әрі күрделі қатпарларын шыншылдықпен ашып көрсететін және саяси, ауылшаруашылық, идеологиялық, моральдық өзекті проблемаларды қозғайтын очерктер көбейе бастады деп айту қиын. Очерктің көркемдік жетілуі оның жетістіктерінің маңыздылығының айғағы және кепілі.

Очерктің құнды белгісі- шыншылдылығы, деректілігі. Деректі очерктің дамуында соңғы кездері оның жеке тақырып аясында терең мәніне жеткен публицистикалық лирикамен байытылуы байқалады.

Публицистика өзінің маңызын сақтай отырып, өнерге айнала алады: егер ол үлкен идеялармен адамға тән ұлы сезімге толы болса және өзінің «шынайы», яғни жазушыға тән образды түрге, мағынаға ие болса, өз міндетін орындағаны.

Шындығында очерк-барлау. Бірақ ол барлау құрғақ деректерді жеткізуге емес, өмірді әбден зерттеп, өз шығармашылығымен өмірді жаңартуға белсенді араласатын жазушы қаламы көмегімен өмірдің суретін салуға ұмтылады.

Бұл жөнінде атақты ақынымыз Хамит Ерғалиевтің «Қазақ әдебиеті» газетіне берген интервьюінде жақсы айтылды. «Поэзия мене прозаның,- днді ол,- бір- біріне ықпалы қандай дегенге келсек, өз тәжірибемде дастан жазарда очерк, мақаламен жолымды аршып аламын. Мәселен, «Үлкен жолдың үстінде» жазбас бұрын «Социалистік Қазақстан» газетіне Бетпақдала туралы сериялы очерктер бастырдым. Ал «Біздің ауылдың қызы» поэмасына кірісер кезде «Жасыл алқап – жан саясы» деген толғаумен барлау жасадым. Жалпы публицистика сүйікті жанрым». Осы пікірін толықтыра келе ақын «Творчестволық өмірім төңірегінде» деген мақаласында тағы былай дейді: Ал енді «Үлкен жолдың үстінде», «Біздің ауылдың қызы», «Сенің өзенің» сияқты бірсыпыра поэмаларды жазу үшін көзбен көргендерім, көңілге түйгендерім бұл шығармаларды бірден жазып кетуге қанша құлшынсам да, жеткілікті дәрежеде даярлай алған жоқ. Әуелі бұлардың әрбірімен тақырыптас, оқиғасы біршама желілес суреттемелер, көркем очерктер, жол жазбалар жазуды ішкі сарайым талап етті де тұрды. Мен ол талапты аттап өте алмадым: «Бетпаққа шабуыл», «Жасыл алқап - жан саясы», «Еділ келді ауылға» атты очерктер арқылы болашаққа кейіпкерлерімнің іс- мінезіне, кескін- көркіне көз үйретіп, содан соң барып жоғарыдағыларға жол таптым. «Аңыз ата» делінген Тарас Шевченко туралы поэманы да ақын туралы әр жырларда жазылған өлендерімнен соң барып қолға алдым.[3,13]

Демек, совет публицистикасының, очерктік мұрамыздың озық дәстүрлеріне жүгінсек, халықтың жасампаз еңбегін, социалистік дәуірдің көкейкесті проблемаларын бейнелеуге келгенде сөз зергерлерінің алдыңғы шептен көрінгендігін, бар дарын - талантын жұмсағанын аңғару қиын емес.

Көрнекті жазушыларымыздың тәжірибесі сүйікті образдардың дүниеге келуінде очерк арқылы баолау жасаудың, болашақ кейіпкерлермен алдын ала танысудың елеулі роль атқаратынын дәлелдейді. Очеркті «барлаушы жанр» деп жүргеніміз де осыдан. Мысалы: «Жас гвардия» романын жазбас бұрын Александр Фадеевтің «Правда» газетінде «Өшпес ерлік» деген очерк жариялағанын, романның ұзын-ырғасы түгелдей сонда айтылғанын еске түсірейікші. Немесе Мұхтар Әуезов алдымен «Оңтүстік сапарынан» атты очерк ұсынып, «Өскен өркен» романына күні бұрын даярлық жасаған жоқ па?! Ал Ғабит Мүсіреповтің атақты «Қазақ солдатты» романы әуелде шағын очерк болатын. Ол алғаш рет «Қазақ батыры» деген атпен «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрді. Совет Одағының Батыры Қайырғали Ысмағұловқа майданнан оралған бетте жолығып, жазушы оның Ұлы Отан соғысындағы қаһармандығын очерк желісі етті. Кейін бұл шағын шығарма повеске, одан романға айналды.

Әдебиетіміздің аға буын өкілдерінің үлгі өнегесі- кімде- кім уақыт ырғағымен жарыса отырып, үн қосуды парыз санаса, ондай қаламгердің заман тынысынан, даңқты оқиғалар мен құбылыстардан құнды публицистикалық шығарма туғызатынына бірден- бір айғақ. Бүгінде очерк пен публицистика творчествасының ең бұқаралық, жедел де жауынгер жанры деп тегін айтылып жүрген

жок. Миллиондаған дана тиражбаен шығатын газеттер, көркем-әдеби, қоғамдық – саяси журналдар очерктің өрісін ұлғайтып, оқушысын көбейтті. Сол себепті де қазір очерк пен публицистика қоғамдық пікірді қалыптастырудың, насихаттаудың құралы болып отыр.

Қалың жұртшылыққа публицист сөзінің қаншалықты әсер ететінін, жаңа заманның күрделі құбылыстары мен маңызды мәселелерін ерінбей- жалықпай зерттеу үлгісін көркем сөздің шебер ұстасы, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсіреповтың очерктері мен публицистикалық еңбектерін оқығанда тағы айқын сезінеміз.

Ғабит - әр кез еліміздің әлеуметтік – саяси өміріне белсене араласып келе жатқан, республика экономикасы мен мәдениетінің өсу, өркендеу бағдарына жіті зер салып, жетістіктеріміз бен табыстарымызға қуана, оқылықтар мен жолсыздықтарға ренжи, жүрек сөзін айтып отыратын публицист қаламгер. Отызыншы жылдардан, алғашқы бесжылдықтар тұсынан очерк туындыларын жариялай бастаған ол осы бір тамаша дәстүрден күні осы уақытқа дейін жаза басқан жоқ. Бірде көркем очерк, бірде публицистикалық мақала жазып, ол жарты ғасырдай уақыт бойы жаңа дәуі тынысын, халқымыздың қажырлы күресін, заманымыздың толғаулы проблемаларын қалт жібермей суреттейді. Атақты суреткердің қаламынан туған міне осындай таңдаулы очерк нұсқалары- «Жалын» баспасынан жарық көрген «Уақыт іздері» атты кітаптың негізгі мазмұны.

Бұл кітаптың шоқтығын көтеріп тұрған көлемді публицистикалық шығармалардың бірі- Бейімбет Майлинмен қосылып жазған « Батыр – большевик Аманкелді» деген очерктер циклі. Бұл очерктің туу жайын Ғабен «Қазақ әдебиеті» газетінің тілшісімен әңгімелескенде былай деп түсіндіреді: «1936 жылы Москвада өтетін бірінші онкүндікте Аманкелді жайында киносценарий жазу шұғыл қолға алынды. Сценарий бірыңғайланған соң Бейімбет екуміз Аманкелді бастаған көтеріліс туралы очерк жазуға кірістік. Жиырма шақты тақырыпқа бөліп алып, біреуіміз бас жағын, біреуіміз екінші бөлімін жазуға келісіп едік. Сонда Бейімбет бұрқыратып жазып кетті де, мен кешеуілдей бердім. Сондықтан Бейімбет мені қатал тәртіпке көшірді. «Бір очеркті мен жазамын, келесі очеркті сен жазасың, маған екі күт, саған үш күн», - дегені бар. « Болдың ба? - деп, кейде түнгі екі – үш кезінде телефон соғады. Болмағанымды біледі, бірақ жазып отырмын ба, жатып қалдым ба соны тексереді ғой деймін...»

Аманкелді Иманов бастаған 1916 жылғы ұлт- азаттық қозғалысының жиырма жылдығына орай 1936 жылы баспа жүзін көрген бұл шығарманы қазақ халқының ардагер батырының өмірбаяндық шежіресі десе де болғандай. Себебі, авторлар Аманкелдінің жастық шағынан бастап, есею, ер жету, таптық сана- сезімі оянып, езілген еңбекшілер қамын ойлау, байлар мен патша әкімдеріне қарсы күреске бел байлап шығу сияқты өмір белестерін сатылап көрсетеді. Ардагер батырдың революционер – большевик ретінде қалыптасуы, Совет өкіметін орнату жолындағы қаһармандық қимылы, Торғайдың әскери комиссары болып тұрған кездегі қызыметі, ақырында зұлым жаулардың қолынан қаза табуы нанымды оқиға желісімен өріледі. Осы арнада Әбдіғапар Жанбосынов, Міржақып Дулатов секілді Совет өкіметі жауларының неше түрлі айла- әрекетін, қаскөй қара ниетін, жауыздық арамза пиғылын әшкерелейтін айшықты көріністер бар.

Жалпы алғанда, Ғабиттің Аманкелді жайындағы очерктері- тарихшыларға, әдебиетшілерге, мәдениет қызметкерлеріне, қалың жұртшылыққа ой саларлық, әлеуметтік-тарихи зерттеулерге үлес қосарлық елеулі еңбек.

Очерк жанрының өзіне тән ерекшеліктерін көптеген әдебиет зерттеушілері оның құжаттылығында деп есептейді. «Ойдан шығару мұнда жекелеген бөлшектерде ғана орын алуы мүмкін», - деп атап көрсетеді В. Сорокин. «Суреткерлік, ойдан шығару очеркте поэзия түрлеріне қарағанда жеке салмағы аз»[2,25], - дегенді Г. Абрамовичтен оқимыз.

Егер өнер және « өнер еместің» арақатынасы жөніндегі қағида көркем әдебиет пен публицистиканың арақатынасын анықтаған кезде қолданылса, бұл екі жанр арасына « қытай қорғанын» қоюдың қажеті жоқ. Өйткені «өнерге жатпайтын» жанрлардың ішінен көркем өнермен тығыз байланысатын түр осы публицистика. Алайда, көркемдігі төмен, не мүлде жоқ шығармаларды менсінбеушілікпен « публицистика» деп атау күні бүгінге дейін кездеседі. Публицистік сипат пен көркемділік бірінсіз бірі өмір сүре алмайды. Бұған қарап көркем әдебиет пен көркем публицистиканы бір жанрға жатқызуға да болмайды.

Публицистика бар да, көркем әдебиет те бар. Бірақ олардың арасында нақты белгіленген шекара жоқ. Олар өзара қарым- қатынаста болып, бірін- бірі байытып, толықтырып отырады.

Очерк жанрына айтылған пікір –тұжырымдар қанша көп болғанымен, жалпы қисындық анықтама түбегейлі берілмей келеді. Оған жазушы журналистер әртүрлі образды тенеу айтады, « қоян – қолтық шайқастың қаруы»[3, 23]. Кейбіреулер очеркті публицистикаға, енді бірі көркем

әдебиетке жатқызады. Ғылыми еңбектерде берілген анықтамаларда басқа да ой-тұжырымдар келтіріледі. XX ғасырдың 40-жылдарында шыққан «Әдебиет теориясы» кітабында Г.Поспелов «Очерктің басты мақсаты- образды суреттеме және образды ақпарат болып табылатын қысқа суреттемелік шығарма» [5,42],- деп жазады. Сол кезде Г.Поспелов очерктің иллюстрациялық және фактографиялық секілді екі түрін атап көрсетеді.

Жоғары оқу орындарына арналған «Әдебиеттануға кіріспе» оқулығында Г. Абрамович очеркті « болашақ көркем шығарманың алғашқы нұсқасы, нобацы, әдебиеттің «кіші» формасы [2,21] деп бағалайды. Рас, очерк негізінде кейін роман, не повесть жазылған кездер де болды. М.Әуезовтың «Оңтүстік сапарынан» деп аталатын очеркінен кейін «Өскен өркен» романы жазылған, Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдатты» романы әуелде шағын очерк болған, З. Шашкин «Теміртау» романын жазбас бұрын Қарағанды металлургия заводының жұмысшылары жайында бірнеше очерктер циклін өмірге әкелгені әдебиет тарихынан белгілі.

Анықтамалар мен сөздіктерде очерк « эпикалық, сипаттамалық әдебиеттің бір түрі және олардан (роман, повесть, әңгіме) шыншылдығымен, яғни шындық өмірге орын алған оқиғаларды салыстырмалы түрде дәл, шынайы суреттейтіндігімен ерекшеленеді» [2] немесе оны «шынайы өмір деректерін суреттейтін әдеби шығарманың шағын үлгісі» [3,11] ретінде сипаттайтын анықтамалар бар. Бұл тұжырымдарды да қанағаттанарлық деп табуға болмайды. Өйткені олар нақты емес, жанр ерекшеліктерін ашып көрсете алмаған.

Д.Н.Ушаков редакциялауымен басылған «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» «очерк» сөзінің бірнеше мағынасы келтірілген.

1. Пішін, кескін, жақындама. «Ол сиқырлы кескінмен қоршалған» (Бртинский)
2. Бір нәрсе жайында қысқа, әрі айқын сипаттама беретін шағын әдеби шығарма.
3. Бір нәрсе туралы жалпы мәлімет беретін, белгілі бір мәселені зерттеу, сипаттау, суреттеу.
4. Тек көшірме түріндегі жанр. Бір- бірімен тығыз байланысты мәселелерді зерттеуден тұратын арнаулы ғылыми еңбектің тақырыбы

«Очерк» сөзінің әр түрлі мағынасының жалпы белгіліері де бар: қысқа және белгілі бір дәрежеде толық еместік. Мұндай ортақ белгінің есте қалуы тиіс. Оны жанр ретінде анықтау кезінде әр түрлі тұжырымдарды еске алған жөн.

«Очерк» жанрына кеңірек анықтамалар арнайы еңбектерде келтіріледі: « Очерк газет бетінде кең қолданысқа ие болған, жеке дара әдеби көркем жанр болып табылады. Публицистиканың басқа жанрларынан ерекшелігі ол көркем образды сипаттау элементтерін қамтиды»[4,6]. Ең алғаш Б.Полевой айтқан тұжырым кейін кейбір өзгерістерімен көптеген еңбектерде келтірілуде. Б.Полвойдың анықтамасы жанрдың негізгі белгілерін сәтті ашып көрсете білген. Әрине, бұларды әлі де болса тереңірек зерттеп, нақтылап, қысқартып, тек газетке лайықты алуға болар еді. Өйткені, очерк журналда да басылып, радиодан да беріліп, жеке кітап болып жарияланып та жатады. Б. Полевой М.Горкийдің очерк жайында айтқан пікірлеріне сүйенеді. М. Горкий очеркті « Адам жадында қарындашпен түсірілетін нобай- эскизге тең» деп есептей отырып, «көптеген очерктер публицистикалық белгілермен қанықтырылатын» атап көрсетеді. Оның ерекшелігін сөз ете отырып, сызба, кескіндеу, кескіндеу, сипаттау деген етістік сөздерді арқау етеді және очерк- әңгіме мен зерттеу арасындағы жанр деп көрсетеді» [5,146].

Бұл романдардың бірқатар тарауларында авторлардың тарихи- философиялық толғаныстары, әлеуметтік қорытындылар сол кездегі экономистер, тарихшылар мен статистердің деректеріне қарағанда нақтылау, дәлдігі молдау десек артық болмас. Кез келген жазушы жазар алдында болмысты жаңадан зерттейді. Құнды шығарманың басты шарты- бақылаудың молдығы. Бірақ өмірді зерттеу авторға өзінің кейіпкерлерін мінез- құлқын дамытуға сюжеттік және композициялық ситуацияларды құруға көмектеседі.

Болмысты әлеуметтік зерттеудің мақсаты, жазушының өз бастамасы арқылы жүзеге асады. Ол очеркшіні өмірмен тығыз байланысқа апарып, очерк жанрын ғылыммен, публицистикамен, саясатпен тікелей байланыстырады.

Очерктің күші-болмыспен тікелей қатынаста. Оның образының, сюжетінің, композициясының, стилінің, тілінің немесе басқа көркем әдебиет компоненттерінің ерекшеліктерін анықтайды. Очерктің әдебиетке ортақтығы, оның образдарының публицистикалық толықтығы, қоғамдық- әлеуметтік құбылыстарды зерттеудегі рөліне тоқталып көреміз.

Егер очеркті ғылыми әдебиетпен салыстырсақ, онда оның ерекше белгісі- образдылық пен өмірді зерттеу қатар жүреді. Очеркті әңгіме, повесть, роман, поэма, т.б салыстырсақ, оның ерекшелігі публицистикалық зерттеу стилінде дер едік. Осындай зерттеу таңбасы Кеңестік очерктерде де

өмірдің барлық салаларындағы жаңашылдықтың көбеюіне байланысты очерктің танымдық өрісі де молай түскен. Очерк жанры болмысты ғылыми таныммен тығыз қарым- қатынаста ұстайды, ал ғылым бүгінгі таңда үлкен күшке ие деуге болады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Ыдыросов Т. Очерк туралы ойлар. – Алматы: Қазақстан, 1969.
2. Ыдыросов Т. Очерк және бесжылдық- Алматы: Қазақстан 1682.
3. Ыдыросов Т. Шеберлік бастауы - Алматы: Мектеп, 1984
4. Кенжебаев Б. Жаңа әдебиеттің туа бастаған шағы// Жұлдыз. 1960 №1.- 172-173-б.
5. Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар.- Алматы: Жазушы, 1968- 185б.

РЕЗЮМЕ/RESUME

**Елтаева Айымгүл Ермекқызы, Сембиев Курмангазы Закирович
Академия «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан**

ХАРАКТЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЭССЕ

В статье рассматривается дифференциация и рассуждение, доказательства, число, цитата, историческая параллель, аналогия с использованием накоплений, характерных для художественных публицистических произведений, таких как идейное содержание, типизация читателя: образность, деталь, портрет, языковая характеристика, пейзаж, индивидуальный подход, сюжет и т. д.

Ключевые слова: очерк, типичный характер, сочинение, произведение, сюжет, пейзаж, портрет.

**Eltayeva Aayimgul Yermekovna, Sembiev Kurmangazy Zakirovich
Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan**

CHARACTERISTIC FEATURES OF THE ESSAY

The article considers differentiation and reasoning, evidence, number, quote, historical parallel, analogy through the use of the accumulation of artistic journalistic works, such as artistic means of typification of the reader of ideological content: imagery, detail, portrait, linguistic characteristics, landscape, individual approach, plot, etc.

Key words: essay, typical character, work, work, plot, landscape, portrait.

List of references:

1. Idrosov T. thoughts on the essay. - Almaty: Kazakhstan, 1969.
2. Idrosov T. essay and the five-year plan-Almaty: Kazakhstan 1682.
3. Idrosov T. The Beginning of mastery-Alamaty: School, 1984
4. Kenzhebaev B. The Beginning of the birth of new literature// Zhuldyz. 1960 No. 1. - p. 172-173.
5. Nurtazin T. reflections on the skill.- Almaty: writer, 1968-185B.

Көлбай Жұлдызай Дәуренқызы
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының
2 курс магистранты
Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы
«Bolashaq» Академиясы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.к., Қарағанды,
Қазақстан Республикасы

СӨЗЖАСАМ МЕН МОРФОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

Мақалада Қ.Жұбановтың қазақ жазуының емлесі мен терминологиясына қатысты еңбектеріне назар аудару, әсіресе терминологияға байланысты ойлары мен пікірлері қарастырылған.

Тірек сөздер: саяси-әлеуметтік, терминология, орфография, грамматика, терминдер, қазақ жазуы, емле.

«Қазақ тілінің грамматикасындағы» «Грамматика нені зерттейтін ғылым?» деген оқушыларды осы ілім саласымен таныстыруға арналған бөлім «Сөз бөлшектері», «Сөз бөлшектерінің құралуы», «Сөз бұйымы мен материалы», «Сөз материалының сыр-сипаты мен сөз бұйымдарының жасалу жолы» деген бөлімдерден тұрады. Мұнда Қ.Жұбанов мектеп оқулығы деңгейінде оқушы ұғымына түсінікті тілмен грамматикаға қатысты алғашқы мәліметтерді баяндайды. «Сөз деген не?» деген сұрақты қоя отырып, ғалым алдымен сөз ұғымын жалпы алып, оның бөлшектері мен байланысу жолдарын түсіндіреді. Содан соң сөздің екі мағынасы болатынын атап көрсете келе, грамматикадағы сөз ұғымын талдап-таразылайды. Сөз заттың, түр-түстің, құбылыстың аты екенін пайымдай келе, ғалым төмендегідей анықтама береді: «Білінген нәрселерге қойылған атты сөз дейміз» [1, 150]. Берілген анықтама бала ұғымы үшін қарапайым, түсінуіне жеңіл.

Оқулықтың «Сөз тұлғалары» деп аталатын бөлімінде автор сөз тұлғасына анықтама бермес бұрын сөздің түрленіп, өзгеруін нақты мысалдармен дәлелдейді. Мұнда ол салыстыру әдісін қолданады. Сондай-ақ сөздің түрленуінің функционалдық қырына да баса мән береді: «Сөз тұлғасының түрленуі, я сөздің түпкі мағынасына жаңа мағына үстеу үшін ғана керек; ия болмаса, сол сөзді басқа бір сөзбен байланыстыру үшін керек» [2, 14]. Белгілі бір форманың ішкі мазмұны мен оның атқаратын қызметін түсінуі баланың білімді шынайы өмірде дұрыс қолдана білуіне көмектеседі, яғни ғалым түйткілді мәселені тап басып, дәл айта білген.

Аталған бөлім «Таныстыру», «Түбір сөз бен қосымшалы сөз», «Жалғаулы сөз бен үстеулі сөз», «Өлі қосымша», «Өлі түбір», «Кіріккен түбірлер», «Кіріккен сөздердің жаңасы мен көнесі», «Қиюлы сөз», «Қосар сөздер», «Қосалқы сөз» және басқа тақырыптарды қамтиды. Тілдік құбылыстарды дәлелдеуде ғалым ақын І.Жансүгіров шығармаларынан алынған үзінділер негізінде сөз тұлғалары мен олардың түрлену себептерін, сөз мүшелерінің түрлерін атап, бір мүшелі сөз бен көп мүшелі сөзді, түп мүше мен жамау мүшені, жамау мүшелердің түр-түрін, сөз мүшелерінің қолданылу ерекшеліктері секілді күрмеуі көп күрделі мәселелерді оқушы ұғымына лайықты етіп баяндайды. Мұндағы назар аударарлық маңызды мәселе – нақты тілдік мысалдармен дәлелдеп, талдап сипаттауы.

Тілдегі сөздер сөйлемде бір-бірімен байланыста қолданылатыны белгілі. Ойды білдіруде оларды бір-бірімен байланыстыратын жалғаулар мен көмекші сөздер, сондықтан олар сөйлемде өзіне қатысты сөзбен бірге қаралуы керек. Осы тұрасында ғалымның ашқан жаңалығы жөнінде белгілі тілші Н.Оралбаева былай пайымдайды: «Қ.Жұбанов сөйлемде көмекші сөзбен тіркесе қолданылған сөзді қосалқы сөз деп атаған. Қазіргі тілмен алғанда, бұл аналитикалық формалы сөз дегенді білдіреді. Грамматиканың ең бір үлкен ерекшелігі онда қосалқы, яғни көмекші сөздердің сөздің алдында қолданылуы танылған. Ондай көмекшілерді (қосалқыларды) дәйек қосалқы деп атаған: тым ауыр, бек жақсы, өте күшті, т.б.

Міне, қазіргі грамматикалар әлі бұл дәрежеге жеткен жоқ, ол тек жекелеген зерттеулерде ғана айтылып жүр. Ғалымның көп жағдайда теориялық қағидаларды ол кездегі ғылыми дәрежесінен ғана емес, ғылымның қазіргі дәрежесінен озық тұратыны – ғажап нәрсе» [5, 24].

Саралай қарау нәтижесінде Қ.Жұбановтың сөз құрамындағы морфемалардың орналасуына байланысты пікірінің тіл ғылымы үшін жаңа теориялық таным деп түйіндеуге болады. Осы турасында ғалымның жасаған тұжырымы: «Үстеулі сөз (жұрнақты) – жеңіл-дік; жалғаулы сөз-жеңіл+ге; жалғауы қосалқылы сөз - жеңіл де; дәйек үстеуішті сөз – тым жеңіл, аяқ үстеуішті сөз – жеңіл ғой» [14, 180]. Тіркестегі қосымшалар да, көмекшілер де сөзге өзінше мағына қосып, ал оның құрамына кірген көмекші сөздердің бөлек жазылуы оған ешқандай кедергі бола алмайтынын дәлелдеуге ден қойған.

Қазақ тіліндегі сөздердің жасалуын, оның құрамын және таптастыруды түсіндіруде Қ.Жұбанов ұсынған атаулардың қазіргі заман оқулықтарында қолданылу ерекшеліктері жөнінде айта кеткен жөн.

Осымен байланысты ең алдымен сөздердің жасалуын, құрамын және сөздерді таптастырудың түрлерін түсіндіру үшін Қ.Жұбанов қолданған терминдердің көпшілігінің қазіргі оқулықтарда басқаша беріліп жүргенін ескерте кету керек. Мысалы, «Сөздің тура күйі» қазір – «түбір сөз», «сөздің бұрма күйі» – «туынды сөз» ұғымын білдірсе, бұл терминдер қазіргі оқулықтарда «Сөздің тура мағынасы» болып тұрақталып, қолданылып жүр. Ал «түбір сөз», «қосымшалы сөз» деген терминдер Қ.Жұбанов грамматикасында өз мағыналарында жұмсалған. Кейде Қ.Жұбанов «түбір» терминін «түп бөлшек» деп те атаған. Ғалым қолданысындағы «қосымшалы сөз» термині қазіргі тіл біліміне қатысты соңғы зерттеу жұмыстарында қолданылып жүр [3, 154].

«Сөз тұлғалары» тақырыбына байланысты Қ.Жұбанов қолданған номинацияларда да айтарлықтай айырмашылық бар. Мысалы, «жалғаулы сөз» атауы жалғау жалғанған сөзді танытса, «үстеулі сөз» – жұрнақ жалғану арқылы сөздің мағынасына үстеме мағына берілгенін білдіреді. Қ.Жұбанов осы екі терминді білдіретін мағыналарына сәйкес өте орынды қолданған. М.Жұбанова осы турасында былай дейді «Түбірге жалғанып, үстеме мағына тудыратын қосымшаны «жұрнақ» деп атаудан гөрі мағынаға мағына үстеп тұрған қосымшаны «үстеу» деу нақтырақ. «Жұрнақ» деген сөздің лексикалық мағынасының өзі бір нәрсенің қалдығы, жұрнағы дегендей ұғымды білдіреді, яғни ол дербес мағыналы сөзге қосымша тың мағына үстейді» деген түсініктен алшақ жатыр. Қазіргі оқулықтарға енген «жұрнақ» термині тек бір кездері Қ.Жұбанов ұсынған терминдерді басқаша атау керек деген шартты мақсаттан туғаны анық».

Қ.Жұбанов оқулықта «біріккен сөз» терминінің орнына «қиюлы сөз» деген сөзді қолданып, оны «жалғасулы кіріккен сөз» (қол+ғап, ашу+дас), «қиюлы кіріккен сөз» (ауатком, партком) деп екіге бөліп қарайды. Ал қиюлы сөздердің құрылысын үшке бөледі: буын қиюлылар, әріп қиюлылар, аралас қиюлылар.

Ал қазіргі орта мектеп оқулығында біріккен сөздерді екі топқа бөліп, түбір тұлғасын сақтап біріккен және дыбыстық өзгеріске ұшырап біріккен сөздер деп атайтыны белгілі. Профессор Қ.Жұбанов «қиюлы сөздердің» құрамында біріккен сөздер де, қысқарған сөздер де болатындығын ескеріп, барлығын «қиюлы сөз» деген ұғымның аясына сыйғызған.

Сондай-ақ қазіргі оқулықтарда қалыптасқан «қос сөздер» деген ұғымды Қ.Жұбанов «қосар сөздер» деп атап, түрлерін «теңдес қосар», «сөздес қосар», «матаулы қосар», «тіркеулі қосар», «қосақты қосар» деп ажыратқан. Бұдан ғалым оқулығындағы қосар сөздер туралы мәлімет бұрынғы оқулықтарға қарағанда толығырақ берілгенін және өзекті мәселенің басын ашуда жаңалық екенін анықтауға болады. Ғалым қосалқы сөздерді аяқ қосалқы және дәйек қосалқы деп екі топқа бөліп қарастырады. Аяқ қосалқы түбір сөз бен үстеулі сөздің соңынан келеді: ауылға шейін, күн сайын. Ал дәйек қосалқы түбір сөздің алдында тұрады: тым ауыр, өте жақсы, ең күшті.

Жоғарыда аталып өткен ғалымның «дәйек қосалқы», аяқ қосалқы» терминдері қазіргі оқулықтарда кездеспейді. Қазіргі оқулықтарда бұл ұғымдар әр түрлі терминдермен беріліп келеді. Бұдан Қ.Жұбанов термин ұсынуда тілдің ішкі мүмкіндіктерін сарқа және орынды пайдалана білген деген қорытынды жасауға болады. Қазіргі тілші-ғалымдар да термин жасау барысында Қ.Жұбанов ұсыныстарын басшылыққа алып, сұрыптап отырулары керек.

Профессор Қ.Жұбанов өз оқулығында ұсынған жаңа терминдерді түсіндіру мақсатында жариялаған «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан» деген мақаласында қазақ тіліне «үстеу» деген сөз табының орыстың наречиясы арқылы келгенін, бірақ оған тән қасиеттердің қазақ тілінде жоқ екенін айтады. Ол бұл категорияға зер салып қарағанда, олардың көпшілігінің үстеу еместігіне көз жеткізуге болады дей келе, аталған сөздердің әрқайсысын өз орнына қоятын болсақ, бұрынғы «үстеу»

деп келген сөз табының қазақ тіліне тән еместігін көрсетеді. Сондықтан профессор Қ.Жұбанов «үстеу» терминін «жұрнақ» терминінің орнына қояды да, оның себебін жоғарыда айтылған пікірлерімен дәлелдеп шығады.

Профессор Қ.Жұбанов орта мектепке арналған «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығының ІІ бөлімін (6-сыныпқа арналған) дайындап, баспаға тапсырған. Бірақ ғалымның қамауға алынуына орай бұл оқулық жарық көрмей қалады, ал кейін із-түссіз жоғалады. Мұндай құнды еңбектің жоғалуы қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының дамуын бірнеше ондаған жылдарға кейін тежегені анық. Әйтсе де бұл еңбектің V сыныпқа арналған оқулықтың заңды жалғасы екенін ескерсек, мұнда оқытуға ұсынылатын материалдың етістіктен басталып, есімдікті, шылауды, одағайды қамтығанын түсінуге болады. Оқулықтың бұған дейін дайындалып, оқу комиссариаты бекіткен «Қазақ тілінің програмы» негізінде жазылғанын ескерсек, 6-сынып бағдарламасының да етістіктен басталатынын көруге болады. Бұл туралы ғалым ауыл мұғалімі Жанғазыға жазған хатында да айтып кетеді: «У-класс програмының бәріне емес, жартысына арналған. У-класстың жартысынан VI-класстың жартысына дейін оқылатын кітап ІІ-бөлімі, ол биыл шығады. У-класста, менің кітабымдағының үстіне, сөз таптарынан есімдер (есімдіктен басқасы) өтілер деп шамаладық» [4, 145].

Профессор Қ.Жұбанов тіл ғылымының сөзжасам мен морфология салаларының іргетасын қалаушы ретінде бағаланады. Ол тіл білімінің аталған салаларының күрмеуі көп күрделі мәселелерін шешуде оның өзекті тұстарын тап басып, дәл айта білген, дәстүрлі талдау ауқымынан шығып, кейінгі ғылыми-зерттеу жұмыстарына танымдық тұрғыдан тілдік талдаудың жаңа үлгісін танытқан ғалым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынов А. «Қазақ» газеті.- Алматы, 1998. -5 б.
- 2 Әбілқасымов Б., Мектептегі А. Ахмет Байтұрсынұлы һәм «Қазақ» газеті. // Ұлттық тілдің ұлы тіні / жауапты редактор Е. Жанпейісов./- Алматы: 1999.- 494-505 бб.
- 3 Әуезов М. Ахаңның 50 жылдық тойы. // Ұлттық рухтың ұлы тіні / жауапты редактор Е. Жанпейісов. - Алматы: Ғылым, 1999. -8–15 бб .
- 4 Қойгелдиев М. Саяси элита және ұлт мүддесі // Ұлттық тілдің ұлы тіні / жауапты редактор Е. Жанпейісов./- Алматы, Ғылым, 1999. -195-210 бб.
- 5 Мырзахметов М. Қ. Жұбанов – қайраткер, ойшыл ғалым // «Жұбанов тағылымы-5» Республикалық ғылыми–практикалық конференциясының материалдары. -Ақтөбе, 2002. -15-20 бб.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Колбай Жулдызай Дауреновна, Сембиев Курмангазы Закирович
Академия «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан

ПРОБЛЕМА ОБУЧЕНИЯ СЛОВООБРАЗОВАНИЮ И МОРФОЛОГИИ

В статье основное внимание уделяется трудам К. Жубанова, касающимся орфографии и терминологии казахского письма, особенно в связи с терминологией.

Ключевые слова: политико-социальный, терминология, орфография, грамматика, термины, казахское письмо, орфография.

Kolbai Zhuldyzai Daurenovna, Sembiev Kurmangazy Zakirovich
Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan

THE PROBLEM OF TEACHING WORD FORMATION AND MORPHOLOGY

The article focuses on the works of K. Zhubanov concerning the spelling and terminology of Kazakh writing, especially in connection with terminology.

Keywords: political and social, terminology, spelling, grammar, terms, Kazakh writing, spelling.

List of references:

- 1 baitursynov A. newspaper "Kazakh".- Almaty, 1998.-5 P.
- "I don't know," he said. // The great fabric of the national language / responsible Editor E. Zhanpeisov./- Almaty: 1999. - pp. 494-505.

3 auezov M. Akhan's 50th anniversary. // The great fabric of the national spirit / responsible Editor E. Zhanpeisov. - Almaty: Science, 1999. - pp. 8–15 .

4 Koigeldiev M. political elite and interests of the nation // the great fabric of the national language / responsible Editor E. Zhanpeisov/.- Almaty, Science, 1999. - pp. 195-210.

5 Myrzakhmetov M. K. Zhubanov-figure, thinking scientist // Materials of the Republican scientific and practical conference" zhubanov's lesson–5". - Aktobe, 2002. - pp. 15-20.

ӘОК 81'366

ҒТАХР 16.21.41

Қуанышбекова Айкерім Қуанышбекқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының

2 курс магистранты

Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы

«Bolashaq» Академиясы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.к., Қарағанды,
Қазақстан Республикасы

НЕГІЗГІ СЫН ЕСІМНІҢ ҚАЛЫПТАСЫП ДАМУЫ

Мақалада сын есімдердің жасалуындағы осы ерекшеліктер, негізінен күрделі сын есімдер құрамында да көп өзгеріссіз қайталануына талдау жасалған.

Тірек сөздер: есімше, қашқар, чығыл, аффикс, трансформация, адъективация, актив сөздер, етістік.

Сын есімдер есімдер табында зат есімнен кейін өз алдына жеке сөз табы ретінде қарастырылып, басқа сөз таптарынан құрылымдық, жүйелілік сипатымен ерекшеленеді.

Ескерткіште заттың сынын, белгісін білдіретін сын есімдер кездеседі, Олар ерте заманнан бастап-ақ өзінің семантикалық мағынасы жағынан да, морфологиялық ерекшеліктерімен де, сөйлемдегі қызметі жақтарынан да сараланған, қалыптасқан сөз табы.

Сын есім өзінің мағыналық жақтарынан бірнеше топқа бөлінеді, ал тұлғасына қарай негізгі және туынды /қатыстық/ сын есім болып екіге бөлінеді [2, 65].

Қазақ тілінде, жалпы түркі тілдеріндегі секілді, байырғы түбір қалпындағы сын есімдер көп емес. Байырғы сын есімдерді салыстырғанда, олардың дамуындағы екі түрлі ерекшелікті байқауға болады: біріншіден, кейбір сын есім сөздер әрі тура мәнде (сын есімдік), әрі заттық мән береді. Қазіргі тіліміздегі көк, қара сөздері сондай. Мұндай сөздердің көне дәуір ескерткіштерінде де осындай екі түрлі қолданысы бар. Тіл білімінің зат пен оның сын-сипаты жайындағы ұғым бір дейтін тезисі осындай фактілерге негізделген. Бұл тезис қазіргі тіліміздің фактілерімен де дәлелденеді. Кейбір сын есімдердің зат есім тобына, керісінше кейбір зат есімдердің сын есім тобына ауысып отыруы – о бастағы осындай генезистік бірліктің заңды жалғасы.

Түркі тілдеріндегі сын есімдер мен зат есімдердің бір-бірінен саралануы көне дәуірде болған үдеріс. Орхон-Енисей жазбаларының тіліндегі сын есімдер соншалық көп болмаса да, сараланған, дербестелінгендігі байқалады. Ол тілде бірсыпыра туынды сын есім жасайтын аффикстер де өз алдына жіктелген топ есебінде көзге түседі.

Сын есімдер дамуының екінші бір ерекшелігі – байырғы түбірдің мағынасының кеңеюі, жіктеліп саралануы, сөйтіп бір түбірдің бірнеше мағыналық мәндерге ие болуы. Мысалы: көк сөзі Көне түркі тілінде осы сөз заттың түсі мағынасында екі түрлі мәнерді (синий, голубой, көк түрік), сонан соң аспан мәнін берсе, кейін көк шөп мәнін де беретін болған [2, 188].

Қазіргі тіл нормасы тұрғысынан «байырғы сын есімдер» деп қаралатын сөздердің барлығы бірдей тарихи тұрғыдан тек қана түбір бола бермейді. Тарихи тұрғыдан жіктеуге келмейтін түбір сөздер тілімізде көп емес. Қазіргі грамматика оқулықтарында байырғылар тобына жатқызылып, «негізгі» деп аталатын сын есімдердің едәуір бөлігі не түбір мен қосымшаның тарихи жымдасуынан

жасалғандығы немесе басқа сөз табынан ауысып сын есімнің мәні мен қызметіне ие болғандығы (адъективация) байқалады. Айталық, жатаған, тебеген, сүзеген (сиыр), кебу (отын), ауру (кісі), т.б. сөздер о баста есімше, тұйық етістік болған, қолданылу ерекшелігіне байланысты сын есімдер тобына ауысқан. Егер осы аталғандарға күрделі сын есімдер тобына қаралатын жарымжан, жел өкпе, желаяқ, жатып атар, көрсе қызар, әпер бақан, ұр да жық, тіс қаққан, жатып ішер тәрізді фразалық сөз тіркестерін, жанар (тау), қайнар (бұлақ), барар (жер), басар (тау), көрер (көз), есітер (құлақ) тәріздес тұрақты тіркестер құрамында ғана адъективацияланған әр түрлі формаларды қосатын болсақ, тіпті ұлғая түседі.

Басқа сөз таптарынан сын есімге айналу процесі (адъективация) тілдің әбден кемеліне келген, сөздердің қолдану аясының кеңейген дәуірінде ғана емес, ескі кезеңнен басталған. Қазіргі тілде бір-біріне антонимдік қатынаста жұмсалатын қары (кісі), жас (кісі) сын есімдері екі түрлі қызметте жұмсалып, екі түрлі мағына береді. Қары (немесе: кәрі) - кісі, адам, зат есім, қары - кісінің жасын білдіретін сын есім. «Құтадқу білікте» қары сөзі етістік мәнінде қолданылған: Нече бег қарытты, қарымаз өзі (Неше биді қартайтты, бірақ қартаймас өзі). Ал осы сөз Тоныкөк ескерткішінде сын есім қызметінде көмекші етістікпен бір тіркесте жұмсалған: Өзум қары бастым (өзім қартайдым, кәрі болдым). Бұл фактілер қазіргі қазақ тіліндегі қары, кәрі, қарт, қартаю сөздері бір ғана түбірден таралғандығын көрсетеді. Яғни, етістік мәнді түбір сын есім мәнінде қолданылған. Ал қазіргі етістік тұлғасы (қартаю) түбірдің көнеленуіне (сын есімге айналуына) байланысты арнаулы аффикс арқылы (ай) жасалған. Осыған ұқсас құбылысты жас сөзінен де байқауға болады. Ежелгі мұралар текстерінде жас сөзі тек зат есім мәнінде жұмсалған: Йеті иегірімі йашыма танут тапа сүледім (он жеті жасымда тануттарға шабуыл жасадым). Жас сөзінің мәнінде қолданылуы XII-XIII ғ ескерткіштері тілінде кездеседі. Осыны ескергенде, бұл сөз алғашқыда зат есім қызметінде ғана қолданылған, ал сын есім мәнінде кейін қалыптасқан. Заттың түсін, түрін, аумақ көлемін білдіретін негізгі сын есімдердің көпшілігі-ақ түбірмен қосымшаға, яғни, құрама элементтерге бөлуіне келмейді. Қазіргі тілдің заңдылықтары тұрғысынан қызыл, сары, үлкен, жасыл, кіші, қыңыр (адам жайында), ұзын, ұзақ т.б. сөздер осындай топқа жатады. Алайда фактілерді барлай қарағанда, осы түбір сөздерді қайсысыда тарихи тұрғыда біртұтастығына, бөлшектенбейтіндігіне күмән туады. Қызыл сөзіне сын есімге тән -ғылт қосымшасы жалғанғанда, негізгі лексикалық мағына өзгермегенмен, сөздің соңғы буыны түсіп қалады – қызғылт. Енді осы түбірді қырмызы, қызар (-у), қызамық, қызғалдақ, қызғыш (құс) сөздерімен салыстырып қарасақ, барлығына ортақ түбір қыс, осы ортақ түбірге қосымшалар қосылу арқылы әр түрлі сөздер (сын есім, зат есім, етістік) жасалған. Сонымен, қызыл сын есімі байырғы түбір емес, түбір мен қосымшаның біріккен түрі. Сары сөзінің ескерткіштер (V- VIII- XI ғасыр) тіліндегі пішіні сарық. Ол дәуірде –ық сын есім жасайтын өнімді қосымша болған. Сары (не сарық) сөзін сарығу, сарғаю (мықы- да: сарғар), сарғалдақ, сарғылт, сарсық (тістің сарсығы) сөздерімен салыстырса, мұның да ортақ түбірі сар (сары не сарық емес). Ал «орта азиялық тәпсір» тілінде бұл сөз сарық, сару, сару түрінде екі вариантта кездеседі... Тіш сарусын кетәрүр (тіс сарысын кетіретер). Кіші сөзі көне мұралар тілінде кішік кішігі пішінінде берілген. Бұл тұлғалардың қазіргі қазақ тіліндегі ісі «ұлық болсаң кішік бол» фразалық тіркесінің құрамында ғана қалған: соңғы ұяң дыбысы қатаңға айналған. Мұнымен ұялас сөздер: кішкентай, кішкене. Мұнда да көне түркі тіліндегі – ігі түсіп қалған. Кішкене, кішкентай сөздерінің құрамындағы – кен үлкен сын есімі құрамында да кездеседі. Бұлда, бұлардың құрамындағы - тай да күрделі құрамды кішірейткіш қосымшалары. Салыстыр: ботақан, кішкен- тай. Сонда –қан, -ген варианты аффикстер болып шығады. Үлкен сын есімі ұлық, ұлы (ескерткіштер тілінде улуғы), ұлғаю сөздерімен ұялас. Бұлардың арасындағы семантикалық байланыс айқын. Ұл, үл түбірлері, көне түркі тіліндегі у етістігінің қосымшамен күрделеніп, көнеленген түрі. С.Е.Малов бұл етістіктің мағынасын былай деп анықтайды: «У быть в состоянии что-либо сделать: камшайу уматын – не будучи в состоянии двигаться» [1, 190].

Ұзын, ұзақ сын есімдері бір ғана түбірден әр түрлі аффикстер арқылы жасалған сөздер екендігі олардың өзара мағыналық жақындығынан да, ортақ түбірлестігінен де айқын көрінеді. Бұлар ұза (ұзар, ұзару) етістігімен бір түбірден тараған. Алайда мұның алғашқы түбірі ұза емес, ұз екені қазіргі тіл фактілерін салыстырудан да көрінеді: ұзақ, ұзын сөздерін ұзар етістігімен салыстырсақ, -ақ, -ын, сол сияқты –ар қосымша болып шығады. Мұнымен байланысты мынадай фактілер бар: көне түркі тілінде уд, удз, уз (ізбе із жүру, ізбе – із еру). Сондай –ақ уду, удзу- ізбе із. Бұларға қарағанда, алғашқы түбір аффрикат дж- мен айтылған қосарлы дыбыстың екі жарылуынан уз және уд варианттары қалыптасқан. Қазақ тілінде соңғы, з – мен айтылатын вариант орныққан. Енді алғашқы түбір етістік пе, есім бе деген сұраққа, жоғарғы фактілерді ескерсек, етістік болды деп жауап беру керек, өйткені ұзын, ұзақ сөздері құрамындағы -ын, -ақ қимыл есім тұлғалары, ал ұзар етістігі

құрамындағы -ар етіс қосымшасы, сол сияқты етістіктің ұзай (ұзайды) варианты р>з>й дыбыс ауысуларының нәтижесінде қалыптасқан. Бұған бір дәлел: көне түркі тілінде бұл етістіктің ұзал (етіс тұлғасы) түрі де кездеседі. Қазақ тіліндегі ұзарт –пен қатар ұзат тұлғасы тағы бар. Осылардың бәрін ескерсек, ұзын, ұзақ сөздері түбірге аффикс қосылу арқылы сын есім болып қалыптасқан емес, түбір мен қосымша бірігіп, көнеленіп, қолданыс барысында сын есімге айналған.

Қыңыр сын есімінің түбір мен қосымшадан құралғандығы қыңба (ол қыңбады) сөзімен салыстырғанда көрінеді. Сол сияқты, жұмыр, мықыр, шымыр, обыр, бүкір сөздері де көнеленген түбір мен қосымшадан қалыптасқан. Қазіргі қазақ тілінде –ыр қосымшасы осы қызметінде кездеспегенмен, бүк (бүк бүк түсіп жатты), мық (мықшию, мықты), об (обып жіберді, опыру) түбірлері жеке немесе сөз құрамында кездеседі [3, 190].

Сонымен, қазіргі қазақ тілінде түбір мен қосымшаға бөлінбейтін, байырғы түбір деп қаралатын сын есімдер негізінен басқа сөз таптарынан ауысқан, яғни, адъективтенген сөздер. Ал олардың басым көпшілігі түбір мен қосымшадан құралған көне сөздер. Мұның өзі о баста тіл құрамында сын есімдердің арнайы мағыналы сөздер есебінде кеш қалыптасқандығын дәлелдейді. Сын есімдердің мұндай тобы аффиксация сын есім жасаудың механизмі ретінде орныққанға дейін, лексикалық жіктелу арқылы келіп шықса керек.

Ғ.Айдаров өзінің «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты еңбегінде Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде сын есімнің негізгі және сапалық түрлері кездесетіндігін көрсетеді.

Негізгі /сапалық/ сын есімдер заттың түрі мен түсін мен мен сипатын, сапасы мен белгісін білдіреді. Ескерткіштер тілінен мынадай мысалдар келтіреді:

- ак – ақ /КТб., 32,42/
- қара – қара /КТб., 39,40/
- боз – боз /КТб., 32/
- көк – көк /КТб., I/
- йашыл – жасыл /КТб., 17/
- едгү – игі, жақсы, тәуір /КТб., 24/
- йаблак – жаман, темен, нашар /КТб., 26/
- йумчак – жұмсақ /КТм., 6/
- гүчиг – тәтті /КТм., 6/
- улуғ – ұлық, үлкен /КТб., 40/
- кічиг – кішкене /КТм., 3/
- йаш – жас /КТб., 42/
- ач – аш /КТб., 26/
- тоқ – тоқ /КТм., 8/
- алп – алып, батыр /ҺТб., 42/. [3, 65].

Бұл сөздердің қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүргендері де бар.

Ғалым Күлтегін ескерткішінен мысалдар береді. Кейбір қатыстық сын есімдер тудыратын қосымшаларды атап өтеді. Солардың кейбірінің көне түркі тіліндегі таңбаларын көрсетуді жөн көрдік.

Көне түркі ескерткіштер тіліндегі сын есім жасайтын аффикстер негізінен қазіргі қазақ тілінде еш өзгеріссіз кездеседі.

Қатыстық сын есімдер. Текстерде қатыстық сын есімдер бір затпен екінші заттың қатысын, байланысын білдіреді. Олар жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.

Есімдерден сын есім жасайтын жұрнақтар -лы, -лі:

- Інілі – інілі /КТб., 6/
- Ечүлі - ағалы /КТб., 6/
- Бөклі – Бөккі /КТб., 8/
- лығ, -ліг /лұғ, -лүг/. Ертеден келе жатқан, көп қолданылатын өнімді және әр түрлі мағыналы сөз тудыратын жұрнақтың бірі [31,56].

-сыз, -сіз :

- буңсыз - мұңсыз, қайғысыз /КТм., 5/
- кергексіз - есепсіз /КТб., 52/
- ідісіз - йесіз /КТб., 19,20/
- ашсыз - ассыз /ЭТб., 26/

тонсыз - тонсыз /КТб., 26/
йағысыз - жаусыз /КТб., 30/
білігсіз - біліксіз /пТб., 5/
түзсіз - түзу.емес /КТб., 6/
өгсіз - шешесіз /КТб., 49/

Күлтегін өгсіз атын бініп, тоқуз ерін санычды – Күлтегін жетім атын мініп, тоғыз ерін шанышты /КТб., 4/.

Көгмен йірсуб ідісіз қалмазуһ – Көгмен жер-су иесіз қалмасын /КТб., 1, 20/.

Ічре ашсыз, ташра тонсыз, йабыз-йаблақ будунқа үзе олуртым - Іші ассыз, сырты киімсіз, төмен-нашар халыққа /қаған/ болып отырдым. /КТб., 26/.

- қы, -кі, -ғұ, -гү:

көңілдекі - көңілдегі /КТм., 12/

булуңдақы - бурыштағы /КТб., 2/

балықдақы - қаладағы /КТб., 12/

тағдақы - таудағы /КТб., 12/

ічрекі - іштегі /КТм., 12/

башғү - басқы /КТб., 1/

табғачғы - табашқы /КТб./ [5,57]. Төрт булуңдақы будун төрт – Төрт бұрыштағы халық [5,65].

Осы зерттеуінде автор осы тәрізді көптеген мысалдар береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 372 б.
- 2 Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.
- 3 Шәкенов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімнің категориясы. – Алматы: Мектеп, 1961. –197 б.
- 4 Төлеуов Ә. Сөз таптары. –Алматы: Мектеп, 1963. – 223 б.
- 5 Қазақ тілінің грамматикасы. –Алматы: Ғылым. 1967. – 442 б.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Қуанышбекова Айкерім Қуанышбекқызы, Сембиев Курмангазы Закирович
Академия «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ОСНОВНОГО ПРИЛАГАТЕЛЬНОГО

В статье анализируются эти особенности в составлении прилагательных, в основном в составе сложных прилагательных, без особых изменений.

Ключевые слова: местоимение, аффикс, трансформация, адъективация, активные слова, глагол.

Kuanyshbekova Aikerim Kuanyshbekovna, Sembiev Kurmangazy Zakirovich
Bolashaq Academy, Karagandy, Republic of Kazakhstan

FORMATION AND DEVELOPMENT OF THE MAIN ADJECTIVE

Annotation. The article analyzes how these features in the formation of adjectives, mainly in the composition of complex adjectives, are repeated without much change.

Key words: pronoun, Kashgar, chygyl, affix, transformation, adjectivation, active Words, verb.

List of references:

- 1 Baitursynov A. language lessons. - Almaty: native language, 1992. - 372 P.
- 2 Musabayev G. problems of Kazakh linguistics. - Almaty: Abzal-AI, 2014 – - 640 P.
- 3 Shakenov zh. category of adjectives in the modern Kazakh language. - Almaty: School, 1961. -197 P.
- 4 Tuleuov A. word classes. - Almaty: School, 1963. - 223 P.
- 5 grammar of the Kazakh language. - Almaty: Science. 1967. - 442 P.

Муратова Аяулым Оралқызы
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының
2 курс магистранты
Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы
«Bolashaq» Академиясы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.к., Қарағанды,
Қазақстан Республикасы

КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНДЕГІ ГРАММАТИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІКТЕР

Мақалада Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің лексикасы мен қазіргі түркі тілдері арасындағы өзгешеліктер қарастырылған.

Тірек сөздер: Орхон-Енисей, ескерткіш, лексика, грамматика, терминдер, түркі тілдері, сына жазуы.

Көне түркі тілдерінің грамматикалық құрылысын байқататын материалдарға да назар аударма кетейік. Бұдан оның қазақ тілімен жалғастығы салыстырусыз-ақ көрінеді.

Ескерткіштегі сөздер құрамына қарай түбір сөздер, туынды сөздер, қос сөздер, біріккен сөздер және күрделі сөздер болып бес топқа бөлінеді.

Жазба нұсқалардағы сөздер мағыналық, тұлғалық және қызмет жағынан әр түрлі болып, өзара бірнеше топқа бөлінеді. Олар ең алдымен негізгі және көмекші сөздер болып екі топқа бөлінеді. Ол сөздерді жинақтай келгенде, олар төмендегідей сөз таптарына бөлінеді: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, одағай.

Көне түркі тілінде қазіргі қазақ тіліндегідей род категориясы жоқ. Түркі тілінде ешқандай грамматикалық көрсеткішсіз-ақ өзінің лексикалық мағынасы жағынан белгілі бір жынысты білдіретін сөздер кездеседі. Олар семантикалық жақтарынан адамның, хайуанның белгілі бірі жынысын білдіреді. Мұндай сөздер ескерткіш тілінде баршылық: ата, оғул, қатун, қыз, келін, сіңлі, іні т.б. Ескерткіште бірен-саран синтаксистік әдіспен жасалған қыз оғул – қыз бала сияқты сөз тіркестері де кездеседі. Бірақ олар көп емес.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі зат есімнің көптік жалғауы заттың біреу емес, көп екенін білдіреді. Көптік ұғымды білдіретін жайттар ерте заманның өзінде-ақ қалыптасқан[1, 53].

Қазіргі заманғы түркі тілдері сияқты көне түркі ескерткіштері тілінде де көптік мән арнайы жалғаулар арқылы да немесе сөздің лексикалық мағынасы мен сөз тіркестері арқылы да берілген. Кейбір жеке сөздердің мағынасының өзінде көптік ұғым болған. Мысалы, йылқы, барым тәрізді сөздер қолданылуына қарай жекелік те, көптік те ұғым берген. Сонымен бірге, көптік ұғым сан есім мен зат есімнің тіркесі арқылы да, мысалы, асты йегірмі йаш / он алты жас /, екі шад / екі шад / т.б. қос сөздер арқылы да жасалған: шад-апыт / шадтар, би-бектер / т.б.

Орхон-Енисей жазбаларының тілінде де қазіргі қазақ тіліндегідей көптік мағынаны тудырудың негізгі жолы – көптік жалғаулар. Орхон-Енисей жазбаларының тілінде көптік жалғаудың екі түрі кездеседі. Олар: -лар, -лер, -т: беглер / бектер /, кунчуйлар / әйелдер/ т.б. Жинақтық мән беретін сөздер көбіне –лар жалғауынсыз қолданылғанға ұқсайды. Мысалы: Тоғыз оғуз беглері, будучу бу сабымын егүтү есід, қатығды тыңла / Тоғыз оғыз бектері, халқы сөзімді мұқият тыңда, терен ұқ./ деген сөйлем құрамында бег / бек/ сөзіне –лер жалғанған да, жинақтық мән беретін будун /халық/ сөзіне жалғанбаған[2, 103].

-т қосымшасы Орхон-Енисей жазбаларында атақ-дәрежені, шенді білдіретін тарқан-тарқат, шад-апыт, тігін-тігіт секілді азын-аулақ сөздердің ғана құрамында кездеседі. Зерттеушілер бұл қосымшаны монғол тілінен ауысқан деп жалғану тәртібі деп дәлелдейді. Бұл қосымша жалғанғанда сөздің соңғы дыбысы мүлдем түсіп қалады: тарқан-тарқат. Сонымен бірге, -т қосымшасы Орхон-Енисей дәуірінде жиі қолданылудан қалып бара жатқан еді деген де болжам бар. Сірә, бұл қосымшаның 5-6, онда да бір ғана мағыналық топқа жататын сөздердің құрамында кездесуі пікірді растаса керек. –Т қосымшасы уақыт жағынан Орхон-Енисей жазбаларынан кейінгі дәуірге жататын

ескерткіштердің ешқайсысында да көптік мән туғызудың өнімді тәсілі есебінде ұшыраспайды. X-XIII ғасыр жазбаларында –т аффиксімен келген бірден-саран сөздер кездескенімен, олардың өзіне де кейде –лар жалғанады. П.М.Мелиоранский өзінің «Күлтегінге қойылған ескерткіш» атты еңбегінде кейбір сөздер құрамында кездесетін –т қосымшасын түбірден бөліп алып қарауға болмайды деген пікір айтқан болатын. Бірсыпыра зерттеушілер сүт, аспауыт т.б. сөздердің құрамындағы –т-ны көптік жалғау деп қарайды. Бұлай болғанда қазақ тіліндегі сәлем-сауқат дегендегі –т да осы жалғау. Өйткені қазақ тілінде оның сауға дейтін –т-сыз айтылатын варианты бар. Алайда, мұның бәрі дауыссыз дәлелденген жайлар емес. Қазірге басы ашық мәселе – Орхон-Енисей жазбаларында –т көптік жалғау есебінде қолданылған[3, 111].

Сөздердің тәуелдену жүйесі. Заттар арасындағы тәуелділік, екінші заттың меншіктілік, иелік қатынасы көне түркі тілінде тәуелдік жалғаулар арқылы беріледі. Тәуелдік жалғау қазақ әдеби тіліндегідей үш жаққа байланысты көптік, жекелік бойынша оңаша, артықтық қасиетін сақтап түрленеді. Грамматикалық тұлғасы мынадай:

I-жақ, жекеше: -м, -ым, -ім, -ум, -үм будуным /халқым/, қағаным /ханым/, іні-м. Сабымын түкеті есідгіл – Сөзімді түгел естіндер. Інім Күлтегін бірле сөзленедіміз – Інім Күлтегінмен ақылдастық. Бөнің будунум анта ірүр – Менің халқым дайын, көпше: -мыз, -мыз, -ымыз, -іміз: қанымыз /әкеміз/, әчіміз /ағамыз/, йағумуз тегіре учук тег ерті – жауымыз тегіс жыртқыш құстай еді.

II-жақ, жекеше: -ың, -ің, -қаған-ың, оғыл-ың, қан-ың. Қаның субча йүгүрті, сеүкүң тағча йатды – Қаның суша құйылды, сүйегің таудай үйілді.

III-жақ, -ы, -і, -сы, қаған-ы, бег-лер-і, көз-і, көзі-қашы йаблақ болтача тіп – көзі, қасы жаман болар деп. Тоқуз оғуз беглері, будуны – тоғыз оғыз бектері, халқы. Қағану алп ерміс, айғучусу белгі ерміс – Қананы алыс еді, ақылғөйі білгір еді[4, 13].

Септеу жүйесі. Көне түркі тілінде септік түрінің саны туралы әр түрлі пікір айтылып жүр. Қазақ әдеби тіліндегідей арнайы тұлғасы жоқ атау септіктен басқа ілік, барыс, табыс, жатыс септіктердің қолданылуы жайында пікір тұрақты. Қазіргі қазақ тілінде қолданылатын шығыс септік тұлғасы / -дан, -ден, -тан, -тен / көне түркі тілінде қолданбаған, жоқ деген де пікір бар. Ол дұрыс емес. Бұл жайында ғалым С.Исаев «Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде шығыс септік формасы бар. Рас, ол өте сирек кездеседі. Сондай-ақ көне түркі тілдерінде, кейбір жиындардың көрсетуінше, құралдық септік тұлғасы / -ын, -ін / қолданылады. Мұның өзі де даулы. Өйткені –ын, -ін формалары кимыл, іс-әрекеттердің қалай, немен істелетінін /құралдық-амалдық мағынаны / білдіріп, әрі есім түбірге, әрі етістік түбірге бірдей жалғанады. Бұл тұлғаның осындай ерекшелігі оны септік жалғау көрсеткішінен гөрі үстеу тудыратын тұлға емес не екен»- деген ой салады. Осы Орхон-Енисей дәуірінде-ақ өнімділігін жоғалтып, рудимент ретінде ғана кездесіп отыратын –ын, -ін, -н, /-сын, -сін /, -ғары, -гері формалары түбір сөздің құрамында қазақ тілінде де жиі ұшырап отырады: бұрын, қысын, жазын, ертеңісін, ақырын, ұрын /келу /, жасырын, ықтасын, жақын / бұл сөз М.Қашқари сөздігінде йағру-жағру түрінде де кездеседі /, киын, еркін, жоғары, ілгері, бері, шағын, жақын, жырынды /болу/, бұрын, астыртын, кейін, ішкері, тысқары т.б. Бұл сөздер ең кем дегенде мың жылдан бұрын жасалып қалыптасқан да, тілімізге сол қалпында бір бүтін ретінде еніп тұрақтанған, өйткені V-VIII ғасырлардағы жазбалар тілінің өзінде бұл қосымшалар бірді-екілі сөздің /Күлтегін аз ерін іртүру ытымыз – Күлтегінді аз кісімен ілгері жібердік. Ингек көлігін Тоғлада оғуз келті – Жүк тиелген көлікпен оғыздар Тоғлада келді. Құрамында ғана кездеседі және қазіргі кезде өзінің о бастағы мағынасы мен қызметінен алшақтап кеткен[5, 58].

Ілік септіктің тұлғасы –ң, -ың, -ің, -ның, -нің, қаған-ның, Табғач қағаның бедізчег ыты – Табғаш ханының суретшілерін жіберді. Күлтегін Байырқұмның ақ адғырығ бініп опсайу тегді – Күлтегін Байырқұмның ақ айғырын мініп шабуылға шықты.

Қазіргі тілде кейде ілік жалғау орнына, әдетте, сөз жасаушы деп қаралатын аффикстердің қолданылу фактісі кездеседі. Ол әсіресе тілде соңғы дәуірлерде қалыптасқан терминдік тіркестер құрамынан жиі ұшырайды. Ауылдық, жер, қалалық совет, мемлекеттік бюджет т.б. терминдік тіркестерді екінші бір грамматикалық тәсілмен өзгертіп, ауылдың жері, қаланың советі, мемлекеттің бюджеті деп айтуға әбден болады. Одан олардың мағынасы өзгермейді, бірақ терминдік сипаты әлсірейді. Ілік жалғау орнына жеке аффикстердің қолданылуы жаңа құбылыс емес. Көне түркі тілінің ескерткіштерінен осыған ұқсас құбылысты кездестіруге болады: Қаңлық сүсі / ханның әскері /. Кең йердекі қағанлығ гәпде / бір жердегі ханның халқына /. Үкүш атлығ егрүнчүң йоқ / Көп аттың қуанышы жоқ/. Осы келтірген сөйлемдер құрамындағы қаңлық, атлығ, қағанлығ сөздерін септік тұлғасында қолдануға әбден болар еді. Сонда қазақ тілінде терминдік тіркестер құрамындағы –лық

аффиксінің ілік септік орнына қолданылуын дәстүрлік құбылыс деп қарау керектігін М.Томанов пен Т.Қордабаев өз еңбектерінде келтіреді.

Табыс септік көрсеткіші екі түрлі: бірі –ғ, -г, -ығ, -іг, екіншісі –ны, –ні және –ын, –ін, –н. Ол сабығ әсідіп. Ол сөзді естіп; ісіг, күшіг бөртім – істі, күшті бердім; ақ адғырығ бініп – ақ айғырын мініп; алп Шалчы ақ атын бініп тәгміш – алып Шолчы ақ атын мініп /жауға/ тиді, тоғуз ерін санчды – тоғыз ерін /жауынгерін/ шанышты және әкі эріг санчды – екі ерін шанышты.

Қазіргі қазақ әдеби тілінде табыс септіктің алғашқы тұлғасы / -ғ, -г, -ығ, -іг / кездеспейді.

Табыс септіктің қолданылуын әңгімелегенде, ең алдымен оның жасырын не ашық қолданылуының заңдылықтары құрастырылуға тиіс. Қазіргі түркологияда табыс септіктің мұндай қолданыстарын заттың белгілі не белгісіздігімен байланыстыру жиі кездеседі. Ал қазіргі тілдегі жай бұлай болғанда, тарихи тұрғыдан қалай екен дейтін сұрақтың тууы заңды. Көне жазбалар тілін зерттеушілердің көпшілігі-ақ көне түркі тілінде табыс жалғауының ашық не жасырын келуі белгілі бір жүйені аңғартпайтынын айтады. Әңгіме болып отырған объект белгісіз болса да, кейде ол табыс жалғауының ашық түрімен келеді де, ал сол объект белгілі болса да ол кейде жалғаусыз жұмсалады. Сөйтіп зерттеушілердің едәуір бөлігі қолдайтын қазіргі тілдердегі белгілілік-белгісіздік теориясы тарихи тұрғыдан дәлелді болмай шығады. Мысалы, Ақтермел кече оғрақлатдым / Ақтермелді кешіп өткесін тоқтаттырдым / деген сөйлемді алайық. Егер белгілілік белгісіздікке байланысты болса, осы сөйлемдегі Ақтермел атауы міндетті түрде табыс жалғауында келуге тиіс еді[5, 49].

Барсы септік тұлғасы: -қа, -ке, кейде –ға, -ге /әсіресе –ғару, -геру тұлғасының құрамында /. Түркі білге қаған бу әдке олуртум – түрк білімді ханым бұл орынға отырдым; Шантун йазықа тегі сүледім – Шантун жазығына дейін соғыстым. Барыс септік тұлғасы жіктеу есімдіктері мен тәуелдік жалғау сөздерге –а, -е, түрінде жалғанады. Маңа көрүр анча будун көп ітдім – Маған қарайтын осынша халықты көп еттім; Білге қаныңа, эрміс бармыс эдгү эліңе кэнтү йаңылтығ, йаблақ кігүртіг – Білімді ханыңа, ерлігі мол бай ізгі еліңе өзін жаңылып, жамандық әкелдің.

-ғару қосымшасы нақ осы күйінде рун жазбаларында ғана кездеседі. Ондағы осы жалғаумен келген сөздердің де біразы барыс септікті есімнен гөрі үстеуге көбірек ұқсайды. Ал мына сөйлемдегі осы тұлғалы сөзді септелген есім деуге бола ма екен: Қаным Ілтеріс қағанығ, әгім Ілбілге қатынұғ теңрі төлесінде тұтып, інте тұтып йөгөрү көтүрміс ерінч / Әкем Ілтеріс қағанды, шешем Ілбілге қатунды тэңрі төбесінде ұстап, жоғары көтерген еді /. Бұл сөйлем құрамындағы йөгөрү сөзі – үстеу. Бұған қарағанда –ғару аффиксінің түбірімен ұласып, бірігу процесі сол дәуірдің өзінде-ақ басталса керек. Қазіргі қазақ тіліндегі сыртқары, ішкері, шеткері, жоғары, тысқары сөздері сондай процестің нәтижесі. Зерттеушілердің бірсыпырасы барыс септіктің –ғару тұлғасын құрайды: -ға және –ру аффикстерінен тұрады деп қарайды. –ға аффиксі барыс септіктің қазіргі тұлғасы болса, -ру аффиксі - өте ескі дәуірдің қалдығы, ол әлі тұлға есебінде кейбір сөздердің құрамында сақталып қалған. Бұған қазіргі қазақ тілінде кездесетін кері, ары, бері сөздері мысал бола алады.

Жатыс септік тұлғасы: -да, -де, -та, -те. Тэңрі тэғ тэңріде болмыш – тэңрі текті, тэңрідей болған; көздэ йаш кэлсэр - көзде /көзге/ жас келер; анта өтрү қағанымы өтүнтүм - анда өткесін /содан кейін / ханымнан өгіндім; Суңа йылида сүңүшдіміз – Соңа жерінде соғыстық. Жатыс септік жалғауы тәуелдік жалғаудың 3-жағынан кейін жалғанғанда –нда, -нта тұлғасында қолданылады. Тоңа тігін йоғынта – Тоңа тегін азасында /жоқтауында/. Көне түркі тілінде жатыс септіктің қолданылуы, мағыналық шеңбері кең екенін байқаймыз. Жатыс септік тұлғасы барыс септіктің, шығыс септіктің мағыналарында қолданыла береді. Ол жоғарыда берілген мысалдардан да байқалады. Жатыс септік тұлғасының осындай, көне түркі тіліндегідей, барыс және шығыс септік мағынасында да қолданылуы қазақ тілінде де болған, кейін де жалғасып келген. Мектепте оқу – моллаға оқу – молладан оқу сияқты конструкциялардың бір кезде қолданылуы, үйге-үйде деген барыс және жатыс септік тұлғадағы сөздерге қайда / түбірі қай, -да –жатыс септік жалғауы / деген бірдей сұрақ қойылуы, сонда кетті –сонда тұр, осында келді –осында болды, мұнда келді – мұнда тұр, бол т. б. паралель конструкцияларда жатыс септік тұлғасының әрі қимылдың болу орнын, мекенін, әрі бағытын, сөйтіп, барыс септік мағынасын қатар білдіруі міне осыны аңғартады. Демек, мұның өзі көне кезден қалған тілдік үлгі, грамматикалық тұлға екен.

Шығыс септік тұлғасы: -ған, -тен. Шығыс септік тұлғасы көне түркі тілінде сирек кездеседі. Бірақ, соған қарап, оны есептен шығарып тастауға болмайды. Йарықлығ қантан кэліп йақа элді, Сүңүгліг қантан кэліпэн сүрэ элті? – жарақтылар қайдан келіп жарып өтті, Сүңгілілер қайдан келіп, ысырып /сүріп/ өтті?

Шығыс септік жалғауының негізгі мағынасы: істің, әрекеттің шығар көзін, іс-әрекеттің таралған, ажыраған объектісін білдіру. Шығыс жалғауының осы екі ұдай мағыналық ерекшелігі

сонау ескі дәуірден келе жатқаны жоғарыда келтірілген мысалдардан да көрінеді. Сонымен бірге, шығыс септік жалғауы әрекеттің себебін, уақытын, салыстырмалы сынын да білдіреді.

Қазіргі қазақ тілінде шығыс септік заттың тегін, негізін білдіру үшін де қолданылған. /Тастан сарай салғызды, талдан таяқ сүйретті/. Бұл із әсіресе фольклорлық шығармаларда аса жиі кездеседі. Қазіргі қазақ тілінде шығыс септік жалғауының кейде табыс септік жалғауының орнына қолданылатын кездері бары мәлім. Көне түркілік ескерткіштер тілінде де нақ осындай фактілер ұшырайды. Осы сипаттаманың өзінен көне түркі тілінің грамматикалық құрылысының қазіргі қазақ тілімен қаншалықты жақындығы бар, ұқсас екендігін аңғару қиын емес. Әрине, ондай ұқсастық бұл екі дәуірдегі тілді тепе-тең деп қарауға негіз болмайды. Тәуелдеу, септеу жүйелерінде сыртқы тұлғалық жағынан болсын айырмашылықтардың болып отыратынын естен шығармаймыз. Олай болмағанда, тіл дамуының ерекшеліктерін ескермеген болар едік. Осыдан көне түркі тілі мен қазақ тілі арасындағы ұқсастықты, демек, жалғастықты, басқа да грамматикалық құрылыс жүйелерінен, жеке сөз таптары ерекшеліктерінен /жіктеу есімдіктер /, есімдіктің басқа топтары, сын есімнің түрлері, сан есімнің түрлері, шылаулардың қызметі мен қолданылу шеңбері т.б. /жіктеу жүйесінен, етістіктің есімше, көсемше, рай жүйесінен, шақ тұлғаларынан, сөз тудыру жүйелерінен көруге әбден болады[3, 53].

Тіл білімінің синтаксис саласынан мұндай ұқсастықтарды салыстырусыз-ақ көруге болады.

Тек бұл айтылғандар ғана емес, сөз саптау өнері, өрнекті сөз кестелеу, образды ойды жеткізу, көркемдеу тәсілінің ортақтығы, поэзиялық үлгілердің сан сырды сездіретін ішкі ой шеңбері, сыртқы тұлғасы жағынан көне түркі тілі дәстүрінің қазақ тілімен, қазақ әдебиетімен үндес, жалғаса келіп жатуы – үзілмеген жалғастық мына тәрізді көне түркі ескерткіштеріндегі: «Кәрүр көзүм көрмаз тег, болар білгім білмас тег болты» деген жолдар «Қобыландыда: Жайықтың суы лай-ай, Көр болды көзім жылай-ай; «Алпамыста»: Көретін көзім көр болды, Бір перзентке асық боп» түрінде айтылады. Ал көне түркідегі «Қнаңы субча йүгүрті, Соңүкүң тағча йатды» дегендер «Алпамыста»: Майданнан аққан қызыл қан, Сарқырап ақты судай боп, Өліктері төбе боп, - деген сияқты үндес, үйлес келеді. Бұл жалғасты желінің бір көрінісі болса керек. Кейде көне түркі ескерткіштерінің сипаты қазақтың шешендік сөздерімен, билердің сөз саптау қисынымен үндес, ұқсас келіп, астасып жатады. Бұдан ауызша әдеби тілдің көне түркі тілінен басталып, қазақтың жазбаша әдеби тіліне толассыз тартылғанын көруге әбден болады.

Қазіргі қазақ тілі мен көне түркі жазба нұсқалар тілінде кейбір тұрақты фразеологиялық тіркестер, метафоралық орамдар, қос, қосарланған сөздердің дәлме-дәл немесе кейбір семантикалық я фонетикалық ерекшеліктерімен сәйкес келуі, сондай-ақ кейбір сөздер мен тіркестердің көне түркі тіліндегідей белгілерімен, мағыналық, тұлғалық ерекшеліктерімен қазақ тілінде қолданылуының ұқсастығы тіпті де кездейсоқ емес: түн қатып, асты бағ бүдүн, астын кешіг, сегіз адағлық, барымын, арқыш-тіркіш, йадағын-йалаңын, әлу-йіту сияқты тұрақты тіркестер мен қос сөздер қазіргі қазақ тілінде не сол күйінде сақталған, не кейбір ғана өзгеріске түскен: түн қатып, 12 баулы ел, немесе 92 баулы қыпшақ, астын кісе, семіздің сегіз аяғы бар немесе семіздің аяғы сегіз, іркіс тіркіс, жаяу-жалпы, жадағай-жалаң, әлі-жіті. Міне, мұнда кейбіреулері толық дәлме-дәл келсе, кейбіреуінің құрылуы, берілу формасы сақталған.

Кейінгі кезде көне түркі жазба ескерткіштерінің осындай тілдік, дәстүрлік поэтикалық жағына көңіл аударыла бастады. Қазақ тілінің материалдарымен бұл ескерткіштерді салыстыру нәтижесінде көп ортақтық, мол ұқсастық бары айтылып, мұның өзі кездейсоқ ұқсастық емес, көне түркі поэзиясының тілдік, жанрлық, поэтикалық, дәстүрлік, тұрақты образдылық жағынан бергі ғасырларға келіп жеткен белгілері, үзіліссіз жалғастық іздері деп көрсетіліп жүр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хасенова А. Қазіргі қазақ туынды түбір етістіктер. – Алматы, 1959.
2. Изысканный дар тюрскому языку. – Ташкент, 1978. 57 б.
3. Отар Әлі Бүркіт. Түркітану. Арыс баспасы: – Алматы, 2003ж.
4. Исаев С.М. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Мектеп: -Алматы, 1989.
5. Арынов Т. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы, 1981ж. 168-169 беттер.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Муратова Аяулым Оралқызы, Сембиев Курмангазы Закирович
Академия «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан

ГРАММАТИЧЕСКИЕ СООТВЕТСТВИЯ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО ЯЗЫКА И КАЗАХСКОГО ЛИТЕРАТУРНОГО ЯЗЫКА

В статье рассматриваются различия между лексикой орхоно-ескерткішсейского языка памятников и современными тюркскими языками.

Ключевые слова: орхоно-Енсейский, монумент, лексика, грамматика, термины, тюркские языки, клинопись.

Ключевые слова: очерк, типичный характер, сочинение, произведение, сюжет, пейзаж, портрет.

Muratova Ayaulym Oralovna, Sembiev Kurmangazy Zakirovich
Bolashaq Academy, Karagandy, Republic of Kazakhstan

GRAMMATICAL COINCIDENCES OF THE ANCIENT TURKIC LANGUAGE AND THE KAZAKH LITERARY LANGUAGE

The article discusses the differences between the vocabulary of the language of Orkhon-Yenisei monuments and modern Turkic languages.

Key words: Orkhon-Yenisei, monument, vocabulary, grammar, terms, Turkic languages, cuneiform.

List of references:

1. Khasenova A. modern Kazakh derived root verbs. - Almaty, 1959.
2. modified Dar in the Turkish language. - Tashkent, 1978. 57 p.
3. The Flock Is Still An Eagle. Turkology. Arys publishing house: - Almaty, 2003.
4. Isaev S. M. history of the Kazakh literary language. School: - Almaty, 1989.
5. Arynov T. history of formation and development of the Kazakh literary language. - Almaty, 1981, pp. 168-169.

УДК 81.1:39
МРНТИ 16.31.21

Оразгалиева Гульфарид Шамсуловна

orazgaliyeva_gulfarida@mail.ru

кандидат филологических наук,

Академия «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан

ЦВЕТООБОЗНАЧЕНИЕ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ А. АЛЕКСИНА

В статье рассматриваются цветообозначения в произведениях А. Алексина, который использует их для описания персонажей в основном ахроматические цвета: *белый, серый, черный*, а также отсутствующие в цветовом спектре тона, но имеющиеся в языке слова *бледный, белёсый, белокурый, бесцветный, светлый, тёмный* для обозначения цвета кожи и волос. Это связано с тем, что события происходят в военное время, когда люди в тылу не доедали, не досыпали, работали без выходных и отпусков, к врачам не обращались; и послевоенное время, когда народ ещё не успел восстановить своё здоровье. Писатель меньше употребляет хроматические тёплые тона: *красный, розовый, жёлтый, коричневый*; и отсутствующие в цветовом спектре тона *румяный, загорелый*; у него очень мало слов, называющих холодные хроматические тона.

Ключевые слова: цветообозначения, цвет, тон, ахроматические цвета, хроматические тёплые цвета, хроматические холодные цвета, цветовой спектр

Рассмотрим цветообозначения, использованные писателем А. Алексиним в своих произведениях.

Наиболее отчетливо и ярко национально-культурная семантика проявляется в основном словарном фонде языка, в ядерных значениях, непосредственно отражающих объективную действительность. К числу слов, в которых ярко проявляется национально-культурная семантика, относятся цветообозначения, играющие важную роль в языке и в жизни.

Общеизвестно, что существует множество цветов и цветовых оттенков и соответственно этому названий цветов.

Ученые-физиологи установили: кожа – отдаленный орган зрения, т.к. в ней имеются рецепторы, воспринимающие цвет.

В слове отражается движение времени, изменение «вещного» мира, развитие идей. Зрительные восприятия столь существенны, так заметны в развитии языка, в развитии семантики отдельных слов, что составляют особую область в науке о языке. Развитие цветообозначений оказывается тесно связанным с самим восприятием окружающего мира.

Исследовательница В.Я. Задорнова подчёркивает, что антропоцентризм современной лингвистики, согласно которой за каждым речевым произведением «стоит» не только языковая система, но и языковая личность, стилистический анализ должен быть ориентирован не только на определение стилистической маркированности (принадлежности текста к одному из функциональных стилей речи), но и на выявление индивидуальных особенностей стиля автора, отраженных в тексте [1, с. 8].

Далее она отмечает: «Понимание художественной литературы предполагает умение читателя не только воспринимать текст как сумму значений составляющих его единиц, но и распознавать «двойственную» природу языковой единицы в художественном тексте, её способность наполняться новым поэтическим содержанием. При этом создатель литературного произведения обязательно использует возможности языка специфическим, только ему одному присущим, способом» [1, с. 8].

Ю.Н. Караулов пишет: «Под языковой личностью я понимаю совокупность способностей и характеристик человека, обуславливающих создание и восприятие им речевых произведений (текстов), которые различаются а) степенью структурно-языковой сложности, б) глубиной и точностью отражения действительности, в) определенной целевой направленностью» [2, с. 3].

И.А. Цатурова и Н.А. Каширина констатируют, что под дискурсом понимается сложное коммуникативное явление, не только включающее акт создания определенного текста, но и отражающее зависимость создаваемого речевого произведения от значительного количества экстралингвистических обстоятельств – знаний о мире, мнений, установок и конкретных целей говорящего как создателя текста, знаний о ситуации, социальные знания и определенные культурологические и прочие типы знаний, т.е. это текст, «погруженный в жизнь» [3, с. 45].

Поэтому текст представляет собой нечто качественно иное по сравнению со всем тем, что можно обнаружить в языке.

Ю.Д. Апресян считает: «Образное и творческое использование языка имеет ценность как в образовательном контексте, так и само по себе. Язык может использоваться рецептивно, продуктивно, интерактивно, медиативно как в устной, так и в письменной форме.

Важнейшей языковой сущностью, в которой содержится основная информация о связи слова с культурой, являются образы» [4, с. 38].

Как нам известно, каждый из цветов спектра имеет определенную длину волны – от самой короткой (фиолетовый цвет) до самой длинной (красный цвет).

На привокзальной площади я увидел те же осенние цветы в жестяных вёдрах и те же светло-зелёные машины, подпоясанные чёрными шашечками. [5, с. 6]. А. Алексин употребляет метафору чёрными шашечками вместо слова такси, поскольку в советское время чёрными шашечками по бокам автомобилей обозначали такси.

Хотя в цветовом спектре нет, но в языке имеются слова *бледный, белёсый, бесцветный, белокурый, светлый, тёмный, румяный, рыжий*, называющие цвет кожи, волос человека. Автор активно употребляет их для описания персонажей.

В следующем примере А. Алексин прибегает к контрасту тёмные косы – бледное лицо: *Из-под шапки не было видно тёмной косы, и поэтому ничто не молодило её лица: оно было бледным, измученным* [5, с. 65].

Писатель при портретной зарисовке почтальона использует цвет **бледная**, затем называет причину этой бледности **болезненная**, потому что во время войны в тылу все не доедали, не жаловались на здоровье:

Через двадцать дней, когда я зашел на почту, где меня уже знали, бледная девушка в окошке на миг оживилась и сказала:

- Сегодня вам есть... [5, с. 16].

Бледный – 1. слабо окрашенный, Например, *бледное лицо* (без румянца) 2. перен. не производящий впечатления, невыразительный [6, с. 48].

Вернулся на почту, спросил у болезненной девушки, когда пришло это письмо [5, с. 16]. И закрыла глаза болезненно белыми пальцами с припухшими сгибами на суставах [5, с. 16].

Автор разными приёмами раскрывает **бледность**, **болезненность** девушки, поскольку кровь плохо циркулирует, не поступает во все органы: *Руки девушки, конечно, замёрзли, но не покраснели, как мои, а были прозрачными, обескровленными [5, с. 16]. Щёки у девушки оставались такими же бледными, но глаза, казалось, в то мгновение их освещали [5, с. 27].*

Но лучше бы она (лампочка - О.Г.) не выхватывала: бледные губы его дрожали [5, с. 110].

Радость озарила усталые глаза Святослава Николаевича и его бледное, не всегда гладко выбритое лицо [5, с. 85]. Глаза его глядели устало, об усталости свидетельствовала и бледность его не всегда выбритых щёк [5, с. 78].

Прозвище **Покойник** одноклассника Генки Рыжикова комментируется самим автором: *Лицо его было покрыто мертвенной бледностью. И вообще он очень хотел умереть [5, с. 81]. – Я пощучу. – сказал бледный Покойник [5, с. 112].*

Я представлял себе, как много лет назад Нина Георгиевна купила ему нарядный матросский костюмчик, как долго причёсывала его перед тем, как повести к фотографу: из-под бескозырки продуманно выбивались светлые волнистые волосы [5, с. 64].

Это вызывало во мне раскаяние, и я выслушал своего друга с таким благодарным вниманием, что корни его белёсых волос начинали прямо-таки пылать [5, с. 49]. Автор использует метафору глагол **пылать**, т.е. корни волос становятся огненно-красными.

Белёсый – тусклый и светлый до белизны [6, с. 40].

И ещё я заметил, что от висков у него, как свалевшийся войлок, свисали белёсые космы, которые он ещё не брил [5, с. 62].

Писатель использует цветообозначения при описании персонажей:

Это было белокурое существо (Валя Миронова - О.Г.) двенадцати с половиной лет [5, с. 82]. Миронова была самым белокурым и самым старательным существом у нас в классе [5, с. 82]. Лишь по лёгкому, едва проступающему румянцу да по блеску больших серых глаз, которые меня ослепляли, можно было догадаться, что она немного утомлена [5, с. 138].

Белокурый – светло-русый, со светло-русыми волосами [6, с. 40].

У него были волнистые светлые волосы, зачёсанные набок, голубые глаза и по-девичьи нежные, розовые щёки [5, с. 60].

Традиционно **белые**, **серые** и **чёрные** цвета называют ахроматическими (т.е. бесцветными), а все остальные хроматическими (цветными), т.е. теплыми и холодными, холодными (все цвета от **зеленого**, **зелено-голубого** до **сине-пурпурного**), теплыми можно назвать все цвета (от чисто **желтого**, **оранжевого** и **красного** до **пурпурно-красного**). Цветовые прилагательные в любом языке, в том числе и в русском, являются коммуникативно нагруженными лексическими единицами. Это обуславливает их активность в сфере семантической и словообразовательной деривации. Будучи соотнесенными с достаточно четкой системой цветовых представлений, прилагательные цвета на логико-семантическом уровне образуют достаточно выраженную систему весьма сложной структуры. [7, с. 205]

Ахроматические цвета

Я сидел на белой табуретке, а мама стояла [5, с. 53].

Я выбежал с белым листком в руке [5, с. 16].

У тебя побелели щёки, – сказал он. – Надо потереть снегом [5, с. 30]. Когда обморожены щёки или уши, нужно потереть чистым сухим снегом или шерстяной варежкой, шарфом.

Она бегала по корту в белой майке и в белых трусах [5, с. 94].

На фронт Подкидыша не взяли главным образом из-за зрения.

Своего «белого билета» Подкидыш (прозвище инженера Николая Евдокимовича Елизарова в повести «На тылу как в тылу» – О.Г.) стыдился.

– У меня на медкомиссии обнаружили еще кучу болезней, – признался он мне [5, с. 20].

Белый билет – (разг.) свидетельство о неспособности нести военную службу [6, с. 40].

В произведениях писателя отмечаются холодные ахроматические тона:

Усталые, серые лица вроде бы оживились, и в бараке стало уютней [5, с. 21]. **Серые лица**, потому что во время войны в тылу люди работали без усталости, без выходных, не доедали, не досыпали, за медицинской помощью не обращались.

Серый – 1. Цвета пепла, дыма. *Серые тучи, Серая шинель. Серый волк, серые глаза. Серый хлеб* (из пшеничной муки грубого помола). 2. перен. Болезненно бледный. *Серые лица*. 3. перен. Посредственный, ничем не замечательный. *Серая повесть, серое существование* [6, с. 703].

Вокруг лежал снег, серый от золы, которую ТЭЦ работавшая, как и люди, взахлёб, через силу, вываливала на город [5, с. 22].

Серая гарь скрипела и пачкала руки [5, с. 30].

Писатель прибегает к метафоре **чёрные руки**, потому что в дождь кора деревьев становится чёрной, у него ассоциация ветвей с руками. *Грязь напоминала густую, серую кашу, которая аппетитно чавкала под ногами. Дождь всё усиливался, приятно освежая в пути. Деревья ласково протягивали нам свои кривые чёрные руки* [5, с. 135].

Автор использует перифраз **чёрный круг** вместо слова радио, чтобы не повторять. *Укладывалась, когда радио кончало свои передачи, а вставала, как только чёрный круг на стене оживал* [5, с. 38]. Радио было в виде чёрного круга, оно начинало работу в 6 часов утра. **Чёрный** – 1. Цвета сажи, угля. ...3. Принявший тёмную окраску, потемневший. ... 5. Перен. мрачный, безотрадный, тяжёлый. *Чёрные мысли. Чёрные дни. В чёрных красках изобразить что-н. Видеть всё в чёрном свете*. 6. Перен. Преступный, злостный [6, с. 872].

В русской традиции чёрный означает "преступный, злостный, подлый" (*черное дело, черная совесть, черная неблагодарность*), "предосудительный, плохой" (*черные списки, черная книга*), "незаконный, нелегальный" (*черный рынок, черная биржа*). [7, с. 214]

Ощущение чёрной несправедливости больно ранило моё сердце... [5, с. 133].

Хроматические холодные цвета:

Но синие трусы всё же продолжали торчать [5, с. 63].

Автор использует слово **васильковый**, т.е. синий, цвета васильков, который также отсутствует в цветовом спектре. *Не было на нём василькового тренировочного свитера («Из чистой шерсти!») - объяснил мне однажды отец, не было добротного костюма с редкими, еле заметными белыми полосками на тёмном фоне, а была какая-то помятая косоворотка с незастёгнутыми верхними пуговицами* [5, с. 52].

В повести «А тем временем где-то...» писатель употребляет отсутствующий в цветовом спектре цвет **серебряный**, прибегая к метонимии **серебряное слово**, т.е. надпись выполнена серебряным цветом. *А просто подошла к фотографии, на которой был изображён мальчишка лет трёх или четырёх, в матроске с серебряным словом «Витязь» на ленте, и стала рассказывать как бы самой себе... [5, с. 58]. Я смотрел на мальчишку в матроске с серебряным словом «Витязь» [5, с. 64].*

Серебряный – 1. См. серебро. 2. Блестяще-белый, цвета серебра. *С. свет луны. Серебряная борода (серебристо-седая)* 3. О звуке, голосе, мелодично-звонкий, высокого тона [6, с. 702].

В творческом контексте А. Алексина имеется перифраза **чернильные пятна**. Обычно чернила были фиолетового цвета, поэтому писатель прибегает к такому цветообозначению. *Я посмотрел на его отглаженный костюм, на клетчатую рубашку с отложным воротником без единой морщинки, вспомнил о том, что сегодня на большой перемене посадил два свежих чернильных пятна на свою помятую куртку, и не стал раздеваться* [5, с. 60].

Фиолетовый – то же, что лиловый. *Ф. ирис, Ф. аметист, Фиолетовые чернила* [6, с. 841].

Фиолетовый действует на сердце, лёгкие, кровеносные сосуды. Этот цвет любят люди, в жизни которых наблюдается период неустойчивости. В Индии символизирует печаль и утешение, в Бразилии – печаль. Фиолетовый – это «ломаный» цвет, полученный от смешения пурпурного и синего. Когда-то, как и чёрный, считался цветом печали и траура, сейчас все его оттенки очень распространены и популярны.

Тёплые хроматические тона:

Ребята звали его Антоном-Батоном за то, что он был полным, сдобным, розовощёким. Когда он смущался, розовела вся его крупная шарообразная голова и даже казалось, что корни белёсых волос подсвечивались откуда-то изнутри розовым цветом [5, с. 43].

Антон волновался: корни его волос начали постепенно окрашиваться в розовый цвет [5, с. 70].

В творческом контексте А. Алексина имеется отсутствующий тон в цветовом спектре цветообозначение **румянец**. *Нежная, бархатная кожа его лица часто заливалась румянцем [5, с. 78]. Нежная бархатная кожа его лица покрылась румянцем [5, с. 99].*

А сейчас она увидит, как я буду краснеть и сопеть, пролезая с трудом между стеной и дверью!» [5, с. 128].

Наши барак к тому времени окружили красные коробки будущих цехов [5, с. 38]. Автор использует метафору **красные коробки**, т.е. здания.

Жёлтый цвет стимулирует мозг, привлекает внимание и сохраняется в памяти дольше, чем другие цвета [7, с. 206].

Я проехал две остановки на автобусе, прошёл немного пешком и остановился возле двухэтажного жёлтого дома [5, с. 50]. Я долго разглядывал жёлтое, выцветшее здание, потому что вдруг оробел [5, с. 50]. Прохаживаясь в нерешительности возле старого жёлтого дома, я мысленно представлял себе, как поднимусь по лестнице, как позвоню в квартиру номер семь... [5, с. 50].

Не случайно специалисты не рекомендуют его использование как раз по причине «назойливости и интенсивности», хотя, с другой стороны, цвет является запоминающимся, так как делает предмет «больше» [7, с. 206].

Однако, подходя к жёлтому двухэтажному домику, я почему-то вновь забыл о её беде [5, с. 57]. Я должен был отыскать причину, которая бы позволила мне вновь подняться на второй этаж старого жёлтого дома [5, с. 67].

Именно этот солнечный цвет сплетается с чувством печали, опасности (болезнь **желтуха**, каз. **сары ауыру** «болезнь гепатит» **сары төсек тарту** «длительная, тяжёлая болезнь»), печальных предчувствий (каз. **сары ұайым** "бесконечная (долгая) печаль, тоска"). Жёлтый цвет – цвет осени, печали, конца. [7, с. 206].

На следующий день Глеб принёс старую карточку, на которой усы у Гл. Бородаева почти совсем выцвели, лицо пожелтело [5, с. 88].

Выцвести (выцветать) – лишиться яркости окраски (от времени, солнца, ветра [6, с. 118].

Из-под стёртой кожи выступали коричневые пятна, кровоподтёки [5, с. 350]. Автор уточняет перифраз **коричневые пятна** словом **кровоподтёки**, так как высохшая на ткани, материале кровь приобретает коричневый тон.

Алексин использует отсутствующий в цветовом спектре тон **загорелый**. *Травы были высохшие, напоминавшие сено, а пальцы у отца были загорелые, крепкие, но осторожные [5, с. 17].*

Загорелый – смуглый от загара [6, с.197].

Я сравнивал её с мамой и огорчался: женщина с веслом, тоже загорелая, тоже белозубая, была красивее мамы [5, с. 50].

Проходя мимо, я заглянул в него: там, на дне, лежал пёстрый свитер и несколько книг [5, с. 60].

Итак, А. Алексин в своих произведениях использует цветообозначения для описания персонажей в основном ахроматические цвета: *белый, серый, черный*, а также отсутствующие в цветовом спектре тона, но имеющиеся в языке слова *бледный, белёсый, белокурый, бесцветный, светлый, тёмный* для обозначения цвета кожи и волос. Это связано с тем, что события происходят в военное время, когда люди в тылу не доедали, не досыпали, работали без выходных и отпусков, к врачам не обращались; и послевоенное время, когда народ ещё не успел восстановить своё здоровье. Писатель меньше употребляет хроматические тёплые тона: *красный, розовый, жёлтый, коричневый*; и отсутствующие в цветовом спектре тона *румяный, загорелый*; у него очень мало слов, называющих холодные хроматические тона.

Список использованной литературы:

1. Задорнова В.Я. Восприятие и интерпретация художественного текста. – М.: Высш. шк., 1984. – С.85-87.
2. Караулов Ю.Н. Русская языковая личность и задачи ее изучения // Язык и личность. – М., 1989. – С.3-8.
3. Цатурова И.А., Каширина Н.А. Переводческий анализ текста. Английский язык: Учебное пособие с методическими рекомендациями. – 2-е изд., испр. и доп. – СПб.: Перспектива, Изд-во «Союз», 2008.- 296 с.- (Библиотека переводчика).

4. Апресян Ю.С. Образ человека по данным языка: Попытка системного описания // Вопросы языкознания. – М., 2002.-№ 1.-С. 37-67.

5. Алексин А.Г. «Мой брат играет на кларнете» и другие повести / Послесл. И.П. Мотяшова; Худож. В.И. Терещенко. – М.: Просвещение, 1983. – 400 с. Ил. – (Школ. б-ка).

6. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и выражений/ Российская АН, Российский фонд культуры; 2-е изд., испр. и доп. – М.: Азъ, 1995. – 928 с.

7. Оразгалиева Г.Ш. Лексико-фразеологические единицы языка в лингвокультурологическом аспекте: учебное пособие. – Караганды: типография ТОО «Арко», 2013, 347 с.

ТҮЙІНДЕМЕ/RESUME

Оразгалиева Гульфарид Шамсуловна
«Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

А. АЛЕКСИННИҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮС БЕЛГІЛЕРІ

Мақалада А. Алексиннің шығармаларындағы түс белгілері қарастырылады, ол оларды кейіпкерлерді сипаттау үшін пайдаланады негізінен ахроматикалық түстер: ақ, сұр, қара, сондай-ақ түс спектрінде жоқ реңктер, бірақ тілде бар сөздер бозғылт, ақшыл, аққұба, түссіз, ашық, қараңғы тері мен шаштың түсін көрсету үшін. Себебі, соғыс уақытында тылдағы адамдар нашар тамақтанған, аз ұйықтаған, демалыс пен демалыссыз жұмыс істеген, дәрігерлерге жүгінбеген оқиғалар орын алады; және соғыстан кейінгі уақытта, халық денсаулығын қалпына келтіруге әлі үлгермеген кезде. Жазушы хроматикалық жылы тондарды аз пайдаланады: қызыл, қызғылт, сары, қоңыр; және түс спектрінде жоқ реңктер қызғылт, күйген; оның суық хроматикалық тондарды шақыратын сөздері өте аз.

Тірек сөздер: түс белгілері, түс, тон, ахроматикалық түстер, хроматикалық жылы түстер, хроматикалық суық түстер, түс спектрі

Orazgaliyeva Gulfarida
Academy «Bolashaq», Karagandy, Republic of Kazakhstan

COLOR DESIGNATIONS IN THE WORKS OF A. ALEKSIN

The article discusses color designations in the works of A. Aleksin, who uses them to describe characters mainly achromatic colors: white, gray, black, as well as tones absent in the color spectrum, but available in the language words pale, whitish, blond, colorless, light, dark to denote the color of skin and hair. This is due to the fact that the events take place in wartime, when people in the rear did not finish eating, did not get enough sleep, worked without days off and vacations, did not go to doctors; and the post-war period, when the people had not yet had time to restore their health. The writer uses less chromatic warm tones: red, pink, yellow, brown; and tones that are absent in the color spectrum: ruddy, tanned; He has very few words for cold chromatic tones.

Keywords: color designation, color, tone, achromatic colors, chromatic warm colors, chromatic cool colors, color spectrum

List of references:

1. Zadornova V.Y. Perception and Interpretation of the Artistic Text. Moscow: Vyssh. Shk., 1984. P.85-87.

2. Karaulov Y.N. Russkaya yazykovaya lichnost' i zadachi ee izucheniya [Russian language personality and the tasks of its study]. Moscow, 1989. P.3-8.

3. Tsaturova I.A., Kashirina N.A. Perevodcheskiy analiz teksta [Translation analysis of the text]. English Language: Textbook with Methodical Recommendations. – 2nd ed., ispr. St. Petersburg: Perspektiva, Soyuz Publishing House, 2008.- 296 p.- (Translator's Library).

4. Апресян Y.S. Obraz cheloveka po dannym yazyka: Attempta sistemnogo opisaniya [Image of a person according to the data of language: An attempt at system description]. Moscow, 2002, No. 1, pp. 37-67.

5. Aleksin A.G. "My brother plays the clarinet" and other stories. I.P. Motyashova; Khudozh. V.I. Tereshchenko. Moscow, Prosveshcheniye Publ., 1983. – 400 p. (in Russian). – (School).

6. Ozhegov S.I., Shvedova N.Y. Explanatory Dictionary of the Russian Academy of Sciences, Russian Cultural Fund; 2nd ed., ispr. Moscow, Az Publ., 1995. – 928 p.

7. Orazgaliyeva G.Sh. Leksiko-frazeologicheskie ediny yazyka v lingvokulturologicheskogo aspekte: uchebnoe posobie [Lexico-phraseological units of language in linguoculturological aspect: textbook]. – Karaganda: Arko LLP Printing House, 2013, 347 p.

Оспанова Назым Батырбекқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының
2 курс магистранты

Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы

«Bolashaq» Академиясы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.к., Қарағанды,
Қазақстан Республикасы

ПСИХОЛИНГВИСТИКА МЕН ЭКСПРЕССИВТІК СТИЛИСТИКАНЫҢ АРА ҚАТЫНАСЫ

Мақалада экспрессивтік стилистиканың негізгі ұғымдары қатарында экспрессия, экспрессивтілік түсініктері әлемдік тіл білімі ғылымында көптен бері ғалымдардың назарын ерекше аударып, тереңнен зерттелуі қарастырылған.

Тірек сөздер: экспрессивтік, синоним, метафора, метонимия, транспозиция, коннотация, афоризм.

Қазақ тілі ерекше жүйе ретінде өзінің құрамындағы бірліктерінің энергиялық қуатын сөйлеу барысында, сөйлеу әрекетінде таныта алады. Сөйлеу барысы көптүрлі және көпбейнелі түрге ене алатын күшке ие болып келеді. Адам баласының сөйлеуі барысында физикалық та, психикалық та, физиологиялық та процестер қатар жүріп жататынын байқауға болады. Сол сәтте сөйлеу – әрі индивидуалды, әрі әлеуметтік құбылыс ретінде өтіп жатады.

Стильдік ерекшеліктерді мәтінге жинап-теріп, бір арнаға ұйымдастыратын психикалық процестердің негізгісі ретінде сөйлеу процесі барлық тіл бірліктерінің жаңа бағдар ала ұйымдасуының жаңа сапасын танытады. Сол болмыспен сыртқа шығарылған сөйлеу туындысы енді сыртқы ортаны өзгертуге мүмкіндік алатын белгілі бір күшке ие екенін көрсетеді. Адамның санасында ойлау мен қиялдау процесі сөйлеу әрекетімен тығыз байланыста болып, адам ойлауының ерекше түрін, яғни тілдік ойлауын (сөйлеу – ойлау – речевое мышление) қалыптастырады.

Тіл құралдарының эмоционалды-экспрессивтік қызметі лексиканың, грамматиканың аясында зерттелгенмен, экспрессивтік стилистиканың арнайы құралдары ретінде біізге түсірілген жоқ. Психология мен психолінгвистика адамның іс-әрекетіндегі эмоцияның қызметін зерттеуге бағытталған. Сол себепті адамда болып жататын психикалық процестерді талдауда эмоцияның психикалық және іс-әрекеттік қырын бірлікте алып түсіндіру басты ұстаным болып есептеледі. Психологияның өзінде де адамның эмоциялық сезімдерінің қат-қабат сырларын зерттеу әлі жеткіліксіз. Бұл эмоцияны тілдік тұрғыдан зерттеуге де қиындық тудырып отыр. Сондай-ақ, психологиядағы эмоцияның түрлерінің топтастырылуы және оның жалпы сипаты дәл анықталды деп те айту қиын. Адамға тән негізгі эмоция түрлері әлі психологияда да, физиологияда да дәл анықталмаған.

Психологтардың ойынша, эмоцияға универсалдық сипат тән: «Некоторые отдельные эмоции являются универсальными, общекультурными феноменами. И кодирование, и декодирование ряда эмоциональных выражений одинаковы для людей всего мира, безотносительно к их культуре, языку или образовательному уровню» [1, 56 б.]. Эмоцияның универсалды қасиеті В.А.Артемова, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде де эксперименталды тұрғыдан дәлелденеді. Дегенмен, ғалымдар арасында тілдегі сезім мен адамның табиғи сезімдерінің әрдайым сәйкес келетіндігіне күмән келтіретіндері де бар. В.И.Шаховский оған үзілді-кесілді қарсы пікір айтады: «шынайы сезімдер мен оның тілдік моделі ешқашан сәйкес келмейді» [3, 90 б.]. А.Н.Леонтьев болса, тіл бірліктері заттық өмірдің барлық қатынастары мен қасиеттерін идеалды формада бейнелейді деген пікір айтады [2, 56 б.]. Адамның өзіндік табиғатына тән универсалды эмоциялық сезімдерді негізге ала отырып, тілдің стилистикалық жүйесіндегі универсалды экспрессивті мағыналарды анықтауға және олардың тілдегі көрінісін анықтауға болады деген болжам жасауға болады. Бұған тілдегі адам сезімдерінің бейнелену семантикасы негіз болады. Лингвистикалық зерттеу еңбектерінде мұндай эмоциялық универсалдар түрліше аталып жүр: доминант эмоциялар, негізгі эмоциялар, эмоционалды тон, жетекші эмоциялар, базалық эмоциялар, т.б. Сонымен қатар, психологтар адам баласына тән сезімдер мен

толғаныстардың табиғаты бірдей болғанмен, әр тілдің эмоциялық сөздік қоры әртүрлі екенін айтады. В.Н.Гридиннің пайымдауынша, барлық халықта эмоциялар универсалды, ортақ болғанымен, олардың әр тілдегі типологиялық құрылымы бір-біріне ұқсамайды екен, себебі әр тілдің эмоционалдық табиғатына ұлттық ерекшелік тән болып келеді.

Сонымен, эмоционалдылық пен бағалаушылық – өзара тығыз байланысты категориялар екені даусыз. Психологиялық және лингвистикалық еңбектерде адамның эмоциясын зерттеудің екі жолы қарастырылады: 1) «алдымен адамға тән эмоциялық сезімдерді анықтау арқылы оның тілдегі көрінісін зерттеу»; 2) «тілдегі эмоциялық құралдарды анықтау арқылы адамның сезімдер дүниесіне талдау жасау» [5].

Лингвистикада тіл стилистикасын зерттеудің бағыттарын және соған сәйкес стилистиканың салаларын мынадай бинарлық қарама-қарсы қою әдісі арқылы ажыратып көрсетуге болады: зерттеу нысанына қарай бөлінісі (стилистикалық ресурстар немесе құрылымдық стилистика, иә болмаса экспрессивтік стилистика және функционалды стилистика); тіл мен сөйлеудің дихотомиясына қарай стильдердің бөлінісі (тіл стильдері мен сөйлеу стильдері); тілді зерттеудегі мақсат-міндетіне қарай бөлінісі (теориялық және практикалық); тілдерді өзара салыстыра зерттеу ерекшелігіне қарай бөлінісі (жеке және салыстырмалы немесе контрастивті); темпоралдық салыстыруларға қатысына қарай бөлінісі (синхронды немесе сипаттамалы және диахронды немесе тарихи). Осыған байланысты қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының жалпы стилистикалық жүйедегі орны, соның ішінде функционалды стилистикамен байланысы және қатынасы анықталады. Функционалды стилистика мен экспрессивтік стилистиканың байланысы мен айырмашылығын және бірін-бірі толықтыратын қатынасын ауызекі сөйлеу тілі мен кітаби жазба тілді, олардың лексикалық, синтаксистік жүйелерін қарама-қарсылық бірлікте алып қарастыру арқылы көз жеткізуге болады. Тілдік узуға ауызекі сөйлеу тілі кітаби жазба тілге қарағанда динамикалы болып келеді де, жаба тілдің дамуының қайнар көзі болып табылады. Ал жазба тіл ауызекі сөйлеу тілі арқылы статикалы сипат алып, оны өз тарапынан нормаға түсіріп отырады. Осы процесте ауызекі сөйлеу тілінің табиғатына тән экспрессивтілік пен кітаби тілдің табиғатына тән функционалдылық диалектикалық қатынаста танылады.

Функционалды стилдің жүйесінде тілдік қолданыстардың шынайы сипаты көрінеді. Сондықтан да тілдің стильдік бөлінуі оның қоғамдық функциясы мен коммуникативтік қолданысы арқылы шешіледі. Сонымен қатар ол функциялардың ерекшеліктері мен салалары тілдік құралдардың бөлінуіне де әсер ететін айқындап отыру керек.

Функционалды стилистика категорияларында қоғамда қалыптасқан тілдік жағдайға байланысты бекітіледі. Тілдің қоғамда қолданылу формаларының белгілі бір қоғамға сәйкес жүзеге асырылуы қажеттілікке және әрекет түрлеріне де байланысты болады. Қазіргі кездегі Қазақстанда қалыптасқан тілдік жағдайда қазақ тілінің өзінің қоғамдағы әлеуметтік функциясында өзгерістер болып жатқаны белгілі. Сонымен қатар қазақ тілі өзінің әлеуметтік функциясын әлі де болса толық орындап отырмағаны да белгілі. Сондықтан болар бүгінгі күні қазақ тілінің ресми-іскери формасы әлі қалыптасып жатыр деуге болады. Осындай тілдік жағдайда тілдік күзіреттілік пен тәжірибенің әртүрлі типтері қалыптасып жатыр.

Қазіргі кездегі қазақ тілінің толық қолданылатын қоғамдық өмір саласы әр түрлі. Б.Хасановтың айтуы бойынша, қазақ тілі 15 негізгі және 57 кіші салаларда қолданылады. Бүгінгі күні іс қағаздарын жүргізу саласына мемлекеттік тілдің қарқынды енгізілуі қазақ тілінің ресми-іскери стилін дамытуға үлкен мүмкіншілік туғызып отырғанын да атап өткен жөн. Бірақ орыс тілінің елімізде әлі де болса, өзі позициясын бермеуі қазақ тілінің өмірдің маңызды салаларындағы функциясына кеңейтуге жағдай туғызбай отыр. Осы қазақ тілі мен орыс тілінің арасындағы функционалдық шекаралар бүгінгі күні анық белгіленіп отыр. Д.Н.Шмелевтің «В условиях двуязычия ситуация и тема разговора могут вызвать переход от одного языка к другому» деп айтуы бойынша, тілдік коммуникацияның жүзеге асуында түрлі және стилистикалық қызық құбылыстар пайда болуы мүмкін. Екі тілдің функционалдық қырынан өзара қарым-қатынасы тіл мәдениеті қырынан назар аударуды да қажет етеді.

Функционалды стилистикада дау тудыратын көптеген мәселелер бар екені сөзсіз. Ғалымдар көркем сөйлеудегі лингвостилистиканың статусы қандай, функционалды стильді бөліп қарастырудың критерийлері қандай, сөйлеу стилі мен тіл стилін бөлу қаншалықты дұрыс, сөйлеу типтері, сөйлеудің функционалды нұсқалары (типтер, түрлер), тілдің, сөйлеудің функционалды стильдері, сөйлеу стильдері, регистрлер т.с.с. Тұжырымдар мен пікірлердің көптігіне байланысты бір ғана ғылыми жұмыс ішінде олардың барлығын қарастыру мүмкін емес.

Ауызекі сөйлеу – жалпы ұлттық тілдің еркін қарым-қатынаста кодталған кітаби сөйлеумен қарама-қарсы қойылған жағдайда қолданылатын функционалды түрі. Ауызекі сөйлеу стилі көбіне ауызша-диалогты формада жүзеге асады. Бірақ ол жазбаша мәтіннің ауызекі сөйлеу белгілеріне тән емес деп айтуға болмайды. Ауызекі сөйлеу ерекшелігі әдетте тұрмыстық жағдайда, диалог құрғанда және көркем сөз шығармашылығында қолданылады. Функционалды стилистиканың шегі мен мазмұнын айқындаушы тұжырымдарды анықтауға болады: бірі-біріне қарама-қарсы қойылған және өзара диалектикалық әрекетте болатын ауызекі сөйлеу мен кітаби дәстүрлі тілдік қолдануда жалпыұлттық тілде функционалдық жоспарда екі кіші жүйе бөлінеді: ауызекі сөйлеу және кітаби. Тілдің әртүрлі функционалдық реңктерде болатыны, адам іс-әрекеті осы әрекетті жүзеге асырушы құрал ретінде тілді қолданатыны, «тіл жүйелердің жүйесі» формуласын «Тіл функционалдық стильдердің жүйесі» деп айтуға болатыны көптеген тілдер материалдарымен дәлелденіп, көрсетілген.

Сөйлеудің екі түрін қарама-қарсы қою барлық дамыған әдеби тілдерде болады. Осыған байланысты функционалды-стилистикалық саралау үдерісі әр түрлі тілдерде бірдей жүреді деуге болады. Бұл – тілдің элеуметтік табиғатын және ауқымды түрде стильдердің экстралингвистикалық шартталатынын дәлелдейтін бір дерек. Қорытындылай келе, мынадай тұжырым айтуға болады: белгілі бір тілдің функционалды-стилистикалық бөлінуі нақты бір тарихи кезеңде құрылуына қарамастан, оған тән сипаты мен іргелі белгісі ретінде кітаби және ауызекі сөйлеудің бірі біріне қарама-қарсы қоятын қасиеті айқын көрініп тұрады. Тілді зерттеушілер бірқолдан өзге функционалдық типтерде белгіленбеген ауызекі сөйлеу жүйесіндегі мына экстралингвистикалық стиль түзуші факторларды атайды: шартталған ситаутивтілік, дайындалмағандық, қарым қатынастың бейресмилігі, нақты адресатқа бағытталғаны. Сонымен қатар жалпы лингвистикалық белгілерде белгіленіп көрсетіледі: акцентуация мен интонация құралдарының жоғары белсенділігі; айтылымның рема – темалық (тема үнемі түсіп қалады) ұйымдастырылуы бұзылатын имплициттік; вербальды емес құралдың белсенділігі; нақты лексиканың көп болуы; есімдіктердің белсенділігі; сөйлемдердің толық құрылымдығының болмауы; сөз тудырудың ерекше модельдері; демеуліктердің, одағайлардың, модаль сөздердің, жалқы есімдердің белсенділігі; фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің кең қолданылуы; лепті және сұраулы сөйлемдердің жиі қолданылуы, т.б.

Кітаби сөз ауызекі-тұрмыстық сөзден өзінің мазмұны бойынша да ерекшеленеді. Егер де ауызша сөйлеуде тұрмыстық күнбе-күнгі тақырыптарға байланысты әңгімелер өзек болса, кітаби-жазба сөйлеуде «жоғары материя» туралы айтылады: талдауға бағытталған ақпараттар, абстрактілі тақырыптардағы ой-толғаулар, деректерді салыстыру және оларға шолу жасау, үдерістер мен заңдылықтарды талдау, т.б. қарастырылады.

Кітаби сөйлеудің лексика-стилистикалық өзіндік ерекшелігі, біріншіден, онда қолданылатын экспрессивті коннотация жағынан бейтарап тілдік айтылым құралдарының қолданылуымен айқындалады. Кітаби мәтіндердің типтендірілген түрлерінде терминология мен арнайы фразеологиялардың конуструктивті рөлі зор. Лексиканың бұл қабаты (пласты) функционалды-стилистикалық коннотациялармен сипатталады. Олар осыған сәйкес мәтіндердің табиғи құраушылары болып табылатындықтан арнайы мәтіндер аясында үнемі қолдануының бұзылуына әкелмейтінін көрсетеді. Мұндай мәтіндерді қабылдаудың автоматтануы жаңа терминнің пайда болуымен, бар терминнің дәстүрлі емес жағдайда қолданылуымен бұзылады. Кітаби сөйлеудің өзіне тән ерекшелігі ретінде абстрактілі семантикадағы зат есімдердің көп болуын атауға болады.

Осы айтылғандардың барлығы кітаби сөйлеудің объективті стилистикалық белгісі ретінде ерекше реңкін көрсетеді.

Кітаби-жазба сөйлеудің жалпы типологиялық белгісі – ауызекі сөйлеуге қарағанда, коммуникативтік бірліктердің тиянақтылығы және сәйкестілігі әлдеқайда жоғары. Осылардың арқасында мәтіннің тақырыптық – мәндік, коммуникативтік және құрылымдық бірлігі қамтамасыз етіледі. Бұлардың барлығы адамның өрелік қызметінде қолданылатын құрал ретінде қолданылуының ең қажетті шарты болып табылады.

Экспрессивті синтаксистің құралдары кітаби сөйлеудің белгілі бір типтерін стилистикалық құруға тән емес. Экспрессивті интонациялар мұндай мәтіндерде тақырыптық-заттық ақпараттың түсінілуі мен қабылдануына кедергі болып табылады. Эмоционалды-экспрессивті бояулар тұрғысынан кейбір құбылыстар (риторикалық сұрақ, параллельді синтаксистік конструкциялар, қайталаулар, инверсиялар т.с.с.) ерекше болмауы да мүмкін. Мұндай құралдардың коммуникативтік функционалды қолданылуы классикалық типтегі кітаби сөйлеуде мәтіннің мағыналық мәнерін күшейтіп, сөйлеу қарым-қатынасының тақырыптық-денотативтік компонентіне назар аудартатыны да анық.

Кітаби-жазба сөйлеу синтаксисіне тән белгі – стилистикалық бейтараптылық сөздердің және бөлек синтаксистік топтардың орын тәртібінің көрінуі. Мысалы, анықтаушы сөздің анықталып тұрған сөздің алдына қойылуы, бастауыштың баяндауыштан бұрын келуі. Жалпы сөйлем мүшелері синтаксистік қозғауларсыз және соларға байланысты экспрессивті-прагматикалық бояудың болмауын жібермеусіз өтеді.

Айтылымның актуальды бөлінуі (тема-ремалық ұйымдастыру) сөздердің орын тәртібі арқылы көрінеді. Кітаби сөйлеудің реманы темадан кейін қойылды, ал ауызекі сөйлеуде айтылымдардың экспрессивті реңкін күшейту үшін стилистикалық инверсияларға жүгінеді. Кітаби сөйлеудегі маңызды құрылымдық ерекшелік – онда санамалап айтылатын қатарлардың болуы. Оларда белгілі бір логикамен орналастырылған бірыңғай мүшелер болады. Мұндай синтаксистік құрулар хабарлаудың толықтығын және жинақылығын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Балли Ш. Французская стилистика . -Москва: Наука, 1961. -394 с.
- 2 Матезиус В. Язык и стиль // Парижский лингвистический урок. -Москва: Прогресс, 1967. -523 с.
- 3 Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. -Москва: АН СССР, 1963. -255 с.
- 4 Винокур Г.О. О задачах истории языка // Звягинцев В.А. История языкознания XIX и XX веков в очерках и извлечениях. Часть II . -Москва: Высшая школа, 1960. -281 с.
- 5 Щерба Л.В. О тройном аспекте языка и эксперимента в языкознании // Звягинцев В.А. История языкознания XIX и XX веков в очерках и извлечениях. Часть II . -Москва: Высшая школа, 1960. - 281с.

РЕЗЮМЕ/RESUME

**Оспанова Назым Батырбекқызы, Сембиев Курмангазы Закирович
Академии «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан**

СООТНОШЕНИЕ ПСИХОЛИНГВИСТИКИ И ВЫРАЗИТЕЛЬНОЙ СТИЛИСТИКИ

В статье рассматривается углубленное изучение понятий экспрессии, выразительности в числе основных понятий выразительной стилистики, что давно привлекло внимание ученых в мировой лингвистической науке.

Ключевые слова: выразительность, синоним, метафора, метонимия, транспозиция, коннотация, афоризм.

**Ospanova Nazym Batyrbekovna, Sembiev Kurmangazy Zakirovich
Bolashaq Academy, Karagandy, Republic of Kazakhstan**

THE RELATIONSHIP BETWEEN PSYCHOLINGUISTICS AND EXPRESSIVE STYLISTICS

The article considers that among the basic concepts of expressive Stylistics, the concepts of expression, expressiveness have long attracted the attention of scientists in the world science of linguistics and are studied in depth.

Key words: expressive, synonym, metaphor, metonymy, transposition, connotation, aphorism.

List of references:

1. Bally Sh. French style . -Moscow: Nauka, 1961. -394 p.
2. Matthesius V. Language and style // Paris linguistic lesson. -Moscow: Progress, 1967. -523 p.
3. Vinogradov V.V. Stylistics. Theory of poetic speech. --Moscow: USSR Academy of Sciences, 1963. -255 p.
4. Vinokur G.O. On the tasks of the history of language // Zvegintsev V.A. The history of linguistics of the XIX and XX centuries in essays and extracts. Part II . - Moscow: Higher School, 1960. -281 p.
5. Shcherba L.V. On the threefold aspect of language and experiment in linguistics // Zvyagintsev V.A. The history of linguistics of the XIX and XX centuries in essays and extracts. Part II . - Moscow: Higher School, 1960. - 281s.

Смагулова Меруерт Серікбайқызы
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының
2 курс магистранты
Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы
«Bolashaq» Академиясы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.к., Қарағанды,
Қазақстан Республикасы

САН-ӨЛШЕМДІК ҰҒЫМДАРДЫ БІЛДІРЕТІН ТАНЫМДЫҚ ДЕРЕКТЕР

Мақалада Қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеген профессор Томанов, тілдің құрылымдық тарихын зерттеп көрсеткен.

Тірек сөздер: грамматика, морфология, ономастика, модель, экстралингвистика, лексика-семантикалық компонент.

Сан – ауқымы кең, түбі терең философиялық та, логикалық та ұғым. Адамзат санасында сан діни, тәңірлік және әлемдік символ ретінде қалыптасып, бойына жұмбағы мол құпия, тылсым күш жинаған. Халық танымында әр санның өзіндік сыры, өзіндік киесі, тылсымы бар. Қазақтың өзіндік өлшемдері болған: бір көнек сүт ~ 6-7 л, бір қап – 65-66 кг, бір жамбы – 6 кг, бір шөкім – 12,5 г, бір сүйем – 18см. Қазақтың санау жүйесі, өлшемдері - қазақтың мәдениеті жоғары халық екендігіне дәлел.

Сан есімнің өне бойындағы осындай мифопоэтикалық семантика сатира сардарлары мен сарбаздарының назарынан тыс қалмаған. Оның дәлелі – кейіпкерге ат берудегі сан есімдердегі символдық қолданыс. Сықақшылар бұрынғы таптаурын ізбен қу, айлакер болса – Түлкібай, қорқақ болса – Қоянбай, күшті болса – Аюбай, деп сыдырта беруден ада болған[1, 13]. Сандық символдың қуаты кейіпкерге қойылған аттан білініп тұрады: Мыңдықыр “жанжалқұмар”, Бірдібірге Шағыстырғанова “арандатқыш”, Жүзбас “маскүнем”, Бестиын жалқау, Бестіқырт мылжың, Біржамбас “қыңыр”, Бірдеңкеев “ынжық”, Жалғызбике, Бесбике “жеңілтек”, Қырыққабатов “суайт”, Миллионбай “жебір”, Шіңкілдек ызакор т.б.

Сандық атаулардан жасалған сатиралық-юморлық поэтонимдер (СЮП): Алтыбас, Бесбалуан, Бесбике, Бесқарын, Бесқара, Бесмағанбет, Бессаусақов, Бестен, Бестіайғыров, Бестібай, Бескемпір, Біргүл, Бірай, Біржамбас, Бірімбек, Бірдеңкеев, Бірдібірге Шағыстырғанова, Бір Шіңкілдек, Жүзбай, Жүзбас, Жүзтайлақ, Елубесбай, Қырықбес, Қырыққабатов, Қырықсақина, Миллионбай, Миллиардбек, Мыңдықыр, Мыңжігіт, Мыңжылқы, Мыңтұр, Үшкемпір, Отызбірбай, Сорокбай, Тоғыз Тоңқылдақ, Төртқарын т.б.

Қазақ антропонимісі профессор Т.Жанұзақов сан есімдермен келетін кісі аттарын талдай келіп, ол есімдердің көбінесе ер кісілерге берілетінін, ал санмен әйел есімнің кездеспейтінін айтады. Расында, өмірде бұл үрдіс сақталғанымен, сатира мен юморда сан есімді матронимдер саусақпен санарлықтай: Бесбике, Бескемпір, Біргүл, Жүзтайлақ, Үшкемпір [2, 53].

Сан есімнен жасалған жалқы есімдерді сандық құрамы жағынан талдауымыз мынаны көрсетті: бір саны – 8 рет, үш – 1, төрт – 1, бес – 10, отыз – 1, алты – 1, тоғыз – 1, отыз – 2, қырық – 4, елу – 1, жүз – 3, мың – 4, миллион – 1, миллиард – 1 рет ғана кездесті.

Семантикалық белгілеріне қарап, мөлшерлік мағынаны аңғартатын Ақылкөп, Жалғызгүл, Жалғызбике, Дарабай, Жартыбас, Қосқұлақ, Қосомыртқа, Қосорай, Қосыпайтар, Көнекбай, Көгенбай, Алтынжамбы, Қапшық сияқты аттарды қоспаған себебіміз, олардың құрамындағы көп, жалғыз, дара, жарты, қос, көнек, қазық, көген, жамбы, қап, мұндай сөздер мөлшерлік мағынада қолданылғанымен, сан есімдер қатарына жатпайды. Осы аттар құрамындағы көне өлшемдер жөнінде педагог-ғалым С.Елубаев мынандай: 1 көнек сүт шамамен 6-7 литр, 1 қадақ бидай шамамен 19,47 кг, 1 көген шамамен 25,5 м, 1 мысқал шамамен 4,46 г, 1 жамбы күміс шамамен 6 кг, 1 қазық бойы шамамен 3-4 сүйем деген дерек келтіреді [3, 103].

“Бір” санымен келетін Кейіпкер аттары: Бір+ай, Бір+гүл, Бір+жамбас, Бір+ім+бек, Бір+ді бір+ге, Бір+деңке, Бір Шіңкілдек, Бір+атола. Санамақ “бір” санымен басталады, ол ең аз мөлшер, жеке, дара ұғымын білдіреді.

Бірімбек <бір+ім+бек. Адам есімдері көбінесе -бай форманты арқылы жасалады. Ал сан есімнің -бек формантымен жасалуы сирек құбылыс.

Біржамбас <бір жамбас. Бұл жерде жамбастың санын білдіріп тұрған жоқ. Жантайып жатып адам неше түрлі әңгіме-дүкен құруға араласады, жамбастап жатып небір қулықты ойлап табады. Тілімізде “бір жамбастады” қыңыр тартты дегенді білдіреді. Бір жамбасымен жату – қазақ ұлтына ғана тән құбылыс болар деп ойлаймыз.

Бірдеңке < бір+деңке (диал). Бірдеңке бірдеңе сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен нұсқасы. Жергілікті сөйлеу ерекшелігі деп ұғынылса да, қазіргі кезде ауызекі тілде жиі қолданылады.

Бірді бірге Шағыстырғанова < бір+ді бір+ге шағыстырған. Бұл жерде “бір” саны заттанып, бір адам, бір кісі дегенді білдіріп, біреуді біреуге шағыстыру – “айдап салу, арандату” мағынасында жұмсалып тұр.

Біротала < бір+отала. Сөйлеу тіліндегі жергілікті ерекшелік “бір жола” деген мағынада жұмсалады.

Үшкөмпір < үш көмпір аты сатирада ғана емес, өмірде де кездеседі (Жақсылық Үшкөмпіров). Негізінде үш санымен кісі есімдерінің ұшырасуы сирек құбылыс [1, 113].

Атақты түркітанушы ғалым Э.Р.Тенишев үш санымен жер-су аттарын атау дәстүрі болған деп дәлелдемелер келтіреді. Қазақ жерінде Үшқоңыр, Үшарал (Алматы), Үшауыз, Үшкөң, Үшмерген (Маңғыстау) топонимдері кездеседі. Тілімізде үш жұрт, үш жүз, үш тоғыз, ошақтық үш бұты тәріздес қолданыстарға қарағанда, нақтылық, толыққандылық, бағалағыштық ұғымдардың символын беріп тұрған сияқты. “Үш” саны – дүние жүзі халықтары үшін шектік сипатқа ие.

Төртқарин < төрт қарин (қара+ин) < төрт қара. Қара сөзі көп мағыналы, бұл жердегі қара “ірі мал” мағынасында жұмсалып тұр деуге негіз бар.

Қазақтың тұрмыс-тіршілігінде төрт түлік мал бар, олай болса төрт қара дегеніміз – төрт түйе, не жылқы, сиыр болуы мүмкін. Төртқара деген ру да кездеседі. Төрт санына байланысты дүниенің төрт бұрышы, төрт көзі түгел, табиғаттың төрт мезгілі, төрт аяғы теңселген, төрт түлік мал т.б. тіркестерді семасында “толыққандылық, тұрақтылық, біркелкілік” деген уәждің жатқаны сөзсіз.

Бес санына байланысты жасалған кейіпкер аттары: Бес+бике, Бес+балуан, Бес+тен, Бес+қарын, Бес+қара, Бес+саусақов, Бес+ті+бай, Бес+ті+айғыр(ов), Бес+мағанбет, Бес+тиын, Бестіқырт.

Бесқара < бес қара. Тілімізде “бес қаралық” тіркесі бес қараға тұрарлық, бағалы деген мәнді білдіреді.

Бессаусақов < бес саусақ. Атап айтсақ: “бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек”, – деп жас баланы санауға үйретеді. “Бес саусақ бірдей емес” деген мақал бар. Бас бармақты “ұрлыққа барайық” дегені үшін құдайдың жазалағаны, “сондықтан да бәрінен де қысқа болып қалған” деп балаларды ұрлықтан жирендіреді.

Бестібай < Бесті бай, Бестіқырт < бесті қырт бұл кейіпкер М.Әуезовтің «Абай жолындағы» мылжың, сөзуар кісі. Бесті айғыр дегендегі “бесті” сөзі жылқы малының беске келгенде нағыз бабына келетіндігін көрсетіп тұр.

Бестиын < бес тиын “түкке тұрғысыз”, “құны төмен” деген ұғымда жұмсалады. Санау жүйесін алып қарағанда, “бес” – сандардың шегі болған. Ұлы Абай: “Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол,” – деген. Басқа сандарға қарағанда “бес” саны салыстырмалы конструкцияларда және басқа да тұрақты тіркестердің құрамында келіп адамға, нәрсеге, құбылысқа берілген сипаттамалық қасиеті басымдырақ секілді [5, 88].

Алтыбас < алты бас. Тіршілік иелерінде алты басты” болуы – мифтік ойлаудың жемісі. (“Алты басты айдаһар”) Бестік санау жүйесінде белгілі шектік семасы болса, алты санында шексіздік семасы жатыр. Алты қыр, алты қабат аспан – қашықтық, алты басты айдаһар – күштілік, қаһарлық, алты алаш – біртұтастықты білдіреді. Кейіпкердің Алтыбас аталуында сандық ұғым емес, экспрессивтік реңімен ғана ерекшелініп тұр.

Конфуцийдің (Кунцзы) кезінде білімді деп алты өнерді меңгерген адамды айтады екен: рәсімдерді дұрыс орындай алатын, музыканы түсінетін, садақ ата білетін, арба айдауды білетін, оқи білетін және математиканы білетін [32,6]. Осы айтылғандарды жинақтағанда, алты санында кереметтік, күштілік, ауырлық, салмақтылық сияқты сырдың ұшығы көрінеді.

Тоғыз Тоңқылдақ < тоңқылдақ – тоңқ деген дыбысқа еліктеуден туындаған сөз сияқты, бірақ этимолог ғалым Э.Нұрмағанбетов түркі тілдерінде “тоңқ”сөзінің – “дөркі, олақ, есуас, ақымақ” деген мағыналарын келтіріп, “тоғыз есуас” немесе “тоғыз ақымақ” деген тұжырымға келеді. Тоғызға байланысты қазақ арасында түрлі өлшемдер бар. Соның бірі – айып өлшемі (Айыппұл). “Ер Төстікте” тоғыз ұл, тоғыз қыз кездеседі. Қазақта “Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз” дейтін мақал бар, “тоғыз тарту”, “тоғыз құмалақ”, “тоғыз көзді кіреуге, “тоғыз қабат торғауыт” деген тіркестерге қарап, “тоғыз” саны – тұрмыстық сан деуге негіз бар. Санау жүйесінде 1-ден 9-ға дейін бірлік сан бар. Осыған қарағанда, “тоғыз” сөзі толыққандылық және сандық шек ұғымын береді.

Отызбай, Отызбірбай <отыз бір бай. Отыз – дәстүрлі сан. Бұл кейіпкер аттарында белгілі бір символдық мағына бар деу қиын, шындығында комикалық мақсатта жұмсау, яғни экспрессивтілік мағына басым тәрізді.

Қырық санымен келген Кейіпкер аттары: Қырық+қабат(ов), Қырық+бес, Қырық+сақина, Сорокбай.

“Қырық” санымен тіркескен сөздер мен ұғымдар қазақ ауыз әдебиетінен мол орын алады: Қырық өтірік, қырық қарақшы, қырық шілтен, қырық уәзір, қырық күн, қырық тойы т.б.

“Қырық” санының семантикасы туралы академик У.Кеңесбаев: мақал-мәтел, нақыл сөздер және басқа сөз орамдары да бұл санның “әшейін” сан емес, бір кезде киелі мөлшер екендігін көрсетеді. “Қырық” саны гректің “сараконта” не герман тайпалары қолданған “зеркр” деген сөзден шыққан дерек бар екен.

Қырыққабатов <қырық қабат “қырық қабат үй” десек, үйдің қабатының санын емес, өте көп, сансыз деген ұғымды беру үшін қолданамыз. Жергілікті сөйлеу тілінде ұлтабарды қырық қабат деп те атау бар. Ұлтабар - бауырдың астыңғы жағында болады, ұзындығы 12 елідей, сан қабат жалбыршақ қарыннан тұрады. Сыртқы түріне, орналасқан жеріне қарағанда айырып алу қиынға соғар адамны” ішкі органы. Кейіпкер Қырыққабатов мырза да – қулығына құрық бойламайтын, іші мерез, сұмдықтың неше атасын меңгерген жағымсыз кейіпкер.

Сорокбай < сорок +бай кейіпкерін алсақ, сорок – қырық сөзінің орысша айтылуы. Ауыз екі тілде “мен қырық десем, сен сорок дейсің”– бір нәрсе жайында айтысып, мәмілеге келе алмайтын адамдар арасындағы келіспеушілікті білдіреді.

Жалқы есімдердің құрамында келетін сан есімдердің ролі туралы профессор І.Кеңесбаевтің “Жеті”, “үш”, “тоғыз”, “қырық” пен байланысты ұғымдар атты” мақаласында жан-жақты талданған. Ғалым тілдегі сан есімдердің лингвистикалық табиғатын, “матастырғыш”, “киелі” функцияда қолдануын сөз еткен-ді.

Елу. Тілімізде “елу – ерді” жасы” дейтін нақылға айналып кеткен сөз бар. “Отызында орда бұзған, қыркында қамал алған” ерді” елуге келуі-елеулі оқиға. “Елу” санымен байланысты Елубай, Елубек, Елұхан сияқты адам есімдерін естіп жүрміз. Ал енді кейіпкер атына “Елу+бес+бес+бай” деп қойылуы авторды” стильдік мақсатта алғандығы байқалады[4, 117].

Жүз санымен келген кейіпкер аттары: Жүз+бай, Жүз+бас Жүз+тайлақ.

“Жүз жасаған Жамбылды” білеміз. Жүз жасау – ғасырлық ғұмыр –кез-келгеннің маңдайына жазылмаған. Сондықтан да халқымыз “көп жаса”, “жүз жаса” деп бата беріп жатады.

Жүзбай <жүз бай. Бұл кейіпкер атында “жүз жаса”, “бай бол” деген тілек жоқ. Жүзбай – өмір бойы “жүз грамм”(арақ) деп жүріп, өмірден өз орнын таппаған маскүнем кейіпкерге қойылған ат.

Жүзтайлақ – әйел аты. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің “Түнгі сарын” пьесасында осы ат кездеседі. Жүзтайлақтық шын аты – Бибіш. Тайлақ – түйенің тұқымы. Көбінесе бұл ат әйел адамдарға қойылмайды. Ал бұл жерде неліктен әйелге мұндай аттың берілгенін жазушы пьесадағы Сәруәр дейтін кейіпкердің атынан баяндайды:“Якші болса йүз түйә дигән исімге қорлансашы... Ишкәкі, йүз түйәгә сатып алған уны!”.

Мың санымен келген Кейіпкер аттары: Мың+жан, Мың+жылқы, Мың+ды+қыр, Мың+жігіт, Мың+тұр. Тілімізде “мың алғыс”, “мың батпан”, “мың жаса”, “мың дауа”, “мың сан”, “он сегіз мың ғалам” т.б көптеген тұрақты тіркестер бар. Сөзді” мағынасы “тым көп, сансыз” ұғымын береді.

Мыңды қыр <“мың адамды қыр”, Мың тұр <“мың адам тұр” дегенді білдіріп тұр. Ерте кездерде “мың” саны аспандағы жұлдыз, жердегі құм сияқты есепсіз, сансыз болып көрінген. Сатирик С.Шұқын барлық сан есімді қолдана отырып, Миллион+бай, Миллиард+бек деп алған.

Сатира мен юморда қолданылған кейіпкер аттарындағы сандық ұғымдар қазақ халқының өз тұрмысына, кәсібіне, салтына сай нақышты, ұлттық өрнекті бейнелейді. Қазақтың санау жүйесі, өлшемдері – қазақтың мәдениеті жоғары халық екендігінің дәлелі.

Халық өлшемдері – ұлт мәдениеті мен этнографиясының қызықты салаларының бірі. Халықтық өлшем атаулары қазақ тілі лексикасының бір бөлшегін құрайды. Халық жадында сақталған осы атаулардың сырында тіл тарихы мен халық мәдениетінің танудың ізі жатыр. Салмақ өлшемдеріне байланысты Батпан, Мысқал, Қадақбай, Келібай, Шөкімбай Салмақжан сияқты Кейіпкер аттары жасалған. Халықтық өлшемдердің мынандай түсініктемесі бар: батпан-мысқал - 1 гр , қадақ -750 гр , келі - 1 кг , пұт -16 кг, 100 кг.

Батпан - ауырлық өлшемі, бірде екі жүз-үш жүз килограмм, кейде екі жарым пұт деп анықталған. Батпан төрт пұт салмақты білдіреді, Қашғари сөздігінде 180, 300 кг ауырлықты білдіреді.

Шөкім –халықтық өлшемде 12,5 г, үш саусақтың ұшымен шымшып алған зат, аз мөлшерді білдіретін титтей дегенді білдіреді.

Қорыта келгенде, “сан есім туралы жасалған жалқы есімдер халықтың әдет-ғұрып, дәстүрін, ертедегі салт-сананы толық көрсететін элеуметтік жайларымен байланысып жатады”. Сөз еткен сандық кейіпкер аттары өзінің о бастағы сандық мәнінен айырылып, жалпы әдебиетте суреткерлік, көркемдік, теңдеулік және образдылық сипатқа ие болған деп түйін жасауға болады.

Сонымен, сан есімді кейіпкер аттарын талдауымызда бірлік сандар бойынша – 2, 7, 8, 9; ондықтар бойынша – 10,20 сандарымен аттар табылмады. Бірақ 50, 60, 70, 80, 90 сандарымен келген аттардың экспрессивтілігі солғын болғандықтан, талдамадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1986. – 136 б.
2. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва, 1988. -192 с.
3. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы: Атамұра, 2000. – 320 б + 24 б
4. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984. -136 б.
5. Керімбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248с.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Смагулова Меруерт Серікбайқызы, Сембиев Курмангазы Закирович
Академия «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан

ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЕ ДАННЫЕ, ВЫРАЖАЮЩИЕ КОЛИЧЕСТВЕННЫЕ ПОНЯТИЯ

В статье изучена структурная история языка исторической грамматики казахского языка

Ключевые слова: грамматика, морфология, ономастика, модель, экстралингвистика, лексико-семантическая, компонентная.

Smagulova Meruert Serikbaevna, Sembiev Kurmangazy Zakirovich
Bolashaq Academy, Karagandy, Republic of Kazakhstan

COGNITIVE DATA REPRESENTING NUMBER-DIMENSIONAL CONCEPTS

In the article, Professor Tomanov, who studied the historical grammar of the Kazakh language, studied the structural history of the language.

Key words: grammar, morphology, onomastics, model, extralinguistics, vocabulary-semantic, component.

List of references:

1. Kazakh onomastikasyn masseleri.– Almaty: Gylym, 1986. – 136 b.
2. Podolskaya N.V. Dictionary of Russian onomastic terminology. – Moscow, 1988. -192 p
3. Kaidar A. Gylymdagi gumyr.– Almaty: Atamura, 2000. – 320 b + 24 b
4. Ualiev N. Soz madenieti.– Almaty, 1984. -136 b.
5. Kerimbaev E.A. Kazakh onomastics in ethnocultural, nominative and functional aspects. – Almaty, 1995. – 248s.

Хамзин Мауен

Khamzin_m@mail.ru

«Bolashaq» академиясының қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, Қарағанды,
Қазақстан Республикасы

Анесова Акгуль Темирбаевна

Ak-gul-86@mail.ru

№14 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Қызылорда облысы, Арал қаласы

М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ ЖАРИЯЛАНБАҒАН ӨЛЕҢДЕРІ

Мақалада қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың жарияланбаған шығармаларына талдау жасалынған. Авторлар сол кездегі қоғам тынысы, уақыт талабына сараптама жүргізіп, ақын өлеңдерінің көркемдік қырларына ғылыми саралау жүргізген.

Тірек сөздер: лирика, сыршылдық, эстетика, көркемдік категориясы, классика, жаңашылдық, дәстүр, үрдіс, тағылым, махаббат, адамзат, сүйіспеншілік, ынтызарлық, тәсіл, символизм.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңына қарай басқа да ірі тұлғалармен қатар қазақтың әйгілі ақыны М.Жұмабаев та ақталып, халқымен оның өлмес шығармалары қайта қауышты. Әділдік орнады. Көп ұзамай еліміз өз тәуелсіздігін жариялады.

Күні кеше ғана, бәрінен бұрын, өз қазағының жекелеген өкілдерінен қуғын, зардап, қиянат көрген ақынды енді ол ақталысымен мақтаушылар көбейді. Мағжанның сол ақталған сәтінен бастап шығармалары жарық көре бастады [1;2]. Оның шығармашылығы туралы еңбектер жазылуда. Ш.Елеукенов [3], Т.Кәкішев [4], М.Қойгелдиев [5] т.б. еңбектер бұл ойымызға дәлел. Бұл тізімге сондай-ақ М.Базарбаев [6], Р.Бердібаев [7], еңбектерін жатқызған орынды.

Мағжан – қазақтың ұлы ақыны. Ол ұлт руханиятына көркемдік ұғымын әкелушілердің бірі. Жаңашыл ақын. Сыршыл ақын. Романтик шайыр. Сезімнің ақыны. Ұлт болмысынан бастау алған шығармалары арқылы әлемдік поэзияның жауһарларына үлес қосқан ақын.

Мағжан поэзиясы тәуелсіздік идеясымен суарылған поэзия. Ол тек ұлттық поэзияны ғана шырқау шыңға шығарып қана қойған жоқ, алаш қайраткері ретінде халқымыздың өнеріне, оқу-білім т.б. салаларының дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Ақталғаннан кейін ақынның кітабы жарыққа шықты, сол 1989 жылдан бері қарай оның шығармалары үнемі жарияланып келеді. Жоғарыда айтқанымыздай, ақын шығармашылығын зерттеген көптеген еңбектер шықты, ғылыми еңбектер қорғалды. Үстірт қараған адамға оның зерттеуі тәмамдалған сияқты боп көрінуі мүмкін, алайда олай емес, себебі:

- қанша уақыт өтсе де, ұлы Абай сияқты Мағжан шығармалары да әлі өз сырын толықтай ашып біткен жоқ;
- Мағжанның шығармашылық жолына әр кезең өкілдерінің өз уақыты биігінен баға берері анық;
- Ақын шығармаларын әлемдік поэзиямен тығыз байланыста салыстыра зерттеу, көркемдік-эстетикалық, тәлімдік және танымдық сипаттарын кешенді түрде зерттеу қазірде зерттеушілер үшін басты міндет деп есептейміз;
- Мағжан ақын шығармаларының және бір ерекшелігі: оқырман бұл ғұмыр кешкен кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, рухани және саяси сипаттарымен молынан танысады.

Енді негізгі мәселемізге көшейік. Кезінде М.Жұмабаев поэзиясының романтикалық сипаты жағынан диссертация қорғаған ғалым Е.Тілешов «Суреткер және көркемдік әдіс» атты монографиясында тың деректер келтірген. Оған бұл мәліметтерді ұсынушы жезқазғандық азамат, ақын, ғалым Ғ.Ештапаев екенін айта келіп, автор қолына түскендерді толықтай келтірген. Жазба авторы – ақын Нұрасила Бәрменбаева. Марқұм – қазақ поэзиясында ізі қалған қаламгер. Ұзақ жылдар Жезқазған қаласында тұрған. Қ.Сәдуақасов, А.Қаражігітов, Сәкенов, Ғ.Ештапаев т.б. жергілікті (жезқазғандық) ақын-жазушылармен тығыз байланыста болған. Мағжан ақын Уфадағы «Ғалия»

медіресесінде оқығанда осы Нұрасиланың туған апасы Нұржәмила да сол медіреседе білім алады. Оны әке-шешесі бір жігітпен атастырып қойған екен жасында. Үлкендер жас қызды оқуға жіберуге де бәлендей құлықты бола қоймаған сыңайлы. Тек қыздың жақындау нағашысы боп келетін Ахмет ишанның ақылына қарсы тұра алмай оқуына рұхсат берсе керек. Бір отбасында осы екі қыз, басқа бала жоқ болғандықтан, Нұржәмила сәл еркіндеу, өжеттеу боп өссе керек, ер балаша киінеді екен. Уфада медіресенің басқа оқушылары сияқты Мағжандар да, Нұржәмила да пәтер жалдап тұрады. Бұлар бөлмелері көп бір бай татардың үйінде тұрады. Қызды Мағжан ұл бала деп ойлап, інішек деп кетіпті. Қыз екенін кеш біліпті. Әке-шешесі қызын екі жылдан соң оқудан шығарып алған, сосын атастырған жеріне ұзатып жіберген екен. Нұржәмила анда-санда үйге келгенде, ауылдастарына Мағжан туралы көп айтады екен. Талай өлеңдерін жатқа айта біліпті. Сіңілісіне ақынның өлеңдерін қалдырған екен (Нұржәмила көп ұзамай қайтыс болыпты), сіңілісі өз күйеуі 1937 жылы «халық жауы» боп ұсталғанда, апасының көп өлеңдерін қорқып, өртеп жіберіпті.

Біз үшін құндысы, Мағжанның ақталғаннан кейінгі шыққан кітаптарына кірмеген өлеңдері. Әсіресе, қыз үйіне кетейін деп жатқанын біліп, жазған өлеңі.

Ер бала боп, еріп келдің әкеңмен,
Әкене де ел ырза еді әкелген.
Ұл шығар деп ойлап қалдық бәріміз,
Күнде көріп жүрсек те осы пәтерден...

Бірнеше шумақтан тұратын осы ұзақтау өлең Мағжанның Бағила атты қызға арнағаны деп көрсетеді Нұрасила ақын. Расында да Мағжан осы өлеңінде:

Сұлу мүсін сүйіріктей Бәкенім – ай,
Ата-ананың аямас бекемін-ай.
Бодауына болыстың кетесің-ау,
Қалмас, сірә, қазақтың қателігі-ай...

Ақын өлең арнаған қыздың есімі Бағила, сол Нұржәмиланың өзі болуы керек. Сіңілісі қорқып, апасының атын Бағила деп өзгерткен болса керек біздің ойымызша. Ол кезде, әрине, Мағжанның шығармасы түгілі, атын атауға болмайды. Және Нұрасиланың күйеуі сол отыз жетінші жылы ұсталған. Бұл кісінің бізге жеткен қолжазбасында: «N... Альбомына» деген Мағжанның өлеңі бар. Зерттеуші Е.Тілешовтың дұрыс атап өткеніндей, бұл өлең ақынның кітаптарына енген, тек түсініктемеде «Кімге арналғанын анықтау мүмкін болмады» деген сөйлем бар. Өлең Мағжан қаламынан туған қуатты да сыршыл шығарма екені бірден аңғарылады.

Өтеді өмір –
Жүрекке шер байланды,
Өтеді өмір –
Өтеді өмір, өмір – сағым,
Бітеді жыр.
Қарағым, сағым қу,
Жырсыз жырау,

Тиіп қырау – солды гүл... [6, 271].

Осы топтамада ақын Нұрасиланың апасынан жазып алып, өртеп жібермей, аман алып қалған өлеңдері бар. Ол өлеңдер – Мағжанның Нұржәмилаға арнаған шығармалары. Алғаш рет оқуға келгенде көріп жазғаны және қызды әкесі медіреседен әкетіп бара жатқанда шығарған өлеңі, әсіресе, соңғы жағдайдағысы Мағжан стилін бірден аңғартады. Жеңіл мұңға, құштарлыққа, сезімге толы сыршыл өлең оқырманды бірден баурап алатынын айрықша айтқан орынды.

Ақын енді қайтып Нұржәмиланы көруі неғайбыл екенін, тіпті сәті түсіп көрсе, жүздесе де, тағдыр екеуінің қосылуына кедергі жасайтынын сезген адамдай қоштасу сарынындағы жолдарды арнаған.

Қош бол, сәулем, мені тастап кетесің,
Қиын-қыстау көп белестер өтесің.
Өлтіріп кет, бота көзім, қолыңнан,
Қор ғып мені басқа жанға не етесің?

Қош бол, сәулем, атар деген ақ таңым,
Ер бала боп жүр де мен тапқанмын.
Енді, міне, Мағиыңды қалдырдың,
Кең дүниенің тартсаң жауып қақпағын... [6, 273].

Е.Тілешов қолына түскен материалдарға (Ғ.Ештанавтан алған) сүйене отырып, Нұрасиланың естелігін келтіреді. Апасы оңашада Мағжанның «Ақ сәулем» атты әнін орындайды екен.

Жалғыз сені жүрегімен сақтаумен,
Жүргенімде қайда кеттің, ақ сәулем?!
Қол ұстасып, ән шырқасып отырар
Сен емес пе ең басымдағы бақ дәурен...

Қайырмасы:

Қай жақтан іздерім,
Қалмапты іздерің.
Қараумен шаршадым,
Қар жол тізбегін... [6,274].

Монография авторы 1998 жылы Ақмола облысы, Ерейментау ауданында бір жергілікті тұрғыннан жазып алған Мағжан шығармалары туралы мағлұмат берген. Араб әрпімен жазылған шығарманың бірі «Батыр Баян» екен, лирикалық ықшам өлең. Автор оларды қазіргі қаріпке түсірген (лирикалық өлеңді айтып отырмыз).

Бұрын беймәлім боп келген бұл өлеңнің Мағжандікі екендігі еш дау тудырмайды. Махаббат, сүйіспекшілікке ессіз беріліп, күйіп-жанған, ақынның бұрынғы өлеңдеріне қарағанда ойлылық, өмір атты Керуен-көшке қатысты ой тую, оптимизм элементтері көзге ұрып тұр.

Әр толқынның артында салқыны бар,
Әр тасқынның артында қарқыны бар.
Талай ой, талай қырлар болса-дағы,
Оның да бір тоқтайтын ақыры бар...

Өлең бес шумақтан тұрады. Төртінші және бесінші шумақтары жеті буыннан тұрады.

Жалмауыз құлық арылар
Жер жауыздан тазарар
Азу-тырнақ жойылып
Қасқыр қоймен қамалар [6,275].

Міне, Мағжан ақынның махаббат лирикасына арналған өлеңдерін және сарыны жағынан өзгешелеу бір өлеңін талдадық.

Егер махаббатқа арналған өлеңдерінде жас адамға тән алғырттық, сезімге айрықша берілушілік аңғарылса, соңғы бес шумақтық өлеңде ақынның аз да болса жасы ұлғайған кезі байқалады.

Заманның беймәлім, беймаза сәтіне ақын ойлана қарайды. Төніп келе жатқан қауіпті, тоталитарлық тәртіп ұсынар ауыр тағдырды сұңғылдықпен сезіне бастаған сияқты. Сыншылдық сипат басым. Сонымен қатар, мына жарық дүниенің адам баласына Алланың ұсынған ерекше сыйы екендігіне пайымдай үңіліп, елім деген ұлтшыл ерлерді, жалпы қазақ жұртшылығын қандай ауыр күндер болса да, оны жақсылық ұғымының алмастыратынына сендіреді. Үміт пен күдіктің соңғысы үнемі басым бола бермейді, ерте ме, кеш пе, біздің де күніміз туар деген ойды сеніммен айтады.

Мағжан Жұмабаевтың жұртшылыққа мәлім бола қоймаған өлеңдеріне қатысты айтпақ ойымыздың бір түйіні осы еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Шығармалары. А., 1989.
2. Жұмабаев М. Таңдамалы. А., 1992.
3. Елеукенов Ш. Мағжан. А., 1995.
4. Кәкішев Т. Мағжан және Сәкен. А., 2000.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. А., 1995.
6. Тілешев Е. Суреттер және көркемдік әдіс. А., 2005.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Хамзин Мауен

Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан

Анесова Акгуль Темирбаевна

Школа-лицей №14, г.Аральск, Кызылординская область, Республика Казахстан

НЕОПУБЛИКОВАННЫЕ СТИХИ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА

В статье проанализированы неопубликованные стихи великого казахского поэта Магжана Жумабаева. Авторы достаточно глубоко рассмотрели художественные искания поэта в этих стихах, обратили внимание на тогдашнее время, облик общества.

Ключевые слова: лирика, эстетика, художественная категория, классика, лиризм, новаторство, традиции, процесс, пример, любовь, человечество, страсть, метод, символизм.

Hamzin Mauen

Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan

Anisova Aigul Temirbayevna

Lyceum school No. 14, Aralsk, Kyzylorda region, Republic of Kazakhstan

UNPUBLISHED POEMS BY MAGZHAN ZHUMABAYEV

The article analyzes unpublished poems of the great Kazakh poet Magzhan Zhumabayev. The authors examined the poet's artistic quest in these poems in sufficient depth, drew attention to the time and the appearance of society at that time.

Keywords: lyrics, aesthetics, artistic category, classics, lyricism, innovation, traditions, process, example, love, humanity, passion, method, symbolism.

List of references:

1. Works Of M. Zhumabayev. A., 1989.
2. Zhumabayev M. Selective. A., 1992.
3. Eleukenov Sh. Magzhan. A., 1995.
4. Kakishev T. Magzhan and Saken. A., 2000.
5. Koigeldiev M. Alash movement. A., 1995.
6. Tileshev E. drawings and artistic method. A., 2005.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТ

Анесова Акгуль Темирбаевна, №14 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Арал қаласы, Қызылорда облысы, Қазақстан Республикасы;

Ахметова Нұрбала Темірхановна, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, «Bolashaq» академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы;

Елтаева Айымгүл Ермекқызы, Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты, Bolashaq» академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы;

Көлбай Жұлдызай Дәуренқызы, Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты «Bolashaq» академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы;

Қуанышбекова Айкерім Қуанышбекқызы, Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты «Bolashaq» академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы;

Муратова Аяулым Оралқызы, Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты «Bolashaq» академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы;

Оразғалиева Гүлфарид Шамсуловна, филология ғылымдарының кандидаты, «Bolashaq» академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы;

Оспанова Назым Батырбекқызы, Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты «Bolashaq» академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы;

Смагулова Меруерт Серікбайқызы, Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты "Bolashaq" академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы;

Хамзин Мауен, филология ғылымдарының докторы, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, «Bolashaq» Академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы.

СВЕДЕНИЕ ОБ АВТОРАХ

Анесова Акгуль Темирбаевна, Учитель казахского языка и литературы школы-лицея №14 г. Аральска, Кызылординская область, Республика Казахстан;

Ахметова Нурбала Темирхановна, ст. преподаватель кафедры казахского языка и литературы академии «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан;

Елтаева Айымгуль Ермековна, магистрант 1 курса образовательной программы казахский язык и литературы, академии "Bolashaq", Караганда, Республика Казахстан;

Колбай Жулдызай Дауреновна, магистрант 2 курса образовательной программы казахский язык и литература академии «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан;

Куанышбекова Айкерім Қуанышбекқызы, магистрант 2 курса образовательной программы казахский язык и литература академии «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан;

Муратова Аяулым Оралқызы, магистрант 2 курса образовательной программы казахский язык и литература академии «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан;

Оразғалиева Гүлфарида Шамсуловна, кандидат филологических наук, профессор академии «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан;

Оспанова Назым Батырбекқызы, магистрант 2 курса образовательной программы казахский язык и литература академии «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан;

Смагулова Меруерт Серікбайқызы, магистрант 2 курса образовательной программы казахский язык и литература академии «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан;

Хамзин Мауен, доктор филологических наук, профессор кафедры казахского языка и литературы академии «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан.

INFORMATION ABOUT AUTHORS

Anesova Aigul Timerbaevna, Teacher of Kazakh language and literature at Lyceum school No. 14, Aralsk, Kyzylorda region, Republic of Kazakhstan;

Akhmetova Nurbala Temirkhanovna, Senior lecturer of the Kazakh Language and Literature Department of the Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan

Eлтаeva Ayymgul Ermekovna, 1st year undergraduate student of the educational program "Kazakh language and literature", Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Kolbai Zhuldyzai Daurenovna, 2nd year undergraduate student of the educational program "Kazakh language and literature" Bolashaq Academy, Karagandy, Republic of Kazakhstan;

Kuanyshbekova Aikerim Kuanyshbekovna, 2nd year undergraduate student of the educational program "Kazakh language and literature" Bolashaq Academy, Karagandy, Republic of Kazakhstan;

Muratova Ayaulym Oralovna, 2nd year undergraduate student of the educational program "Kazakh language and literature" Bolashaq Academy, Karagandy, Republic of Kazakhstan;

Orazgaliyeva Gulfarida Shamsulovna, Candidate of Philological Sciences, Professor of the Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Ospanova Nazym Batyrbekovna, 2nd year undergraduate student of the educational program "Kazakh language and literature" Bolashaq Academy, Karagandy, Republic of Kazakhstan;

Smagulova Meruert Serikbaevna, 2nd year undergraduate student of the educational program "Kazakh language and literature" Bolashaq Academy, Karagandy, Republic of Kazakhstan;

Khamzin Mauen, Doctor of Philology, Professor of the Kazakh Language and Literature Department of the Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

УДК 533.9.01
МНРТИ 29.27.01

Koshtybayev Talgat

koshtybayev70@mail.ru

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Tatenov Adambek

tatenov_adambek@mail.ru

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Aliyeva Moldir

moldir-2008@mail.ru

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Shinykulova Nurgul

Shinykulova.n@qzpu.edu.kz

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

ON KINETIC EQUATIONS WITH COLLISION INTEGRALS OF INHOMOGENEOUS PLASMA PARTICLES

When analytically investigating various properties of plasma, one of the common methods is the kinetic equations approach. Although the Landau, Klimontovic, Lenard-Balescu-Silin, etc. equations have long been known in kinetic theory, the interest in this area of plasma physics remains unabated. In this regard, this article investigates the problem of interaction between a high-frequency electric field and a weakly inhomogeneous plasma. In particular, using methods of averaging and successive approximations (separation of slow motions and fast oscillations), a kinetic equation for weakly inhomogeneous plasma is derived, considering binary collisions between particles and an inhomogeneous high-frequency electric field. And also expressions for integrals of collisions of electrons with electrons and electrons with fixed ions, have been determined, taking into account the presence of a longitudinally inhomogeneous high-frequency electric field. The amplitude of the field is a slowly varying function in both time and space coordinates. In all calculations, the contribution of the magnetic component of the electromagnetic field is neglected, which is quite justified for the longitudinal electric field. All of the listed results, primarily of theoretical interest, can be used in constructing the kinetic theory of inhomogeneous plasma in high-frequency electromagnetic fields, and, in limiting cases, are well consistent with the corresponding expressions for homogeneous plasma, all of which are averaged over the effective field oscillation period of the electric field.

Keywords: integral of collisions, kinetic equation, inhomogeneous field, phase space, free path, inhomogeneous plasma

Introduction

Plasma can be considered as an ideal system where particles interact only in collisions. At present, the physics of rarefied ideal plasma is most fully developed, both in terms of theoretical and experimental research of its properties." Most of the available literature is dedicated to the presentation of collective and nonlinear phenomena. In this case collisions of plasma particles are considered as a correction leading to slow dissipation of energy, concentrated in collective degrees of freedom. When the average energy of interaction between plasma particles becomes comparable to the average energy of their thermal motion, the plasma is referred to as non-ideal. In recent times, researchers have shown increased interest in non-ideal plasma, where inter-particle interactions play a significant role. This is primarily related to the expansion of the use of non-ideal plasma in scientific research, development of technical projects and processes. The kinetic theory of non-ideal plasma is naturally much more complex than the kinetic theory of gases. Here a

whole range of new problems arises. One of them is related to constructing kinetic equations for non-ideal plasma, taking into account strong particle interactions at small distances (binary collision approximation) and collective particle interactions at large distances (polarization approximation) In this regard, when describing nonequilibrium processes in dense, two-component, and non-ideal plasma, it is necessary to have a kinetic equation that correctly accounts for the contributions of charged particle interactions both at large and small distances. It is known that the foundation of kinetic theory is based on equations for one-particle distribution functions – kinetic equations. These are the Boltzmann, Vlasov, Landau, and Balescu-Lenard equations [1-4]. In the derivation of the Boltzmann kinetic equation, the assumption of the continuity of the particle collision process, determining the collision integral, is used. This allows us to consider the distribution function in the kinetic equation as deterministic (non-fluctuating). An accounting of discreteness of collision events leads to fluctuations of the distribution function, which are large-scale compared to fluctuations determining the collision integral itself. In the derivation of the Landau and Balescu-Lenard kinetic equations, only the Coulomb interaction of charged particles is considered, and the contribution of these interactions to the dissipative characteristics of the plasma is considered. However, these equations do not consider the temporal delay of the one-particle distribution function, spatial inhomogeneity of the plasma, and external variable fields."

In this article, a kinetic equation for particles distribution function of a weakly inhomogeneous plasma will be derived, taking into account inter-particle collisions and the presence of a longitudinal, high-frequency, and weakly inhomogeneous electric field,

$$\vec{E} = \vec{E}_0(\vec{q}, \varepsilon t) \sin \omega_0 t, \quad (1)$$

with amplitude \vec{E}_0 and frequency ω_0 . Here q is the spatial coordinate, and the small parameter ε , characterizing the slow change of field amplitude (1), fulfils the condition

$$\varepsilon = \frac{V_T}{\omega_0 L} \ll 1. \quad (2)$$

Moreover, the integral of binary collisions in this equation is determined based on the kinetic equation for the space-time spectral density of fluctuations and the method of successive approximations. In addition, we will assume that the inhomogeneous field \vec{E} is strong, i.e., it fulfils the condition $(A/kT_e) \gg 1$, where $A = eEl$ is the activity of the field on the free path l ; T_e - temperature.

Main part. Experimental

In his paper, Vlasov first points out the inapplicability of the gas-kinetic approach based on the Boltzmann equation (assuming that the collision integral depends only on binary collisions) to describe the plasma dynamics with Coulomb interaction. He notes the following problems arise when attempting to apply the theory based on binary collisions to describe plasma: the binary collision approximation is inconsistent with Rayleigh and Langmuir and Tonks studies, who predicted Langmuir waves in an electron gas plasma; the binary collision approximation is formally inapplicable to Coulomb interaction due to the divergence of the total scattering cross-section; the binary collision approximation does not explain Merrill and Webb's experiments on the anomalous electrons scattering in a gas plasma. As the root cause of these problems, Vlasov points to the long-range nature of the Coulomb forces, leading to the interaction of each particle with the ensemble of other particles. Vlasov's approach naturally avoids the divergence problem, but his equation deals with the averaged charge density. Thus, some spatial averaging scale is introduced, larger than the average inter-particle distance. Developing a consistent collision theory in plasma encounters significant difficulties associated with the slow decrease of Coulomb forces with increasing distance between interacting particles. At any given time, each charged plasma particle is exposed to a huge number of surrounding particles, and all of these effects shall be somehow taken into account. Instead of a simple two-body problem, we face the challenging problem of many-body interactions. In a strict formulation such a problem is hardly solvable. To make a solution possible, it is necessary to introduce some simplifications. The simplest is the pair collision approximation, in which the plasma particle interactions are reduced to independent and instantaneous interactions of pairs of particles.

Results and Discussion

Let the weakly inhomogeneous and collisional plasma, consisting of two components a and b , be under the influence of the field (1), and all statistical processes occurring in the six-dimensional phase space of coordinates and impulses $\vec{q}, \vec{q}', \vec{p}$ and \vec{p}' , are described by the following kinetic equation for the weakly inhomogeneous distribution function of particles types a :

$$\hat{L}_0 f_a(\vec{q}, \vec{p}, t) = St_a(f_a, f_b), \quad (3)$$

$$\hat{L}_0 = \frac{\partial}{\partial t} + v_0 + \vec{v} \frac{\partial}{\partial \vec{q}} + e_a \vec{E} \frac{\partial}{\partial \vec{p}}; \quad (4)$$

$$St_a(f_a, f_b) = St_a^0 + St_a^H$$

Here is $St_a^0(f_a, f_b)$ the integral of binary (pair) collisions for homogeneous plasma; St_a^H is the collision integral associated with the weakly inhomogeneous plasma [5]:

$$St_a^H(f_a, f_b) = \frac{e_a}{n_a} \sum_b e_b \frac{\partial}{\partial \vec{p}} \int \frac{\partial}{\partial \vec{p}'} \left(\frac{1}{|\vec{r}|} \left(\overline{\delta N_a \delta N_b} \right)_Q^H \right) d\vec{q}' d\vec{p}'; \quad (5)$$

$v_0 \ll \omega_0$; $\vec{v} = m_a^{-1} \vec{p}$; $\vec{r} = \vec{q} - \vec{q}'$; e_a, e_b и m_a – respectively, charge and mass; n_a – concentration; $\left(\overline{\delta N_a \delta N_b} \right)_Q$ – space-time spectral density of fluctuations, characterizing the statistical correlation of values of coordinates and impulses of a pair of charged particles at the same moment of time (where the line from above means averaging over a statistical ensemble of particles); $N_{a,b}$ microscopic phase densities of particles; $\delta N_{a,b} = N_{a,b} - \bar{N}_{a,b}$ fluctuations of phase densities $Q = \vec{q}, \vec{q}', \vec{p}, \vec{p}', t$;

The spectral density of fluctuations is determined by the equation [6;7]

$$\hat{L}_0 \left\{ \delta N_a - \delta N_a^{ucm} \right\} = -e_a n_a \delta \vec{E} \frac{\partial f_a}{\partial \vec{p}}, \quad (6)$$

Where $\delta \vec{E}$ is the fluctuation of the electric field. The correlation of the spectral function of the fluctuations' sources δN_a^{ucm} is determined by the equation

$$\hat{L}_0 \left(\overline{\delta N_a \delta N_b} \right)_Q^{ucm} = 0, \quad (7)$$

which should be solved with the initial condition

$$\left(\overline{\delta N_a \delta N_b} \right)_{Q,t'}^{ucm} \Big|_{t=t'} = n_a \delta_{ab} \delta(\vec{p} - \vec{p}') \delta(\vec{r}) f_a. \quad (8)$$

It is known that in weakly inhomogeneous plasma, correlations at points \vec{q} and \vec{q}' depend \vec{r} and $\vec{r}_0 = (\vec{q} + \vec{q}')/2 = \vec{q} - \vec{r}/2$. In this regard, introducing the variables \vec{r} and \vec{r}_0 perform a decomposition by $\vec{r} \frac{\partial}{\partial \vec{q}}$. In the first approximation, we obtain:

$$\left(\overline{\delta N_a \delta N_b}\right)_{Q,t'}^{ucm} = \hat{L}_{00} \left(\overline{\delta N_a \delta N_b}\right)_{B,t'}^{ucm} \quad (9)$$

$$\left(\overline{\delta N_a \delta N_b}\right)_Q^H = -\frac{1}{2} \vec{r} \frac{\partial}{\partial \vec{q}} \left(\overline{\delta N_a \delta N_b}\right)_B, \quad (10)$$

where

$$\hat{L}_{00} = 1 - \frac{\vec{r}}{2} \frac{\partial}{\partial \vec{q}};$$

$$B = \vec{r}, \vec{q}, \vec{p}, \vec{p}', t.$$

Substitute (9) into (7) and (10) into (5). From these equations in the first approximation on inhomogeneity we find

$$\hat{L}_0 \left(\hat{L}_{00} \left(\overline{\delta N_a \delta N_b}\right)_{B,t'}^{ucm}\right) = 0, \quad (11)$$

$$St_a^H(f_a, f_b) = \frac{e_a}{n_a} \sum_b e_b \frac{\partial}{\partial \vec{p}} \int \frac{\partial}{\partial \vec{r}} \left(|\vec{r}|^{-1} \frac{1}{2} \vec{r} \frac{\partial}{\partial \vec{q}} \left(\overline{\delta N_a \delta N_b}\right)_B \right) d\vec{r} d\vec{p}'. \quad (12)$$

Decompose the integrand function in (12) into a Fourier integral over \vec{r} . Using the formulas [8; 9]

$$\left(\overline{\delta N_a \delta N_b}\right)_B = \frac{1}{(2\pi)^3} \int (\delta N_a \delta N_b)_\mu e^{-i\vec{k}\vec{r}} d\vec{k}; \quad (13)$$

$$\frac{1}{|\vec{r}|} = \frac{1}{(2\pi)^3} \int \frac{4\pi}{k^2} e^{-i\vec{k}\vec{r}} d\vec{k};$$

$$\frac{1}{2} r_i \frac{\partial}{\partial r_j} \left(\frac{1}{|\vec{r}|} \right) = -\frac{1}{(2\pi)^3} \int \frac{4\pi}{k^2} B_1 e^{-i\vec{k}\vec{r}} d\vec{k},$$

from (12), we obtain the following expression for the collision integral:

$$St_a^H(f_a, f_b) = \frac{4\pi e_a}{(2\pi)^3 n_a} \sum_b e_b \frac{\partial}{\partial p_i} \int \frac{B_1}{k^2} \frac{\partial}{\partial q_j} (\delta N_a \delta N_b)_\mu d\vec{k} d\vec{p}'. \quad (14)$$

The following notations are introduced here:

$$\mu = \vec{k}, \vec{q}, \vec{p}, \vec{p}', t;$$

$$B_1 = \frac{1}{2} \delta_{ij} - \frac{1}{k^2} k_i k_j.$$

Let us derive the right-hand side of expression (14) through a simpler function $\left(\delta N_a \delta \vec{E}\right)_\gamma$ (where $\gamma = \vec{k}, \vec{q}, \vec{p}, t$), using the formula [10-12]

$$(\delta N_a \delta \vec{E})_\gamma = \frac{4\pi i \vec{k}}{k^2} \sum_b e_b \int (\delta N_a \delta N_b)_\mu d\vec{p}',$$

which follows directly from the Poisson equation

$$\delta \vec{E} = \frac{4\pi i \vec{k}}{k^2} \sum_b e_b \int \delta N_b d\vec{p}', \quad (15)$$

or

$$\delta \vec{E} = \frac{4\pi i \vec{k}}{k^2} \sum_a e_a \int \delta N_a d\vec{p}. \quad (16)$$

Given that the collision integral is a real function, let us represent the right-hand side of the kinetic equation (3) in the form [13-16]:

$$St_a(f_a, f_b) = -(2\pi)^{-3} e_a n_a^{-1} \left\{ \frac{\partial}{\partial \vec{p}} \int \text{Re}(\delta N_a \delta \vec{E})_\gamma - \frac{\partial}{\partial p_i} \int B_1 k^{-2} \frac{\partial}{\partial q_j} \text{Im}(\delta N_a (\vec{k} \delta \vec{E}))_\gamma \right\} d\vec{k}. \quad (17)$$

Taking into account the expression (13) and the integral transformation

$$-\frac{i}{2} \frac{\partial}{\partial \vec{k}} \left(\frac{\partial}{\partial \vec{q}} (\delta N_a \delta N_b)_\mu^{ucm} \right) = (2\pi)^{-3} \int \frac{\vec{r}}{2} \frac{\partial}{\partial \vec{q}} (\overline{\delta N_a \delta N_b})_B^{ucm} e^{i\vec{k}\vec{r}} d\vec{r},$$

from (11) we have

$$(\hat{L}_0 + \hat{L}_1)(\delta N_a \delta N_b)_{\mu, \mu'}^{ucm} = 0, \quad (18)$$

$$\hat{L}_1 = \frac{1}{2} \hat{L}_0 \frac{\partial}{\partial \vec{k}} \left(\frac{\partial}{\partial \vec{q}} \right).$$

Thus, to obtain an explicit form of the kinetic equation (3) with the collision integral (17), it is necessary to find the spectral function $(\delta N_a \delta \vec{E})_\gamma$ or express it through f_a and f_b provided $\tau_M < \tau_0$ (where τ_M - maximum correlation time of random excitations in the plasma; τ_0 relaxation times of the first distribution functions) And for this purpose it is required to solve the system of equations (6) and (18) for the range of wave numbers $k \gg 1/l$.

We will solve equation (18) by the method of successive approximations, i.e., we will present the general solution of this equation in the form of

$$(\delta N_a \delta N_b)_\mu^{ucm} = (\delta N_a \delta N_b)_{\mu, \mu'}^0 + \varepsilon (\delta N_a \delta N_b)_\mu^1. \quad (19)$$

Substituting (19) into (18), we obtain the following two zero and first approximation equations:

$$\hat{L}_0 (\delta N_a \delta N_b)_{\mu, \mu'}^0 = 0, \quad (20)$$

$$\hat{L}_0 (\delta N_a \delta N_b)_\mu^1 = -\hat{L}_1 (\delta N_a \delta N_b)_{\mu, \mu'}^0. \quad (21)$$

The solution of equation (20) with initial condition (8) is:

$$\begin{aligned}
(\delta N_a \delta N_b)_{\mu, t-\tau}^0 &= n_a \delta_{ab} \delta(\vec{p} - \vec{p}' - A_2) \times \\
&\times \delta(\vec{r} - \vec{v}\tau - m_a^{-1} A_2(t - \tau - t')) f_a(\vec{q}, \vec{p} - A_2, t - \tau)
\end{aligned} \tag{22}$$

$$A_2 = e_a \int_{t-\tau}^t \vec{E} dt'; \quad t' = t - \tau.$$

Using the transformations

$$\vec{p} \rightarrow A_1; \quad \vec{p}' \rightarrow A_3, \tag{23}$$

$$\vec{v} \rightarrow \vec{V}_a = m_a^{-1} \vec{P}_a; \quad \vec{v}' \rightarrow \vec{V}_b = \vec{P}_b / m_b, \tag{24}$$

$$\frac{\partial}{\partial \vec{p}} \rightarrow \frac{\partial}{\partial \vec{P}_a}; \quad \frac{\partial}{\partial \vec{p}'} \rightarrow \frac{\partial}{\partial \vec{P}_b}, \tag{25}$$

we introduce the following new functions [5]:

$$\begin{aligned}
&f_a(\vec{q}, A_1, t), \quad f_b(\vec{q}, A_3, t), \quad (\delta N_a \delta \vec{E})_\rho, \\
&(\delta N_a \delta N_b)_{\Psi, t'}^0, \quad (\delta N_a \delta N_b)_{\Psi}^1.
\end{aligned}$$

The followings notations were used here

$$A_1 = \vec{P}_a + e_a A_0; \quad A_3 = \vec{P}_b + e_b A_0. \tag{26}$$

$$\rho = \vec{k}, \vec{q}, A_1, t; \quad \Psi = \vec{k}, \vec{q}, A_1, A_3, t;$$

$$A_0 = -\omega_0^{-1} \vec{E}_0 \cos \omega_0 t.$$

Obviously, these new functions are complicating further calculations. The calculations can be simplified if we extract from these functions the slowly varying parts depending on the variables $\vec{q}, \vec{P}_a, \vec{P}_b, t$. Given the external field (1), they can be obtained by averaging over the period $T = 2\pi / \omega_0$. Thus, in the following, instead of new functions their slowly varying parts are used for calculations, i.e.

$$f_a(\vec{q}, A_1, t) \equiv F_a(\vec{q}, \vec{P}_a, t); \tag{27}$$

$$f_b(\vec{q}, A_3, t) \equiv F_b(\vec{q}, \vec{P}_b, t); \tag{28}$$

$$(\delta N_a \delta \vec{E})_\rho \equiv (\delta N_a \delta \vec{E})_R; \tag{29}$$

$$(\delta N_a \delta N_b)_{\Psi, t'}^0 \equiv (\delta N_a \delta N_b)_{\Psi, t'}^0;$$

$$(\delta N_a \delta N_b)_{\Psi}^1 \equiv (\delta N_a \delta N_b)_{\varphi}^1.$$

where

$$R = \vec{k}, \vec{q}, \vec{P}_a, t$$

$$\varphi = \vec{k}, \vec{q}, \vec{P}_a, \vec{P}_b, t$$

Let us average in (3) over the period of the external field taking into account (29) and relations [17-22]

$$\frac{\partial F_a}{\partial t} = \frac{\partial f_a}{\partial t} + e_a \vec{E} \frac{\partial f_a}{\partial \vec{p}};$$

$$\frac{\partial F_a}{\partial q} = \frac{\partial f_a}{\partial \vec{q}} - \frac{e_a}{\omega_0} \frac{\partial \vec{E}_0}{\partial \vec{q}} \frac{\partial f_a}{\partial \vec{p}} \cos \omega_0 t.$$

As a result, we obtain

$$\frac{\partial F_a}{\partial t} + \vec{V}_a \frac{\partial F_a}{\partial \vec{q}} = \langle St_a(F_a, F_b) \rangle,$$

$$\langle St_a(F_a, F_b) \rangle = - \frac{e_a}{(2\pi)^3 n_a} \left\{ \frac{\partial}{\partial \vec{P}_a} \int \text{Re} \langle (\delta N_a \delta \vec{E})_R \rangle - \frac{\partial}{\partial P_i} \cdot \int B_1 k^{-2} \frac{\partial}{\partial q_j} \left(\text{Im} \langle (\delta N_a (\vec{k} \delta \vec{E}))_R \rangle \right) \right\} d\vec{k}$$

where the symbol $\langle \rangle$ means averaging over period T .

Recall that the last expression for the collision integral is obtained under the condition $m_i = \infty$ that it does not contain an ion distribution function. In addition, the collision integral under consideration allows, in particular, to find the equation of electron motion in a high-frequency field and calculate the high-frequency electrical conductivity of a weakly inhomogeneous plasma in the approximation of stationary ions and a strong external high-frequency field.

Conclusions

- by the methods of averaging and successive approximations, a kinetic equation for weakly inhomogeneous plasma is derived, considering binary collisions between particles and an inhomogeneous high-frequency electric field

-expressions for integrals of collisions of electrons with electrons and electrons with fixed ions, have been determined, taking into account the presence of a longitudinally inhomogeneous high-frequency electric field.

The results obtained in this article are primarily of theoretical interest and reveal the interaction of weakly inhomogeneous plasma with a high-frequency electric field. They can also be used in constructing the kinetic theory of inhomogeneous plasma in high frequency electromagnetic fields.

List of references:

1. Vlasov A.A. On the vibrational properties of the electron gas. // Journal of Experimental and Theoretical Physics, 1938, Volume 8, Issue 3, pages 291-318
2. Landau L.D. Kinetic equation in the case of Coulomb interaction. // Journal of Experimental and Theoretical Physics, 1937, Volume 7, p.203
3. Lenard A. On Bogolubovs kinetic equation for a spatially homogeneous plasma. // Ann. Phys., 1960, v. 3, p. 390.
4. Balescu R. Irreversible processes in ionized gases. // Phys. of Fluid, 1960, v. p. 52.

5. Klimontovich Yu.L. Kinetic theory of non-ideal gas and non-ideal plasma. M. Science, 1975 352 p.
6. Peletminskiy S.V., Tsukanov V.D. To the kinetics of systems in external field variables Theoretical and mathematical physics// , 1971, Volume 7, No. 3, p.395-411
7. High-frequency properties of plasma. Kiev Naukova Dumka, 1965. 217 p.
8. Trubnikov B.A. Particle collisions in a fully ionised plasma. //Plasma Theory Issues M. State Publishing House of Literature in the field of Atomic Science and Technology 1963, issue. Issue 1, pages 136-150
9. Silin V.P. Kinetic equation for rapidly variable processes. // Journal of Experimental and Theoretical Physics, 1960, Volume 38, Issue 6, pages 1771-1777
10. Belyaev S.T. Kinetic equation for discharged gases in strong fields. // Plasma Physics and the Problem of Controlled Thermonuclear Reactions. M. Rev. Academy of Sciences of the USSR, 1958, vol. 3, p. 50.
11. Cercignani K. Mathematical methods in the kinetic theory of gases. M. Mir, 1973. 245 p.
12. Messi G., Barhop E. Electron and ionic collisions. M. Ed. of Foreign Literature, 1958. 604 p.
13. Gorbunov L.M. On plasma dynamics in a strong high-frequency field. //Journal of Experimental and Theoretical Physics, 1969, Volume 56, issue 5, pages 1693– 1699
14. Iovnovich M.L. On the acceleration of plasma by a high-frequency field. //Journal of Experimental and Theoretical Physics, 1963, Volume 33, issue 9, pages 1116– 1120
15. Gildenburg V.B., Freiman G.M. Deformation of the plasma resonance region in a strong high-frequency field. //Journal of Experimental and Theoretical Physics, 1975, Volume 69, 5, pages 1601– 1605
16. Ivanov A.A. Interaction of high-frequency fields with plasma. //Plasma Theory Issues M. State Publishing House of Literature in the field of Atomic Science and Technology 1972, issue. 6, pages 185– 202
17. Klimontovich Yu.L. Kinetic theory of electromagnetic processes. M. Science, 1980 –373 p.
18. Gurop K.P. The basis of kinetic theory. M. Science, 1966 351 p.
19. Silin V.P. Introduction to the kinetic theory of gases. M. Science, 1971. 331 p.
20. Spitzer L. Physics of a fully ionised gas. M. Mir, 1965. 212 p.
21. Ishimaru S. Basic principles of plasma physics. M. Publishing House of Literature in the field of Atomic Science and Technology 1975. 288 p.
22. Krylov V.I. The collision integral of the kinetic equation for a strongly nonequilibrium plasma with several classes of particles. // Journal of Experimental and Theoretical Physics, 1991, Volume 17, 7 pages 889– 892

РЕЗЮМЕ / RESUME

Қоштыбаев Талғат Бектасұлы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

Татенов Адамбек Махсұтұлы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

Алиева Мөлдір Ермекбайқызы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

Шинькулова Нұргүл Нұрбекқызы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

БІРТЕКСІЗ ПЛАЗМА БӨЛШЕКТЕРІНІҢ СОҚТЫҒЫСУЛАР ИНТЕГРАЛДАРЫ ЕСКЕРІЛЕТІН КИНЕТИКАЛЫҚ ТЕНДЕУЛЕР

Плазманың әртүрлі қасиеттеріне аналитикалық зерттеулер жүргізуде қолданылатын тәсілдердің ішіндегі кең таралғандарының қатарына кинетикалық теңдеулер тәсілін жатқызуға болады. Кинетикалық теорияда Ландау, Климонтович, Ленарда-Балеску-Силин теңдеулері бұрыннан белгілі болғанымен плазма физикасының осы бір тұстарына деген қызығушылық әлі де болса бәсеңдеген емес. Осыған орай, ұсынылып отырған мақалада жоғары жиілікті электр өрісінің әлсіз біртексіз плазмамен әсерлесу мәселесі көтерілген. Дәлірек айтқанда, орташалау және тізбектестік жуықтаулар тәсілдерін қолдану арқылы әлсіз біртексіз плазмаға арналған кинетикалық теңдеу шығарылып көрсетілген. бұл жерде жуықтаулар тәсілі баяу қозғалыстар мен жылдам осцилляцияларды бөліп қарауға негізделген, бөлшектердің жұптық соқтығысулары мен электр өрісінің біртексіздігі ескерілген. Сонымен бірге, электрондардың электрондармен және олардың қозғалмайтын иондармен

соқтығысу интегралдарына арналған өрнек біртексіз, әрі жоғары жиілікті-бойлық электр өрісі бар жағдайы үшін есептелген. Өрістің амплитудасы уақыт пен координаталардың баяу өзертін функциясы болып табылады. Жүргізілген барлық есептеулерде электромагниттік өрістің магниттік құраушысы ескерілмейді және бұл электр өрісінің бойлық екендігін растайды. Мақалада алынған теориялық нәтижелерді жоғары жиілікті электромагниттік өрістердің әсеріндегі біртексіз плазманың кинетикалық теориясын жасауда қолдануға болады, шекті жағдайларда осы нәтижелердің біртекті плазма үшін алынған өрнектерімен сәйкес келеді және олар өрістің периоды бойынша орташаланған.

Тірек сөздер: соқтығысулар интегралы, кинетикалық теңдеу, біртексіз өріс, фазалық кеңістік, еркін өту жолының ұзындығы, біртексіз плазма

Коштыбаев Талгат Бектасович

**Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Республика
Казахстан**

Татенов Адамбек Махсутович

**Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Республика
Казахстан**

Алиева Молдир Ермекбаевна

**Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Республика
Казахстан**

Шиныкулова Нургул Нурбековна

**Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Республика
Казахстан**

О КИНЕТИЧЕСКИХ УРАВНЕНИЯХ С ИНТЕГРАЛАМИ СТОЛКНОВЕНИЙ ЧАСТИЦ НЕОДНОРОДНОЙ ПЛАЗМЫ

При аналитическом исследовании различных свойств плазмы одним из распространенных методов является метод кинетических уравнений. Хотя в кинетической теории давно известны уравнения Ландау, Климонтовича, Ленарда-Балеску-Силина и др., но все же до сих пор не ослабевают интерес к этой области физики плазмы. В связи с этим в данной статье исследуется проблема взаимодействия высокочастотного электрического поля со слабо неоднородной плазмой. В частности, с применением методов усреднения и последовательных приближений (разделение медленных движений и быстрых осцилляций) получено кинетическое уравнение для слабо неоднородной плазмы в приближении парных столкновений между частицами и неоднородного электрического поля высокой частоты. А также найдены выражения для интегралов столкновений электронов с электронами и электронов с неподвижными ионами, учитывающие наличие неоднородного и высокочастотно-продольного электрического поля. Амплитуда поля является медленно меняющейся функцией по времени и по координатам. Во всех вычислениях пренебрегается вкладом магнитной составляющей электромагнитного поля, что вполне справедливо для продольного электрического поля. Все перечисленные результаты, представляющие прежде всего теоретический интерес, могут быть использованы при построении кинетической теории неоднородной плазмы, находящейся в электромагнитных полях высокой частоты, а также в предельных случаях хорошо согласуются с соответствующими выражениями для однородной плазмы и все они усреднены по периоду колебания электрического поля.

Ключевые слова: интеграл столкновений, кинетическое уравнение, неоднородное поле, фазовое пространство, длина свободного пробега, неоднородная плазма.

Қоштыбаев Талғат Бектасұлы
koshtybayev70@mail.ru

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

Алиева Мөлдір Ермекбайқызы
moldir-2008@mail.ru

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

Құткелдиева Эльзира Оразбекқызы
elzira.kutkeldieva@gmail.com

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

Прімқұлова Жазира Ержанқызы
zhazira-1001@mail.ru

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

ТАРТЫЛЫС ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОСТАТИКАЛЫҚ ӘСЕРЛЕСУ ЗАҢДАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІРІЗДІЛІГІ

Мақалада денелер арасындағы бүкіл әлемдік тартылыс және зарядтар арасындағы электростатикалық әсерлесу заңдарының математикалық өрнектерінің ұқсастығымен бірге олардың шығарылу (қорытылу) жолдарының да бірәдісті (бірізді) екендігі көрсетілген. Гравитациялық және электростатикалық өрістердің кернеуліктері мен потенциалдарының ара-қашықтыққа тәуелділігі және өрістердің сфералы-симметриялық қасиеттерін қолдану арқылы денелердің Жерге тартылуы, қозғалмайтын зарядтың басқа еркін зарядтармен әсерлесуі (тартуы, тебуі) бірізді математикалық жолмен салыстырмалы түрде қарастырылды. Денелердің Жерге құлап түсу механизмінің кинематикалық моделі арифметикалық прогрессия арқылы қарастырылып, оның динамикалық себептері гравитациялық өрісті сипаттаушы шамалар арқылы айқындалды. Зарядтардың арасындағы әсерлесулердің динамикалық құрылымы электростатикалық өріске қатысты шамалар арқылы ньютондық гравитация жолымен жасалынып көрсетілді. Тартылыс және электростатикалық әсерлесу тұрақтылары және әсерлесу энергиялары бағаланды.

Түйін сөздер: тартылыс, әсерлесу, кернеулік, потенциал, энергия, масса, заряд.

Кіріспе. 1682 жылы ашылған Ньютонның бүкіл әлемдік тартылыс заңы мен 1785 жылы Кулон ашқан зарядтар арасындағы электростатикалық әсерлесу заңының математикалық құрылымы ұқсас. Денелерді Жерге және бір-біріне тартылуға мәжбүрлейтін гравитациялық күштер зарядтар арасындағы тартылу мен тебілуді іске асыратын электростатикалық күштерге қарағанда әлсіз. Тартылыс заңында денелердің массасы гравитациялық зарядтың рөлін атқарғанымен электрлік заряд секілді теріс мәнді бола алмайды. Сол себептен де гравитациялық күш денелердің тебілуін іске асыра алмайды, десек те электростатикадағы барлық теориялық құрылымдарға ньютондық гравитация кеңінен қолданылады [1-3]. Ньютондық гравитация мен электростатикада бірдей қолданыла беретін теоремалар мен әдістердің қатарына Гаусс және Ирншоу теоремаларын, бейнелеу тәсілін, потенциалдар теориясын және суперпозиция принципін жатқызуға болады. Бұл мақалада бүкіл әлемдік тартылыс заңы мен Кулон заңдарын гравитациялық және электростатикалық өрістердің кернеуліктерін қолдану арқылы бірізді математикалық тәсілмен шығаруға болатындығы көрсетіледі.

Материалдар мен әдістер. Мақаланың негізгі материалы, идеялық қозғаушы күші ретінде табиғаттағы маңызды әсерлесулерді іске асырушы өрістердің, нақтылай айтқанда гравитациялық және электростатикалық өрістердің теориясы алынып отыр. Бұл өрістер табиғаты жағынан ұқсас болмағанымен, әсерлесу тетіктерінің іске асу механизмдерінің математикалық құрылымы өте ұқсас болып келеді. Бұл жағдай екі теориялық заңдылықтарды салыстыра отырып бірізді тәсілмен қарастыру арқылы ғана байқауға болады. Міне осы айтылған идея мақаланың басты ұстанымы болып табылады. Басты мақсат—өрістер теориясының математикалық қорытындаларына бірізді тәсіл арқылы қол жеткізу.

Негізгі ойлар. Денелердің Жерге тартылуы және зарядтардың бір-біріне тартылу мен тебілуі өрістер арқылы жүзеге асатыны, әсерлесу механизмінің басты дінгегі – өрістердің кернеуліктері мен потенциалдары, олар – өрістердің күштік және энергиялық сипаттамалары. Тартылыс заңы физиканың механика, электростатикалық әсерлесулер заңдылығы электростатика бөлімінде қарастырылатын болғандықтан, олардың математикалық құрылымы мен түр-сипатының бірізділігі байқала бермейді. Осы келтірілген ой-пікірлерді және олардың іске асуын жүйелеп жеткізу мақсатында жоғарыда келтірілген заңдардың құрылымдық теориясын өзара салыстыра кернеуліктер мен потенциалдар тұрғысынан баяндап көрсетуге болады.

Әдеби шолу. Табиғаттағы механикалық және электрлік құбылыстардың жалпылама заңдылықтарының негізін зерделеп алмай осы топтағы барлық әсерлесу теорияларын түсіну мүмкін емес, бұл жағдайлар [1,2,6,7] дерек көздерінде дәлелді түрде келтіріліп өтілген. Гравитациялық өрістер мен солар арқылы іске асатын әсерлесулердің негіздемесін [3,4] әдебиеттерде кеңінен қарастырылып өтілген. Зарядтар арасындағы әсерлесу заңдылықтарының өзекті мәселелерімен [5,8,9,10] әдебиеттерінен танысуға болады. Осы келтірілген дерек көздердің барлығы да мақалада көтерілген идеялық талаптардың іске асуына негізгі тіреу бола алады. Ондағы ақпараттар мен математикалық есептеулерге өрістер теориясының алғышарттары ретінде қараймыз.

Нәтижелер мен талқылау. Тартылыс заңы. Жер бетіндегі массасы m кг дененің Жерге тартылу шамасы (сан мәні) $F = mg$ теңдігі арқылы анықталатыны және оның тартылыс күші, ауырлық күші (дененің салмағы) деп аталатыны белгілі. Бұл теңдіктің математикалық тұрғыдағы мағынасы мынадай: дененің әрбір килограммы 10 Ньютонмен (H) тартылса ($g = \frac{10 H}{1 кг}$), онда барлық m кг –ға келетін жалпы (қорытқы немесе қосынды) тартылыстың шамасы (мәні) $F H$ –ға тең:

$$F H = m кг \cdot \frac{10 H}{1 кг} \cdot \frac{10 H}{1 кг}$$

Бұл жерде g –тартылыс шамасының массалық тығыздығы ($F H$ –ның бірлік массаларға ($1 кг$) келетін үлесі):

$$g \frac{H}{кг} = \frac{F H}{m кг}$$

g –ны тартылыс үдеуі немесе еркін түсу үдеуі деп атау және оны тұрақты шама деп есептеу қалыптасып қалған. Бұл дененің Жерге қарай белгілі бір биіктіктен құлап түсуімен байланысты туындаған жағдай екені даусыз (үдеу–дененің жылдамдығын бірқалыпты өзгертетін тұрақты шама):

$$g = 10 \frac{M}{c^2} = \frac{10 \frac{M}{c}}{1c} = \frac{10M}{c}$$

яғни белгілі бір биіктікте қозғалмай тұрған (еркін) дененің тартылыс салдарынан (өзінің салмағымен) Жерге қарай $10 \frac{M}{c^2}$ үдеумен құлауын дене жылдамдығының әрбір секунд сайын $10 \frac{M}{c}$ –ке артуы немесе дененің әрбір t –ші секундта $10 m$ –ге артық жол жүріп (орын ауыстырып) отыру деп түсіну керек. Құлап келе жатқан дененің кез-келген t уақыт мезетіндегі жылдамдықтарының (v_t) мәндері мен әрбір t –ші секундтағы орын ауыстыруларының (h_{t-uit}) мәндері төмендегідей өспелі арифметикалық прогрессия құрайды:

$$v_t = gt = 10t = |t = 1, 2, 3, \dots \text{сек}| = 10 \frac{M}{c}; 20 \frac{M}{c}; 30 \frac{M}{c}; \dots$$

$$h_{t-uit} = \frac{g}{2}(2t-1) = 5 \cdot (2t-1) = 5 m; 15 m; 25 m; \dots$$

Көріп отырғанымыздай, дене жылдамдығының $10 \frac{M}{c}; 20 \frac{M}{c}; 30 \frac{M}{c}; \dots$ өспелі прогрессиясындағы мәндерінің бір-бірінен айырмашылығы $+10 \frac{M}{c}$ -ке тең, ал дененің орын ауыстыру прогрессиясындағы $5 M; 15 M; 25 M; \dots$ мәндердің айырмасы $+10 M$ -ге тең. Бұларды жылдамдық пен орын ауыстырудың әрбір секунд сайынғы артуы деп қабылдау керек:

$$\frac{+10 \frac{M}{c}}{1c} = +10 \frac{M}{c^2} \quad \text{және} \quad \frac{+10 M}{1 c} = +10 \frac{M}{c}$$

Арифметикалық прогрессия мәндерін өзгертіп отыратын шаманы прогрессия мәндерінің дифференциалы (прогрессиядағы көршілес мүшелердің айырымы немесе олардың бір-бірінен айырмашылығы) деп атайды (d) (ағылшынша—difference). Ол кейде прогрессия жылдамдығы деп те аталады ($d = v$). Олай болса, дене жылдамдығының $10 \frac{M}{c}; 20 \frac{M}{c}; 30 \frac{M}{c}; \dots$ және орын ауыстырулардың $5 M; 15 M; 25 M; \dots$ өспелі прогрессияларының дифференциалы g мен v болады екен:

$$d = v_v = g = \frac{+10 \frac{M}{c}}{1c} = +10 \frac{M}{c^2} \quad \text{және} \quad d = v = \frac{+10 M}{1 c} = +10 \frac{M}{c}$$

Дененің тартылыс салдарынан Жерге құлап түсуінің теориялық негіздемесі осылайша баяндалады. Алайда, Жер бетінде орналасқан әртүрлі массалы денелердің Жерге тартылу механизмі (модельі) үшін келтірілген математикалық мәліметтер жеткіліксіз, яғни тартылыс теориясы қосымша математикалық заңдылықтар мен тұжырымдамалар (принциптер) арқылы кеңейтілуі қажет.

Күн жүйесіндегі планеталар қатарындағы Жер—радиусы $R = 6300 \text{ км} = 63 \cdot 10^5 \text{ м}$, ал массасы $M = 6 \cdot 10^{24} \text{ кг}$ болатын шар (сфера). Жер массасының басым бөлігі сфера центріндегі ядроның үлесіне тиесілі болғандықтан, тартылыс теориясының модельінде Жер сфераның центрінде, ал оған тартылушы денелер центрден R қашықтықта (Жердің бетінде) орналасқан деп қарастырылады. Жер өзінің маңында гравитациялық (тартылыс) өрісін пайда етіп, сол арқылы өзінің бетіндегі және одан тысқары жатқан денелердің центрге тартылуын іске асырады. Өрістің кез-келген нүктесінде орналасқан дененің тартылуына сандық баға беретін векторлық шама—өріс кернеулігі. Жоғарыда келтірілген тартылыс үдеуі, еркін түсу үдеуі және тартылыстың массалық тығыздығы деп аталып келген g шамасы гравитациялық өрістің кернеулігі болып табылады. Өріс нүктесінің кернеулігі оның центрден қандай r қашықтықта орналасқандығына байланысты (тәуелді) [4,5]. Жердің бетіндегі нүктелер центрден $r = R$ қашықтықта жатқандықтан, осы нүктелердің кернеулігі

$$g_R = G \frac{M}{R^2} \quad (1)$$

Мұндағы $G = 6,67 \cdot 10^{-11} \frac{H \cdot M^2}{\text{кг}^2}$ — тартылыс тұрақтысы: әрқайсысының массасы 1 кг және 1

м қашықтықта орналасқан екі дене бірін-бірі $6,67 \cdot 10^{-11} H$ -мен тартады. (1)-қатынастан:

$$g_R = 6,67 \cdot 10^{-11} \cdot \frac{6 \cdot 10^{24}}{(63 \cdot 10^5)^2} = 0,010 \cdot 10^3 \frac{H}{\text{кг}} = 10 \frac{H}{\text{кг}}$$

Олай болса, жоғарыда айтылғандай, кернеулігі $g_R = 10 \frac{H}{\text{кг}}$ болатын өрістің нүктесі массасы m кг дененің әрбір килограммының $10 H$ –мен тартылуын қамтамасыз ете алады. Ал дененің тартылу шамасы

$$F_R = m \cdot 10 \frac{H}{\text{кг}}$$

немесе

$$F_R = mg_R = G \frac{mM}{R^2} \quad (2)$$

Бұл өрнек Ньютонның бүкіл әлемдік тартылыс заңдылығы деп аталады және ол центрден қашықтығы R , кернеулігі $10 \frac{H}{\text{кг}}$ –ға тең нүктелерде орналасатын массасы m кг дененің Жерге тартылуының сандық мәнін анықтап береді. Жер бетінен $h \gg R$ биіктіктердегі нүктелердің кернеуліктері де Жер бетіндегідей. Ал Жер бетінен $h = R$ (центрден $r = 2R$) қашықтықтағы нүктелердің кернеуліктері

$$g_{2R} = G \frac{M}{(2R)^2} = G \frac{M}{4R^2} = \frac{1}{4} \left(G \frac{M}{R^2} \right) = \frac{g_R}{4} = 2,5 \frac{H}{\text{кг}} \quad (3)$$

яғни, Жер центрінен $2R$ қашықтықта жатқан нүктелердің g_{2R} кернеуліктері Жер бетіндегі g_R кернеуліктерден 4 есе аз болады екен. Осы нүктелердің бірінде массасы m кг дене тұрған болса, онда дененің Жерге тартылу шамасы

$$F_{2R} = mg_{2R} = G \frac{mM}{(2R)^2} = G \frac{mM}{4R^2} = \frac{1}{4} \left(G \frac{mM}{R^2} \right) = \frac{F_R}{4} \quad (4)$$

Бұдан шығатын қорытынды: Жер бетінен $h = kR$ ($k = 2, 3, \dots$), ал центрден $r = nR$ ($n = 3, 4, \dots$) қашықтықтағы нүктенің g_{nR} кернеулігі Жер бетіндегі g_R мәнінен n^2 есе аз болады екен, яғни нүктенің центрден қашықтығы n есе артқан сайын оның кернеулігінің шамасы n^2 есе азаяды (кернеуліктің мәні n^2 -қа кері пропорционал (тәуелді)). $r = nR$ нүктедегі массасы m кг дененің тартылысы $F_{nR} = mg_{nR}$ және бұл Жер бетіндегі F_R мәнінен n^2 есе аз:

$$g_{nR} = G \frac{M}{(nR)^2} = G \frac{M}{n^2 R^2} = \frac{1}{n^2} \left(G \frac{M}{R^2} \right) = \frac{g_R}{n^2}$$

$$F_{nR} = mg_{nR} = G \frac{mM}{(nR)^2} = \frac{1}{n^2} \left(G \frac{mM}{R^2} \right) = \frac{F_R}{n^2}$$

Мысалы, центрден $r = 6R$ ($n = 6$) қашықтықтағы (Жер бетінен $h = 5R$ ($k = n - 1 = 5$)) нүктенің кернеулігі

$$g_{6R} = G \frac{M}{(6R)^2} = \frac{1}{6^2} \left(G \frac{M}{R^2} \right) = \frac{g_R}{36}$$

ал, осы нүктедегі массасы m кг дененің тартылу шамасы

$$F_{6R} = mg_{6R} = G \frac{mM}{(6R)^2} = \frac{1}{36} \left(G \frac{mM}{R^2} \right) = \frac{F_R}{36}$$

Гравитациялық өрістің әрбір кеңістіктік нүктесінің сандық сипаты кернеулік деген шамамен бірге потенциал деп аталатын шама арқылы да анықталады. Центрден $r = R$ қашықтықтағы нүктелердің потенциалы [6-8]

$$\begin{aligned} \varphi_R &= G \frac{M}{R} = G \frac{MR}{R^2} = R \left(G \frac{M}{R^2} \right) = g_R \cdot R = 10 \cdot 63 \cdot 10^5 = 63 \cdot 10^6 \frac{H \cdot m}{кг} = 63 \cdot 10^6 \frac{Дж}{кг} = \\ &= 63 \cdot 10^6 B \text{ (Вольт)} \end{aligned}$$

Олай болса, потенциалы $\varphi_R = 63 \cdot 10^6 B$ өріс нүктесі массасы m кг дененің әрбір килограммына $63 \cdot 10^6 Дж$ –ға тең энергия бере алады, яғни өрістің әрбір нүктесінің беретін энергиясы шектеулі және алдын-ала белгіленіп қойылған. Сол себептен де бұл энергиялар дене үшін потенциалдық энергиялар болып табылады. Потенциалы φ_R нүктелердегі өрістің денеге бере (дененің өрістен алатын) W_R Дж энергиясының мәні:

$$W_R \text{ Дж} = m \text{ кг} \cdot 63 \cdot 10^6 \frac{Дж}{кг}$$

немесе

$$W_R = m\varphi_R = G \frac{Mm}{R} \quad (5)$$

Бұл нүктелерде дененің тартылыс шамасы F_R Н –ға тең болғандықтан:

$$W_R = G \frac{Mm}{R} = G \frac{RMm}{R^2} = R \left(G \frac{Mm}{R^2} \right) = F_R \cdot R \quad (5A)$$

Сонымен, центрден R қашықтықта жатқан (Жердің бетіндегі) нүктелердің потенциалдары бірдей ($63 \cdot 10^6 B$), ал осы нүктелердің біріндегі массасы m дененің Жерге тартылу жұмысы (5A)-заңдылықпен анықталады екен. Жер бетінен $h \ll R$ биіктікте орналасқан нүктелердің потенциалдары да Жер бетіндегідей. Ал Жерден $h = R$ (центрден $r = 2R$) қашықтықтағы нүктелердің потенциалдары

$$\varphi_{2R} = G \frac{M}{2R} = \frac{1}{2} \left(G \frac{M}{R} \right) = \frac{\varphi_R}{2} = 31,5 \cdot 10^6 B$$

Олай болса, Жер бетінен R қашықтықта жатқан нүктелердің φ_{2R} потенциалдары Жер бетіндегі нүктелердің φ_R потенциалдарынан 2 есе аз болады. Осы нүктелердің бірінде орналасқан массасы m денені тарту үшін аткарылатын жұмыс

$$W_{2R} = m\varphi_{2R} = G \frac{mM}{2R} = \frac{1}{2} \left(G \frac{mM}{R} \right) = \frac{W_R}{2} \quad (6)$$

Бұдан шығатын қорытынды мынадай: Жер бетінен $h = kR$ (мысалы, $k = 2, 3, \dots$), ал центрден $r = nR$ ($n = 3, 4, \dots$) қашықтықтағы нүктенің φ_{nR} потенциалы Жер бетіндегі φ_R мәнінен n есе аз

болады екен, басқаша айтқанда нүктенің центрден қашықтығы n есе артқан сайын оның потенциалының шамасы n есе азаяды (потенциалдың мәні n -ге кері пропорционал (тәуелді)). $r = nR$ нүктедегі массасы m денені тарту жұмысының мәні $W_{nR} = m\varphi_{nR}$ болғандықтан, ол Жер бетіндегі W_R мәнінен n есе аз болады:

$$\varphi_{nR} = G \frac{M}{nR} = \frac{1}{n} \left(G \frac{M}{R} \right) = \frac{\varphi_R}{n}$$

$$W_{nR} = m\varphi_{nR} = G \frac{Mm}{nR} = \frac{1}{n} \left(G \frac{mM}{R} \right) = \frac{W_R}{n}$$

Мысалы, центрден $r = 4R$ ($n = 4$) қашықтықтағы (Жер бетінен $h = 3R$) нүктенің потенциалы

$$\varphi_{4R} = G \frac{M}{4R} = \frac{1}{4} \left(G \frac{M}{R} \right) = \frac{\varphi_R}{4}$$

ал, осы нүктедегі массасы m кг денені тарту жұмысы

$$W_{4R} = m\varphi_{4R} = G \frac{mM}{4R} = \frac{1}{4} \left(G \frac{mM}{R} \right) = \frac{W_R}{4}$$

Егер дене Жер бетінен $h \ll R$ биіктікте орналасқан болса, онда оның потенциалдық энергиясы (h жолды төмен қарай жүріп өткеннен кейінгі немесе Жерге құлап түскен мезеттегі иеленетін энергиясын) (5А)-қолдану арқылы таба аламыз [9,10]:

$$W_h = F_R h = mg_R h$$

Электростатикалық әсерлесу заңы. Дәл осындай модельмен электростатика бөліміндегі нүктелік зарядтардың арасындағы тартылу немесе тебілудің шамасын анықтайтын Кулон заңының математикалық негіздемесін (өрнегін) шығарып көрсетуге болады. Әсерлесуші q_1 және q_2 зарядтардың біріншісін қозғалмайтын болсын (электростатика–тыныштықта тұрған заряд және оның өрісі туралы) және ол $e = 1,6 \cdot 10^{-19}$ Кл–оң немесе теріс таңбалы ең кіші зарядтардан құралады: мысалы жалпы саны $N = 10^{13}$ тең $+e$ -ден құралған электрдің мөлшері

$$q_1 = (+e) \cdot N = 1,6 \cdot 10^{-19} \cdot 10^{13} = 1,6 \cdot 10^{-6} \text{ Кл} = 1,6 \text{ мкКл}$$

q_1 заряд өзінің айналасындағы кеңістікке сфералы-симметриялы түрде таралған электростатикалық өрісті пайда етеді. q_1 зарядтан $R, 2R, 3R, \dots$ қашықтықтарда жатқан өріс нүктелері кернеулік деп аталатын $E_R, E_{2R}, E_{3R}, \dots$ шамалар арқылы сипатталады (гравитациялық өріс жағдайындағы $g_R, g_{2R}, g_{3R}, \dots$ шамалары секілді). Олар–аталған нүктелерге келген екінші бір q_2 -сыншы зарядтың q_1 зарядпен әсерлесуін (тартылуы мен тебілуін) іске асыруға жауаптылар. Өрісті тудырушы q_1 зарядтан R қашықтықта жатқан кез-келген кеңістік (өріс) нүктесінің кернеулігі

$$E_R = k \frac{q_1}{\varepsilon R^2} \quad (7)$$

Кернеуліктің өлшем бірлігі $\frac{H}{Kл}$, яғни q_1 зарядтан R қашықтықта жатқан нүктеге q_2 $Kл$ сыншы заряд келе қалған жағдайда оның әрбір кулонына ($1 Kл$) E_R ньютонға тең ($E_R H$) әсер жасалады. Ал q_2 $Kл$ зарядқа жасалатын толық (қорытқы) әсерінің шамасы:

$$F_R = q_2 E_R = q_2 \left(k \frac{q_1}{\varepsilon R^2} \right) = k \frac{q_2 q_1}{\varepsilon R^2} \quad (8)$$

Бұл қатынасты Кулон заңы деп айтады. Мұндағы

$$k = \frac{1}{4\pi\varepsilon_0} = 9 \cdot 10^9 \approx 10^{10} \frac{H \cdot m^2}{Kл^2}$$

кулондық коэффициент (гравитациялық өріс жағдайындағы G сияқты): әрқайсысының заряды $1 Kл$, ара-қашықтығы $1 m$ болатын екі зарядтың әсерлесу шамасы $\approx 10^{10} H$ тең. Электр мөлшері $1 Kл$ болуы үшін кез-келген заряд жалпы саны $N = 0,625 \cdot 10^{19}$ тең e -ден құралуы тиіс: $q = Ne = 0,625 \cdot 10^{19} \cdot 1,6 \cdot 10^{-19} = 1 Kл$. (7)-қатынастығы ε – электростатикалық өріс орналасқан ортаның салыстырмалы диэлектрлік өтімділігі, ол зарядтардың белгілі бір ортадағы әсерлесу шамасы вакуумдегімен (ауамен) салыстырғанда қанша есе аз болатынын көрсетеді: мысалы ауа үшін $\varepsilon = 1$, су үшін $\varepsilon = 81$. Олай болса, екі заряд ауада (вакуумде) суға қарағанда 81 есе күштірек әсерлесуге түсе алады деген сөз. Кулондық коэффициенттегі $\varepsilon_0 = 8,85 \cdot 10^{-12} \approx 10^{-11} \frac{\Phi}{m}$ – электрлік тұрақты. q_1 зарядтан $2R$ қашықтықта жатқан нүктелердің кернеулігі (нүктеге келетін q_2 зарядтың әрбір кулонына жасалатын әсердің мәні)

$$E_{2R} = k \frac{q_1}{\varepsilon (2R)^2} = k \frac{q_1}{4\varepsilon R^2} = \frac{1}{4} \left(k \frac{q}{\varepsilon R^2} \right) = \frac{E_R}{4}$$

Олай болса, q_2 зарядтың әрбір кулонының $2R$ қашықтықта жатқан нүктеде алатын әсерінің мәні R қашықтықтағы нүктеден алатын әсерінен 4 есе аз болады екен. q_1 зарядтан $2R$ қашықтықта жатқан нүктенің q_2 зарядқа тигізетін толық әсерінің мәні:

$$F_{2R} = q_2 E_{2R} = q_2 \frac{E_R}{4} = \frac{F_R}{4}$$

Жалпы, q_1 зарядтан nR ($n = 3, 4, \dots$) қашықтықта жатқан нүктелердің кернеулігі

$$E_{nR} = \frac{E_R}{n^2}$$

Осы нүктелердегі q_2 зарядқа жасалатын әсердің шамасы:

$$F_{nR} = q_2 E_{nR} = \frac{F_R}{n^2} \quad F_{nR} = q_2 E_{nR} = \frac{F_R}{n^2}$$

Осындай әсердің нәтижесінде q_2 заряд q_1 зарядқа қарай жақындауы (кернеулігі көп нүктелерге орын ауыстыруы) мүмкін. Екі зарядтың осы айтылған өзара тартылысы $q_1 > 0$ (оң заряд), $q_2 < 0$ (теріс

заряд) шарттарында орындалады. Егер $q_1 > 0$ (оң заряд), $q_2 > 0$ (оң заряд) болса, онда q_2 заряд кернеулігі аз нүктелерге орын ауыстыруы мүмкін (зарядтардың тебілісі).

q_1 зарядтан $R, 2R, 3R, \dots$ қашықтықтардағы өріс нүктелері тағы да φ – потенциал деп аталатын шама арқылы сипатталады. Өрістің көзінен (q_1 зарядтан) R қашықтықта жатқан кез-келген кеңістік нүктесінің потенциалы

$$\varphi_R = k \frac{q_1}{\varepsilon R} \quad (9)$$

және оның өшемі $\frac{Дж}{Кл}$, яғни q_1 зарядтан R қашықтықта жатқан өріс нүктесіне q_2 сыншы заряды келе қалған жағдайда оның әрбір кулонына (1 Кл) φ_R Джоульға тең (φ_R Дж) энергия беріледі. Басқаша айтқанда, q_1 зарядтан R қашықтықта жатқан нүктедегі өріс q_2 сыншы заряд келе қалған жағдайда оның әрбір кулонына φ_R Дж –ға тең энергия бере алатын мүмкіндігі бар. Сол себептен φ_R Дж энергиясы әзірге өрістің бере алатын немесе зарядтың ала алатын (потенциалдық) энергиясы болып отыр. Ал егер, осы нүктеге q_2 заряд келген болса, онда оның әрбір кулоны өрістен φ_R Дж –ға тең энергияны алады да, бұл энергияны заряд өрісте орын ауыстыру мақсатында пайдаланады. Сондықтан q_2 зарядтың өрістің нүктесінде алып, пайдаланған энергиясын кинетикалық энергия деп айтамыз. Олай болса, потенциалдық энергия – q_2 зарядтың өрістен алдағы уақытта (өрістің белгілі бір қашықтықтағы нүктесіне келгенде ғана алатын) энергиясы. Ал q_1 зарядтан R қашықтықта жатқан нүктеге q_2 сыншы заряды келе қалған жағдайда бұл нүктедегі өріс зарядқа W_R Дж –ға тең энергия бере алады (немесе бұл нүктеде заряд W_R Дж –ға тең энергия ала алады):

$$W_R = q_2 \varphi_R = q_2 \left(k \frac{q_1}{\varepsilon R} \right) = k \frac{q_1 q_2}{\varepsilon R} \quad (10)$$

q_1 зарядтан $2R$ қашықтықта жатқан нүктелер q_2 сыншы заряд келе қалған жағдайда оның әрбір кулонына φ_{2R} Дж –ға тең энергия бере алады ($2R$ қашықтықта жатқан нүктелердің потенциалы):

$$\varphi_{2R} = k \frac{q_1}{\varepsilon(2R)} = \frac{1}{2} k \frac{q_1}{\varepsilon R} = \frac{\varphi_R}{2}$$

яғни, q_1 зарядтан $2R$ қашықтықта жатқан нүктелердегі өріс R қашықтықтағы нүктелердегі өріске қарағанда q_2 зарядтың әрбір кулонына 2 есе аз энергия береді екен. Потенциалы φ_{2R} болатын өріс нүктесінің q_2 зарядқа беретін энергиясының мөлшері

$$W_{2R} = q_2 \varphi_{2R} = q_2 \frac{\varphi_R}{2} = \frac{W_R}{2}$$

Көріп отырғанымыздай, $2R$ қашықтықтағы нүктенің өрісі R қашықтықтағы нүктенің өрісіне қарағанда зарядқа 2 есе аз энергия береді екен. Жалпы, q_1 зарядтан nR ($n = 3, 4, \dots$) қашықтықта жатқан нүктелердің потенциалы

$$\varphi_{nR} = \frac{\varphi_R}{n}$$

Осы нүктелердегі q_2 зарядтың потенциалдық энергиясы:

$$W_{nR} = q_2 \varphi_{nR} = \frac{W_R}{n}$$

Нүкте өріс көзінен қашықтаған сайын q_2 зарядтың алатын W_{nR} және зарядтың әрбір кулонына беретін φ_{nR} энергиялары азая береді.

Қорытынды. Денелер арасындағы тартылыс пен зарядтар арасындағы әсерлесу заңдылықтарына арналған негізгі математикалық өрнектердің өзара ұқсастығы мен олардың шығу әдістерінің бірізділік сипатта болатындығы дәлелденіп көрсетілді. Гравитациялық және электростатикалық өрістердің кернеуліктері, потенциалдары және олардың ара-қашықтыққа тәуелділігі, сонымен бірге өрістердің сфералы-симметриялық қасиеттері ескеріліп денелердің Жерге тартылуы, қозғалмайтын зарядтың басқа еркін зарядтарды тартуы мен тебуі бірізді математикалық құрылымда салыстырмалы жағдайда қарастырылды. Денелердің Жерге құлап түсуіне арналған кинематикалық модель арифметикалық прогрессияға, ал осы құбылыстың динамикалық себептері гравитациялық өрісті сипаттаушы шамаларға негізделетіні көрсетілді. Зарядтар арасындағы әсерлесулердің динамикалық сипаты электростатикалық өріске қатысты шамалар арқылы ньютондық гравитация жолымен бірізді екендігі дәлелденді. Тартылыс және электростатикалық әсерлесу тұрақтылары және әсерлесу энергияларына баға берілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зотеев А. В., Склянкин А. А. Общая физика: механика. Электричество и магнетизм. М.: Юрайт, 2018.–244 с.
2. Никеров В. А. Физика. М.: Юрайт, 2021. – 415 с.
3. Богословский М.М. Закон всемирного притяжения в XXI веке. Актуальные проблемы современной науки, 2016, № 5.- С.39-47.
4. Яловенко С.Н. Выведение закона гравитации // Цифровая наука, № 3, 2021.- С. 59-78.
5. Шнейберг Я., Шарле Д. Закон Кулона, открытый не Кулоном // Мир связи: Connect.- 2000. - 10.
6. Мякишев Г.Я. Физика: Электродинамика. М.: Дрофа, 2005. – 476 с.
7. Летута С.Н. Физика. Электростатика. Оренбург: ОГУ, 2016.–177 с.
8. Яловенко, С. Н. Эфирная теория относительности. Гравитация. Заряд. Харьков. ЛИДЕР, 2015г. - 268 с.
9. Griffiths, David J. Introduction to Electrodynamics. Cambridge: Cambridge University Press, 2017. – P. 623.
10. Purcell Edward M., Morin David J. Electricity and Magnetism. Cambridge University Press, 2013. – P. 853.

РЕЗЮМЕ / RESUME

Коштыбаев Талгат Бектасович

**Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Республика
Казахстан**

Алиева Молдир Ермекбаевна

**Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Республика
Казахстан**

Куткельдиева Эльзира Оразбековна

**Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Республика
Казахстан**

Примкулова Жазира Ержановна

**Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Республика
Казахстан**

МАТЕМАТИЧЕСКАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ ЗАКОНОВ ПРИТЯЖЕНИЯ И ЭЛЕКТРОСТАТИЧЕСКИХ ВЗАИМОДЕЙСТВИЙ

Законы всемирного тяготения и электростатических взаимодействия зарядов схожи не только по форме записи но и идентичны в отношении формулировки и по механизму выводов. С учетом зависимости напряженности, потенциала гравитационных и электростатических полей от расстояния и сферично-симметричных свойств этих полей, рассмотрены единым математическим подходом притяжение тел к Земле и взаимодействие (притяжение, отталкивание) неподвижного заряда со свободными зарядами. Кинематическая модель падения тел к Земле рассмотрена на основе арифметической прогрессии, а его динамические причины через величины, характеризующие гравитационное поле. Динамическая структура взаимодействия между зарядами показана через величины касающихся электростатического поля путем Ньютоновской гравитации. Оценены постоянные притяжения и электростатических взаимодействий и энергии взаимодействия.

Ключевые слова: притяжение, взаимодействие, напряженность, потенциал, энергия, масса, заряд.

Koshtybayev Talgat

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Aliyeva Moldir

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Kutkeldiyeva Elzira

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Primkulova Zhazira

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

MATHEMATICAL IDENTITY OF THE LAWS OF ATTRACTION AND ELECTROSTATIC INTERACTIONS

The laws of universal gravitation and electrostatic interactions of charges are similar not only in the form of writing, but also identical in terms of formulation and in the mechanism of conclusions. Taking into account the dependence of the intensity, potential of gravitational and electrostatic fields on the distance and spherical - symmetric properties of these fields, the attraction of bodies to the Earth and the interaction (attraction, repulsion) of a stationary charge with free charges are considered by a single mathematical approach. The kinematic model of the fall of bodies to the Earth is considered on the basis of arithmetic progression, and its dynamic causes through the values characterizing the gravitational field. The dynamic structure of the interaction between charges is shown through the magnitudes concerning the electrostatic field by Newtonian gravitation. The constants of attraction and electrostatic interactions and interaction energies are estimated.

Keywords: attraction, interaction, tension, potential, energy, mass, charge.

List of references:

1. Zoteyev A.V., Sklyankin A. A. General physics: mechanics. Electricity and magnetism. Moscow: Yurait, 2018.-244 p.

2. Nikerov V. A. Physics. M.: Yurait, 2021. – 415 p.
3. Bogoslovsky M.M. The law of universal attraction in the XXI century. Actual problems of modern science, 2016, No. 5.- pp.39-47.
4. Yalovenko S.N. Derivation of the law of gravity // Digital Science, No. 3, 2021.- pp. 59-78.
5. Schneiberg Ya., Charlet D. Coulomb's law, discovered not by Coulomb // The world of communication: Connect.- 2000. - 10.
6. Myakishev G.Ya. Physics: Electrodynamics. M.: Bustard, 2005. – 476 p.
7. Letuta S.N. Physics. Electrostatics. Orenburg: OSU, 2016.-177 p.
8. Yalovenko, S. N. Ethereal theory of relativity. Gravity. The charge. Kharkov. LEADER, 2015 - 268 p.
9. Griffiths, David J. Introduction to Electrodynamics. Cambridge: Cambridge University Press, 2017. – P. 623.
10. Purcell Edward M., Morin David J. Electricity and Magnetism. Cambridge University Press, 2013. – P. 853.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТ

Қоштыбаев Талғат Бектасұлы. Физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

Татенов Адамбек Махсұтұлы. Физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

Алиева Мәлдір Ермекбайқызы. Жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

Шинькулова Нұргүл Нұрбекқызы. Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

Қүткелдиева Эльзира Оразбекқызы. Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық Алматы, Қазақстан Республикасы

Прімқұлова Жазира Ержанқызы. Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы.

СВЕДЕНИЕ ОБ АВТОРАХ

Қоштыбаев Талғат Бектасович. Кандидат физико-математических наук, доцент. Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Республика Казахстан

Татенов Адамбек Махсүтович. Кандидат физико-математических наук, доцент, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Республика Казахстан

Алиева Молдир Ермекбаевна. Магистр естественных наук, старший преподаватель. Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Республика Казахстан

Шинькулова Нургул Нурбековна. Магистр педагогических наук, преподаватель. Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Республика Казахстан

Қүткелдиева Эльзира Оразбековна. Магистр педагогических наук, преподаватель. Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Республика Казахстан

Примкулова Жазира Ержановна. Магистр педагогических наук, преподаватель. Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Республика Казахстан.

INFORMATION ABOUT AUTHORS

Koshtybayev Talgat. Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Associate Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Republic of Kazakhstan

Tatenov Adambek. Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Associate Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Republic of Kazakhstan

Aliyeva Moldir. Master of Sciences, Senior lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

Shinykulova Nurgul, Master of Pedagogical Sciences, Teacher. Kazakh National Women's Teacher. Training University, Almaty, Republic of Kazakhstan

Kutkeldiyeva Elzira. Master of Pedagogical Sciences, Teacher. Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Primkulova Zhazira. Master of Pedagogical Sciences, Teacher. Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

УДК: 331.101.3
МРНТИ 15.81.29

Қабдолла Ербол

kab-1990@mail.ru

Карагандинский университет им. Е.А.Букетова, Караганда, Республика Казахстан

Тнимова Гульбагиза Тауфиковна

gulbagiza@bk.ru

Пахомова Дамира Кенесовна

pahomova.damira@mail.ru

Тугай Дарын Султангалиевич

pharm2020@mail.ru

Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан

Смагулов Саят Кабдоллаевич

Sayat-1988-16@mail.ru

Аркалыкский педагогический институт им. Б.И. Алтынсарина, Аркалык, Республика Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ МОТИВАЦИИ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ АЛТАЙСКОГО ВУЗА

В статье рассматривается мотивация преподавателей к деятельности в высшем учебном заведении. В эксперименте приняли участие 59 преподавателей Алтайского государственного университета (21 мужчины, 38 женщины). По возрастным критериям преподаватели были разделены на 3 группы: 23-39 лет, 40-59 лет, 60 лет и старше.

В работе использована методика, предназначенная для изучения структуры мотивации к трудовой деятельности (К. Замфир в модификации А. Реана), и включает в себя 3 компонента: внутреннюю мотивацию (ВМ), внешнюю положительную мотивацию (ВПМ) и внешнюю отрицательную мотивацию (ВОМ). Полученные результаты свидетельствуют о наличии трети преподавателей с внешней отрицательной мотивацией к профессиональной деятельности, процент которых варьирует в зависимости от пола, возраста и стажа работы в вузе.

Ключевые слова: преподаватель, внутренняя мотивация, внешняя положительная мотивация, внешняя отрицательная мотивация, гендер, вуз, возраст, образование.

Мотивация преподавателей в высшем учебном заведении (ВУЗе) играет важную роль в обеспечении высокого качества образования и развитии студентов. Мотивированные преподаватели, которые испытывают сильное внутреннее привлечение к своей профессии, способствуют созданию продуктивной и стимулирующей учебной среды [1-2].

Существует несколько факторов, которые могут оказывать влияние на мотивацию преподавателей в ВУЗе.

Во-первых, одним из существенных факторов является уверенность преподавателя в своей компетентности и квалификации. Постоянное стремление к профессиональному росту и повышение квалификации помогают преподавателю чувствовать себя комфортно и успешно выполнять свои обязанности. Поддержка со стороны администрации ВУЗа, обеспечение доступа к новейшей литературе и проведение профессиональных тренингов также важны для повышения мотивации. [3-4].

Во-вторых, вознаграждение и признание важно для мотивации преподавателей. Адекватная зарплата и система поощрений за достижения в работе могут стимулировать высокую мотивацию. Преподаватель должен чувствовать, что его работа ценится и приносит пользу студентам и обществу.

Здесь важную роль играет также возможность профессионального роста и карьерного развития, например, повышение по службе или получение ученой степени. [5-7].

В-третьих, удовлетворенность преподавателя отношениями с коллегами и студентами также влияет на его мотивацию. Поддержка и понимание со стороны коллег создают атмосферу доверия и поддержки, а конструктивная обратная связь от студентов укрепляет самооценку и мотивацию преподавателя. [8-9].

Кроме того, важную роль в мотивации преподавателя играют его личные ценности и убеждения. Преподаватель, который искренне верит в важность своей работы и стремится вносить положительный вклад в жизнь студентов, будет иметь высокую мотивацию и энергию для достижения результатов. В целом, мотивация преподавателей в ВУЗе является сложным процессом, который зависит как от внутренних, так и от внешних факторов. Уверенность в своих навыках, вознаграждение за успехи, поддержка коллег и студентов, а также соответствие ценностям и убеждениям – все эти факторы важны для обеспечения высокой мотивации преподавателей. Каждый ВУЗ должен стремиться создать благоприятную и стимулирующую учебную среду для своих преподавателей, что в конечном итоге приведет к лучшим результатам обучения.

В эксперименте приняли участие 59 преподавателей Алтайского государственного университета (21 мужчины, 38 женщины). По возрастным критериям мы разделили преподавателей на 3 группы: 23-39 лет, 40-59 лет, 60 лет и старше.

Нами была изучена профессиональная мотивация с помощью методики, разработанной К. Замфир и предназначенной для изучения структуры мотивации трудовой деятельности (К. Замфир в модификации А. Реана) [10]. Согласно методике, структура мотивации трудовой деятельности включает в себя 3 компонента: *внутреннюю мотивацию* (ВМ), *внешнюю положительную мотивацию* (ВПМ) и *внешнюю отрицательную мотивацию* (ВОМ). О внутреннем типе мотивации следует говорить, когда для личности имеет значение деятельность сама по себе. Если же в основе мотивации профессиональной деятельности лежит стремление к удовлетворению иных потребностей, внешних по отношению к содержанию самой деятельности (мотивы социального престижа, зарплаты и т.д.), то в данном случае принято говорить о внешней мотивации. Сами внешние мотивы дифференцируются здесь на внешние положительные и внешние отрицательные. Внешние положительные мотивы, несомненно, более эффективны и более желательны со всех точек зрения, чем внешние отрицательные мотивы.

На основе полученных данных рассчитывались мотивационные комплексы: оптимальный баланс мотивов $ВМ > ВПМ > ВОМ$ и $ВМ = ВПМ > ВОМ$, в котором внутренняя мотивация (ВМ) – высокая; далее внешняя положительная мотивация (ВПМ) – равна внутренней мотивации или ниже, но относительно высокая; и внешняя отрицательная мотивация (ВОМ) – очень низкая и близкая к 1. На основании полученных результатов определялся мотивационный комплекс личности, который представляет собой тип соотношения трех видов мотивации: ВМ, ВПМ и ВОМ.

Результаты анкетирования 59 (21 муж и 38 жен) преподавателей по вопросам мотивации к профессиональной деятельности отражены в таблице 1. Внутренняя мотивация как наиболее эффективная в постижении и трансляции знаний студентам, оказалась присуща 61,45 % преподавателям. Преобладание внешней положительной мотивации, отражающей стремление к карьерному росту, характерна небольшому числу обследованных – всего 5,05 %. Вместе с тем, преобладание внешней отрицательной мотивации (ВОМ) мы обнаружили у 33,5 % преподавателей (таблица 1). Такой вариант мотивации говорит о вынужденности вести профессиональную работу (необходимость заработка, стремление избежать порицаний и т.д.).

Таблица 1 - Мотивация к профессиональной деятельности преподавателей вуза в гендерном аспекте (%).

Преобладающий тип мотивации	Всего (n-59 чел)	Мужчины (n-21)	Женщины (n-38 чел)
$ВМ \geq ВПМ > ВОМ$	61,45	57,1	65,8
$ВМ < ВПМ > ВОМ$	5,05	4,8	5,3
$ВОМ > ВМ > ВПМ$	33,5	38,1	28,9

Интересно было посмотреть, есть ли разница в вариантах мотивации к профессиональной деятельности отдельно у мужчин и женщин преподавателей вуза? Результаты отражены в таблице 1. Подсчеты показывают, что внутренняя и равная ей по баллам внешняя положительная мотивация характерны 57,1 % мужчин и 65,8 % женщин, преподающих в вузе. Причем, преобладание внешней

положительной мотивации над другими вариантами характерно больше женщинам (5,3 %), чем мужчинам (4,8%) преподавателям вуза, и можно интерпретировать как желание карьерного роста и материальных стимулов, что получить женщинам в вузе существенно сложнее и требует дополнительных усилий. При этом, мы обнаружили, что у 28,9% преподавателей женского пола наиболее выражена внешняя отрицательная мотивация, а у коллег мужчин эта цифра больше - 38,1% (таблица 1).

Далее, мы проанализировали полученные данные у преподавателей в возрастном аспекте. Анализ показал, что для большинства испытуемых мужчин в 1-ой возрастной группе (23-39 лет) характерно преобладание внутренней мотивации над внешними положительными и внешними отрицательными мотивами. Так для 40,0% испытуемых мужчин свойственно оптимальное отношение к выполняемой трудовой деятельности и достаточно высокая побудительная сила мотивационного комплекса.

Таблица 2 - Тип мотивации у мужчин и женщин преподавателей вуза в возрастном диапазоне 23-39 лет (%)

Преобладающий тип мотивации	Кол – во преподавателей(%)	
	Мужчины(5)	Женщины (17)
ВМ\geqВПМ$>$ВОМ	40	58,8
ВМ$<$ВПМ$>$ВОМ	-	11,8
ВОМ$>$ВПМ$>$ВМ	60	29,4

В группе женщин данный показатель характерен для больше половины (58,8 %) из всех анкетированных. В то же время, доля женщин преподавателей вуза, мотивами деятельности которых являются внешние положительные факторы, т. е. материальные стимулы, оказалась больше чем мужчин (11,8 % против 0%, соответственно), т.е., среди мужчин таковых вообще не оказалось. Получается, что у обследованных женщин в отношении к выполняемой трудовой деятельности большую роль играют либо социальные, либо материальные мотивы, детерминирующие выполнение работы. Следует отметить, что в вузе, как правило, по численности женщин больше, чем мужчин и им, особенно в молодом возрасте, приходится прикладывать больше усилий для карьерного роста, что и отражается, по нашему мнению, в полученных данных.

Медицина бізге дәрі-дәрмектердің көмегімен симптомдарды жоя аламыз деген ойды қалыптастырды. Алайда науқас көбіне қарапайым адам, дәрігерлерге сенуге дағдыланған және симптомды жою мен денсаулықты жақсарту арасындағы айырмашылықты көрмейді. Бұл шынымен де өзекті мәселе. Сол себепті қарапайым халықты медицинаның негізімен таныстыру, сауатын арттыру қазіргі ғылыми прогресс заманында кез-келгеніміз үшін міндетті білім. Неліктен? Қазақстанда, көптеген басқа елдердегідей, антибиотиктер рецептсіз де беріліп жатады. Зерттеулерге сенетін болсақ, барлығы бірдей оларды мақсатына сай қолдана бермейді. Сонымен, статистикаға сәйкес, халықтың шамамен 50%-ы суық тиюге қарсы антибактериалды препараттарды өздері тағайындайды, ал халықтың шамамен 95%-ы оларды "қажет болып қалады" деген оймен медициналық қорашаларында сақтайды. Орынсыз антибиотикалық терапия көптеген проблемаларды тудырады. Дұрыс қолданылмаған антибиотиктерден жыл сайын 20 мыңға жуық адам қайтыс болады, соған орай антибиотикке төзімді микроорганизмдердің саны да өсуде.

Дәрілік заттарды дұрыс қолданбау және нәтижесінде пайда болатын жағымсыз реакциялар қазіргі заманғы медицинаның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады, бұл адамдар үшін зиянды салдарға және ресурстарды ысырап етуге әкеледі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша, барлық дәрі-дәрмектің 50%-дан астамы дұрыс емес тағайындалған, жіберілген немесе сатылған, ал әрбір екінші науқас дәрі-дәрмекті рационалды түрде қабылдамайды. Бұл қателіктер рецепт бойынша немесе рецептсіз сатылатын препараттарды шамадан тыс пайдалану, жеткіліксіз пайдалану немесе орынсыз пайдалану түрінде болуы мүмкін.

Негізгі проблемалар мыналар:


- полипрагмазия (тым көп препараттарды қолдану);
- антибиотиктерді немесе инъекцияларды шамадан тыс қолдану;
- дәрілік заттарды тағайындау кезінде клиникалық нұсқауларды сақтамау;
- дұрыс емес өзін-өзі емдеу.

Жалпы біздің елімізде, оның ішінде Қарағанды қаласында жоғарғы тыныс алу жолдарының аурулары көптеп тіркеледі, оған бір себеп бактериялардың мутацияға ұшырап отыруы. Сонымен қатар, еліміздегі экологиялық мәселелер, сыртқы ортаның физикалық, химиялық, биологиялық факторлары респираторлық симптомдардың кең таралуына әкеледі. Тұрғындар кейінгі кезде дәрігерге дер кезінде қаралмай өзін-өзі емдеу жолымен айналысады, антибактериалды және сульфаниламидтік препараттарды ретсіз қолдану нәтижесінде адам ағзасының қорғаныс қабілеті төмендейді. Қазіргі таңда отандық дәрілік препараттарды өндіру фармацевтика саласының басты міндеті болып отыр. Ал оған дейін біздің басты мақсатымыз терапевтикалық тиімділігі жағынан артықшылықтары көп препараттарды қарапайым халыққа дұрыс тағайындай білу. Сол себепті, осы баяндамада мен бірқатар цефалоспориндер тобындағы антибактериалды препараттарды салыстырып, нәтижесінде терапевтикалық тиімділігі жағынан қай препараттың артықшылығы көбірек болатынын анықтаймын.

Стационарлық науқастарды емдеу кезінде бактерияға қарсы препараттардың жалпы көлемінде бета-лактамы антибиотиктердің үлесі 80%-дан асады. Ал қолдану жиілігі бойынша цефалоспориндер бета-лактамы арасында жетекші орын алады. Қысқаша цефалоспориндер тобы жайлы айтып өтетін болсақ, цефалоспориндердің химиялық негізі 7-аминоцефалоспоран қышқылы. Цефалоспориндер химиялық құрылысы бойынша пенициллиндерге ұқсас. Екі топтың антибиотиктері де β-лактамы сақинадан тұрады. Бірақ айтарлықтай ерекшелігі бар: пенициллиндердің құрылымына тиазолидиндік, ал цефалоспориндерге – дигидротиазиндік сақина кіреді. Цефалоспориндер бактерицидтік әсер етеді, бұл жасуша қабырғасының түзілуіне тежегіш әсер көрсетеді. Осы жерде олар пенициллиндер сияқты бактерияның жасуша қабырғасының биосинтезіне қатысатын транспептидаза ферментінің белсенділігін тежейді. Цефалоспориндерді шартты түрде 5 ұрпаққа бөледі:

1-кесте. Цефалоспориндер тобының өкілдері

Ұрпақ	Препараттар	Белсенділік спектрі
I	цефазолин, цефалотин, цефапирин, цефалоридин, цефадин, цефалексин, т.б.	Грам оң кокктар (пневмококк, стрептококк, стафилококк), кейбір грам теріс бактериялар (<i>Escherichia coli</i> , <i>Klebsiella pneumoniae</i> , <i>Proteus mirabilis</i>)
II	цефуроксим, цефамандол, цефокситин, цефоницид, цефпрозил, цефметазол, т.б.	I ұрпақтағылар жатады, сонымен бірге <i>Enterobacter</i> және индол оң протеймен толықтырылады.
III	цефотаксим, цефтриаксон, цефтриазоксим, цефоперазон, цефтазидим, цефиксим, цефподоксим, т.б.	Грам теріс бактерияларға әсері жағынан көбіне кең спектр тән. Олар грам оң кокктарға II ұрпақтың препараттарына қарағанда аз дәрежеде әсер етеді.
IV	цефепим, цефпиром	Грам оң кокктарда тиімдірек. Көк ірің таяқшасы және басқа грамтеріс бактерияларға, β -лактамаза өндіретін штаммдарға белсенділігі өте жоғары.
V	Цефтобипрол, цефтаролин	MRSA-да белсенді, сондай-ақ <i>Streptococcus pneumoniae</i> пенициллинге төзімді штаммдарында белсенді цефалоспориндер арасында бірінші антибиотик.



Мысал ретінде цефалоспориндер тобындағы үш препараттың биожетімділік көрсеткіштерін салыстырайық.


2-кесте. Препараттардың биожетімділік көрсеткіштері

Халықаралық патенттелмеген атауы	Биожетімділігі %
Цефаклор	90

Цефподоксим	50
Цефпрозил	> 95


Осылайша, препараттың төмен биожетімділігі препараттан алынған белсенді заттың аз ғана бөлігі оны қабылдағаннан кейін жүйелі қан ағымына жететінін білдіреді. Бұл дәрі-дәрмектің тиімділігінің төмендеуіне және қажетті емдік әсерге жету үшін қажетті дозаның жоғарылатуына әкелуі мүмкін. Төмен биожетімділік әртүрлі факторлардан туындауы мүмкін, оған препараттың ішекте нашар сінуі, бауырда жылдам метаболизденуі немесе асқазан-ішек жолындағы препараттың төмен тұрақтылығы жатады. Тұтастай алғанда, препараттың төмен биожетімділігі оның тиімділігін айтарлықтай шектеуі мүмкін және қажетті әсерге жету үшін қосымша шараларды қажет етеді.

Неліктен цефпрозил III ұрпақ цефалоспориндер тобының препаратынан тиімдірек келеді? Цефпрозил, II буын цефалоспориндерінің өкілі бола тұра, III буын цефалоспориндеріне қарағанда Грам+ бактерияларға антибактериялық белсенділігі әлдеқайда жоғары. Сондықтан Грам+ флорасы (*Staphylococcus* spp., *Streptococcus* spp.) тыныс алу жүйесінің бактериялық инфекциялары мен терінің бактериялық инфекциялары (стафилодермия мен стрептодермия) арасында маңызды және басым орын алатынын ескеру қажет. Цефпрозил басқа цефалоспориндер тобының өкілдері сияқты



кең

Цефпрозилдің химиялық құрылымы:



Цефпрозилді 1995 жылы АҚШ-тың азық-түлік және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету басқармасы (FDA) медициналық тәжірибесінде пероральді цефалоспориндердің II ұрпағы ретінде жіктелген жаңа кең спектрлі антибиотик ретінде қолдану үшін мақұлдады.

Цефпрозилдің әсер ету механизмі:

- 1) бактерицидтік әсер көрсетеді
- 2) жасуша қабырғасының пептидогликан синтезін бұзады

Цефпрозилдің артықшылықтары (префикс): ішке қабылдағаннан кейін цефпрозилдің шамамен 95% сінеді. Префикс препаратын тамақпен бір мезгілде қабылдау плазманың максималды концентрациясына жету уақытын арттырады. Цефпрозил грам-оң және грам-теріс бактериялардың кең спектріне қатысты *in vitro*-да белсенді келеді. Сондай - ақ, цефпрозилдің тағы бір артықшылығы зәр шығару жолдарының инфекциясы кезінде цис- цефпрозил грам- микроорганизмдерге қатысты транс-цефпрозилге қарағанда белсендірек болады. Ал грам+ микроорганизмдеріне қатысты цис- және транс-цефпрозил бірдей антибактериялық белсенділікке ие. Дегенімен, 90%-ға дейінгі жағдайларда цистит грам- бактерияларынан (негізінен *E. Coli*) туындайды.

Сонымен қатар, цефпрозилдің 70%-ы емделушілерде несеппен өзгермеген күйде шығарылады, бұл зәрдегі жоғары концентрацияны көрсетеді. Осылайша, препарат қолданылғаннан кейін организмде метаболизмге ұшырамайтынын (ыдырамайтынын немесе өзгермейтінін) және несеп арқылы өзгеріссіз шығарылатынын білдіреді. Ал бұл, өз кезегінде препараттың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау және оны қолдану режимін анықтау үшін маңызды ақпарат болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, цефпрозил- бұл біршама микроорганизмдер тудыратын инфекциялармен күресу үшін қолданылатын терапевтік тиімді препарат. Оның басты артықшылықтарының бірі-оның жақсы төзімділігі мен қауіпсіздігі, бұл оны пациенттердің кең ауқымына, соның ішінде балалар мен жүкті әйелдерге тағайындауға мүмкіндік береді. Цефпрозилді таблетка немесе суспензия түрінде қабылдау ыңғайлы, бұл оны қолдануды жеңілдетеді және пациенттің перепаратты дұрыс қолдану мүмкіндіктерін арттырады. Алайда, кез-келген антибиотик сияқты, цефпрозилді сақтықпен және тек дәрігердің нұсқауы бойынша қолдану керек екенін атап өткен жөн. Цефпрозилмен өзін-өзі емдеуге және оны тұмау немесе суық тию сияқты вирустық инфекцияларды емдеу үшін қолдануға болмайды. Оны қолдану туралы шешімді дәрігер диагноз қою арқылы және науқастың жағдайын бағалау арқылы қабылдауы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Д.А. Харкевич. Фармакология. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. - Алматы, 2004. - 608 бет.
2. Фармакология / под ред. Р.Н. Аляутдина. 4-е изд., перераб. и доп. М. : ГЭОТАР-Медиа, 2010. 832 с.
3. Алгоритмы антибиотикотерапии в эпоху антибиотикорезистентности Н.В. Белобородова, Т.В. Черненко, М.Б. Богданов 2019.
4. Т.В. Глухарева, И.С. Селезнева, Е.Н. Уломский. Основы получения и применения антибиотиков.: Екатеринбург, Издательство Уральского университета, 2021.
5. Катцунг Б.Г. Базисная и клиническая фармакология : в 2 т. : пер. с англ. 2-е изд. М. : Бином, 2007.

РЕЗЮМЕ/RESUME

**Темиреева Кумисжан Слямгазиевна
Тукубаева Гульмира Нурахметовна
«Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан**

ЭФФЕКТИВНОСТЬ РАЦИОНАЛЬНОГО ПРИМЕНЕНИЯ АНТИБИОТИКОВ

Нерациональное использование антибиотиков не только приводит к неблагоприятным последствиям для отдельного пациента, но и угрожает обществу в целом. Антибиотики являются мощным оружием в борьбе со многими заболеваниями, и иногда их использование-единственный способ спасти жизни. Но человечество, часто переборщив, бесконтрольно употребляет или, наоборот, полностью отрицает препараты этой группы. Причинами нерационального использования лечения являются: недостаток знаний, навыков или независимой информации, неограниченный доступ к лекарствам, перегрузка медицинских работников, неблагоприятные методы продвижения лекарств и стремление получить прибыль от продажи лекарств. Таким образом, небрежный подход приводит к появлению очень устойчивых микробов, появление которых фармацевтические компании смогли контролировать, изобретая новые лекарства до сих пор. Однако за последние два десятилетия были изобретены только два типа нового класса антибиотиков. Поэтому, если в ближайшее время ситуация не изменится резко, неэффективное использование имеющихся антибиотиков при появлении первых признаков респираторного заболевания неизбежно приведет к потере человечества в борьбе с резистентными микробами.

Ключевые слова: резистентность, рациональное лечение, полипрагмазия, группа цефалоспоринов, биодоступность, грам+, грам - бактерии, терапевтическая эффективность.

**Temireeva Kumiszhan Slyamgazievna
Tukubayeva Gulmira Nurahmetovna
"Bolashaq Academy", Karaganda, Republic of Kazakhstan**

THE EFFECTIVENESS OF THE RATIONAL USE OF ANTIBIOTICS

The irrational use of antibiotics not only leads to adverse consequences for the individual patient, but also threatens society as a whole. Antibiotics are a powerful weapon in the fight against many diseases, and sometimes their use is the only way to save lives. But humanity, often overdoing it, uncontrollably uses or, conversely, completely denies drugs of this group. The reasons for the irrational use of treatment are: lack of knowledge, skills or independent information, unlimited access to medicines, overload of medical workers, unfavorable methods of promoting medicines and the desire to profit from the sale of medicines. Thus, a careless approach leads to the emergence of very resistant microbes, the appearance of which pharmaceutical companies have been able to control by inventing new drugs so far. However, only two types of a new class of antibiotics have been invented in the last two decades. Therefore, if the situation does not change dramatically in the near future, the ineffective use of available antibiotics when the first signs of a respiratory disease appear will inevitably lead to the loss of humanity in the fight against resistant microbes.

Key words: resistance, rational treatment, polypragmasia, cephalosporin group, bioavailability, gram+, gram bacteria, therapeutic efficacy.

List of literature:

1. D.A. Harkevich. Pharmacology. Zhogary oku oryndaryna arналган okulyk.- Almaty, 2004. - 608 bet.
2. Pharmacology / edited by R.N. Alyautdin. 4th ed., reprint. and additional M. : GEOTAR-Media, 2010. 832 p.
3. Algorithms of antibiotic therapy in the era of antibiotic resistance N.V. Beloborodova, T.V. Chernenkaya, M.B. Bogdanov 2019.
4. T.V. Glukhareva, I.S. Selezneva, E.N. Ulomsky. Fundamentals of the preparation and use of antibiotics.: Yekaterinburg, Ural University Press, 2021.
5. Katzung B.G. Basic and clinical pharmacology : in 2 volumes : trans. from English 2nd ed. M. : Binom, 2007.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТ

Қабдолла Ербол "спорттық педагогикалық пәндер" кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Қалиева Құлжамал, «Рудный қалалық емханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, бас дәрігер, Рудный, Қазақстан Республикасы;

Пахомова Дамира Кенесовна "фармацевтикалық пәндер" кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент, "Bolashaq" академиясы Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Рахметов Жандос Жарылқасынұлы, «Рудный қалалық емханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, Рудный, Қазақстан Республикасы;

Смагулов Саят Кабдоллаұлы педагогика ғылымдарының магистрі, дене шынықтыру және спорт білім бөлімінің оқытушысы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық, Қазақстан Республикасы;

Теміреева Күмісжан Слямгазиковна, "Bolashaq" академиясы фармацевтикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Тнимова Гульбагиза Тауфиковна медицина ғылымдарының докторы, "фармацевтикалық пәндер" кафедрасының профессоры, "Bolashaq" академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Тукубаева Гульмира Нурахметовна "Bolashaq" академиясы фармацевтикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

Тугай Дарын Султанғалиұлы магистр биолог-зерттеуші, "фармацевтикалық пәндер" кафедрасының оқытушысы, "Bolashaq" академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

СВЕДЕНИЕ ОБ АВТОРАХ

Қабдолла Ербол старший преподаватель кафедры спортивно педагогических дисциплин м.п.н., Карагандинский университет им. Е.А.Букетова, Караганда, Республика Казахстан

Калиева Кульжамал, КГП «Рудненская городская поликлиника»; главный врач, Рудный, Республика Казахстан;

Пахомова Дамира Кенесовна заведующая кафедрой фармацевтических дисциплин к.м.н, доцент, академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан;

Рахметов Жандос, КГП «Рудненская городская поликлиника», заместитель главного врача по медицинской части, Рудный, Республика Казахстан;

Смагулов Саят Кабдоллаевич преподаватель отдела образования физической культуры и спорта м.п.н., Аркалыкского педагогического института им. И. Алтынсарина, Аркалык, Республика Казахстан;

Темиреева Кумисжан Слямгазиевна старший преподаватель кафедры фармацевтических дисциплин, академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан;

Тнимова Гульбагиза Тауфиковна доктор медицинских наук, профессор кафедры фармацевтических дисциплин, академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан;

Тукубаева Гульмира Нурахметовна старший преподаватель кафедры фармацевтических дисциплин, академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан;

Тутай Дарын Султангалиевич преподаватель кафедры «фармацевтических дисциплин» м.б.и., академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан.

INFORMATION ABOUT AUTHOR

Kabdolla Erbol senior lecturer of the Department of "Sports and Pedagogical disciplines" M.P.N., Karaganda University named after E.A.Buketov, Karaganda, Republic of Kazakhstan

Kalieva Kulzhamal, KGP "Rudnenskaya city polyclinic"; Chief physician, Rudny, Republic of Kazakhstan;

Pakhomova Damira Kenesovna, Head of the Department of Pharmaceutical Disciplines, PhD, Associate Professor, Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Rakhmetov Zhandos, Rudnenskaya City Polyclinic, Deputy Chief Medical Officer, Rudny, Republic of Kazakhstan;

Smagulov Sayat Kabdollaevich is a teacher of the Department of Education of Physical Culture and Sports, Master of Pedagogical Sciences, Arkalyk Pedagogical Institute named after I. Altynsarin, Arkalyk, Republic of Kazakhstan;

Temireeva Kumiszhan Slyamgazievna, Senior Lecturer of the Department of Pharmaceutical Disciplines, Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Tnimova Gulbagiza Taufikovna Doctor of Medical Sciences, Professor of the Department of Pharmaceutical Disciplines, Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan

Tukubayeva Gulmira Nurahmetovna Senior Lecturer of the Department of Pharmaceutical Disciplines, Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Tutay Daryn Sultangalievich Lecturer of the Department of Pharmaceutical Disciplines Master of Biological Sciences, Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan

ЭОК 336.14.01
ГТАМР 06.73.15

Бузаубаева Перизат Несипбаевна

Pika_b@mail.ru

«Bolashaq» академиясы

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

ҚАЗАҚАСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БЮДЖЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫНЫҢ РӨЛІ

Аталмыш мақалада автор корпоративтік табыс салығына анықтама бере отырып, оның мемлекеттің бюджетін қалыптастырудағы рөлі мен маңыздылығына тоқталып өтті. Сондай –ақ автор мақалада шет мемлекеттерде корпоративтік салықты салу мен төлеу бойынша және пайыздық ставкаларындағы өзгешеліктеріне тоқталып өтті. Автор отандық салық жүйесіндегі корпоративтік табыс салығына қатысты туындап отырған мәселелерге тоқталып өтіп, осы мәселелерді жетілдіру бойынша ұсыныстарға тоқталып өтті. Бүгінде Республиканың мемлекеттік қаржысының жұмыс істеуі күрделі экономикалық жағдайларда жүзеге асырылады. Кәсіпорындардың, шағын және орта бизнес субъектілерінің төлем қабілетсіздігі, іскерлік белсенділігінің төмендеуі өз кезегінде мемлекеттік бюджеттегі салықтық түсімдердің төмендеуіне алып келеді. Жаһандық дамудың отандық экономика мен мемлекеттің қаржы саласына оң әсерімен қоса кері әсерін тигізуде. Экономикалық белсенділікті бәсеңдету мәселесі мемлекеттің ішкі экономикасының өсуін қолдау және ынталандыру үшін бюджетке түсетін түсімдер экспортының қолайлы баға конъюктурасына байланысты өскен түсімдерді неғұрлым белсенді пайдалануды талап етеді.

Тірек сөздері. Корпоративтік табыс салығы, бюджет кірісі, республикалық бюджет, жергілікті бюджет, салық ставкасы, шағын және орта бизнес, айлық есептік көрсеткіш.

Кіріспе. Жалпы корпоративтік табыс салығы мемлекеттік бюджеттің кіріс көзінің маңызды бабы бола отырып, салықтық реттеудің негізгі құралдары, қорытынды сақтаттағы максималды таза пайданы, яғни бюджетке барлық шегерімдер мен салықтарды алып тастағандағы жиынтық қоғамдық өнімді анықтайды. Бүгінгі күні корпоративтік табыс салық мемлекеттік бюджетті қалыптастыруда салықтық түсімдерінің ішінде ҚҚС-нан кейін негізгі көздерінің бірегейі болып саналады және корпоративтік табыс салығының белгілі бір бөлігі жергілікті бюджетке берілуіне орай қазіргі таңда КТС-ғы бойынша республикалық және жергілікті бюджеттерде түсімін арттыру өзекті мәселелердің бірі болуда.

Негізгі бөлім. КТС-ның Қазақстан Республикасының бюджетін қалыптастырудағы рөлін анықтау мақсатында аталмыш салықтың бюджеттерде қалай бөлінетіндігін келесі суретте бейнеледік.

Төмендегі суреттен байқап отырғанымыздай 2020 жылдан бастап шағын және орта бизнес субъектілерінің корпоративтік табыс салығы жергілікті бюджеттерге есептелетін болды, мұндай заң Ұлттық экономика министрлігінде дайындалды. Аталмыш өзгерістің алғышарты өңірде ШОБ неғұрлым көп болса, жергілікті бюджет соғұрлым КТС жоғары түседі. КТС-ты жергілікті бюджеттерге беру өңірлердің, ШОБ-тің экономиканың дамытуды және жергілікті бюджеттердің кірістерін ұлғайтуды ынталандырады. Сонымен, жергілікті бюджетке КТС-ын бердің мақсаты өңірлік экономиканы дамыту және барлығының өңірлік экономиканы дамытуға мүдделілігі болуы тиіс. Бұған тікелей стандарттарды белгілеу арқылы қол жеткізуге болады. Үкіметтің паймы бойынша КТС-ның кем дегенде 30%-ы аудандық бюджетке берілуі үшін әдістемелік нұсқаулық дайындалды



Сурет 1- Корпоративтік табыс салығының бюджеттер арасында бөлінуі
Ескерту [1-2] дереккөз негізінде құрастырылды

Ал ірі кәсіпкерлік субъектілерден түсетін КТС-ы еліміздің республикалық бюджетіне бұрынғыдай түседі. Сондай –ақ республикалық бюджетке КТС-ғы тек тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдер есепке алынатын болады. Мұндай кәсіпкерлердің тізімін Ұлттық экономика және қаржы министрліктерінің бірлескен бұрығымен 3 жылда бір рет бекітіліп отырады. ҚР Ұлттық экономика министрлігі мен ҚР Қаржы министрінің бірінші вице-министрінің бұйрығымен республикалық бюджетке корпоративтік салығын төлеушілер – ірі кәсіпкерлік субъектілерінің тізімі 2019 жылы 30 желтоқсандағы №309 қаулысымен бекітілді және 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді. Аталмыш тізімге 1 796 ірі кәсіпкерлік субъектілер енгізілді. Сондай –ақ облыстардың мадрихаттарына ШОБ-тан КТС бөлу нормативін облыстық және аудандық бюджеттер арасында белгілеу құқығы берілді. Айта кету керек бұған дейін КТС-ның түсімдері республикалық бюджетке толық көлемде түсіп отырған болатын.

2017 жылы 25 желтоқсанда Қазақстанның жаңа Салық кодексі қабылданып, 2008 жылғы Салық кодексін алмастырды. КТС резиденттер үшін бір жылда тапқан табысының 20%-ын құрайды. Салық базасы рұқсат етілген шегерімдер мен түзетулерден кейінгі жалпы жиынтық кірісі болып табылады. Шегерімдерге белгілі бір шектеулер қойылуы мүмкін (мысалы, пайыздық, сондай –ақ саяхат пен ойын-сауық шығындарын шегеруге белгілі бір шектеулер бар).

Кесте 1- Қазақстан Республикасындағы резиденттердің корпоративтік табыс салығының ставкасының мөлшері

№	Атауы	Салық ставкасы	Салық ставкалары бойынша ескерту	
1.	1	Төлем көзінен салық салынбайтын	20%	Салық кодексінің 313 баптың 1 тармағы
2.	2	Ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлға үшін КТС, егер егер кіріс а.ш.өнімін, акваөсіру өнімін өндіру, өзі өндірген өнімді, қайта өңдеу мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудан алса	10%	Салық кодексінің 313 баптың 2-ші тармағы
3.	3	төлем көзінен салық салынатын кірістерге КТС	15%	Салық кодексінің 313 баптың 3-ші тармағы

Ескерту [3] дереккөз негізінде құрастырылды

Бұл кестеден байқағанымыздай ҚР-дағы резидент кәсіпкерлердің КТС-ғын төлеуі барысында заңнамаға сай қоданылатын ставка мөлшері 10%-дан 20%-ға дейінгі аралықта.

Қазақстанда тұрақты өкілдік құрған бейрезидентке өкілдікке тиесілі табысның 20% мөлшерінде КТС салынады. Сонымен қатар, оған филиалдың табыс салығы деп аталатын төлемді тұрақты өкілдіктің жылдық салық салынатын кірісі мен мемлекеттік бюджетке төленетін КТС арасындағы айырмашылықтың 15% мөлшерлемесі бойынша төлеу қажет болады. Филиалдың пайдасына салынатын салық Қазақстанда қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімдерге сәйкес төмендетілген (әдетте 5%-ға дейін).

Қазақстанда тұрақты өкілдігі жоқ бейрезиденттердің табыс көзінен КТС келесідей мөлшерде салынады.

Кесте 2- Қазақстанда тұрақты өкілдігі жоқ бейрезиденттердің табыс көзінен КТС келесідей мөлшерде салынады.

Атауы	Мөлшері
Құн өсімінен түскен кірістер, дивиденттер, сыйақылар, роялти	15%
Жеңілдікті салық режимі бар елдерде тіркелген заңды тұлғалардың қазақстандық көздерінен көрсетілген қызметтерден түсетін табыс және басқа да кірістер	20%
Тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақылары	15%
Тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары	5%
Халықаралық тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуден түскен кірістер	5%
Қызметен көрсетуден түскен немесе басқа кірістер	20%
Ескерту [4-5] дереккөз негізінде құрастырылды	

Бейрезиденттер, атап айтқанда, шетелдік заңды тұлғалармен мәмілелер жасаған кезде Қазақстан резиденттерінде төлем көзінен КТС төлеу бойынша міндеттемелері туындайды және бұл салықты салу Салық кодексінің 644-648 баптарымен реттеледі. СК-нің 644-ші бабына сай бейрезиденттердің ҚР көздерінен алынатын кірістер деп танылатын кірістерінің 34-і осы бапта тізімі көрсетілген. Яғни бейрезиденттер аталмыш тізімде көрсетілген қызметтер мен жұмыстар бойынша КТС-ын төлейді. Сондай –ақ 645-бапта КТС-ын есептеу және ұстау тәртібі, 646 –бапта жоғарыда сипатталған мөлшерлемесі көрсетілсе, 647-648 баптарда осы салықты аударудың және салық есептілігін табыс етудің тәртібі мен мерзімдері айқындалған.

КТС бойынша ставкасы ең жоғары бекітілген 20 мемлекетті келесі кестеден байқауға болады.

Кесте 3- 2020-2022 жж. Дүнежүзі бойынша корпоративтік табыс салығының ставкасы ең жоғары мемлекеттер

№	Мемлекеттер	Континет	КТС ставкасы
1	Біріккен Араб Әмірлігі (БАӘ)	Азия	55%
2	Комар аралдары	Африка	50%
3	Пуэртто-Рико	Солтүстік Америка	37,5%
4	Суринам	Оңтүстік Америка	36%
5	Чад	Африка	35%
6	Конго Демократиялық Республикасы	Африка	35%
7	Экваторлық Гвинея	Африка	35%
8	Гвинея	Африка	35%
9	Кирибати	Тыңық мұхиты	35%
10	Мальта	Европа	35%
11	Сен-Мартен (франциялық бөлігі)	Солтүстік Америка	35%
12	Сен-Мартен (голландтық бөлігі)	Солтүстік Америка	35%
13	Судан	Африка	35%
14	Замбия	Африка	35%
15	Франция	Европа	34,43%
16	Бразилия	Оңтүстік Америка	34%
17	Венесуэла	Оңтүстік Америка	34%

18	Камерун	Африка	33%
19	Солумбия	Оңтүстік Америка	33%
20	Сент – Китс және Невис	Солтүстік Америка	33%
21	Сейшил аралдары	Африка	30%
Ескерту [6] дереккөз негізінде құрастырылды			

Бұл кестеде байқағанымыздай КТС-ның ставкасы ең жоғары мемлекеттер қатарына 20 ірі елдің тоғызы Африкада болса, екеуі Европа және сегізі Оңтүстік және Солтүстік Америкаға тиесілі. Сондай –ақ, КТС бойынша пайыздық ставкасы ең жоғары мемлекеттердің ішінде БАӘ және Комар аралдары 55%-50%-дар аралығын құрады. Біріккен Араб Әмірліктер жеті әмірліктен құралған және 1960 жылдан бастап әр әмірліктің өз қалауы бойынша кез-келген бизнестен 55%-ға дейін корпоративтік табыс салығын алуға құқылы. Іс жүзінде бұл салықтар негізінен шетелдік банктер мен мұнай компанияларынан алынады.

Дүниежүзілік зерттеулер бойынша 218 юрисдикциялардың көпшілігінде корпоративтік табыс салығының ставкалары 25%-дан төмен, ал 111-мемлекетте 20%-дан 30%-ға дейінгі аралықты құрайды. АҚШ-ры КТС ставкасы бойынша 84-ші орында, заңмен белгіленген жиынтық ставка 25,89%-ды құрайды.

Сонымен, КТС ең төменгі мөлшерде төлейтін мемлекеттер келесі кестеде қарастырып көрелік.

Кесте 4- 2020-2022 жж. дүниежүзіндегі корпоративтік табыс салығы ең төмен мемлекеттер

№	Мемлекеттер	Континет	КТС ставкасы
1	Барбадос	Солтүстік Америка	5,5%
2	Өзбекстан	Азия	7,5%
3	Түркменстан	Азия	8%
4	Черногория	Европа	15%
5	Андорра	Европа	10%
6	Босния және Герцеговина	Европа	10%
7	Болгария	Европа	10%
8	Чили	Оңтүстік Америка	10%
9	Косова	Европа	10%
10	Қырғызстан	Азия	10%
11	Парагвай	Оңтүстік Америка	10%
12	Катар	Азия	10%
13	Солтүстік Македония Республикасы	Европа	10%
14	Шығыс Тимор	Азия	10%
15	Макао	Азия	12%
16	Молдавия	Европа	12%
17	Кипр	Европа	12,5%
18	Гибралтар	Европа	12,5%
19	Ирландия	Европа	12,5%
20	Албания	Европа	15
21	Грузия	Азия	15
22	Венгрия	Европа	9%
Ескерту [7] дереккөз негізінде құрастырылды			

Салық саясаты саласындағы жетекші халықаралық тәуелсіз коммерциялық емес ұйым – Tax Foundation жүргізген зерттеу бойынша 1980 жылы бүкіл әлем бойынша корпоративтік салық ставкалары орта есеппен 40,1% құрағаны анықталса, 1980-2022 жылдар аралығында мемлекеттер бизнеске инвестициялау үшін корпоративтік салықтың жоғары ставкаларының корреляциясын түсінді, сондықтан 2022 жылғы жағдай бойынша 180 мемлекеттер арасында корпоративтік табыс салығының ставкасы бойынша орташа көрсеткіші 23,5%-ды құрады.

АҚШ-тағы 2017 жылғы салық реформасынан кейін корпоративтік табыс салығының заңмен белгіленген мөлшерлемесі әлемнің ең жоғары ставкалардың біріне айналдырғаны белгілі.

Келесі кезекте, корпоративтік табыс салығы мүлдем төленбейтін мемлекеттер келесі кестеден сипатталған.

Кесте 5- Салық заңнамасы бойынша корпоративтік табыс салығы мүлдем төленбейтін мемлекеттер

№	Мемлекеттер	Континет	КТС ставкасы
1	Ангилья	Солтүстік Америка	0%
2	Багам аралдары	Солтүстік Америка	0%
3	Бахрейн	Азия	0%
4	Белиз	Солтүстік Америка	0%
5	Бермуд аралдары	Солтүстік Америка	0%
6	Виргин аралдары	Солтүстік Америка	0%
7	Каймар аралдары	Солтүстік Америка	0%
8	Гернси	Европа	0%
9	Мэн аралы	Европа	0%
10	Джерси	Европа	0%
11	Сен – Бартеlemi	Солтүстік Америка	0%
12	Теркс және Кайкос аралдары	Солтүстік Америка	0%
13	Вануату	Тыңық мұхиты	0%
14	Уоллис және Футуна аралдары	Тыңық мұхиты	0%
Ескерту [8] дереккөз негізінде құрастырылды			

Қазіргі күні дүнежүзі бойынша корпоративтік табыс салығы салынбайтын 14 мемлекет бар. Бұл юрисдикциялардың барлығы шағын арал типіндегі мемлекеттер, олардың кейбіреуі мысалы, Каймар аралдары мен Бермуд аралдары КТС-ның болмауымен танымал. Ал Бахрейнде жалпы мұнай саласынан өзге кәсіпорындар үшін КТС-ғы салынбайды, бірақ мұнай компаниялары үшін мақсатты корпоративтік табыс салығы бар.

Қорытынды. Сонымен, қазіргі таңда КТС-на байланысты туындап отырған келесідей мәселелерді атап өтуге болады:

- 1) ШОБ субъектілерінің салықтан жалтару әрекеттері жиілеу үстінде;
- 2) уақытша жалған кәсіпкерлердің санының өсу бюджетке түсуі тиіс салықтық түсімдердің сомасын азайтуда;
- 3) КТС бойынша аванстық төлемдерді есептеу бойынша туындайтын мәселелер;
- 4) қазіргі өзгерістерге байланысты ШОБ субъектілерінен түсетін КТС-ғы жергілікті бюджетке түсетіндіктен жергілікті атқарушы органдардың ШОБ-ті дамытудағы әрекеттерінің болмауы үлкен мәселе;

5) КТС-ның тиесілі бджеттерге уақытылы және толық көлемде түсуінің әлі күнге дейін толық цифоландырылмауы, осы күнге дейінгі қолданыстағы ақпараттық жүйелердің қолайсыздығы, ШОБ субъектілерінің салық есептілігін тапсыру барысындағы қағазбастылықтарды тудырады.

Қазіргі таңда әлемдегі динамикалық өзгеретін жағдайларды ескере отырып, бюджеттің салықтық түсімдерін арттыруға және КТС-на қатысты кемшіліктерге әрекет ету барысында келесідерді ескеру қажет:

- 1) «жергілікті» карағанда жаһандық ойлау;
- 2) Дауларды болдырмау жөніндегі шараларды алдын ала жоспарлау;
- 3) Қажетті ресурстар мен құралдарды қолданудың дұрыс жоспарын қалыптастыру;
- 4) Қызметтің негізгі өңірлерінде салық ведомстволармен тиімді өзара іс-қимыл жсау;
- 5) Оқиғалар туралы хабардар болу және болып жатқан өзгерістерді мұқият бақылау қажет.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, бюджеттің кіріс базасын қалыптастырудағы корпоративтік табыс салығының көлемін арттыру және КТС-ғын жетілдірудің мынадай жолдарын ұсынамыз:

- 1) КТС-ның мөлшерлемесін экономиканың сектораларының күрделігіне орай қарап, бекітудің арнайы шкаласын жасақтау қажет;
- 2) Кәсіпкерлердің КТС-ғы бойынша салықтан жалтару фактілерін төмендеті үшін шығындарды шегерімге жатқызу тәсілдері мен тізімін кеңейту қажет;
- 3) Қаржы ұйымдарына салық салудың шетелдік тәжірибесін ескере отырып, салық жүктемесінің деңгейін және КТС-ғы бойынша сараланған салық ставкасын енгізу қажет;
- 4) Салықтық әкімшілендіру автоматтандыру құралдарын енгізу;
- КТС-ғы бойынша электронды хабарламаларды жіберу жүйесін өзге қосымша

бағдарламалармен интеграциялау,

- КТС-ғы бойынша электрондық төлемдерді жүргізуді жеңілдету;
 - КТС-ғы бойынша электрондық айыппұлдар жүйесін құру;
 - Салық төлеуші үшін анықтамалық ақпарат пен құжаттарды автоматты түрде қалыптастыру және кері байланыстың арнайы «чат-боттармен» қамтамасыз етілуі ;
 - Барлық деңгейдегі басқа ведомствалармен ақпарат алмасуды кеңейту;
 - Басқа елдердің салық әкімшіліктерімен ақпарат алмасуды дамыту;
- 5) КТС-ғы бойынша заңды тұлғалар үшін салық төлеушінің жеке кабинеті электрондық сервистік жүйесін жетілдіру:
- ҚР Салық қызметінің ақпараттық базасында сақталатын салық төлеушілердің жеке деректеріне қол жеткізу;
 - Салық декларацияларын онлайн толтыруды барысындағы ақауларға байланысы кері байланыстардың болуын қамтамасыз ету;
 - Қарызды төлеу, салық шегерімін рәсімдеу және салық төлеу туралы хабарламаларды жіберу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Серкебаева Р.К. Налоги и налогообложение: по специальности «Финансы»: [учебное пособие] / Р.К. Серкебаева, Б.Ж. Утеев. - Алматы : TechSmith, 2019. – 336
 2. Қаржыға кіріспе: оқу құралы / Л.М. Сембиева, С.Б. Мақыш, А.О. Жағыпарова, Ж.Т. Темірханов. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. - 388 б.
 3. Налоги и налогообложение: учебник / А. Нурумов, А. Бекболсынова, Б. Еркембаева, М. Арзаева. - Астана: Фолиант, 2018. – 73.
 4. Исахметов Т.И. Салықтық бақылау : оқу құралы / Т.И. Исахметов, В.З. Еркебалаева, А.О. Демеубаева. - Алматы : Лантар Трейд, 2021. - 159
 5. Исахметов Т.И. Қазақстан Республикасының салық жүйесі : оқу құралы / Т.И. Исахметов, В.З. Еркебалаева, А.О. Демеубаева. - Алматы : Лантар Трейд, 2021. - 152
 6. International Centre for Tax & Development ресми ақпараттық сайты. 2020-2022 жж. Дүнежүзі бойынша корпоративтік табыс салығының ставкасы ең жоғары мемлекеттер <https://www.ictd.ac/theme/international-tax/>
 7. Tax foundation ресми ақпараттық сайты. 2020-2022 жж. Әлем бойынша корпоративтік табыс салығының ставкалары. <https://taxfoundation.org/corporate-tax-rates-around-the-world-2019>
 8. The World Bank. Салық салу индексі. <https://www.worldbank.org/en/topic/financialinclusion>
- Tax foundation ресми ақпараттық сайты. 2020-2022 жж. 2021-2022 жылдары мемлекеттер бойынша халықаралық салықтық бәсекеге қабілеттілік индексі және корпоративтік табыс салығының рейтингтері. International tax competitiveness index 2020-2022. <https://taxfoundation.org/2020-international-tax-competitiveness-index/>

Бузаубаева Перизат Несипбаевна

Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан

РОЛЬ КОРПОРАТИВНОГО ПОДОХОДНОГО НАЛОГА В ФОРМИРОВАНИИ БЮДЖЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В данной статье автор, давая определение корпоративному подоходному налогу, остановился на его роли и важности в формировании бюджета государства. Также автор в статье уделил внимание на особенностях налогообложения и уплаты корпоративного налога в иностранных государствах и процентных ставках. Автор уделил внимание на возникающих вопросах, касающихся корпоративного подоходного налога в отечественной налоговой системе, и остановился на предложениях по совершенствованию этих вопросов. Сегодня функционирование государственных финансов Республики осуществляется в сложных экономических условиях. Неплатежеспособность, снижение деловой активности предприятий, субъектов малого и среднего бизнеса, в свою очередь, приводят к снижению налоговых поступлений в государственный бюджет. Глобальное развитие оказывает положительное влияние на финансовую сферу отечественной экономики и государства. Проблема конверсии экономической активности требует более активного использования поступлений, которые выросли из-за благоприятной ценовой конъюнктуры экспорта поступлений в бюджет, для поддержки и стимулирования роста внутренней экономики государства.

Ключевые слова. Корпоративный подоходный налог, бюджет, доход бюджета, республиканский бюджет, местный бюджет, ставка налога, малый и средний бизнес, месячный расчетный показатель.

Buzaubaeva Perizat Nesipbayevna
Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan,

THE ROLE OF CORPORATE INCOME TAX IN THE FORMATION OF THE BUDGET OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

In this article, the author, defining corporate income tax, focused on its role and importance in the formation of the state budget. The author also paid attention to the specifics of taxation and payment of corporate tax in foreign countries and interest rates. The author paid attention to emerging issues related to corporate income tax in the domestic tax system, and focused on proposals for improving these issues. Today, the functioning of the Republic's public finances is carried out in difficult economic conditions. Insolvency, a decrease in business activity of enterprises, small and medium-sized businesses, in turn, lead to a decrease in tax revenues to the state budget. Global development has a positive impact on the financial sphere of the domestic economy and the state. The problem of conversion of economic activity requires more active use of revenues, which have increased due to the favorable price environment for exporting budget revenues, to support and stimulate the growth of the domestic economy of the state.

Keywords. Corporate income tax, budget, budget revenue, republican budget, local budget, tax rate, small and medium-sized businesses, monthly calculation index.

References:

1. Serkebayeva R. K. Nalogi and nalogoblozheniya: on the specialty" finance": [educational post] / R. K. Serkebayeva, B. zh.Uteev. - Almaty: TechSmith, 2019. – 336
2. Introduction to finance : textbook / L. M. Sembieva, S. B. Makysh, A. O. Zhagyparova, zh.t. Temirkhanov. - Nur-Sultan: L. N. Gumilyov ENU, 2020. - 388 P.
3. Nalogi and nalogoblozheniya: учебник / A. Nurumov, A. Bekbolsynova, B. Yermekbaeva, M. Arzayeva. - Astana: Folio, 2018. – 73.
4. Isakhmetov T. I. Tax control : textbook / T. I. Isakhmetov, V. Z. Erkebalaeva, A. O. Demeubaeva. - Almaty: Lantar Trade, 2021. - 159
5. Isakhmetov T. I. tax system of the Republic of Kazakhstan : textbook / T. I. Isakhmetov, V. Z. Erkebalaeva, A. O. Demeubaeva. - Almaty: Lantar Trade, 2021. - 152
6. Official Information site of the International Centre for Tax & Development. 2020-2022 States with the highest corporate income tax rate worldwide <https://www.ictd.ac/theme/international-tax/>
7. Tax foundation official information website. 2020-2022 Corporate income tax rates around the world. <https://taxfoundation.org/corporate-tax-rates-around-the-world-2019>
8. The World Bank. Tax index. <https://www.worldbank.org/en/topic/financialinclusion>
Tax foundation official information website. 2020-2022 International Tax Competitiveness Index and corporate income tax ratings by state in 2021-2022. International tax competitiveness index 2020-2022. <https://taxfoundation.org/2020-international-tax-competitiveness-index/>

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТ

Бузаубаева Перизат Несипбаевна аға оқытушы, «Bolashaq» академиясы Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

СВЕДЕНИЕ ОБ АВТОРАХ

Бузаубаева Перизат Несипбаевна, старший преподаватель, академия "Bolashaq" Караганда, Республика Казахстан;

INFORMATION ABOUT AUTHORS

Buzaubaeva Perizat Nesipbaevna, senior lecturer, academy "Bolashaq" Karaganda, Republic of Kazakhstan.

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ
МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР**
Халықаралық ғылыми журнал

Международный научный журнал
**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
СОВРЕМЕННОСТИ**

The international scientific journal
ACTUAL PROBLEMS OF Present
№ 1 (43)

Материалы публикуются в авторской редакции и редакцией не возвращаются.
Перепечатка материалов возможна только с разрешения редакции.

Бас редакторы
Борамбаева М.Н.
Редакторы **Шешенбаева Ж.Р.**

Техникалық редакторы
Картабаева С.Х.
Басуға 29.03.2024 жыл қол
қойылды.
Пішімі 60x841/8. Көлемі 17,6 т.

Таралымы 500 дана. Әріп түрі
«Times New Roman»
**«Болашақ-Баспа» редакциялық-
баспа**
бөлімінде басылып шығарылды
Қарағанды қ., Ерубаева 14

Главный редактор
Борамбаева М.Н.
Редактор
Шешенбаева Ж.Р.
Технический редактор
Картабаева С.Х.
Подписано к печати 29.03.2024 г.

Формат 60X841/8. Объем 17, усл.п.л.
Гарнитура «Times New Roman».
Тираж 500 экз.

Отпечатано в РИО
«Болашақ-Баспа» г. Караганда, ул.
Ерубаева 14

Chief editor
Борамбаева М.Н.
Co-editor
Sheshenbaeva J.R.
Editor
Kartabaeva S.H.
Signed for printing 29.03.2024

Format 60X841/8. Volume
17, usd.p.p.
Typeface «Times New Roman».

Circulation 500 copies.

Printed in the EPD
«Bolashaq-Baspa» Karaganda,
Erubaev str., 14

Журнал редакциясының мекені:
100008, Қазақстан Республикасы,
Қарағанды қ., С.Ерубаев көшесі, 16/6
«Bolashaq» академиясы,
тел. (8-7212) 42-04-25, 42-04-26;
факс (8-7212) 420-421.
e-mail: aps_bolashaq@mail.ru

Адрес редколлегия журналы:
100008, Республика Казахстан,
г.Карағанды, ул.С.Ерубаева, 16/6
Академия «Bolashaq»,
тел.(8-7212)42-04-25, 42-04-26;
Факс (8-7212)420-421.
e-mail: aps_bolashaq@mail.ru

**Address of the editorial
board of the journal:**
100008, the Republic of Kazakhstan,
Karaganda, S. Erubaev str., 16/6
«Bolashaq» Academy,
Telephone (8-7212)42-04-25, 42-04-26;
Fax (8-7212)420-421.
e-mail: aps_bolashaq@mail.ru

Төлем реквизиттері:
«Bolashaq» академиясы,
Қарағанды қ., С.Ерубаев көшесі, 16/6
ЖСК KZ376010191000066207
БЖЖ HSBKKZKX БИН 950640001690
«Қазақстан Халық банкі» АҚ

Реквизиты для оплаты
Академия «Bolashaq»,
г.Карағанды, ул.С.Ерубаева, 16/6
ИИК KZ376010191000066207
БИК HSBKKZKX БИН
950640001690
АО «Народный банк Казахстана»

Payment details
«Bolashaq» Academy,
Karaganda, S. Erubaev str., 16/6
TRN KZ376010191000066207
IC HSBKKZKX BIC 950640001690
«Halyk Bank of Kazakhstan» JSC